рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу. Рухани салаға басымдық берудің қажеттігі деп атап көрсеткен. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін,мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді,мәдениетімізді,ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келеді деп есептеймін. Сондай-ақ, руханиятқа, білім мен ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күші.Бұл – Тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны жеке азаматтарымыз үшін де жеке тұлғалардан құралған қоғам үшін де,туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Елбасымыз тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталды.

Ұлттық сананы жаңғырту мазмұнын негіздей отырып, Н.Ә.Назарбаев жаңғырудың алты бағытын белгіледі.

1.Бәсекеге қабілеттілік;

2.Прагматизм;

3.Ұлттық бірегейлікті сақтау;

4.Білімнің салтанат құруы;

5.Қазақстанның революциялық емес,эволюциялық дамуы;

6.Сананың ашықтығы [4].

Аталған бағыттардың бәрі де барынша өзекті және бүгінгі уақыт талабына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болу үшін бізге аса қажетті құндылықтар мен қасиеттер. Ақыл-парасаты толысқан, ғаламда ғылымды игерген адамдар көп болса,еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның байлығымен емес,адамдарының бәсекелестік қабілетімен айқындалады. Сондықтан да әрбір қазақстандық осындай лайықты қасиеттерге ие болуы керек деп есептейміз. Атап айтар болсақ, әрбір адамда компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар болуы тиіс. Сол себепті «Цифрлы Қазақстан», «Көп тілді білу», «Мәдени және Конвессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлау екенін түсіне білдік. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада,білім-ғылымда,технологияда сондай-ақ барлық салада болуы тиіс [5].

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой-пікірлерін қауым елге жеткізетін негізгі құрал – бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз.

Өмірден қымбат нәрсе бар ма адамда,

Орындыға жұмсасаң өлмес дәрі.

Қасиетін өмірдің білу керек,

Басында ми бар болса, бетінде ары, - деп Шәкәрім ақын жырлағандай, біздің жастарымыздың өз өмірлерін бос өткізбей, білімге жұмсауды, артында өшпейтін із қалдырып, мәнді де, сәнді де бақытты өмір сүруге ұмтылуына көмектесуіміз керек. Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттых рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер

1. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2014.
2. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008 ж.
3. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «БАҚ және Ұлттық тәрбие». 2004 ж.
4. М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.
5. М.С.Керімбаева. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі». Астана, 2007 ж.

References

1. BI Imanbekova. Leader of education. Almaty, 2014.
2. S. Abishevna, Zh. Sarmanov. "National education is a world of great value." 2008
3. S. Abishevna, Zh. Sarmanov. "Media and National Education". 2004
4. MS Kerimbayeva. "The role of school in the formation of national culture." Astana, 2008
5. MS Kerimbayeva. "The role of school in the formation of national values." Astana, 2007

УДК 378.018.43
UDC 378.018.43

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ

INFORMATION - COMMUNICATION TECHNOLOGY - AN IMPORTANT TOOL OF THE HIGHER AND SECONDARY EDUCATION

[1]Жунусхожаев А.Т., [2]Муталиева Б.Ж., [1]Ибрагимова Ж.Н., [1]Бейсенова М.С.
[1]Zhunuskhozhayev A.T., [2]Mutaliyeva B.Zh., [1]Ibragimova Zh.N., [1]Beisenova M.S.
[1]Шымкент қаласы химия биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Шымкент, Қазақстан
[1]Shymkent Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology, Shymkent, Kazakhstan
[2]М. Әуезов атындағы Онтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]M.Auezov South-Kazakhstan university, Shymkent, Kazakhstan
bsmira85@gmail.com

Резюме

В статье раскрывается роль информационно-коммуникационных технологий в современном образовательном пространстве для повышения информативности, эффективности обучения, что способствует самореализации, развитию творческих способностей, а также контролю уровня успеваемости учащихся. Внедрение ИКТ в учебный процесс существенно влияет на формы и способы изложения учебного материала, характер взаимодействия ученика и учителя, и технику проведения занятий в целом. В статье также обсуждаются вопросы, связанные с недавней тенденцией к использованию ИКТ посредством развития электронного обучения. Анализ литературных источников показывает, что внедрение новых педагогических технологий в учебный процесс позволяет повысить активизацию и способствует интенсификации активности студентов, усиливает их социализацию в Интернет-пространстве, повышает конкурентоспособность в будущей профессиональной деятельности.

Abstract

The article reveals the role of information and communication technologies in the modern educational space to increase the information content, learning efficiency, which promotes self-realization, development of creative abilities, as well as monitoring the level of students' achievements. The introduction of ICT in the educational process significantly affects the forms and methods of presentation of educational material, the nature of the interaction between a learner and a teacher, and a technique of carrying out classes in general. The article also discusses the questions related to the recent trend towards the use of ICT through the development of e-learning. Analysis of the literature shows that the introduction of new pedagogical technologies in educational process allows to increase the activation and contributes to the intensification of activity of students, enhances their socialization in the Internet space, and enhance the competitiveness in future professional activities.

Кілттік сөздер:*Ақпараттық-коммуникациялық технология, EduEnviжобасы, онлайн оқыту, жаңартылған білім беру, АКТ құралдары, COVID 19, пандемия.*

Key words*: information and communication technologies, EduEnvi project, online learning, updated education, ICT tools, COVID 19, пандемия.*

«Ел болашағы – білімді жастардың қолында».

Н.Назарбаев

Халықтың әлеуетін арттыру ұрпақтыңбілім деңгейін көтерумен тікелей байланысты. Білімді ұрпақ –егемен еліміздің мәртебесін көтеретін басты фактор. Бір сөзбен айтқанда болашақ – технологияның, ал технологияның болашағы –жаңа форматтағы мұғалімнің қолында. Оқушының бойындағы дарыны мен қабілетін негізге ала отырып, жаңашыл идеяларға жетелеу жаңашыл мұғалімдердің қолында.

Білім беру үдерісіндегі дәстүрлі оқыту мен қазіргі заманғы білім арасындағы алшақтық оқушылар немесе студенттер мен мұғалімдердің рөлін түбегейлі өзгертуді талап етеді. Дәстүрлі оқыту үдерісінде білім алушы тек «айтқанды орындаушы» болса, жаңартылған білім беру үдерісі «белсенді қатысушысы» ретінде қарастырады. Сонымен қатар, дәстүрлі оқытуда егер білім беруші «бақылаушы орган» ретінде қызмет еткен болса, бүгінгі оқыту модератор, тәлімгер, жетекші және кеңесші болады. Модерация технологиясы оқу процесінде барлық оқушылардың белсенді, қызығушылықты қатысуына негізделген, әр оқушының сабақ мақсаттарына тиімді жетуіне қолайлылық жағдайын туындатуды қамтамасыз етеді.

Оқуға үйрететін білім алу ортасын құра отырып, қызықты тапсырмаларды сабақ тақырыбымен кіріктіре ұйымдастыра білу,яғни оқушының білім алуға деген талпынысын арттыру үшін метатануын дамыту мұғалімнің шеберлік деңгейін көрсетеді. Метатанудың алғы шарты – сабақтың әрбір кезеңіне сәйкес ұтымды нәтижеге бағытталған әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушының қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, қызығушылығын ояту.

Қазіргі жас буынның қызығушылығы көбіне компьютерлік бағдарламалар, ғаламтор желісіндегі оңды-солды ақпараттар, әлеуметтік желілер екені жасырын емес. Осы мәселені білім беру жүйесінде оңды пайдаланып үлкен жетістікке жетуге болады.Мұғалімнің бұл жердегі ролі – оқушыға тақырыпқа қажетті ақпарат іздеу, оны пәндік білімге дұрыс пайдалана білуге бағыттау.

Қазақстанның жаңартылған білім реформасы тиімді оқу мен оқытудың жеті модулі негізінде құрылған. Сол модульдердің бірі – ақпараттық коммуникациялық технологияны сабақ барысында тиімді пайдалану болып табылады.

Мектепте ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалану барысында бір-бірімен тығыз байланысты үш түрлі аспект қаралады: пән бойынша педагогикалық білім, пән бойынша технологиялық білім және технологиялық білім.

Бұл туралы Аризона Мемлекеттік университетінің профессоры П.Мишра мен Мичиган Мемлекеттік университеті Психология және білім беру технологиясы факультетінің профессоры М.Дж.Кёлерөздерінің еңбектерінде тереңінен тоқталып, «кәсіби деңгейі жоғары мұғалім осы үш білім саласын өзара байланыстыруға тиіс» деген тұжырым жасайды.

Ақпараттық сауаттылық – бұл сандық технологияны пайдалана отырып, ақпараттың орналасқан жерін анықтау, ақпаратты ұйымдастыру, түсіну, бағалау және құру қабілеті.

Техникалық жағынан сауатты оқушылар сандық құралдарды пайдалана алады, сын тұрғысынан ойлау деңгейін дамытады.

Оның үстіне ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану оқушылардың тақырыпқа қажетті ақпараттарды іздеуде, зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік жұмыстар жасау барысында ыңғайлылық орта қалыптастырады, ақпаратпен қамтамасыз етіп уақытын үнемдейді.Ғаламтор желісінің көмегімен қас-қағым сәтте әлемдегі ақпараттық ресурстарға: электрондық оқулықтарға, файлды сақтау қорларына, мәліметтер қорына және т.б. жетуге болады. Желі басқа да кеңінен таралған жаңалықтар, электрондық пошта, тізімдер, таралымдар сынды ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану мүмкіндігін береді.

Мектептегі ұсынылатын технологияларға теледидардан берілетін түрлі танымдық бағдарламалар, сандық медиатехнологиялар, ғаламтор желісі, гаджеттер, смарт қондырғылар, компьютер немесе ноутбук т.б. жатады.

Қол жетімді гаджеттер мен басқа да технологияларды пайдалану арқылы қазірде оқушылардың аз уақыт ішінде жетістікке жетіп жүргені мәлім болып отыр. Осы орайда ақпараттық-коммуникациялық технология тек қана ізденіс, зерттеу немесе тапсырма орындау кезінде ғана пайдаланылады деген пікір қалыптаспауы керек. Оқушы өз жұмыстарын түрлі технологиялар арқылы жариялау кезінде де пікір алмасу арқылы білімін жетілдіреді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әрдайым жаңару үстінде. Сондықтан оны сабақ үдерісінде пайдалану үшін әдіс-тәсілдер мен технологияларды үнемі өзгертіп отыру керек.

Бүгінде еліміздіңжалпы білім беретін мектептердің оқу үрдісіне инновацияны және үздік халықаралық тәжірибені енгізетін эксперименталды алаң болып болып отырған Назарбаев Зияткерлік мектебінің жаңартылған оқу үдерісіндегі тәжірибе көрсеткендей, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияны белсенді пайдалануға бағыттау оқушылардың елеулі нәтижеге қол жеткізуге әкелді.

Ақпараттық коммуникациялық технологияны Өнер сабағы барысында тақырыпты ашып, сабақ мақсатын анықтау, күтілетін нәтиже, оқу материалдарын таныстыру, тақырып бойынша өз бетінше жұмысты ұйымдастыру, релаксация, сабақты қорытындылауда түрлі тәсілдермен кеңінен қолданылуда. Интернет желісі, түрлі онлайн бағдарламалар, мобильді қосымшалар, аудио-видео арналарды пайдалану үшін оқушыларды нақты сілтемелер арқылы бағыттау –оқу мақсатына, сабақ мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Шығармашылық жұмыс барысында жобаның орындалу техникасын, тың идеяларға жетелеп, оқушылардың жаңа өз туындыларын жасатуда You Tube арналарына жүктелген шеберлік сыныптарын көрсету шығармашылық ортаны және психологиялық жайлылық ортасын қалыптастырады.

Оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамытуда таныстырылымдар дайындауы үшін ізденіс жасауы, сынып алдында жариялауы да ақпараттық-коммуникациялық технологияның орны ерекше.

Оқушылар тақырыпты ашу үшін тарихына көз жүгірте отырып, онлайн бағдарламалармен танысады. Бағдарламалардың сипаттамаларын зерттей келе, аналогтарын қарастырады, гипотезалар ұсынады. Озық үлгілерін таңдап өз жұмыстарына қолданады.

Проблемалық оқыту мен басқа да жаңа педагогикалық технологияларда АКТ қолдану оқушылардың іс-әрекеттеріндегі өнімділігін арттыруға арналған ақпараттық сауаттылығын арттырудың негізгі құралы болып отыр.

Соңғы кездері ғаламтор желісіндегі ресурстардың қолжетімділігіне байланысты жастарда виртуалды кеңістіктен көптеген ақпарат алу мүмкіндігі бар, және оқыту процесінде АКТ қолдану электронды білім берудің негізгі аспектілерінің бірі болып отырғандығын атап өткен жөн.

Еуропаның көптеген оқу орындарында жастарға икемді білім беру жолында ақпараттардың қолжетімділігін арттыру үшін электронды білім беру кеңінен өріс алғанымен, ресейлік және қазақстандық оқу орындары оқушыларға жайлылық туындатуда бұл мәселеге селсоқ қарап келеді.

Сондай-ақ онлайн-оқытудың құралдары мен әдістемелерін пайдаланудың төмен көрсеткіштері АКТ-жабдықтардың және мұғалімдердің АКТ құралдарын пайдалану дағдыларының аздығына да байланысты.

Бірақ кейбір отандық жоғары оқу орындарында, мәселен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Ақпараттық технологиялар, механика және оптика Ғылыми-зерттеу Университетінде түрлі халықаралық жобалардың және университеттің өз ресурстарының көмегімен онлайн оқытудың потенциалы жоғарылауда. Дегенмен, осы саладағы жылдам дамуға арналған электрондық оқыту, әдістер және әсіресе педагогика дағдыларын одан әрі дамыту және жаңарту қажет.

Оқу үрдісіндеэлектрондық оқытуды дамыту үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды жетілдіру мақсатында, Erasmus+ бағдарламасының қолдауымен «Ресей мен Қазақстанның жоғарғы оқу орындарындағы мамандарды даярлауда қалдықтарды тұрақты басқару саласындағы құзыреттілікті арттыру/ EduEnvi» атты 2017 жылдың қазан айында халықаралық жоба іске қосылды. Онда Қазақстанның, Ресейдің және Еуропаның тоғыз университеттері қатысады. Жобаның үйлестірушісі - Финляндияның Тампере қолданбалы ғылымдар университеті. Тампере қолданбалы ғылымдар университеті – интернетпен оқыту және ұялы цифрлық технологиялар саласындағы Еуропадағы көшбасшылық позициясы бар көп салалы халықаралық университет.

Еуропалық әріптестер - Лиллебальт қолданбалы ғылымдар академиясы (Lillebaelt Academy қолданбалы ғылымдар университеті, EAL) - Оңтүстік Даниядағы ең ірі академия және Вальядолид университеті (Valladolid университеті, UVa) қоршаған ортаны қорғау саласында ауқымды зерттеу тәжірибесі бар жетекші испан университеті болып табылады.

Жобаның бірегейлігі - бұл жоба мұқтаждықтарды, семинарлар мен вебинарлардың жұмысын талдау үшін білім беру мекемелерінің кең ауқымын қамтиды.

Жоба мектептердің өз оқушыларына арналған икемді оқыту жолдарын қалай жетілдіретінін арттыруды ұсынады. Бұл онлайн оқу орталарында ұсынылған қалдықтарды басқарудың модульдік құрылымдық тұрғыдан бекітілген оқу бағдарламаларын енгізу жолымен қол жеткізіледі.

Тұрақты қалдықтарды басқару саласындағы оқу-әдістемелік құралдарды, әдістемелерді және педагогикалық тәсілдерді дамыту басым бағыттар ретінде таңдап алынды, өйткені білім берудің осы салаларын дамыту серіктес елдерде бірнеше маңызды проблемаларды шешуге көмектеседі.

Тұтастай алғанда қалдықтарды тұрақты басқару бойынша оқу бағдарламаларын құру елдерге осы саладағы тиісті білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз етеді.

Екіншіден, жаңашылдық және кәсіпкерлік тақырыбы бар модульдік онлайн оқу бағдарламалары оқушыларға жылдам өзгеретін еңбек нарығында жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жақсартуға мүмкіндік беретін дағдылар мен білім алуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, модульдердің онлайн режимінде қолжетімділігі студенттердің кең ауқымы үшін үнемі кәсіби дайындық арнасын ұсынады.

Бұл жоба бойынша бірнеше оқу орындарының, оның ішінде Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдерінің қатысуымен, халықаралық семинарлар мен вебинарлар өткізілді, олар оқу үдерісінде АКТ-ны пайдалануды дамыту бойынша семинарға белсене қатысып, әр түрлі жаңа педагогикалық әдістерді қолдану, оқу процесінде оқушылардың танымдық белсенділігін белсендірудің тәсілдері бойынша мастер-класс өткізді.

Әлемде соңғы кездері пайда болған COVID 19 пандемиялық жағдай білім беру үдерісінде көптеген өзгерістер алып келді. Онлайн-оқыту үдерістері көптеген қиындықтарға тап болғаны жасырын емес. Осы мәселені оңынан шешуде жобаның атқарған көптеген игі бастамаларын атап өткен жөн.

Осы жоба аясында үстіміздегі жылдың ақпан айында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті «Пандемия жағдайында онлайн оқыту құралдарының мүмкіндіктері» атты вебинар өткізді. Еуропаның алдыңғы қатарлы университеттері қашықтықтан оқыту кезінде ыңғайлы әрі тиімді Socrative, Padlet, Canva, Prezi, Trello, Mindmap сынды бірнеше құралдардың мүмкіндіктерін ашып айтып бөлісті.

Осылайша, білім беру үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу студенттердің, оқушылардың белсенділігін арттыруға, олардың ғаламторда әлеуметтенуін арттыруға, сондай-ақ болашақ кәсіби қызметтегі бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Ризашылықтар: Авторлар Erasmus + бағдарламасының **«585761-EPP-1-2017-1-FI-EPPKA2-CBHE-JP** Ресей мен Қазақстанның жоғары оқу орындарында қалдықтарды тұрақты басқарудағы құзыреттілікті арттыру / EduEnvi жобасына шын жүректен алғыс білдіреді.

Disclaimer: "This project has been funded with the support of the European Commission. This publication reflects the views only of the author, and the Commission cannot be held responsible for any use which may be made of the information contained therein".

Co-funded by the Erasmus+ Programme of the European Union

EDUENVI

Әдебиеттер

1. Н.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам».
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
3. http://eduenvi.tamk.fi/ru

References

1. N.Nazarbaev. Qazaqstan halqyna Joldauy «Qazaqstannyŋ äleumettik jaŋğyrtyluy: Jalpyğa ortaq Eŋbek Qoğamyna qarai 20 qadam».
2. Mūğalimge arnalğan nūsqaulyq «Nazarbaev Ziяtkerlik mektepteri» DBBŪ Pedagogikalyq şeberlik ortalyğy, 2016 j.
3. http://eduenvi.tamk.fi/ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰСАҚ КОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМЫТУҒА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТА МОЗАИКА ӘДІСІН ҮЙРЕТУДІҢ ӘСЕРІ

THE INFLUENCE IN CREATIVITY THE TEACHING MOSAIC METHODS ON THE DEVELOPMENT OF FINE HAND MOTORCY IN STUDENTS

[1]Жунусхожаев А.Т., [2]Муталиева Б.Ж., [2]Жунисхожаева Ж.Б.
[1]Zhunuskhozhayev A.T., [2]Mutaliyeva B.Zh., [2]Zhuniskhozhayeva Zh.B.
[1]Шымкент қаласы химия биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіні, Шымкент Қазақстан
[2]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
[1]ShymkentNazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology, Shymkent, Kazakhstan
[2]M.Auezov South-Kazakhtanuniversity, Shymkent, Kazakhstan
Assojunus31@gmail.com

Резюме

Статья является результатом исследования, проведенного в рамках ведущих модулей современного обновленного образовательного процесса. В процессе творческой работы выявление талантов обучающихся направлено на решение ряда проблем в их развитии. В статье пойдет речь о процессе выполнения мозаичного творчества в новом стиле, основываясь на истории техники мозаики и определения типов развития. В процессе творческой работы возрастает интерес и желание студентов применять законы цветовых соотношений, что приводится как один из результатов исследования. Кроме того, актуальность статьи заключается в том, что показано положительное влияние метда не только на учащихся младших классов, но и на развитие выносливости, сдержанности, мелкой моторики детей переходного периода.В статье представлены работы старшеклассников в технике мозаики. Творческая работа может быть доказательством того, насколько хорошо ученики владеют композицией и использованием цветов.

Abstract

The article is the result of research conducted within the framework of leading modules of the modernizededucational process. In the process of creative work, the identification of talents of students is aimed at solving a number of problems in its development. The process of performing mosaic creative work in a new style, looking at the history of mosaic techniques and identifying the types of development, will be discussed in the article.One of the results of the study was the growing interest of students in creative work and the desire to apply of laws of color relationships in the performance.The relevance of the article is that method has a positive effect not only on primary school students, but also on the development of endurance, restraint, fine motor skills of children in transition.The article presents the work of high school students in the mosaic technique. Creative work can be a proof of how well students know the composition, the use of colors.

Кілт сөздер: *ұсақ қол моторикасы, мозаика, дарынды балаларды оқыту, жаңартылған білім беру үдерісі, шығармашылық, өнер, дамыту.*

Keywords: *fine motor skills, mosaic, teaching of talented children, modernized educational process, creativity, art, development.*

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қол буындарын үйлестіру деген мағынаға ие. Ұсақ қол моторикасын дамыту не үшін қажет? Адамның орталық миында саусақ қимылы, логикалық ойлау қабілетіне жауап беретін орталық жақын орналасқан.

Ұсақ қол моторикасын белсендіре отырып, логикалық ойлау қабілетін де жетілдіруге болады. Сенсомоторикалық даму балалардың даму процесінде жетекші факторлардың бірі болып табылады. Қоршаған ортамен перцептивті, кинестетикалық, кеңістікті белсенді өзара әрекеттесуі баланың қабылдау жүйесін қалыптастырады.

В.А.Сухомлинский «Балалардың қабілеттері мен дарындылықтарының бұлағы – олардың саусақтарының ұшында. Неғұрлым бала қолының қозғалысында ширақтық болса, соғұрлым қолының еңбек қаруымен өзара іс-қимылы жіңішкерек болады, ақыл-ойының шығармашылық белсенділігі көрнекті болады. Ал баланың қолында шеберлік деңгейі жоғары болса, ол ақылдырақ келеді» деген.

Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту зейінін, ойын, оптикалық-кеңістікті бағдарлау, қиялы мен байқампаздығын аша түседі.

Ренцулли мен Райс «Дарындылық мазмұны әр түрлі болып келеді»деп жазады мұғалімдерге арналған нұсқаулықта. Сондай-ақ «дарынды және талантты балалар күрделі қабілеттердің иелері,әрі олар адам қызметінің кез келген құнды саласында өз қабілеттерін көрсетуге бейім» деген пікір білдіреді.Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білуге алып келеді. Дарындылықты тани білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі. Ал баланың дарындылығын тани білген мұғалім оны дамытудың жоспарын жасайды.

Осы орайда жаңартылған білім берудің жеті модулінің бірі талантты және дарынды балаларды оқыту модулі аясында Өнер сабағында мозаика әдісін үйрету арқылы оқушылардың ұсақ қол моторикасын дамытуға әсері туралы сөз қозғайтын боламыз.

Мозаика - балалардың қиялын дамытатын құрал. Ол кеңістіктегі ойлауды жаттықтырады, баланы түстер мен өлшемдермен таныстырады. Бірақ, ең бастысы, мозаика қолдың ұсақ моторикасын жаттықтырады. Балалар сурет салғанды ұнатады, бірақ мозайкадан сурет салудың басты айырмашылығы мынада: сурет салған кезде бала өздігінен композициялар құрастырып, бояйды, ал мозайкадан кескін салу үшін оны есте сақтауы керек. Мозаика баланың бойында мына факторлардың дамуына көмектеседі:

- шығармашылық, қиял, елестету ойлау, түстерді қабылдау
- қимылдарды үйлестіру, ұсақ моторикалар және қолмен ептілік

- баланың логикасы, зеректілігі және зейіні
- шыдамдылық пен төзімділік.

Орта мектеп оқушыларының дарынды балалармен жұмыс жасауын қолға ала отырып, мозаика әдісімен шығармашылық жұмысжасау үшін мозаика өнерінің тарихына көз жүгірту аса маңызды. Мозаика - бұл біркелкі немесе әр түрлі материал бөлшектерінен - түрлі-түсті мөлдір емес шыныдан, смальттан немесе тастан жасалған сурет және монументалды өнер түрлерінің бірі. Мозаика жеке желімге бекітілген жеке бөлшектерден тұрады.

Ғасырлар бойы мозайка бүкіл әлемге таралды және әр мемлекет мозаика жасау техникасында өзіндік өзгерістер жасады. Мозаика дамуының кейбір бағыттарын қарастырайық.

Александр мозайкасы, Флорентий мозаикасы, Михаилов мозайкасы, София мозаикасы сияқты түрлері өте кең қолданысқа енген.



Сондай-ақ интерьерде және экстерьерде мозаикалық өнер туындылары көптеп қолданылған. Қожа Ахмет Ясауи мешітінің әрленуінде мозайкалық өнер қолданылған.

Ғимараттың солтүстік-батыс бұрышында белдіктерге, жақтауларға, карточкаларға салынған геометриялық және гүлді ою-өрнектерді бейнелейтін, көгілдір бояулармен салынған қабырға суреттерінің фрагменттері сақталған. Мозаика өнерінің бірегей ескерткіші - микраб мешіті, ол әшекейлі мозаика типтерін қою техникасы арқылы жасалған.

Мозаикалық өнер туындыларын жасау үшін оқушыларға қызығушылықтарын ашатындай тақырып таңдау алғышарттардың бірі болып табылады. Оқушыны тақырып қызықтырса, бар ынтасын салып, төзімділікпен сәтті орындап шығады. Сонымен қатар мозайка орындайтын материалды, түр түсін, композицияны таңдау құқығын да оқушының өзіне қалдырған дұрыс. Бірақ жұмысқа берілетін критерий нақты болуы керек. Сонда ғана ойлағанымыздай нәтижеге жете аламыз.

Тәжірибе көрсеткендей, қалаған форматты таңдап қажетті композицияны қаламмен салып алдық. Мозайка тәсілімен орындалатын жұмыста тым ұсақ бөліктердің болмауы ескерілуі тиіс. Келесі қадам бойынша біз қағаз тескіш құралдың көмегімен түрлі түсті қағаз немесе картондардан көп мөлшерде біркелкі дөңгелекшелер дайындап алдық. Әр дөңгелекшенің диаметрі 5 мм мөлшерінде. Ұсақ бөлшектерді қалаған форматқа желім арқылы жабыстыру процесі келесі қадам болып табылады. Бұл орайда оқушы композициялық және түр-түстік арақатынастар заңдылығын меңгеруіне аса назар аударған жөн.

Түр-түстік арақатынастар - бұл бояулар көмегімен визуалды бейнелерді беру кезінде түстердің бір-біріне әсері.Бейнелеу өнеріндегі түстер үйлесімі бір-біріне қарама-қайшылықтарға да, бір-бірін толықтыратын тондарға, соның ішінде ұқсасбір негізгі түс пен оған қосымша реңктерге негізделеді.



«Астана» «Үкі»
Тұрсынбаев Рамазан, (10 сынып) Устемиров Бақберген,(10 сынып)

Қорытындылай келе, мозаика техникасында шығармашылық жұмыс жасау барысында оқушылардың бойында ептілік, төзімділік және ұсақ қол моторикасының дамығаны анықталды. Қарындашпен немесе бояумен салған суреттен мозайка техникасымен орындалған шығармашылық жұмыстың айырмашылығын сезінген оқушылар аса ыждағаттылық танытып, түр-түстерді таңдауда талғамдары өскені зерттеу барысындағы күтілген нәтиже болатын.

Acknowledgments: Authors would like to express their sincere gratitude to the PROJECT 585761-EPP-1-2017-1FI-EPPKA2-CBHE-JP EduEnvi 'Enhancing Competences of Sustainable Waste Management in Russian and Kazakh HEIs" of the Erasmus + program.

Disclaimer: "This project has been funded with the support of the European Commission. This publication reflects the views only of the author, and the Commission cannot be held responsible for any use which may be made of the information contained therein".

Co-funded by the Erasmus+ Programme of the European Union

EDUENVI

Әдебиеттер

1. Досмайылова Ж.А.«Балалардың логикалық ойлау дағдысын дұрыс қалыптастыру жолдары.» https://adisteme.kz, 2020
2. Виссарионова Т.Н.«История возникновения мозаики» https://nsportal.ru, 2013
3. Архитектурный комплекс Ходжи Ахмеда Ясави.http://old.unesco.kz

References

1. Dosmaiylova J.A. «Balalardyŋlogikalyqoilaudağdysyndūrysqalyptastyrujoldary.» https://adısteme.kz, 2020
2. Vissarionova T.N. «İstoriяvozniknoveniяmozaiki» https://nsportal.ru, 2013
3. ArhitekturnyikompleksHodjiAhmedaЯsavi. http://old.unesco.kz

ӘОЖ 37.091.39:81
UDC: 37.091.39:81

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

STUDY OF PROBLEMS OF STUDENT SPEECH SKILLS

Ибрагимова У.Б., Қазыбек А.Ш.
Ibragimova U.B., Kazybek A.Sh.
.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті., Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

Формирование у учащихся навыков устной речи - это не только ежедневное общение учащихся друг с другом, но и обучение их четкому, правильному и понятному выражению своих мыслей в процессе речевого общения, соблюдению языковых норм речевого общения. К первым фундаментальным работам, посвященным формированию навыков устной речи учащихся, можно отнести работы ученых-методистов А. Байтурсынова, г. Бегалиева, А. Садуакасова, Р. Амирова, К. Бозжановой, С. Рахметовой и др. Он также теоретически и методически изучил методику преподавания казахского языка в начальной школе и внес значительный вклад в его становление как отдельной отрасли науки. На современном этапе для обучения казахскому языку в начальной школе стали выходить учебники нового поколения, учебные комплексы, дидактические материалы и методические указания. Ученые, методисты стали уделять особое внимание преподаванию казахского языка в начальной школе, применению новых методов и технологий в учебном процессе. Одна из таких актуальных проблем сегодня-формирование у учащихся навыков устной речи, обучение учащихся не только теоретическому усвоению знаний, но и их свободному

использованию этих знаний в языковом общении, правильной речи. Подводя итоги, видно, что формирование навыков устной речи младших школьников является необходимой, важной проблемой, которую ученые-исследователи подчеркнули в своих работах, и не стали говорить о том, где, когда, как это можно реализовать. Поэтому этот вопрос, который до сих пор не нашел своего решения, мы решили рассматривать как предмет нашей исследовательской работы.

Abstract

The formation of students' skills in oral speech is not only daily communication of students with each other, but also teaching them a clear, correct and understandable expression of their thoughts in the process of verbal communication, compliance with the linguistic norms of verbal communication. The first fundamental works devoted to the formation of students' oral speech skills include the works of methodologists A. Baitursynov, Mr. Begaliev, A. Saduakasov, R. Amirov, K. Bozzhanova, S. Rakhmetova and others. He also theoretically and methodically studied the methodology of teaching the Kazakh language in primary school and made a significant contribution to its formation as a separate branch of science. At the present stage, new generation textbooks, educational complexes, didactic materials and methodological instructions have begun to be published for teaching the Kazakh language in elementary school. Scientists, methodologists began to pay special attention to teaching the Kazakh language in elementary school, applying new methods and technologies in the educational process. One of such urgent problems today is the formation of students' skills in oral speech, teaching students not only the theoretical assimilation of knowledge, but also their free use of this knowledge in linguistic communication, correct speech. Summing up, it can be seen that the formation of oral speech skills of primary schoolchildren is a necessary, important problem, which the researchers emphasized in their works, and did not begin to talk about where, when, and how this could be implemented. Therefore, this question, which has not yet found its solution, we decided to consider as the subject of our research work.

Кілттік сөздер: *Қазақ тілі, халық, оқыту, сабақ, ғылым, ғалым, мектеп, әдістеме.*
Keywords*: Kazakh language, people, teaching, lessons, science, scientist, school, methodology.*

Қазақ тілін оқыту әдістемесі өзінің ғылым ретінде қалыптасу жолын XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінен бастау алады. Бұл қазақ халқының көрнекті ғалымдары, қоғам қайраткерлері, ақындары мен жазушыларының өз ұлтының тағдырына немқұрайдылықпен қарамай, қазақ тілінің өркендеуіне, тілдің өзіндік ерекшеліктерін айқындаудағы қажырлы еңбектерінің арқасы. Қазақ халқын сауаттандыру үшін ұлтжанды азаматтар тілдің теориялық заңдылықтарын зерттеп, нәтижелерін халыққа білім беруде қолдануды өздеріне парыз санады. Ұлт мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі жөнінде пікірлер сол кезеңдегі «Айқап», «Қазақ», «Шолпан», «Мұғалім», «Сана» т.б басылымдарда жарияланып отырды. Сол жылдары жарық көрген А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов, Ғ.Бегалиевтердің еңбектерінде бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту жөнінде елеулі пікірлер, қазақ тілі сабағының құрылымы және сабақта қолданылатын негізгі әдістер мен мұғалімге қойылатын талаптар айқындалған.

Міне, осындай ғасырлар қойнауында қорытындыланып қалыптасқан қазақ халқына тән тәрбиенің өнегелі озық дәстүрлерін бүгінгі жаңа ұрпақ тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірбиесіне жүгіну- бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыстар» екенін Елбасы Н.Назарбаев та өзінің сөйлеген сөзінде айтып өткен. Күні бүгінге дейін атадан балаға мирас болып беріліп отырған көркем туындыларда, ауыз әдебиеті үлгілерінде, музыкалық шығармаларда көрініс тапқан [1, 3-4].

Егемен ел болғалы оқытудағы жаңа технологиялар бізді де айналып өтпей, мұғалімдер қауымы өз тәжірибелерін ортаға салып, сабақ берудің жаңа, сапалы үрдісіне көшті. Ол технологиялар арқылы ұстаздар сабақ берудің жаңаша әдіс-тәсілдерін жинақтады.

Ең алдымен оқушы мен оқытушы, оқытушы мен ата-ана, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың жаңа сипаты пайда бола бастады. Жаңа технологиялардың басты артықшылығы білім беруді ізгілендіру мен демократияландырудан көрінеді [2, 4-5].

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалымдардың жоғарыда аталған еңбектерінің басты құндылығы – осы еңбектер арқылы мұғалімдерге қазақ тілін қалай оқыту жөнінде практикалық көмек берілді. Сондай-ақ бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерттеп, оның жеке ғылым саласы болып қалыптасуына зор елеулі үлес қосты.

Кейінгі жылдары осы мәселені Ә.Сәдуақасов, С.Жиенбаев, Р.Әміров, Ш.Сарыбаев, К.Бозжанова, М.Жұбанова, С.Рахметова, М.Жазыбаев, И.Ұйықбаев, С.Қазыбаев, Т.Әбдікәрімова, Г.Уайсова, Ә.Жұмабаева, М.Ермекбаев және т.б ары қарай тереңдетіп, келесі зерттеулермен, монографиялармен әдістемелік нұсқаулармен дамытты.

Қазақтың ғұлама ағартушы демократтары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарыин, А.Құнанбаев, қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, т.б. ұрпақ тәрбиесін көңіл көшінен таса қалдырмай, еңбектері мен шығармаларын балаларға, оның болашағына арнағаны баршаға аян.

Келешек жас ұрпақ елін, жерін сүйетін, азаматтық, адамгершілік қасиеті мол, білімді де парасатты, ата-баба әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бойына сіңірген, шымыр да шыныққан азаматты тәрбиелеудің алтын діңгегі, қазақ халқының ұлы педагогы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, қазақ даласында ғылым мен білімінің қоңырауын соққан Ы.Алтынсарин болды. Ол қазақ балаларына арнап оқулықтар жазып, олардың жан дүниесіне әсер етіп, ұлттық дүниетанымын қалыптастыру жолын ашты. Осы орайда оның 1876 жылы И.Ильминскийге жазған хаттарының бірінде: «...мен балаларға қызықты етіп, табиғат күштері, құбылыстары тарихы-жағырапиялық тартымды әңгіме құрамын. Менің бұған шеберлігім мен білімім жететін, жетпейтінін білмеймін, бірақ қалайда істеп көремін», -деп ағынан жарылып, ақтарылып айтқан сөзінен азаматтық қызметіне қаншалықты зор мән бергенін көруге болады [3, 40].

Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту үшін жаңа буын оқулықтары, оқыту кешендері, дидактикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулар шыға бастады. Ғалымдар, әдіскерлер бастауыш мектепте қазақ тілі саласын оқытуға, оқыту үрдісінде жаңа әдістер мен технологияларды қолдануға аса назар аудара бастады. Бүгінгі таңдағы осындай өзекті мәселелердің бірі - оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру, шәкірттерге білімді теориялық тұрғыдан ғана меңгертпей, олардың осы білімді тілдік қатынаста еркін пайдалануға, дұрыс сөйлеуге үйрету.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуға арналған ғылыми жұмыстарда оқушылардың тілін дамыту, олардың байланыстырып сөйлеу дағдылары мен біліктерін қалыптастыру туралы пікірлер айтылғанымен осы кезге дейін ғылыми зерттеуге алынып, белгілі бір әдістемелік жүйеге түсірілмеген. Біздің зерттеуіміз осы мәселені арнайы ғылыми тұрғыдан алғашқы қарастырған жұмыс.

Сонымен ана тілін меңгерудің заңдылықтары оны мектепке оқытудың негізі болып табылады; ал әдістемелік принциптер осы заңдылықтардан туындайды, мұндай принциптерге негізделген әдістеме, сөз жоқ, оқушыларға ана тілін үйрету жұмыстарын жүйелі жүргізуге көмектеседі [4, 9-12].

Демек, оқушылардың тілін ширатуға, олардың тілін жетілдіруге, шәкірттерді байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған жұмыстардың барлығы балалардың тілін дамыту мақсатын көздейді. Сондықтан, «байланыстырып сөйлеу» мен «сөйлеу дағдысын қалыптастыру» терминдерінің өзіндік өзгешеліктері бар екеніне назар аударған жөн. Оқушыларды байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстары көбінесе шығарма және мазмұндама, яғни оқушылардың мәтін түзу дағдысын қалыптастыру жұмыстары болса, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру жұмыстарына «сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілікке» үйрететін жұмыстары жатқызылады. Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының тіл дамытумен ара-қатынасы жоқ деген ой тууы ағаттық. Қайта оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының негізінде тіл дамытудың негізгі заңдылықтары мен принциптері тұрады.

Дағды - автоматтандырылған деңгейге жеткен әрекет; көп қайталау жолымен қалыптасады. Оқыту барысында дағдыларды жасау қажет, әсіресе жалпы оқулық мәнді, пәнаралық: ауызша және жазбаша сөйлеу, есеп шығару, есептеу, өлшеу т.б. [5, 37].

Сондықтан оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру дегеніміз – шәкірттердің бір-бірімен күнделікті пікірлесуі ғана емес, олардың тілдік қатысым барысында өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізуге, сөйлер сөзінің тілдік нормаларын сақтап, ізетті сөйлеуге үйрету. Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған алғашқы іргелі еңбектерге А.Байтұрсынов, Ғ.Бегалиев, Ә.Сәдуақасов, Р.Әміров, К.Бозжанова, С.Рахметова т.б. ғалым-әдіскерлердің жұмыстарын атауға болады.

Қазақ халқының прогрестік ағартушысы Ы.Алтынсарин - қазақ тілін оқыту әдістемесінің алғашқы туындылары «Қазақ хрестоматиясы» және «Мактубатының» авторы. Бүкіл ғұмырын халық санасын көтеруге, қара халықтың баласын оқытуға арнаған ағартушы қазақ жеріне жаңа үлгідегі мектептер керек екенін заманынан бұрын түсінген. Ы.Алтынсариннің «Мектеп-қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана», – деуі, оның қазақ халқының болашағын оқу-ағарту істерімен байланыстырғанын көрсетеді. Кейінгі өмір ағартушы ғалымның пікірі орынды екенін дәлелдеді [6, 16-17].

Ғалымның еңбектерінде оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға тікелей практикалық маңызы бар тәсілдер не әдістер көрсетілмегенімен, оқушылардың сөздік қорын молайтуға және танымын жетілдіруге арналған өлеңдері, әңгімелері мен ертегілері баршылық. Бұл жерде ағартушы-педагогтің «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Талаптың пайдасы» т.б еңбектерінен шәкірттердің жеке басын, олардың мәдениетін қалыптастыруды мақсат еткенін көруге болады.

Бастауыш мектептегі қазақ тілін оқыту әдістемесінде А.Байтұрсынұлының орны ерекше. А.Байтұрсынұлының мектептегі оқу ағарту мәселелеріне арналған «Қай әдіс жақсы?». «... Жалқылау (айрырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы, жалпылаулы әдіс». «Бастауыш мектеп», «Тіл-құрал», «Оқу құралы» т.б. оқулықтары мен мақалаларында айтылған пікірлері мен көзқарастары бүгінгі күнге дейін өз құнын жоймаған. Ғалымның еңбектерінде оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ерекше ден қойылып, бастауыш мектеп мұғалімдеріне тәжірибе жүзінде түсіндірілген. Ғалым «Түрколог тардың бүкілодақтық бірінші съезінде» жасаған баяндамасында қазақ тілінің тазалығына, оның басқа тілден енген сөздерден арылуы керектігі жөнінде: «Так как ни одна область культуры так тесно не связана с духовной жизнью как язык, то вместе с религией и письменностью стала проникать и литература и светского содержания, а вместе с последней незаметно заимствовались слова из чужого языка. Языки постепенно испещрялись, терялись природные собственных языков», деп, тіл мәдениетін жетілдіру үшін сөйлеу тілі орфографиялық заңдылыққа сүйенуі қажеттігін атап көрсетілген.

А.Байтұрсыновтың ұсынған принциптерді бүгінгі күнде әліппеде әлі де болса назар аударылмай келеді. Әліппе оқулығында басқа тілдерден енген дыбыстарды үйретуде алынған сөздер қазақ тіліне аударылмай сол күйінде оқытылып келеді. Бұл әсіресе орыс тілінен енген (ь,ъ,в,ё және т.б.) үйрету жұмыстарында анық байқалады. Осының әсерінен қазақ балалары бастауыш мектепте-ақ сөйлер сөзінде кірме сөздерді қолдануға дағдыланады. Мұндай дағдылардан арылу үшін орыс не басқа тілдерден енген сөздерді қазақ тілінің дыбыстау заңдылықтарына сәйкестендіріп, қазақ тіліне аударып берген орынды деп ойлаймыз.

А.Байтұрсынов - қазақ елінің болашағына, тұрмыс-ахуалына жаны күйзелген алаш жұртының біртуар азаматы. Ғалымның бастауыш мектеп жайында, оқыту жайында айтқан пікірлері бүгінгі күнде айрықша мәнге ие. Себебі, ғалым, керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтінді өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін білімін алдын-ала жоспарлап, оқушылардың тұлғалық қабілеттеріне сай жасалуы қажеттігін атап көрсеткен. Сөйтіп А.Байтұрсыновтың бастауыш мектепке арнаған оқулықтарында қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі дыбыстық жүйемен оқытудың әдісі, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тілдік материалдарды жүйелеп беру жолдары, қазақ тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері, бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың мазмұны жан- жақты ашылған.

Адам сөйлейді, түйе боздайды, жылқы кісінейді, сиыр мөңірейді, қой маңырайды, ит үреді, ұлиды, қыңсылайды, мысық мияулайды.

Демек А.Байтұрсынов оқушылардың тілін дамытуға, олардың білімін жетілдіруде алдымен олардың ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіру жұмыстарын жүргізуді тиімді санаған.

Ғ.Бегалиев - бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың әдістері мен тәсілдерін саралаған ғалым. Ол оқушылардың сөйлеу дағдыларын түрлі жаттығулар мен тапсырмалар арқылы қалыптастыру жолдарын атаған. Ол оқушылардың сөздік қорын байыту жолдарын ғана емес, сонымен қатар олардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жолдарын да қарастырған [7, 362].

Оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жолдарын осындай үлгіде жүргізілетінін санамалап көрсеткен Ғ.Бегалиевтің еңбегі мектепке келген балалардың сөйлеу тілін ауызша да, жазбаша да дамытып, олардың дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыру жолдарын анықтағанымен құнды. Бұны оның: «Пысықтау жұмысы нашар ұйымдастырылады да, оқушылар бар оқығандарын ұмытып қалады, бұрын оқыған тақырыптар мен жаңа тақырыптар арасында ешбір байланыс болмайды. Сондықтан да оқушылардың білімі жүйелі, тиянақты болып шықпайды. Оқушылар бүгін оқығанын ертең ұмыта берсе не болмақ? Оқушылар әрбір оқыған, үйренген сөз үлгісін, емле ережесін ойланып тұрмай-ақ, іске асыра алатын дәрежеге жетуі керек. Дағды, машық деп осыны айтамыз. Дағды – алғашқыда саналы орындауды қажет ететін әркеттердің жаттыға беру нәтижесінде автоматты қалыптасуы. Дағдыға айналған қимылдар санадан тыс болмайды. Ол- мидың қызметі. Дағдының қимыл, сенсорлық және ой-әркетіне байланысты түрлері бар. Пысықтау бұл жөнінде маңызды орын алады», – деген пікірі дәлелдейді [7, 70].

Сонымен қатар ғалымның пікірі бойынша грамматика мен емле сабақтарында, балалар ана тілінің заңдарын меңгере отырып, сөздерді сөйлем ішіне кіргізіп, бір-бірімен байланыстыруға үйренеді. Оқушылар сөйлемнің түрлерімен, сөз өзгерту, сөз тудыру тәсілдерімен таныса отырып, оларды өздерінің сөйлеу тілдері мен жазбаша тілдерінде дұрыс пайдалануға үйренеді.

Еңбекте тілдің қалыптасуы және оқып дамуы үшін ауызша және жазбаша жаттығулар ұйымдастыру қажет екені айрықша аталған:

«Ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстары бір-бірімен тығыз байланысты болды; сөйлеу тілі жазбаша тілдің негізі болып табылады: жазбаша тіл сөйлеу тілінің дамуына жәрдемдеседі.

Оқушылардың сөйлеу тілі бірінші жылдары жазбаша тілден бұрынырақ жүреді: балалар мектепке келгенде, азды-көпті дамыған сөйлеу тілімен келеді, бірақ ол кезде олар жазбаша тілді әлі білмейтін болады.

Ғ. Бегалиевтің тұжырымдаған пікірі профессор Қ.Жұбанов «Оқушы қанша пысық, тиянақты болмасын өз ойындағысын ауызша білдіргендегідей етіп жазуша білдіре алмайды, ауызша тиянақты түрде мазмұндай алғаны жазуға келгенде, ауызекі айтқандағысындай еркін мазмұндай алмайды» - деген пікірінің жалғасы іспеттес.

Қорыта айтқанда Ғ. Бегалиевтің бастауыш мектеп мәселесіне жазылған еңбектерінде оқушылардың сөйлеу тілін қалыптастыру және жетілдіру үшін арнайы ұйымдастырылған жаттығулардың көмектесетіндіктері айтылған. Мұндай жаттығу түрлерін біз өз жұмысымызда кеңінен пайдаландық. Ғалым еңбектерінің әдістемелік құндылығы — бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған кешенді жұмыстар жүйесін ұсынғандығы.

К.Бозжанова оқушыда қандай да болмасын дағды қалыптастыру үшін алдымен оқушылар белгілі бір тәртіпке бағынуы қажет, яғни: «Оқу жұмысын дұрыс ұтымды ұйымдастырып істеуге дағдыландыру үшін оқушылар мына тәртіпке төселуге тиіс: ең алдымен керекті құралдарды (сия, қалам, дәптер, кітап) дайындап, орын-орнына қою, газет төсеу, дәптерді, оқулықты ашып, тапсырманы табу, тапсырманы оқып, түсіну, содан кейін барып орындауға кірісу; сөйлем, сөздерді түгел оқып алып ойша жазу, тиісі тыныс белгісін жазу үстінде тұсына бірден қойып отыру, тиісті сөз, сөйлемдерді жазу үстінде бірден тауып, астын сызып отыру. Оқушылар сөз, сөйлемдерді жатқа да түгел ұғып алып, ойына сақтап жазуға төселуге тиіс. Мұғалім оқушылардың жұмысты орындау ритмін де қадағалап, оларды бір кезеңде кірісіп, қатар бітіруге дағдыландырады».

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін кейінгі жылдары арнайы ғылыми тұрғыда қарастырған, бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың тілін дамытуда қандай әдістер тиімді екенін айқындау, лексикалық дағдыларды қалай, қандай жолдармен қалыптастыру, сауат ашу кезеңінде оқушылардың тілін жетілдіру, сөздік қорды молайту мәселелеріне арналған бірнеше іргелі ғылыми жұмыстар сәтті қорғалды. Сондай еңбектердің бірегейі — бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамыту мәселесін түбегейлі қарастырған әдіскер-ғалым профессор С. Рахметованың еңбегі. Ғалым өз еңбегінде оқушылардың тілін дамыту үшін, біріншіден, балалардың сөздік қорын молайту керектігін айтып, сөз запасын бірді-екілі сабақтарда ғана жетілдірмей, мектепке алғаш келген күннен бастап байыту қажет екенін, ол үшін сөз мағынасын түрлі лексикалық тәсілдер арқылы ұғындыру жолдарын айтып, екіншіден, бастауыш мектеп оқушыларының байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. С.Рахметова бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың мазмұны нені қамтуы қажет деген сұраққа былай деп жауап береді: «Мұнда біз мына сияқты негізгі мәселелерді үйретуіміз қажет, яғни белгілі бір тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамытатын сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгеру барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне, сондай-ақ ойларын ауызша жазбаша сауатты, жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге мақсат етеді. Сонда осы үшеуі /сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып сөйлеуге үйрету/ күнделікті өтілетін сауат ашу, грамматика, оқу сабақтарымен байланысты, біртұтас жүргізіліп отырса, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады».

Ғалым оқушылардың сөздік қорын молайту жұмыстары олардың тілін дамытудың бір бағыты екендігін дұрыс тұжырымдаған. Мұндай тұжырым оқушылардың тілін дамыту үшін олардың сөздік қорын молайту қажет екендігін анық көрсетеді. Оқушылардың сөздік қорын молайтудың негізгі мақсатын былайша қорытқан: «Сөйтіп сөздік жұмысының мақсаты, сайып келгенде, оқушылардың мәтіндегі сөзді дұрыс қабылдап, оның мағыналық реңктері мен ерекшеліктерін ұғынуларын, яғни қажетті жағдайларда дереу естеріне түсетіндей дәрежеде балалардың өз сөздеріне айналуын қамтамасыз ету; оқушылар алуан түрлі жаттығулар арқылы үйренген сөздерінің мағынасын терең түсініп және керекті кезінде мұғалімнің көмегінсіз өз беттерімен оны дұрыс қолдана алатын дағдыға төселеді. Мұның өзі оқушылардың білім сапасының жоғары болуына жағдай жасайды».

Ғалым оқушылардың тілін дамытудың негізгі бағытына байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстарын жатқызады. С.Рахметованың докторлық диссертациясы қазақ мектебінде оқушы тілін дамыту мәселесін түбегейлі қарауымен құнды. Мұнда айтылған әдістемелік тұжырымдарды басшылыққа алып, кеңінен қолдануға болады.

Ғалым осы аталған білімдік дағдылар оқушылардың қазақ тілінен алған білімін практика жүзінде қолдануға негіз болатындығын көрсетеді. Бірақ С.Қазыбаевтың еңбегінде оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жолдары мен ерекшеліктері туралы айтылмаған.

Соңғы жылдары бастауыш мектгепте оқушылардың тілін дамытуға ерекше назар аударыла бастады. 1990 жылдарға дейін қазақ педагогикасында бастауыш мектеп мәселесінен ғылыми жұмыс қорғаған екі ғалым М.Қ. Жұбанова мен С.Р. Рахметова болса, кейінгі жылдары К. Бозжанова, Т. Әбдікәрімова, Г.Уәйісова, Ә. Е. Жұмабаева,

Бұл бөлімдердің әрқайсысының мазмұнында да, оқу-әдістемесінде де өзіне тән ерекшеліктері бар.

Көркем шығармалар ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілерін қамтиды.

Ауыз әдебиетінің мынадай үлгілері:балаларға арналған ойын өлеңдері,төрт түлік жырлары,ертегілер мен аңыз әңгімелер, мақал мәтелдер мен жұмбақтар,шешендік сөздер мен билер сөздері,нақыл сөздер мен мысалдар,батырлар жырларының үлгілері,өтірік өлеңдер мен айтыс өлеңдері кең орын алады.

Жазба әдебиет үлгілері мен ақын-жазушыларымыздың балаларға арналған таңдамалы шығармалары қамтылған.

Олар негізінен үш үлкен тақырып төңірегінде топталған:

-Туған елім Қазақстан

-Табиғат-тіршілік бесігі;

-Адам болу –ізгі ниет

Осы тақырыптарды қамтыған көркем шығармаларды оқу барысында балалар айнала қоршаған табиғатпен, адам еңбегімен, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен таныстырылады, заттар мен құбылыстар жайында жан- жақты түсінік алады,оларға тән ерекше қасиеттерге дұрыс сипаттама беруді үйренеді.

Бағдарламаның ғылыми – танымдық бөлімі оқушыларға түрлі ғылым салаларынан қарапайым білім беру мақсатын көздейді. Оқушылар туған жер қасиеті мен табиғат тамашалары, аспан әлемінің құпиясы, өнер туындылары жайында біршама мағлұмат алады.

Бағдарлама бастауыш сыныптардың оқу сабағында оқушыларға әдебиет теориясы элементтерінен алғашқы қарапайым түсініктер беруді көздейді. Мұнда ең алдымен - жанр түрлерін ажырата білу, кейбір әдеби ұғымдардың мәнін ашу, салыстырулар мен теңеулердің, ырғақ пен ұйқастың орны мен ерекшелігі т.б қалыптастырылады.

Осыған орай «Әдебиеттік оқу» оқулығының құрылымы ірі блоктік тақырыптық және жанрлық – эстетикалық бағыттағы ұстанымдары басшылыққа алады. Бұл ұстанымдар оқушыларға дүниенің біртұтас көркем бейнесін беруге ұмтылған, қарапайым әдеби білім беруді мақсат тұтқан, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруды көздеген шығармалар мынадай он тараудан тұрады:

1.Туған елім, туған жерім .

2.Білім өмір шырағы .
3.Маужырап барқыт қоңыр күз.
4.Өткен өмірден .
5.Қыс бейнесі.
6.Жақсы ай мен күндей .
7.Табиғат –менің өз үйім .
8.Масатындай құлпырған жердің жүзі .
9.Жаздыгүні шілде болғанда.
10.Сарқылмас қазына.

Оқу мазмұны ауыз әдебиетінің оқу үлгілері: төрт түлік жырлары, мақал-мәтелдер мен жұмбақ – жаңылтпаштарды, ертегілер мен мысалдарды, аңыз әңгімелер мен шешендік сөздерді т.б қамтиды .

3-сынып оқушылардың жас ерекшелігіне сай алынған көркем шығармалар оқушылардың көңіл –күйімен сезіміне, ой-қиялына әсер етіп, шығармашылық қабілетін қалыптастыруға жағдай жасайды .

Бастауыш сыныпта оқу танымдық қызығушылығын қалыптастырып,дамыту мақсатында тәжірибелі ұстаздар С.Құжанова және П.Аралбаева бірнеше тәжірибелер жүргізген.Алған нәтижелері бойынша мектептегі оқу әрекетіне деген жағымды қатынасты тәрбиелеу бастауыш сынып оқушыларының білімге қызығушыларын оятып, дамытуға негіз болады. Ол үшін мына жайларды ескеру қажет:

1.Оқу әрекеті үстінде жағымды, қолайлы ортаны ұйымдастыру және сабақты көбінесе ойынмен байланыстыру.
2.Оқу әрекеті барысында әрбір баланың мүмкіндіктеріне сенім тудырып, балаларды мадақтап отыру.

Енді осы тұжырымдарға жеке-жеке сипаттама берейік.

1. Баланың оқуға жағымды қатынасын қалыптастырудың бір сыры баламен мұғалімнің біреуінде. Бала өзін педагогикалық әсердің объектісі ретінде емес, еркін сезінуі қажет. Мұғалім әр сабаққа өзінше мән бере отырып, күнделікті сабақтарды бір-біріне ұқсамайтындай құруы қажет және де балалардың зейіндерін күшпен бір орталыққа бағындыруға тырыспаған жөн. Басқа сабақтың басталып кеткенін сезбеуі керек.

2. Бала мұғалімнің өзін әрдайым бағалайтынын, онымен санасатынын,оған сенетінін түсінуі қажет. Ең маңыздысы жалпыға және әр балаға әрдайым «Сен қабілеттісің», «Сенің қолыңнан келеді» деген сияқты үміт сезімдерін тудырып отыруымыз қажет. Ерік күші әлсіз балалармен жеке жұмыс жүргізуді күнделікті күн тәртібінен түсірмеуіміз қажет. Оларға ақыл кеңес берумен бірге, сенім білдіреміз. Мысалы: «Иә, бұл сенің қолыңнан келеді», «Мен де солай ойлағанмын», «Меніңше саған көмектесудің қажеті жоқ, сен өзің-ақ жақсы игересің» т.б. Бала үлкендердің көзіне түсуге құмар келеді. Соның негізінде үлкендердің қойған талаптарын бұлжытпай орындауға тырысады. Сондықтан баланы үнемі мадақтап отырудың маңызы өте зор. Орынды мадақтау ондаған ескертуден пайдалы. Мұндай жұмыстар оқу әрекетінің жемісті болуында белгілі бір мәнге ие [4,14б.] .

Ұлттық оқулықтарымыздың іргесін қалаған Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтардың жазған оқулықтарынан бергі кезеңде қалыптасып келе жатқан үрдісті 1918 жылғы «Шағын ұлттардың мектептері туралы» қаулы бұзып жіберді. Таптық көзқарасты басшылыққа алған ұлтсыздық бағытындағы бір үлгідегі мектептерде орталықтан жіберген оқулықтар мен оқу бағдарламалары басшылыққа алынды. Әсіресе «халық жауларын» талқандау секілді әйгілі нәубет жылдары ұлтымыздың зиялылары жапай қудалауға ұшырап, оқулық жазу ісі іркіліске ұшырады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу ісі қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын уақыттың талап-тілегіне сай үздіксіз жүзеге асырылып отырады. 50-60-шы жылдарда алдыңғы орынға ана тілін оқыту әдістері мен оқу үрдісіне жаңа, күрделірек мазмұн беру арқылы балалардың таным қызметін кеңейту, жетілдіру міндеттері алға қойылды [5,7б.].

Ал, бүгін жаңа бағдарлама бойынша жаңа әдіспен оқыту жолы көзделуде. Зерттеу әдістері де өзгерді: тұтас сыныптар мен зерттеу жұмыстары басталды. Бұндай оқытудың тиімді тұсы білім мен дағдыны жетілдіру үрдісімен байланысты сыныптағы орындалатын жұмыстарды жылдамдатып, жетілдіруге тиісті болды. Сонымен бірге төменгі сыныптарда қазақ тілі мен ана тілі, әліппе пәндерін оқытуда мәтін түрлерін саналы түсініп оқу арқылы есте сақтап, өз ой-пікірлері мен тұжырымы бойынша белгілі тақырыпқа сай ауызша-жазбаша сөйлеу икемділіктерін арттырып, ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру болмақ [3,17б.].

Қазіргі мектеп оқушыларының ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту күн тәртібінде өткір қойылуда. Ал сөйлеу – ауызша және жазбаша болатыны белгілі. Сондықтан оқушының сөйлеу икемділіктерін дамытуда әліппені, қазақ тілі мен ана тілі пәнін оқытудың маңызы ерекше. Мәселенің өзектілігі соңғы он жылдықта көптеген лингвистикалық зерттеулерге арқау болуда.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда оқулықтар мазмұнына жаңа, күрделірек мазмұн беру арқылы олар таным қызметін кеңейту, ойын жетілдіру олардың сөйлеу қызметінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Қазақ тілінің жұмсалу аясына, тіл тазалығына қатысты қазақ тілі фонологиялық жүйесінің ерекшеліктерін сақтау, үндестік заңын бұзбау мақсатында оқушыларға өзге тілдерден енген сөздерді жаздырып, оқытуда белгілі бір жүйенің болмауына байланысты орфографиямыздағы келеңсіздіктерге статистикалық талдау жасалынып, мектеп оқулықтарындағы олардың үлесі анықталып, сөздердің дұрыс жазылуын реттеуді бастауыш сынып оқулықтарынан бастау туралы ұсыныс, пікірлер айтылған. Мектеп оқушыларына ана тіліміздің лексика-грамматикалық жүйесін меңгерту үшін оқулықтардағы сөздік қор мен оның құрамын анықтап, оны жетілдіру жолдарын қарастыру, сөздердің кездесу жиіліктеріне сәйкес тіл заңдылықтарын түсіндіру, мектеп оқулықтарының тілдік ерекшеліктерін анықтау секілді теориялық мәселелер де қамтылды [1,33б.].

Психологиялық тұрғыдан алғанда, баланың екінші сигналдық жүйесі ретіндегі сөйлеу бірінші сигналдарға қарағанда жетекші орында болады да, екінші сигналдар оған қызмет етеді. Ал, сөздік қоры мен ойлану жүйесі нашар дамыған балалардың сөз байланыстары тек белгілі бір бағытта болады. Тек баланың ақыл-ой қызметін активтендіру және ұйымдастыру нәтижесінде ғана білімді меңгертуге болады. Сондықтан да, мектепте лексика мен морфологияны үйретудің жүйелі тәсілдеріне көшу, яғни баланың ақыл-ой қызметін активтендіру үшін мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің сөздігіне мүмкіндігінше жоғары сөздерді сұрыптап ала білудің айрықша маңызы бар. Мұнда әрбір сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктерін де ескеруі қажет. Ол үшін әрбір сыныптағы сөздердің санын анықтап, тілдік материалдарды іріктеу, оқушылар тілінде жиі қолданылмайтын сөздердің минимумдарын әзірлеу керек. Бұл мақсаттардан бастауыш сынып оқулықтарын лингвистикалық әдіспен зерттеу міндеті туындайды. Алынған сандық

нәтижелерді сапамен ұштастыру бағытында әрбір кезең аралығындағы балалар лексикасындағы ерекшеліктерді ескеріп, болашақта оқулықтарды құрастыруда әрбір кезеңге тән сирек қолданыстағы лексикалық тұлғаларды іріктеу, танымдық қызметі жоғары болғанымен, оқушылар тілінде белсенді қолданылмайтын сөздерді бастауыш сынып оқулықтарынан сұрыптау тіл тарихына қатысты материалдарды қамтуымызға негіз болады [2,29б.].

Соңғы жылдары тілдік құбылыстарды сандық және сапалық жақтан анықтауда зерттеліп отырған материалдың белгілі бір ықтимал статистикалық заңдылықтарын ашуға мүмкіндік беретін лингвистикалық әдіс-тәсілдер қолдануда (Қ.Бектаев, А.Жұбанов, Ә.Ахабаев, Қ.Молдабек т.б.).

Бұл тәсілдерді әсіресе бастауыш сынып оқулықтары (БСО) тілінің лексикасы мен морфологиясына қолданып, ондағы сандық және сапалық ерекшеліктерді айқындау, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, сөздердің қолданылымындағы кейбір тіл заңдылықтарын түсіндіру жалпы тіл білімінде ерекше маңызға ие болып отыр [3,65б.].

Соңғы жылдары «Атамұра» баспасынан шыққан БСО зерттеген М.Ә.Ермекбаев оқулықтарындағы сирек қолданылған сөздерді анықтап, олардың оқушылардың тіл байлығын арттырудағы маңызын ескеріп, оны дамыту жолдарын қарастырды.

Оқушылар жас ерекшеліктеріне қарай олардың әр түрлі жанрда, әр түрлі тақырыпта жазған шығармаларын оқуға мүмкіндік алады оқу материалдары 2-4 сыныптардың тақырыптары маусымдық-тақырыптық ұстаным бойынша жүйеленеді. 1-сыныпты бітірген оқушыда оқу дағдысын қалыптастырып, жетілдіре түсу үшін халық ауыз әдебиеті үлгілерінің осы жастағы балаларға арналған нұсқалары жеткілікті түрде қамтылуы тиіс. Оқулыққа материалдар таңдау қазақ балалар фольклорының оқушыларды адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелейтін ең сенімді құрал екендігіне ерекше көңіл бөлінеді. Маусымдық- тақырыптық ұстанымға сәйкес қарастырылған материалдар оқушылардың туған ел табиғаты туралы(аспан-жер, өзен-көл,тау-тас, өсімдіктер дүниесі мен оларға адамдардың қарым - қатынасын байқататын) танымын арттыру, көркем және ғылыми-танымдық шығармаларды оқыту арқылы қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту, экологиялық мәдениетін тәрбиелеу көзделеді.

Әдебиеттер

a. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу бағдарламасы. – Астана, 2010.-15 б. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, 2010 ж.
b. Әбенбаев С.Ш. Оқыту әдіснамасы мен әдістемесі. Оқу құралы. - Алматы, «Дарын», 2004ж.78 б.
c. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені қолдану мәселелері. Алматы-2013ж.56б.
2. Рахметова С., Жаманкұл П.К., Кабатай Б.Т., Мадиева А.Т. «Әдебиеттік оқу оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 2-4 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы» 316.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінін бұйрығы N367 Оқыту қазақ тілінде жургізілетін жалпы білім беретін мектептің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу бағдарламасы.-Астана, 2010.-34 6. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, 2010 ж.

References

a. Curriculum "Literary reading" for grades 2-4 of secondary school with Kazakh language of instruction. - Astana, 2010.-15 p. National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 2010]
b. Abenbaev S.Sh. Teaching methodology and techniques. Textbook. - Almaty, "Daryn", 2004, p.78.
2. Alimov A. Problems of using interactive methods. Almaty-2013.56p.
3. Rakhmetova S., Zhamankul PK, Kabatai BT, Madieva AT "Curriculum for grades 2-4 of secondary school with the teaching of literature in the Kazakh language" 316.
4. Order of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan N367 Curriculum "Literary reading" for grades 2-4 of secondary school with Kazakh language of instruction.-Astana,2010

ӘОЖ 373.2:02
UDC 373.2:02

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІНДЕГІ ОЙЫННЫҢ АЛАТЫН РӨЛІ

THE ROLE OF PLAY IN THE COMMUNICATION OF PRESCHOOL CHILDREN

Уразбаев К.М., Бақтыбаев А.Б., Манашахов Е.И.
Urazbaev K.M., Baktybaev A.B., Manashakhov Y. I.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan
a.bakhtybayev@gmail.com

Резюме

Художественная литература занимает особое место в расширении кругозора детей, развитии мышления и языковых навыков. В детском саду культуру правильной речи у детей можно реализовать, приравняв ее к окружающей среде, а также к художественной литературе. Использование дидактических игр в каждой организованной учебной деятельности может стимулировать воображение детей и отточить их мыслительные способности. По мере того, как дети тренируются с дидактическими материалами, они развивают внимание, сообразительность, энтузиазм и независимое мышление. Материалы для рассказывания историй, чтения, аудирования и запоминания должны соответствовать уровню развития и возрасту ребенка. Детям удобно показывать книжки с картинками группами и рассказывать их содержание. Младенцы этого возраста должны уметь успешно завершить рассказ и не бояться.

Abstract

Fiction takes a special place in expanding the horizons of children, developing thinking and language skills. In kindergarten, the culture of correct speech in children can be realized by equating it with the environment, as well as with fiction. The use of didactic games in every organized learning activity can stimulate children's imaginations and hone their thinking skills. As children practice with didactic materials, they develop attention, intelligence, enthusiasm, and independent thinking. Materials for storytelling, reading, listening and memorization should be appropriate for the developmental level and age of the child. It is convenient for children to show picture books in groups and tell their content. Babies of this age should be able to complete the story successfully and not be afraid.

Кілттік сөздер: *мемлекеттік тіл, ұрпақ тәрбиелеу, көрнекі құралдар, ойнау элементтері, ойын түрлері.*
Key words: *state language, upbringing, visual aids, elements of play, types of games.*

Егеменді еліміздің талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқыту, қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтар еншісінде. Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн.

Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын арттырады. Сонымен қатар тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу барысында балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады. Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық санат. Тіл дамытуда ойынды көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, ойыншықтар, музыка және т.б. материалдар сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады, ауызша сөйлеу түрлері кеңейеді. [4, 15].

Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіру.

Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергіту, ерік-жігерін дамыту, сабаққа ынтасын арттыру.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын арқылы балалардың тілдерін дамытып, сөздік қорын байытады, жаңа материалды жақсы қабылдайды, есте сақтайды, зейіні дамиды, қызығушылығы артады. Мектепке дейінгі ұйымдарда сөздік қорды дамыту жұмыстары түсіндіру, сұрақ- жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, көрнекілік әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Түсіндіру әдісі - жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады.

Көрнекілік әдісі – сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Балаларға түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды болуы керек .

Мысалы: «Ұлттық заттар» тақырыбын өткен кезде киіз үйдің суретін көрсету арқылы немесе кәдімгі ойыншық киіз үйді көрсету арқылы жүзеге асырылып отырады.

Мысалы: Алма сөзін алманы көрсету арқылы ұғындырамыз. Бұл әдіс – жеміс- жидектер, ойыншықтар, тағамдар, тақырыптарында жүзеге асады. Әр түрлі тірек кестелер және таблицалармен сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге болады.

Мысалы, алманы сипаттау: алманың түсі қызыл, пішіні – домалақ, дәмі – тәтті. Ол ағашта өседі, жеміс. Мен алма жеймін.

Мысалы, жемістер – көкөністер тақырыбына байланысты «Дүкен» ойынын ойнауға болады. Үстел үстіне жемістердің муляждарын «сатуға» қойып, ойнау. Бала дүкен ойыны кезінде дүкенге кіріп амандасады, керек затын сұрайды. Маған алма беріңізші. Қандай алма аласыз? (түстерді ажырата білу). Мынау ащы, тәтті деген сөздер сөйлемде қолданылады [4, 76].

Осы тақырыпқа байланысты мынадай ойындар өткізуге болады: «Дәмінен ажырат», «Не артық?», «Қанша жеміс көрдің, соншама қол шапалақта», балалардың назарын бақылау үшін кез келген сөзге емес тек қана жемістерді естігенде шапалақтау, жұмбақ жасыру, мысалы түсі қызыл, сары, дөңгелек тәтті ағашта өседі – бұл не? және де басқа да тақырыптарға келтіруге болады.

Дыбыстық жаттығуларды өткізуде балалар сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады, дауыстың ырғағы дамиды.

Мысалы: шақ – шақ – шақ – кішкентай құлыншақ.

Ыр- ыр – ыр – ырылдайды қасқыр.

Балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада балаларды дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады.

Дидактикалық материалдармен балалар жаттыққан сайын олардың зейіні, тапқырлығы, ынталылығы, өзіндік ойлау жұмысы дами түседі. Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттауға арналған материалдар олардың даму деңгейіне, жас шамаларына лайықты болу қажет.

Балаларға топтардағы суретті кітапшаларды көрсетіп, мазмұнын айтып беру қолайлы. Бұл жастағы сәбилерге оқиғасы сәтті аяқталатын, қорқыныш сезімін тудырмайтын болу керек.

Оларға «Бесік жыры», «Бауырсақ», «Торғай», «Мақта қыз бен мысық» сияқты шығармалар арқылы дыбыстарды анық айту, байланыстырып сөйлеу, әңгімелей білуге үйретуге болады. Ертегі сахналау арқылы балаларды рольге бөліп беру, әр кейіпкердің дауыстарын келтіріп айтуға машықтандыру қажет.

Шығармаларды оқыған кезде іс-әрекеттерге байланысты жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп отырған жөн.

Дыбыстарды анық дұрыс айта білуге жаңылтпаштардың да орны ерекше. Ал жұмбақ баланың сөйлеу қабілетін дамытады. Жұмбақтың шешуін табу арқылы заттардың, жан-жануарлардың, киім-кешек аттарын есте сақтау қабілеті

күшейеді. Бала тілін дамытуда мақал-мәтелдердің де алатын орны ерекше. Қазақтың мақал-мәтелдерінің көбісі елдікті, ынтымақты, жақсы мен жаманды ажыратуға мүмкіндік береді.

Балалармен күннің II жартысында ойналатын дидактикалық ойындар, желілі - рөлді ойындары арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға болады.Әрбір сұрақтарға толық, әрі нақты жауап бере білуге дағдыландыру керек.

Естігендерін қайталап айтып, қандай кейіпкердің бар екенін балалар айтып берді. Сонымен қатар сөздік жұмыс жүргізу, сұрақ-жауап ала отырып, сөздік қорларын байытып, әңгімелей білуге үйрету.

Көркем шығармалармен балаларды ерте кезден таныстыру, оқыту тәрбиелеу істерінде қолданып отыру арқылы балаларды еркін сөйлеуге, түсініп, мәнерлеп айтуға дағдыландыру керек [5, 17].

Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдынғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ**.** Ойын- дегеніміз не? Ойын дегеніміз- халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі. Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, денешынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл- ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен, қабылдау есте сақтау мүмкіндіктері жақсы дамыған. Баланың сөйлеу әрекетін дамыту, ең алдымен оқыту үрдісінде тілдің лексикалық, грамматикалық білім нормаларын игертуге байланысты болса, екіншіден, сөйлеу икемділігі пен дағдылары сөйлеу әрекетінің оқу, тыңдау, айту жазумен байланысты болады. Сондықтанда қатысымдық икемділік пен дағды сөйлеу қарым- қатынастың түрткісіне мақсат- міндеттеріне орай жүргізіліп, екінші жағынан әлеуметтік нормалар, яғн тіл мәдениетінің негізінде ұйымдастыру болып табылады**.**

Баланың тілін дамытуда мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

1. Айналадағы бар, күнделікті өмірде пайдаланып жүрген заттарды (киім - кешек, ыдыс - аяқ, тағам, үй жиһаздарын) көрсетіп, атын сұрап айтқызу.

2.Осы заттардың қайдан, неден (ағаштан, шыныдан, жүннен, темірден жасалғандығын) түсіндіру [3,86]**.**

3 Ойыншықтары жайында, жақсы көретін ертегісі туралы әңгімелесу.

Мектепке дейінгі жастағы баланың ең басты іс-әрекетінің ойын болғандықтан, ойын арқылы баланы оқыту қажет. Сол себепті логопедиялық сабақтарда дидактикалық, рөлдік ойындар өте қажет. Олардың мақсаты – ережені сақтап білуді, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін, кеңістіктік және уақыттық ұғымдарды, қабылдауды, есте сақтау қабілетін дамыту.

Практикалық әдіске ойнау элементтері бойынша тіл үйрену кіреді.

Дидактикалық ойындар балалардың білімін бекітіп, сөздік қорын молайтады, сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді дұрыс (сурет бойынша) құрастыруға, қажетті сөздерді дұрыс тауып қоюға, кішігірім әңгіме айтуға жаттығады. Тәрбиеші ойын тәртібін балаға түсіндіріп, үйретеді, көрсетеді.. Сонымен қатар бұрынғы ойнаған ойындарын естеріне түсіреді. Белгілі суретшілердің туындыларын, балаларға арналған суретті кітапшалар, мерекелерге дайындық, түрлі ойын – сауықтар өткізу де балалардың тілін дамытуға септігін тигізеді. Балалармен түрлі әдеби - музыкалық ойындар өткізу олардың әдеби тілде сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет. Балалар қазақша сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді қайталағанда сөйлеу екпінін дикциясын, яғни сөзге, буынға, екпінді дұрыс түсінуге үйренеді. Рөлге бөліп ойнайтын ойын (ертегі кейіпкерлерінің рольін сомдау, сюжетті рольді ойындарды ойнау) баланың ойын өз бетінше тұжырымдап айтуына көмектеседі. Сөздік қорды дамытуда тағы да өте көп әдіс – тәсілдер қолданылады. Соның нәтижесінде ата-аналар балаларының неге қабілетті, өз тарапынан балаға қандай көмек керектігін біліп, (ертегілерді оқу, тақпақтарды жаттату т.б) көмектесіп отырады. Ата-аналар балабақша өміріне белсене араласып «Ашық есік күндеріне» ашық сабақтарға, спорттық мерекелерге, көрмелерге, ата-аналар жиналыстарына қатысады [2,19].

Ойын түрі сабақты қызықты етіп, жалпы логопедиялық сабақтың тиімділігін біршама жоғарылатады.

Ал енді мектепке дейінгі жастағы баланы оқыту үрдісінде қолданылатын дидактикалық ойындардың қысқаша баяндамасы:

1-ші ойын – «Мен білемін».

Мақсаты: сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын бекіту, байқығыштық пен зейінді дамыту.

Мазмұны: педагог допты қолдана отырып, келесі мәтінді айтады, бұл кезде допты еденге ырғақпен соғу.

– Мен ұлдардың бес атын білемін:

Арман – бір

Аділет – екі

Қуаныш – үш

Асхат – төрт

Нариман – бес

Әрі қарай келесі ойыншыға доп беріледі. Ол келесі бес затты атайды. Бұл кез-келген заттар болуы мүмкін (ойыншықтар, гүлдер, ағаштар, аңдар).

2-ші ойын – «Күн мен түн».

Мақсаты: сөйлеу тілін дамыту, қажет ұғымды іздеуде зейінді ұмтылдыра білу.

Мазмұны: педагог сөз айтады, балалар оған мағынасы қарама-қармсы сөз айтады: «Күн-түн, тәтті – ащы және т.б.».

3-ші ойын – «Қонаққа барамыз».

Балалар үй иелері және қонақтар болып бөлінеді. «Үй иелері» қонақтарды «сиқырлы сөздерді» айтып қарсы алу қажет. Қонақтар сыпайы жауап қайтарады.

4-ші ойын – «Сөз құра».

Балалар мұғаліммен айтылған буындардан сөз құрайды. Буындар түрлі-түсті әдемі болуы мүмкін. Мысалы: гүлшоғырына жиналатын шар немесе гүлдер түрінде.

5-ші ойын – «Екі шеңбер».

Балалар екі шеңберге тұрады – сыртқы (үлкен) және ішкі (3-4 адамнан). Үлкен шеңбердегі балалар тұрады, ал ішкісіндегілер көшбасшы мұғаліммен бірге жүріп, былай дейді: «Біз шеңбер бойымен жүреміз,өзімізбен бірге аламыз – тәтті...». Үлкен шеңбердегі балалар тезарада қандай да бір тәтті затты ойлау қажет, мысалы: қант. Қай бала бірінші

атаса, ішкі шеңберге кіреді. Ойын жалғасады («жұмсақ», «сұйық», «ащы», «қатты» және т.б.). Үлкен шеңберде қалып қойған соңғы бала кез-келген тапсырма орындайды (жаза ретінде).

Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер , кестелер, сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады деп сенімдімін. XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Қазіргі заман талабы – жаңа ақпараттық және оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді. Қазақ тілі пәнін оқытуда да ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып,балалардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижеге жеттім.

1.Қазақ тілі сабағында қолданылған аудиокітаптар балалардың қызығушылығын арттырады, зейін тыңдауға, қазақ тіліндегі тән дыбыстарды айтуға қалыптастырады.

2. «Сөйлетін кітаптар» арқылы кітап бетіндегі сабаққа қажетті сөздерді, шағын сөйлемдерді қайталап айту, сұраққа дұрыс жауап беруге баулиды.

3.Үнтаспаны пайдалану арқылы аңдардың, құстардың, табиғат құбылыстарын т.б. дыбыстарды ажырата білуге мүмкіндік бар.

4. «Музыка немесе дыбыстармен жұмыс» мәзірінен арнайы әуендерді ойнату арқылы сабақты түрлендіруге, балаларды түрлі байқауларға дайындауда көп көмегін тигізеді.

Сонымен қатар қазақ тіліне үйреткенде балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады.

Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Сенсорикалық, дидактикалық, дамыту ойындарын көп қолданады. Адам тәжірибесіндегі кең тараған дамыту ойының қызметі: ойынға тарту, рахат беру, демалдыру, қызығушылығын тудыру [1,24].

“Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі”,- демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі-мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Мұғалім өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына, тағдырына тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекеттік тілдің оқытылу жағдайына көп көңіл бөлініп отыр. Бұл үдерісті де тәуелсіздіктің жемісі деп білеміз.

Қорыта келгенде,сөз – тәрбиешінің еңбек құралы. Баланың ой – өрісін кеңейту, ақыл – ойын дамыту, мінез – құлқын, еркін тәрбиелеудің бірі – мұғалімнің сөзі арқылы іске асады. Өзімізді қоршаған өмір тіршілігімен бөбектерді таныстырып, білім беруде баланың нені қай дәрежеде ұққанын, нені есіне сақтағанын байқау, жалпы құралмен: ойыншықпен түрлі затпен, оқу құралымен, суретпен көрсетіп балаға үйретуде мұғалімнің әбден төселген, сөйлеу дағдысы, сөйлеу мәнерінің қалыптасқан үлгісі болады. Сөйлеу мәнерінің қалыптасқан үлгісі - тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін дәл орнымен қолдану деген сөз.

Әдебиеттер

а. Ермакова С.Г. М.Х. Преемственность дошкольного и начального общего образования как фактор реализации национально-регионального компонента. - М.: Просвещение, 2003. – 70 с.

2. 2.Бір жас пен алты жас арасындағы мектепке дейінгі тәрбиелеудің және оқытудың жалпы білім бағдарламасының базалық минимумы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты. ҚР МЖМБС 1.001-2004. Астана. - 83 б.

3. 3.Ерте жастағы (1 жастан 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы: - Астана, 2009. - 26 б.

4. 4.Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. – Алматы: Дастан, 2004.- 509

5. Баймұратова Б.Б. Балабақшадағы даярлық топ балаларының тілін дамыту. – Алматы: Білім, 2001.- 209 б.

References

1. Ermakova SG M.H. Continuity of preschool and primary general education as a factor in the implementation of the national-regional component. - M .: Просвещение, 2003. - 70 c.

2. The basic minimum of the general educational program of preschool education and training between one and six years. State standard of preschool education and training. SES RK 1.001-2004. Astana. - 83 p.

2. The program "First step" for the education and training of young children (1 to 3 years): - Astana, 2009. - 26 p.

3. Baimuratova B. Methods of language development of preschool children. - Almaty: Dastan, 2004. - 509

4. Baimuratova BB Development of the language of children in the preparatory group in kindergarten. - Almaty: Education, 2001.- 209 p.

ӘОЖ 316.422:26-47
UDC 316.422:26-47

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

FORMATION OF THE SCIENTIFIC WORLDVIEW OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Уразбаев К.М., Манашахов Е.И., Бақтыбаев А.Б.
Urazbaev K.M., Manashakhov Y. I., Baktybaev A.B.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
manashakhov@mail.ru

Резюме

В этой статье раскрываются особенности учебника и содержание новой учебной программы предмета «Познание мира» для 1 классов начальной школы. Целью обновления учебной программы в начальной школе является создание благоприятных условий для интеллектуального развития и формирования конкурентоспособной личности, которая способна проявлять в любых жизненных ситуациях функциональную грамотность. В этой связи содержание новой учебной программы направлено на трёхъязычное обучение, формирование коммуникативных возможностей через развитие четырёх навыков в обучения (прослушивание, аудирование, чтение, письмо). При обучении по программе с обновленным содержанием рассматриваются особенности основных принципов обучения. Ведущую роль занимают принципы направленные на ценности, направленные на личность, действенное обучение, дифференцированное, плановое, коммуникативное обучение через использование общих тем, обучение через игры, через использование информационно-коммуникационных технологий. Также в учебной программе описываются в 3-х вариантах планы уроков и их структура. Также проанализировано содержание учебника нововведенного предмета «Познание мира» для 1 классов.Особенность содержания учебника заключается в том, что в него вошли виды заданий, направленные на самостоятельное выполнение и способствующие развитию навыков говорения и слушания. Особенности обновленного учебника по познанию мира в том, что задания составленные по направлению того, что ребенок самостоятельно принимает решение и самостоятельно умел мыслить. В соответствии с этим предлагаются принципы и пути подготовки будущих специалистов начальных классов.

Abstract

In this article features of the textbook and contents of the new training program of the subject "Knowledge of the World" for 1 classes of elementary school are revealed.The purpose of updating of the training program in elementary school is creating favorable conditions for intellectual development and forming of the competitive personality who is capable to show functional literacy in any life situations. In this regard contents of the new training program are directed to trilingual training, forming of communicative opportunities through development of four skills in training (listening, audition, reading, the letter). When training in the program with updated content features of the basic principles of training are considered. The leading role is occupied by the principles directed to values, directed to the personality, the efficient training differentiated, planned, communicative training through use of general subjects, training through games, through use of information and communication technologies. Also in the training program plans of lessons and their structure are described in 3 options. Contents of the textbook of the newly introduced subject "Knowledge of the World" for 1 classes are also analysed.Feature of contents of the textbook is that the types of tasks directed to independent performance and promoting development of skills of speaking and hearing have entered him. In the book knowledge of the world is given new and different types of tasks for the children in order to think, to solve some problems in yourself. According to it the principles of training of future experts of initial classes are offered the subject "Knowledge of the World" for 1 classes.

Кілттік сөздер: *дүниетану, оқу бағдарламасы, функционалдық сауаттылық,* ***үш тілді оқыту,*** *төрт тілдік дағды, жаратылыстану, оқыту ұстанымдары.*

Key words: *knowledge of the world, training program, functional literacy, trilingual training, four skills of training, natural sciences, principles of training.*

«Қазақстан-2050» стратегиясында Қазақстандағы білім беру туралы былай делінген: «...Орта білім беруде жалпы білім беретін мектептердің деңгейін Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу қажет. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығуы тиіс. Оқытудың нәтижесінде оқушылар сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, өз бетінше зерттеу жүргізу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруі тиіс» [1]. Осыған сәйкес биылғы 2016-2017 оқу жылынан бастап жаппай жалпы орта мектептеріндегі бастауыш буынының 1-сыныбы жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша білім беруге көшті.

Білім мазмұнын жаңарту -білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру –жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі.

Барлық енгізіліп отырылған оқу бағдарламаларының алғашқы ұстанымы **«Үш тілді оқыту** төрт тілдік (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) дағдыны дамыту арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған» [2].

«Дүниетану» оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес «Адам және қоғам» білім беру саласының жоспарланған білім нәтижесіне қол жеткізуге бағытталып дайындалған, интеграциялық-пропедевтикалық сипатымен ерекшеленеді, яғни дүниетану оқу пәні негізгі орта білім беру деңгейінде қоғамдық-гуманитарлық пәндерді игеруге негіз болады. Ол туралы Тренер Элисон Бронлайн Боджанг: «Дүниетану» пәні оқушыларға қоршаған ортаны, түрлі қоғамдық және табиғи үдерістер мен құбылыстарды толық, өзара байланыста танып-білуге мүмкіндік береді. Кіріктірілген тәсіл оқушыларға әлемді терең танып-білуге, адамды қоршаған әлеуметтік, мәдени және нақты орта туралы білім жүйесін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибе туралы түсінігін, қоршаған ортада тиімді қарым-қатынас ережелерін қолдана білу дағдысын қалыптастыру болып табылады. «Дүниетану» пәнін оқыту тарих, география және қоғамтану ғылымдары бойынша оқушылардың бастапқы білімі мен түсініктерін қалыптастыруға ықпал ететін ойлау дағдыларын дамытады» деп айқындап көрсетеді [3].

Бұрынғы дүниетану оқу бағдарламасы Адам-Қоғам-Табиғат деген оқу мазмұнды блогынан тұратын болса, қазіргі жаңарту аясында бұл оқу мазмұнды блогтары 2 түрлі бағдарламаға бөлініп кеткен. Бірі дүниетану, екіншісі жаратылыстану. Мұнда дүниетану пәнінің мазмұны қоғамдық-гуманитарлық пәндердің кіріспесі Адам-Қоғам, ал жаратылыстану мазмұны «Адам-Табиғат», яғни жаратылыстану ғылымына кіріспе желісіне негізделген, биология, физика, химия ғылымдары кіріктірілген пән.

Оқу бағдарламасында оқу үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдері ұсынылады. Онда оқыту барысында негізге алатын ұстанымдар мен оқыту түрлері берілген. Олар:

- Құндылықтарға бағытталған ұстаным;
-Тұлғаға бағытталған ұстаным;
-Іс-әрекеттік ұстаным;
-Саралап оқыту ұстанымы;
-Коммуникативтік ұстаным;
-Ортақ тақырыптар арқылы оқыту;
-Ойын іс-әрекеттері арқылы оқыту;
-Жобалық ұстаным;
-Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану [2,7б.].

«Дүниетану» пәнін оқушыларға игерту төмендегідей жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады деп көрсетіледі бағдарламада:

-БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану;
-дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу;
-сандық, интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды таңдап, өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу сияқты жұмыс түрлері ұйымдастырылуы тиіс делінген [2,11б.].

Оқу бағдарламасында ұзақ мерзімді, орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар ұсынылған. Орта мерзімді жоспарда оқу мақсаттары, ұсынылатын оқу іс-әрекеттері, мұнда Ұ,Ж,Т деген әріптік белгілер бар ол дегеніміз ұжымдық, жұптық, топтық орындалатын әрекеттер және мұғалімге арналған ескертпе беріледі, оқыту ресурстары деп қажетті дидактикалық материалдарды да ұсынады [4]. Мұғалімнің жұмысын жеңілдету мақсатында осылай нұсқау береді.

Дүниетану пәнінің мазмұны «Өзім туралы», **«Менің мектебім», «Менің отбасым және досым»**, «Бізді қоршаған әлем», «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Тағам және сусын», «Дені саудың –жаны сау» деген 8 бөлімнен тұрады.

Дүниетану оқулығы мазмұнында келесі материалдар ұсынылған: география, тарих және қоғамтану бойынша оқушылардың сын түрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін «Ізден» айдарымен сұрақтар берілген. «Анықта» айдарымен зерттеу және талдау жасау әдістері бойынша оқушылар түрлі фактілердің, идеялардың және үдерістердің арасындағы байланысты табады, «бұрынғы уақыт туралы біз қайдан білеміз?», «ұсынылған дәлелдер қаншалықты сенімді?» және «бұл орын нені білдіреді?» деген сияқты сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен қатар тәжірибелік тапсырмалардың топтамасы - оқушыларға «сол жерде» өзіндік жұмыс жасауға ұсынылатын «Жасап көр» айдарымен түрлі тапсырма орындайды, мұнда оқушылар адамдардан сауалнама алады және деректерді қалай өңдеуді және түсіндіруді және т.б. үйренеді. Мұнымен қоса фактілер мен оқиғалар - оқушылардың қызығушылығын ояту үшін «Сен білесің бе?» айдарында және тарихи білімін дамытуға арналған, мысалы, атақты батыр немесе басқа да тарихи тұлға туралы «Мен кіммін?» сияқты жаттығулардың көмегімен іске асырылады [3,8б.].

Тақырыптар пәнаралық байланыстарға арналған кең ауқымды мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін таңдалынып алынады. Әр тараудың аясында төрт тақырыпша зерделенеді және әрқайсысына шамамен бір апта уақыт кетеді, олар дағдылардың айқын теңдігі мен тілдік жұмыстарды қамтамасыз етеді және:

-айтылым мен тыңдалымға;
-оқылым мен қабылдауға;
-тілге (қазақ тілінің грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық, фонетикалық нормалары);
-жазылымға жинақталған бөлімдерді қамтиды [4,3б.].

Оқулық оқушыларды оқу мақсаттары бойынша жұмыс істеуге және білімді нығайтуға септігін тигізетін жаттығуларды орындауға қызықтыру үшін ынталандырушы материалдармен қамтамасыз етеді. Әрбір тарау мұғалімдерге оқушылардың бастапқы білімін анықтауға көмектесетін суреттен (суреттерден) тұратын ынталандырушы беттен басталады, тарау оқушыға ыңғайлы тілде пән бойынша оқу мақсаттарын және тараудың пәндік лексикасын қамтиды.

Оқулықтың аясында оқуға қолдау көрсетуге арналған әр түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Әдіс-тәсілдердің көпшілігі белгілі бір жаттығу түріне қатысты болып келеді. Жаттығу түрлері негізінен нақты бір оқытатын бөлім үшін құрылған. Мысалы, әрбір тақырыпшаның 1-бөлімі айтылым мен тыңдалым дағдыларына негізделген. Бұл бөлімде осы дағдылардың мүмкіндіктерін көрсететін белсенді оқуды қолдайтын он жаттығу түрлері берілген. Бұл жаттығу түрлерінің көпшілігі сыныпты (бүкіл сыныпты, топтарды, жеке тұлғаны және т.б.) ұйымдастырудың түрлі әдістерімен қатар айтылым мен тыңдалым дағдыларына арналған әрбір бөлімде пайдаланылатын болады.

Дүниетану оқулығындағы әр тараудың соңында берілген тарауға шолу жаттығулары оқушыларды тараудың тақырыбын талқылауға, өздері үйренген тіл мен өз оқуларын бағалауға ынталандырады. Бұл жаттығу түрлері «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта» жан-жақты қарастырылады. Жаңартылған дүниетану оқулығының мазмұны баланың өзіндік ойлауына, өзіндік шешім қабылдауына бағыт беретін тапсырмалар желісінде құрылған.

Ендеше, жаңа форматта оқу жүйесіне болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау үшін ЖОО-да жаңартылған білім беру жүйесінің талаптарын ескере мамандықтың білім беру бағдарламасының мазмұны мен оны оқыту әдістемесіне де жаңаша қарауға мүдделіміз.

Әйтседе, енгізілген жаңа оқу жүйесі бойынша түйіткілді мәселе өте көп, оның туындауы да заңдылық. Сондықтан мектептегі бастауыш сынып мұғалімдерін қайта даярлау курстарынан өткізу кезеңмен жүзеге асырылып жатса, біз ЖОО болашақ бастауыш сынып мұғалімін дайындау барысында осы жаңа жүйенің қыр-сырын меңгерген маманды дайындап жіберуіміз қажет болып тұр. Болашақ мамандарды жаңа оқыту жүйесінің мазмұны мен ерекшеліктерін, оқу үрдісін жаңа бағытта ұйымдастыру әдістемесін меңгертудің түрлі жолының бірі нағыз практиктердің тәжірибесін бірлесе талдау, пікірлесу, таныстыру болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №11 (28235) 18 қаңтар сенбі 2014. - 34 б.
2. Дүниетану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы – Астана: 2016.
3. Байтенова Қ.Қ. және т.б. Дүниетану.Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық.-Астана: Назарбаев зияткерлік мектептері, ДББҰ, 2016ж.-96б.
4. Дүниетану пәні бойынша оқу жоспары (орта білім мазмұнын жаңарту аясында) 1-сынып.-Астана: 2016ж.

References

1. The message of the President of the Republic Kazakhstan - "Kazakhstan-2050: Uniform purpose, uniform interests, uniform future". Egemen Kazakhstan No. 11 (28235), 18 of January Saturday 2014.-34 pages.
2. Knowledge of the world. The training program for initial classes (1-4 classes) within updating of average education - Astana:2016.
2. Baytenova K. K., etc. Knowledge of the world. The textbook for 1 classes of comprehensive schools. - Astana: Nazarbayev intellectual schools, DBBU, 2016 of-96 pages.
3. The curriculum in the subject "knowledge of the world" (within updating of maintenance of secondary education) 1-form-Astana 2016.

УДК 378.4
UDC 378.4

«KAZDUAL» НАПРАВЛЕН НА РАЗВИТИЕ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ

«KAZDUAL» IS AIMED AT THE DEVELOPMENT OF THE DUAL SYSTEM

Хасенова Л.
Khassenova L.
Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
laura_ok_uko@mail.ru

Түйін

ERASMUS+ бағдарламасы аясында «Жоғары білім берудің әлеуетін арттыру» (ЖББӘА) аясында серіктес елдердің университеттері мен жоғары білім жүйелеріне ұзақ мерзімді әсер етуге бағытталған жобаларды қаржыландыруға болады.«Жоғары білім берудің әлеуетінарттыру» жобалары - бұл 34 бағдарламалық елдердің және 150-ден астам серіктес елдердің жоғары оқу орындары арасындағы көпжақты серіктестікке негізделген трансшекаралық ынтымақтастық жобалары болып табылады. ERASMUS+ бағдарламасына қаржылық үлес қосатын 28 Еуропа Одағы елдері, сондай-ақ Исландия, Лихтенштейн, Норвегия, Сербия, Түркия және бұрынғы Югославия Македония болып табылады. Біздің еліміз Қазақстан да бағдарламаның осы компонентіне қатыса алатын серіктес елдердің бірі.«Жоғары білім берудің әлеуетінарттыру» жобалары келесі міндеттерді шешуге бағытталған:модернизацияны, инновацияны және жоғары білімге қол жетімділікті қолдау;жоғары білімнің сапасын арттыру және оның еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келуі, жоғары білімге тең қол жетімділікті қамтамасыз ету, оқытуды ұйымдастыру және жоспарлау, университеттерді жедел және стратегиялық басқару және университеттерді интернационалдандыру;жаңа және инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы құзыреттілік деңгейін арттыру;бірлескен бастамалар мен озық тәжірибелермен алмасу арқылы әлемнің түрлі аймақтарының аймақтық және аймақаралық интеграциясы мен ынтымақтастығына ықпал ету.Міне осы салада, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті 2021 жылы университет тарихында алғаш рет ERASMUS+ жобасы бойынша «Жоғары білім берудің әлеуетін арттыру» бағдарламалық компонентінің грант иегері атанды.

Abstract

Within the framework of the ERASMUS+ program «Capacity building in higher education» (CBiHE) it is possible to finance projects aimed at long-term impact on the universities and higher education systems of partner countries.«Capacity building in higher education» projects are cross-border cooperation projects based on multilateral partnershipsbetween higher education institutions from 34 Program Countries and more than 150 Partner Countries. The Program countries that contribute financially to ERASMUS+ are the 28 EU Member States, as well as Iceland, Liechtenstein, Norway, Serbia, Turkey and the former Yugoslav Republic of Macedonia. Kazakhstan is one of the partner countries that can take part in this component of the program.«Capacity building in higher education» projects are aimed at solving the following tasks:support for modernization, innovation and accessibility of higher education; improving the quality of higher education and its compliance with the needs of the labor market and society, ensuring equal access to higher education, organizing and planning teaching, operational and strategic management of universities and internationalization of universities;increasing the level of competencies by developing new and innovative educational programs;promoting regional and interregional integration and cooperation of different regions of the world through joint initiatives and exchange of best practices.In this area, in 2021, the South KazakhstanUniversity named after M.Auezov for the first time in the history of the university won a grant for the program component "Capacity Building in Higher Education" under the ERASMUS + project.

Ключевые слова:*грандхолдер, ERASMUS+, высшее образование, KAZDUAL, дуальная система, обучение, Евросоюз*

Keywords:*grandholder, ERASMUS +, higher education, KAZDUAL, dual system, training, European Union*

Южно-Казахстанский университет им. Ауэзова в 2021 году впервые в истории университета стал грандхолдером в рамках компонента программы ERASMUS+ «Повышение потенциала в области высшего образования» (ППВО).

В Казахстане в этом году два вуза – Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова и Казахский национальный университет имени аль-Фараби – выступают ҚызПУ координаторами и грантополучателями двух проектов ППВО. Три вуза впервые вошли в Консорциум проектов ППВО ERASMUS+. Это Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Атырауский университет нефти и газа имени С.Утебаева, Казахстанско-Российский медицинский университет.

В рамках компонента программы ERASMUS+ «Повышение потенциала в области высшего образования» (ППВО) возможно финансирование проектов, ориентированных на достижение долгосрочного влияния на вузы и системы высшего образования стран-партнеров, в основном это проекты транс- граничного сотрудничества, основанные на многосторонних партнерствах между высшими учебными заведениями из 34 стран программы и более чем 150 стран-партнеров.

С 15 января этого года стартовал проект KAZDUAL «Внедрение дуальной системы в Казахстане», который является структурным. Структурные проекты, в отличие от совместных, призваны оказать воздействие на системы высшего образования в целом и на продвижение реформ на региональном или национальном уровне в странах-партнерах.

Координацию программы ERASMUS+ в Казахстане осуществляет Национальный офис программы ERASMUS+ (НЭО), который оказывает информационную поддержку и консультирование по вопросам участия в программе, помощь в поиске партнеров, координацию деятельности Национальной команды экспертов по реформированию высшего образования (НК ЭРВО), а также мониторинг проектов ERASMUS+.

С 25 по 29 января 2021 года в ЮКУ им. Ауэзова прошла онлайн-встреча грандхолдеров проектов программы ERASMUS+.

Пленарную сессию открыл г-н Ральф Радерс – глава Исполнительного агентства по образованию, аудиовизуальным средствам и культуре (EACEA).Также на онлайн-встрече грандхолдеров новых проектов присутствовали: директор НЭО в Казахстане Ш.У. Тасбулатова, от имени Консорциума проекта принимали участие от ЮКУ им. Ауэзова координатор проекта, проректор по стратегическому развитию и интернационализации А.Искакова, контактный координатор проекта, директор Центра Болонского процесса и академической мобильности Л.Хасенова, от имени КазНПУ им. Абая – координатор, постдокторантБ.Сапаргалиева, ключевое лицо проекта, начальник отдела коммерциализации Т.Игисинов, от КарУим.Букетова – координатор проекта, руководитель департамента послевузовского образования С.Карстина, от имени Магдебургского университета – координатор проекта, сотрудник отдела международного сотрудничества г-н Марсель Массман.

Для выявления высокого генетического потенциала продуктивности современных кроссов цыплят – бройлеров, повышения естественной резистентности и оптимизации кишечного микробиоценоза в птицеводстве широко применяют биологически активные кормовые добавки различного спектра действия, в чистом виде и в виде пробиотиков в состав которых входит специфическая микрофлора толстого отдела кишечника. Пробиотики в отличии от антибиотиков способствуют активной колонизации кишечника группой лакто- и бифидобактерий в более раннем возрасте, нормализуют пищеварение. Использование различных биологически активных кормовых добавок позволяет улучшить микробиоценоз кишечника и пищеварение, повышает продуктивность птиц, снижает затраты кормов. В настоящее время активно ведутся разработки ряда биологически активных добавок с использованием лактулозы на основе медового экстракта из растительного сырья. Лактулоза – превосходное сырье для роста и развития молочно – кислых и бифидобактерий кишечника. Биологически активные добавки, полученные на основе лактулозы и комбинированного экстракта из растительного сырья ценны тем, что они в процессе пищеварения не гидролизуются ферментами желез внутренней секреции в желудке и в верхних отделах кишечника. Они способствуют активной колонизации толстого отдела кишечника молочнокислой микрофлорой, подавляют рост бактерий группы кишечной палочки и гнилостной микрофлоры.

Abstract

To identify the high genetic potential of the productivity of modern broiler chicken crosses, increase natural resistance and optimize the intestinal microbiocenosis, biologically active feed additives of various spectrum of action, in pure form and in the form of probiotics, which include specific microflora of the large intestine, are widely used in poultry farming. Probiotics, unlike antibiotics, promote active colonization of the intestine by a group of lacto-and bifidobacteria at an earlier age, normalize digestion.The use of various biologically active feed additives can improve the intestinal microbiocenosis and digestion, increase the productivity of birds, and reduce feed costs. Currently, the development of a number of biologically active additives using lactulose based on honey extract from plant raw materials is actively underway. Lactulose is an excellent raw material for the growth and development of lactic acid and bifidobacteria of the intestine. Biologically active additives obtained on the basis of lactulose and a combined extract from plant raw materials are valuable because they are not hydrolyzed by enzymes of the endocrine glands in the stomach and in the upper intestine during digestion. They promote active colonization of the large intestine by lactic acid microflora, inhibit the growth of bacteria of the Escherichia coli group and putrefactive microflora.

Кілттік сөздер: *пробиотик, препарат, бройллер, ет, морфология, лактобактерия.*
Keywords: *probiotic, preparation, broiler, meat, morphology, lactobacillus.*

Бактериалды микробқа қарсы жүйелер тағамның экологиясы жақсартатын және қауіпсіздігін жоғарылататын жаңа тәсілдердің бірі. Сүтқышқылды бактерияларды пайдалану олардың антагонистік белсенділігіне және биологиялық белсенді заттардың өнімдеріне негізделген [1-2].

Сүтқышқылды бактерияларының бактериоцидтік қасиетін және олардың адам мен жануарлардың ағзасына тигізетін пайдалы әсерлерін көптеген зерттеушілер құрамында сүт және басқа да қышқылдардың (сірке, құмырсқа және т.б. қышқылдар), спирттер, асқын тотықтар мен олардың өсу мен даму процесстерінде сүтқышқылды микробтар түзетін басқа да методолиттердің әсерімен түсіндірді. Мұндай метоболиттердің әсері - pH төмендету және сол арқылы тағамды бұзатын бактериялардың өсуін ингибирлеуге негізделген [3-4].

Ет- бұл адамның тамақтануында маңызды өнім, ол органикалық заттардың, ең алдымен ақуыздың және басқа да маңызды компоненттердің көзі болып табылады.

Бройлер балапандарын өсірудегі ет ет өнімділігі-бұл өндірістің басты көрсеткіші және түпкі мақсаты. Өсіру аяқталғаннан кейін, 42-екі күндік жастағы әр топтан 6 бас балапандарды бақылау сою жүргізілді. Сою үшін топ бойынша орташа тірі салмағы бар құс таңдалды. Қазіргі уақытта бройлер балапандарын етін кесу МЕСТ 25391-82 "Бройлер балапандарының еті"сәйкес мүмкіндігінше жүзеге асырылады. Екі топ бойынша жартылай ішек ұшаларының сою өнімділігі орташа алғанда 81,081,4% - ға тең болды. Союдың нәтижелері және қаңқаларды тереңірек кесу "Лактумин" диеталық қоспасымен азықтандырылған балапандарды сою өнімділігінің артуына оң әсер ететіндігін көрсетеді. Тәжірибе тобы бойынша сойылған ұшалардың орташа сою өнімділігі 71,3% - ды құрады, бұл бақылау тобындағы құрдастарына қарағанда 1,1% - ға жоғары. Сатылатын өнімдердің саны мен сапасы оны сатудың негізгі мақсаты болып табылады. Сондықтан қаңқалардың сапасын бағалау санаттар бойынша жүзеге асырылады, яғни. майдың жағдайы бойынша (май қабығының болуы, бұлшықет тінінің дамуы және жағдайы). Біздің зерттеулерімізде тәжірибелік топтағы I санаттағы балапан тұтас еттерінің өнімділігі 95% - ға дейін артты, бұл бақылау тобындағы (I) құрдастарына қарағанда 2,0% - ға жоғары. II санаттағы өнім тәжірибелік топта 5% өндірілді, бұл бақылау тобына қарағанда 2,0% - ға төмен. Бұл құрамында лактулозасы бар қоспа "Лактумин" қолданған кезде балапандардың өсуіне, дамуына және сою сапасына оң әсер етеді (кесте 1).

Кесте 1 – Бройлер-балапандардың сою сапасына және тұтас еттің морфологиялық құрамы (n=6)

Көрсеткіштер	Топтар	
	I	II
Сою алдын балапандардың орташа тірі массасы, г	1968,3±42,3	2118,5±49,7
Жартылай сойылған тұтас еттің орташа массасы, г	1594,3±38,1	1724,5±29,1
Жартылай сойылған тұтас етті сою, %	81,0	81,4
Тұтастай сойылған еттің орташа массасы, г	1381,7±75,1	1506,3±21,1
Тұтастай сойылған еттің сою, %	70,2	71,3
Сойылған тұтас еттің категориясы,%: 1 2	 93,0 7,0	 95,0 5,0
Бұлшық ет ұлпасының массасы, г	818,0±123,1	944,45±14,9
Тұтастай сойылған еттің массасы, %	15,81±0,2	12,64±0,21
Сүйек тіні, г	304,2±4,1	328,15±4,8
Тұтастай сойылған еттің массасы, %	22,02±0,40	21,79±0,31

Ет өнімділігін толық бағалау үшін біз тұтас еттің морфологиялық құрамын зерттедік. Бұлшықет тінінің шығуы екі топта да өте жоғары болды, бірақ тәжірибелі топта айтарлықтай артықшылыққа ие болды. Бройлер балапандарының сойылған тұтас еттерінде өсірудің 42 күнінде тәжірибелік топ орташа есеппен 944,45 г бұлшықет ұлпасын құрады. Бұл бақылау тобына қарағанда 126,45 г жоғары.

Бұл "Лактумин" құрамындағы бифидо - және лактобактериялардың қарқынды өсуінен зат алмасуға және бұлшықет тінінің синтезіне оң әсер ететінін, патогенді микрофлораның дамуын тежейтінін және метаболиттердің рөлін атқаратынын растады.

Пробиотикалық құрғақ ашытқы түрінде құрғақ препаратын алу технологиясы.

Құрғақ ашытқы түрінде құрғақ препарат алу үшін қоректік орта ретінде майсыздандырылған сүт немесе қаймағы алынбаған сүтті қолданады. Қоректік ортаы дайындау үшін 121^0С температурада 15 мин бойы залалсыздандырады, содан 37^0 С-ге дейін салқындатады, қоректік ортаны ашыту үшін инокулят ретінде үшінші генерацияның белсендендіріліген лактобактерия культураларын **Lactobacillus plantarum** 2% мөлшерін қолданды және сонымен қатар қышқылдылығы 55^0 Т болатын қоймалжың түзілгенше 14 сағат аралығында жасушаларды өсіреді. Алынған бактериялды массаны 20^0С-гедейін минималды температураға дейін салқындатады және осы температурада 30% мөлшерін қорғаныш ортасымен асептикалық шарттарда араластырады. Қорғаныш ортасы ретінде келесідей компоненттер қолданады, %: сахароза 10, лимон қышқылды натрий 2, глицерин 2, қалғаны дисилденген су. Содан қоспаны флакондарға 1 мл-ден немесе қабат қалыңдығы 6-8 мм залалсыздандырылған лотоктарға құяды, -18^0 С температурада тоңазытқыш камерада сақындатды, сублимационды кептіргіште 24 сағат бойы кептіреді.

Сурет 1. Құрғақ препарат өндіру технологиясы

Құрғақ ашытқысы бар флакондарды залалсыздандырылған тығынымен жабады және алюминий қақпақтармен бекітеді. Лотоктарда кептірілген ашытқыны ұсақтайды және диірменде асептикалық шарттарды кептіреді; содан оны 0,1 г массамен залалсыздандырылған флакондарға салып, ауыздарын бекітеді. Ашытқыны өндегеннен бастап -18^{0}С температурада 12 айдан аспайтындай етіп сақтайды.

1 - ші суреттен көрініп тұрғандай, ұсынылып отырған технология бойынша құрғақ ашытқы сүтті белсенді түрде ферменттейді, оның нәтижесінде оны отырғызу мөлшері қысқарады.

Дайын өндірістік ашытқы көрсеткішіміен салыстырғанда орнатылғандай, ұсынылып отырған технология бойынша, ашытқыны дайындаудың технологиялық циклі екі есе жылдамдай түседі және оның қышқылдылығы аса төмен, бұл сақтау процесінде өмірге қабелітті жасушаларды сақтап қалу үшін аса маңызды болып табылады.

Кесте 2- Өндірістік құрғақ препарат көрсеткіші

Ашытқы	Ашытқы үшін массалық үлесі, %	Қышқылды-лығы, ^{0}Т	pH	Жасуша мөлшері, КОЕ/см^3
Ұсынылып отырған технология бойынша	5	60-65	4,92-4,88	10-10^{10}
Прототип бойынша	5	90-110	4,6-4,7	10^8-10^9

Осылайша, мынадай қорытында жасауға болады, біз ұсынылып отырған технология бойынша құрғақ препарат жоғары белсенділікпен сипатталады және өндірісі технологиясын қарапайым қылады.

Литература

1. Abaeva, S.K. Uboinye i mяsnye kachestva syplяt-broilerov v uslovjah naruşenja ekologii pitanja. / S.K. Abaeva // Materialy III Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii «Progressivnye tehnologii razvitja». – Tambov. – 2006. – S. 54-56.
2. Abdrafikov, A. R. Obogaenie kombikormov, nasyennyh roj, dlja svinei preparatom Hostazim X / A. R. Abdrafikov, A. Ja. Jahin, O. V. Sokovyh// Zootehnja. - 2003. - № 3. 17-18.
3. Abilov, B.T. Effektivnost kombinirovannogo ispolzovanія BVMD pri otkorme /B.T. Abilov, V.V. Semenov, İ.A. Sergeev // Zootehnja. – 2008. - №8 – S. 18-20.
4. Abramova, T.V. Primenenie otechestvennoi rastitelnoprobioticheskoi dobavki u syplяt-broilerov s sel povyşenія rezistentnosti organizma k neblagopriяtnym faktoram soderjanія v usloviяh proizvodstva / T.V. Abramova, İ.B. Merkulova, A.D. Chekmarev, N.V. Danilevskaя // Materialy IV Vserossiiskoi nauchno-prakticheskoi konferensii «Otechestvennye protivoopuholevye preparaty». Rossiiskii bioterapevticheskii jurnal №1, Tom 4, 2005 - S.81.

ӘОЖ 631.3.1:581.2:63.3.2.67
UDC 631.3.1:581.2:63.3.2.67

БИОПРЕПАРАТТАРДЫҢ ҚИЯР ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ЕГІСТІК САПАСЫНА ӘСЕРІ

THE INFLUENCE OF BIOLOGICAL PRODUCTS ON THE SOWING QUALITIES OF CUCUMBER SEEDS

Абдуллаева З., Дауылбай А.Д., Калдыбекова Г.М., Сайдуллаева Л.
Abdukadirova Zh., Dauylbay A.D., Kaldybekova G. M., Saydullayeva L.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan
e-mail:freelife.1986@mail.ru,

Резюме

В настоящее время в защищенном грунте находят широкое распространение препараты, способствующие пролонгированному действию их компонентов, обеспечивающие комплексную технологию выращивания овощных растений. Применение фиторегуляторов и иммуностимуляторов позволяет не только регулировать обмен веществ, но и предупреждать различные заболевания растений. Однако, в связи с экономическими проблемами, производство и использование биопрепаратов в овощеводстве существенно снизилось. Овощеводство защищенного грунта остро нуждается во вложениях для строительства новых и модернизации существующих предприятий, внедрения новейших экологически чистых технологий, а также создания необходимой инфраструктуры. Активно расширяется спектр производимых биопрепаратов на мировом рынке, что связано с реализацией программы развития защищенного грунта в развитых странах мира.Применение биологических средств, как альтернативы синтетическим, существенно оздоровит экологическую обстановку на производстве, повысит выход и качество производимой овощной продукции. Одной из приоритетных задач является поиск альтернативных концепций и стратегий производства продуктов питания, позволяющих в наибольшей мере использовать громадный потенциал научных знаний, накопленных человечеством.Установлено, что для получения высокого урожая огурца, все исследуемые гибриды огурца, отзывчивы на замачивание семян в трех видах биопрепаратов. Замачивание семян в растворах биопрепаратов: фитоспорин, Агат -25К, бакгербицид, ускоряли набухание, наклевывание, улучшая их посевные качества: всхожесть и энергию прорастания, формирование вегетативных органов и развитие качественной рассады. Биопрепараты способствовали появлению всходов на 3- 5 дней раньше контрольных растений. Энергия прорастания и всхожесть оказали положительное влияние на рост и развитие рассады. Обработка рассады биопрепаратами в фазе 2-3 листьев способствовала быстрому приживанию рассады в открытом грунте.

Abstract

Currently, preparations that promote the prolonged action of their components and provide a comprehensive technology for growing vegetable plants are widely used in protected ground. The use of phytoregulators and immunostimulants allows not only to regulate the metabolism, but also to prevent various plant diseases. However, due to economic problems, the production and use of biological products in vegetable growing has significantly decreased. Protected ground vegetable growing is in urgent need of investments for the construction of new and modernization of existing enterprises, the introduction of the latest environmentally friendly technologies, as well as the creation of the necessary infrastructure. The range of biological products produced on the world market is actively expanding, which is associated with the implementation of the program for the development of protected soil in the developed countries of the world.The use of biological agents, as an alternative to synthetic ones, will significantly improve the environmental situation in production, increase the yield and quality of vegetable products. One of the priorities is the search for alternative concepts and strategies for food production that allow us to make the most of the vast potential of scientific knowledge accumulated by mankind.It was found that in order to obtain a high yield of cucumber, all the studied cucumber hybrids are responsive to the soaking of seeds in three types of biological products. Soaking seeds in solutions of biological products: phytosporin, Agate-25K, bakgerbicide, accelerated swelling, pecking, improving their sowing qualities: germination and germination energy, the formation of vegetative organs and the development of high-quality seedlings. Biological preparations contributed to the emergence of seedlings 3 to 5 days earlier than the control plants. The energy of germination and germination had a positive effect on the growth and development of seedlings. Treatment of seedlings with biologics in the phase of 2-3 leaves contributed to the rapid survival of seedlings in the open ground.

Кілттік сөздер: *қияр, жылыжай, биопрепарат, микроорганизм, топырақ, бактериялық препарттар, тұқым.*
Keywords: *cucumbers, greenhouses, biologics, microorganisms, soil,bacterial preparations, seeds.*

Жиырма бірінші ғасыр адамзат өркениеті үшін ерекше ғылымның өрлеуімен сипатталады, оның жетістіктері адам қызметінің көптеген салаларында қолданыла бастады. Бірақ әңгімелер критерийлер мен бағалау жүйесімен сипатталады. Кеше сәтті болып көрінген нәрсе бүгін артта қалуды білдіруі мүмкін. Адамның табиғатпен бөлінуі ауыл шаруашылығынан басталады, бұған Топырақтың эрозиясы мен тұзданыуының өсіп келе жатқан ауқымы ғана емес, сонымен қатар фауна мен флораның көптеген түрлерінің жойылып кетуі, жер асты сулары мен өсімдік өнімдерінің нитраттармен, фосфаттармен және пестицидтермен ластануы дәлел бола алады. Тыңайтқыштардың жоғары дозаларын қолданудың салдары агроэкожүйелерде және тұтастай биосферада экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы болып табылады [1].

Көкөніс дақылдарынан басқа: қияр, бұрыш, қызанақ және баклажан, кейбір жылыжай зауыттарында ерте картоп, қырыққабат, жасыл дақылдар, құлпынай, сонымен қатар гүлдер мен сәндік өсімдіктердің көптеген түрлері өсіріледі. Бірақ кейбір шаруашылықтарда мәдени өсімдіктердің шектеулі түрлер құрамы бірдей аудандарда өсіріледі. Сонымен қатар, жылыжайлардағы салыстырмалы түрде тұрақты микроклиматтық жағдайлар нақты және көбінесе қолайсыз фитосанитарлық жағдайды құрайды. Сондықтан, жабық жердегі зиянкестер мен аурулардың саны табиғиға

қарағанда әлдеқайда аз болғанына қарамастан, қоздырғыштардың біртіндеп жиналуы және табиғи реттеуші факторлардың болмауы олардың көкөніс дақылдарына зиянды ылығын едәуір арттырады [2].

Жылыжай топырақтарының микрофлорасында ұзақ уақыт қолданған кезде онда паразиттік формалар басым бола бастайды. Мұндай топырақта қызанақ өсіру кезінде тамыр мен сабақ шірігі, трахеомикозды және оңтүстік кеш ауру, мелоидогеноз және басқа да бірқатар аурулар дамиды, өнімділік төмендейді [3]. Көптеген ғалымдардың пікірінше, бұл жағдай көкөніс дақылдарының ауруларымен күресу инфекциялардың дамуына қолайлы жағдайларға байланысты қиын екенін айтады (жоғары ылғалдылық, жоғары температура және монокультураларды үнемі өсіру). Сонымен қатар, жылыжайларда өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын қолдану заңмен шектелген және өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар өте жоғары. Сондықтан фитопатогендермен күресу үшін биологиялық шығу тегі бар препараттар тұтынушылардың қызығушылығын арттырады, олар экологиялық тұрғыдан зиянсыз ғана емес, сонымен қатар өсу стимуляторлары ретінде әрекет етеді, егіннің өсуіне және оның сапасының жақсаруына ықпал етеді[4].

Соңғы екі онжылдықтағы ғалымдардың зерттеулері минералды тамақтанудың тиімділігі мен өсімдіктердің зиянкестер мен түрлі аурулардың қоздырғыштарына төзімділігі көкөніс дақылдарын өсірудің ауылшаруашылық технологиясына бактериялық препараттарды қолдану әдістерін енгізу арқылы жоғарылайтындығын көрсетті [5].

Қазіргі уақытта қорғалған топырақ жағдайында биопестицидтер кеңінен қолданылады-бұл өсімдіктерді қорғауға арналған биологиялық препараттар, олардың белсенді басталуы микроорганизмдер немесе олардың метаболиттері. Микроорганизмдердің бастапқы штамдарын және олардың өмірлік маңызды өнімдерін алу көзі, әдетте, табиғи орта болып табылады: биологиялық өнімдердің белсенді басталуы топырақтан, өсімдіктердің бетінен, ауру және өлі жәндіктерден бөлінеді [6].

Зерттеу әдістемелері.

Тұқымдарды биопрепарат ерітінділерінде суландыру үшін, әдістеме бойынша ірі және толыққанды тұқымдарды таңдап алдық, содан тұқымдарды жылыту аспаптарында қыздырдық, оларды қалташа салып +25...+ 28^{0}С температураға 5-10күнге қалдырдық. Қыздырылған тұқымдарды залаласыздандырып, ары қарай таза сумен жуып алдық. Қияр тұқымдарын жуып алғаннан кейін, сол қалташамен ісіну үшін биопрепарат ерітінділеріне салып қойдық. Содан өне бастаған тұқымдарды бөлек бөлек өсіруге топыраққа отырғыздық.

Зерттеу нәтижелері.

Жылыжай мәдениетінде өсірілген кезде дақылдардың жоғары өнімділігін, егер осы аймақ үшін сорттарды таңдау дұрыс жүргізілсе, оларды егуге дайындалған тұқымдармен себу арқылы алуға болады. Біздің зерттеулер тұқымдарды егуге дайындау олардың мөлшері, тегістігі және толықтығы бойынша іріктеуден басталатынын көрсетті. Жылыжай мәдениетінде көкөністерді өсіру үшін маңызды агротехникалық әдіс тұқымдарды өсу реттегіштерінің, биологиялық өнімдердің, микроэлементтердің, фитогормондардың және әртүрлі биологиялық белсенді заттардың (ББЗ) ерітінділеріне батыру болып табылады. Өсім-бұл өсу реттегіштерінің реттеуші әсеріне ұшырайтын барлық интегралдық туынды және өнімділікте көрінетін өсімдік өнімділігінің кепілі болып табылатын ішкі биохимиялық процестер. Сондықтан, қазіргі заманғы технологияда дақылдарды олардың өнімділігін арттыру үшін қорғалған және ашық жерлерде өсіру, реттеуге қатысатын өсімдіктердің өсу реттегіштерін қолдану маңызды орын алады

Жылыжай шаруашылығы дамыған көптеген мемлекеттерде көбінесе мәдиленген топырақтар немесе құмайт топырақтарын топырақ ретінде қолданылуда. Жылыжай топырақтарының негізінде органикалық компоненттер, қаныққан қажетті мөлшердегі макро-және микроэлементтер, сондай-ақ ортасы бейтарап, биологиялық белсенді болып келеді. Талап етілген талаптарға жақын, біз қияр мен қызанақты өсіру үшін жылыжай топырақтарын қолдандық, сонымен қатар микробиологиялық құрамын оңтайландыру мақсатында және тыңайтқыштық қасиетін айқындап, қорғаныш ретінде Фитоспорин, Агат-25К және Бакгербицид препараттарын екі рет өңдеп қостық. Сонымен қатар бұл препараттарды қияр көшеттерін өсіру үшін тұқымдарын өңдеу үшін де қолдандық.

Сурет 1. Қияр дәндерін биопрепараттармен өңдеу

Тәжірибелі қиярдың вегетативті дамуы, бақылау үлгілерінен айтарлықтай ерекшеленді. Көшет ұзындығы бақылау үлгілерінің мәндерінің сандарымен салыстырғанда Агат-25К, Бакгербицид биопрепаратын қолданған кезде 6,3 және 4,8 см асып түсті. Бір өсімдікте жапырақтың максималды саны 4,6 дана, бұл нәтиже Бакгербицид биопрепаратын қолданған кезде байқалды, ал бақылау үлгілерінде 20 күндік жасында 2, 3 жапырақ қана түзілді.

А)

Б)

Сурет 2. 20 күндік жастағы өсіп шыққан қияр көшеті: а) биопрепараттармен өңделген; б) бақылау үлгісі

Өсімдікті топыраққа отырғызғаннан кейінгі бірінші айларында кей жағдайларда өсімдік тамырларының тамыр жемісінің зақымадалу балы орташа немесе жоғары екені байқалады, ол көбінесе олардың жерсіндірумен байланысты, бірақ көбінесе өсімдіктер спорамен уланған күйінде түседі. Ары қарай зақымдалған өсімдік мөлшері азая түседі және вегетация аяқталғанша шамамен сол бір деңгейде қалады.

Литература

1. Derevkov S.N. İspolzovanie reguljatorov rosta pri vyraivanii ogursa v otkrytom grunte Tekst. / S.N. Derevkov// Zaita i karantin rastenii.-2007,- №2.- S. 6.
2. Gumilev V.V. Albit v kachestve antidota pri ispolzovanii s gerbisidami Tekst./ V.V. Gumilev, A.V. Rябchinskii, A.K. Zlotnikov// Zaita i karantin rastenii. -2007. №7. -S. 25.
3. Epifansev V.V. Vyraivaem ustoichivye sorta ogursa Tekst. / V.V. Epifansev// Zaita i karantin rastenii.- 2007.- №2.- S. 3-5.
4. Zlotnikov A.K. Fuigisidnye svoistva regulяtora rosta Albit Tekst. / A.K. Zlotnikov// Zemledelie.- 2007.- №1.- S. 38-41.
5. Zykov F.R. Biogumus luchşee udobrenie Tekst. / F.R. Zykov // Urojainye sotki,- 2003.- №12.- S. 33.
6. Kozlenko A.E. Primenenie spesialnyh udobrenii i stimuljatorov rosta rastenii v ovoevodstve Tekst. // A.E. Kozlenko, R.V. Bilych// Ovoevodstvo i teplichnoe hozjaistvo.- 2007. №7. - S. 25-28.

ӘОЖ 631.559
UDC 631.559

ЖОҢЫШҚАНЫҢ КҮРДЕЛІ БУДАНДАРЫН СТАНДАРТПЕН САЛЫСТЫРЫП БАҒАЛАУCOMPARISONAL

EVALUATION OF COMPLEX LIBRARY HYBRIDS WITH STANDARDS

Абсатова Б.А., Айтбаева А.С.
Absatova B.A., Aitbaeva A.S
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент Қазақстан
M.Auezov South Kazahstan State University, Shymkent, Kazahstan
Botagoz.Absatova@auezov.edu.kz ,aida.aitbaeva@auezov.edu.kz

Резюме

Селекция ғылымының күрделібудан сорттар шығару бағыты негізінде айқас тозаңданатын көпжылдық шөптерге лайықтап жасалған поликросс-тест әдістемесі жоңышқа нысандарын жалпы комбинативтік қабілеті бойынша сұрыптап, популяциялық жоғары гетерозисті өнім беретін, нақты аймақтың топырақ-климат жағдайларына бейімделген, протеин шығымы мол, аурулар мен зиянкестерге төзімді, сондай-ақ басқа да техногендік қолайсыздықтарға шыдамды сорттар шығаруға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалық жобалар инцухт-желілер немесе биотиптер алып, поликросс-әдіспен будандастыруды көздейді. Оған қол жеткізу үшін бірнеше сатылы көптеген күрделі зерттеулер жүргізіледі. Себебі тәлімі және суармалы жоңышқа селекциясының бұлардан басқа да өздеріне ғана тән ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Бұған қоса, осы бағытта зерттеу жүргізудің селекциялық әдістемелерін, атап айтқанда, бастапқы материалдарды таңдау, сұрыптау, будандастыру және комбинативтік қабілетін анықтау әдістерін жетілдіруде ақтаңдақтар баршылық. Аталған жұмыс тақырыбының осындай теориялық және практикалық мәселелерді зерттеуге арналуы оның ғылыми және өндірістік қажеттіліктерге сәйкес өзектілігі мен көкейкестілігін көрсетеді.

Abstract

Polycross-test method for cross-pollinated perennial grasses on the basis of complex science of selection science sorts alfalfa forms by general combinatorial ability, produces high population heterosis, adapts to soil and climatic conditions of the region, high protein yield, disease and pest resistance. also allows to produce varieties resistant to other man-made inconveniences.Such software projects involve the acquisition of intsukht-lines or biotypes and hybridization by the polycross method. To achieve this, many complex studies are conducted in several stages. This is due to the fact that the training and selection of irrigated alfalfa have their own peculiarities and difficulties.In addition, there are gaps in the development of

research methods in this area, in particular, the methods of selection, sorting, hybridization and determination of combinatorial ability of raw materials. The fact that the topic of this work is devoted to the study of such theoretical and practical issues shows its relevance and relevance in accordance with scientific and industrial needs.

Кілттік сөздер: *жоңышқа, будан, сорт, селекция, егіншілік, суармалы жер, ауыспалы егіс.*
Keywords: *alfalfa, , being, cultivars, breeding, agriculture, irrigated land, crop rotation.*

Қазіргі уақытта дүние жүзінде жоңышқаның мыңнан астам сорты таралып отыр. Солардың арасынан тиісті аймақтар егісінде қолдану үшін қолайлы буданлерді таңдап алу және тез арада шаруашылық өндірісіне енгізу – мал азығын өндіру саласын дамытудың тиімді жолдарының бірі. Кеңінен таралу жағынан үнді және қытай сорттарын да атауға болады. П.А. Лубенецтің [1] ақпараттары бойынша осы бағытта В.В. Таланов кезінде Канададан алып келіп өсірген жоңышқаның Гримм алабудан сорты Украина ғана емес, бүкіл Еуропаға да кеңінен таралды.

Жоңышқаның лайықты сортын таңдап алып, тез арада өндіріске енгізудің тағы бір мысалы ретінде С.С. Садуақасов [2] келтірген мәліметтер бойынша Францияда шығарылған егістік жоңышқаның Дю-Пюи сорты жер шарының барлық құрлықтарында бірнеше миллион гектар жерге егіліп, жоңышқаның аса көрнекті шедеврі аталған.

Жетісу жоңышқасын егжей-тегжей зерттеген ғалымдардың айтуынша, оны сорт деп танысымен-ақ еліміздің сол кездегі 16 облысына және шет елдердің біразына таралып, 1 миллион гектардан астам жерде мал азығын өндіруге пайдаланылған. Көптеген зерттеулер негізінен пішенді көп беретін жоңышқа түрлерін анықтауға бағытталып, екпе шабындықтарда және арнайы тәжірибелерде салыстырмалы бақылау және бағалау жолымен жүргізілген. Б.Ә. Исмаилов жоңышқа түрлерін Алматы облысының тау бөктерлік шөл-далалық аймағында салыстыра отырып, оның көкбудан түрі буданлерінің пішен өнімі жоғары екенін анықтаған, ал тәлімі жер үшін жоңышқаның егістік және алабудан түрлері лайықты болған [3].

Жоңышқаның егістік және алабудан түрлері негізінде акад. Ғ.Т. Мейрман, С.С. Садуақасов және басқалар Капчагайская 80, Дархан 90, Жайнақ 96 сорттарын шығарған. Зерттеушілер осы сорттардың жоғары қарқындылығын, суармалы жерде көкбалауса өнімділігі 1000 ц/га дейін жететінін және саңырауқұлақ ауруларына төзімділігін анықтады [4].

Келтірілген деректер бойынша қарқындылық, өнімділік, ауруларға төзімділік, өнім сапасы және басқа қасиеттердің деңгейі жоғары дәрежеде болатын жоңышқа түрлері көк, көкбудан, алабудан және сарыбудан болып табылған. Біздің елімізде жоңышқаның осы түрлеріне жататын 14 сорты бар. Бұлардың ішінде Семиреченская местная, Капчагайская 80, Дархан 90, Жайнақ 96, Красноводопадская 8 және басқа сорттары республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс, батыс және шығыс өңірлерінде, ал Көкше, Карабалыкская 18 орталық және солтүстік аймақтарында таралған. Қазақстанның оңтүстік-шығыс суармалы аймағы болып есептелетін Алматы облысының тәлімі егістігі үшін жоңышқаның селекциялық сорты әлі шығарылған жоқ [5].

Тәжірибелік деректерді талдау барысында жоңышқа популяцияларының өте-мөте полиморфты болатынына көз жеткізген, сондай-ақ оның сорттары белгілер мен қасиеттердің өзгермелілігі, өзара байланысы және тұқым қуалауы әртүрлі деңгейдегі өсімдіктерден құралатынын көрсеткен. Сөйтіп, жоғары өнімді, экологиялық икемділігі мен бейімделуі жеткілікті деңгейдегі, құрғақшылық, ауру, топырақ тұздылығы және т.б. сияқты қолайсыз жағдайларға төзімді сорттарды сұрыптап шығару үшін жоңышқаның генетикалық әлуеттілігі мол екенін дәлелдеген [6,7,8].

Зерттеу міндеттері. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер белгіленді:

- жоңышқаның ген қоры сортүлгілері мен будандарын кешенді зерттеумен бастапқы материал сұрыптап алу;
- сұрыпталған үлгілер мен биотиптердің поликросс будандары бойынша аталық-аналықтарының жалпы комбинативтік қабілетін анықтап, жаңа күрделі будандар қалыптастыру;
- селекциялық және бақылаулық питомниктерде өнімділігі, протеин шығымы, ауруларға және басқа қолайсыз жағдайларға төзімділігі жоғары, ыстыққа және қуаңшылыққа төтеп беретін будандардан сорт бола алатын нөмірлерді таңдау;
- жаңа күрделібудан сорттарды конкурстық сынақтан өткізу;
- аудандастырылған және келешекті сорттарды егін және мал шаруашылықтарының иелері мен мамандарына көрнекі егістер арқылы насихаттау;
- жаңа сорттарды өндірістік сынақтан өткізіп, олардың түпнұсқалық, элиталық және жоғары репродукциялық тұқымдарын көбейту;
- қолданыстағы жоңышқа сорттарының экономикалық тиімділігін бағалап дәлелдеу.

Жұмыс нәтижелерінің ғылыми және практикалық құндылығы. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жоңышқа селекциясына қажетті бастапқы материал шаруашылық-құнды белгілері бойынша бағаланып, биотип сұрыптау әдісімен таңдап алынуы, үлгілер мен биотиптердің комбинативтік қабілеті поликросс-тест әдісімен бағалануы, жаңа күрделібудан сорттар шығарылып, конкурстық сынақтан өткізілуі жұмыс нәтижелерінің негізгі құндылықтары болып табылады. Бұған қоса, жоңышқа сорттарының экономикалық тиімділігі бағаланып, дихандарға насихатталуы зерттеу нәтижелерінің тікелей өндіріске бағытталған құндылығын көрсетеді.

Зерттеудің барлық жылдары бойынша фенологиялық бақылаулар жүргізіліп келеді. Жоңыша будандары тіршілігінің бірінші жылында (ағымдағы жылы салынған питомниктерде) өсу, өркендеу және гүлдеу қарқындылығы байқалған. Өмірінің бірінші жылындағы тәлімбақта барлық буданлер бойынша жоңышқаның біртекті бой көтеруіне қол жеткізілді. Өсу қарқынына қарай 30 будан бөлініп шығарылды.

Өткен жылдардағы будандық питомникте 5 баллдық шкала бойынша будандардың ауруларға төзімділігін бағалау өткізіліп, қара қоңыр татқа төзімділігіне қарай 28 нөмір бөлінді. Ауруларға анағұрлым төзімді 20 будан сұрыпталып шығарылды.

Питомникте 9 мамырға дейін гүлдеудің басталуы жоңышқаның стандарттық "Красноводопадская скороспелая" сұрыпында байқалды, тек Орта Азиялық, қытайлық және басқа жоңышқа будандары гүлдеу фазасына одан кейінгі 1-3 тәулік мерзімінде енді. Қалғандары 5 күнге және одан астам уақытқа кешікті.

Будандық питомникте ауруларға төзімділікке іріктеу жүргізілді. Сонымен қатар, буданлердің қуаңшылыққа төзімділігіне, ерте жетілуіне және басқа да белгілеріне назар аударылды.

2012 жылы жаңадан селекциялық егіс егу 20 наурызда қолмен, 3 реттік қайталаумен орындалды. Өткен жылдардағы жүргізілген зерттеу нәтижелерімен фенологиялық бақылаулар бойынша 30 будан, өсуі мен сабақ салу қарқынымен 2 будан ерекшеленді, қарақоңыр татқа төзімділігіне қарай 2 нөмір бөлінді. Жауын-шашыны мол жылдары ген қоры питомнигінде шөптің қарқынды көтерілуіне қарай ерте (қытайлық, үнділік), кеш және орта мерзімде пісіп-жетілетін будандар ерекшеленді, мысалы Семиреченская местная, сары жоңышқа, өзгермелі жоңышқа және т.б.

Қуаңшылыққа төзімділігімен жергілікті сорт будандар ерекшеленді. Барлық будандардың жапырақ салу деңгейіне көзбен бағалау жүргізілді. Жапырақ салуымен ерекшеленген 50 будан анықталды. Будандық питомниктің барлық буданы қолмен бауға буып жиналды.

Шаруашылық-құнды қасиеттері бойынша өткен жылдардың питомниктерінен 2000 өсімдік сұрыпталды. Іріктелген өсімдіктерге биометриялық талдау жүргізілді. Нәтижесінде жергілікті стандартан және будандардан гөрі жоғары өнімділігімен және жапырақ салуымен ерекшеленген шетелдіктерден Қытай және Эквадор будандары анықталды.

2012 қуаңшылық жылында будандық питомникте шөптің бой көтеру биіктігі орта шамамен 40-47 см құрады, себебі қыс салқын әрі қары аз болған. Сонымен қатар, ылғалдың басым мөлшері ақпан айының соңында нөсер түрінде түскен. Бұл жағдай топырақта ылғал жинақталуына ықпалын аз тигізді. Көктемнің де ауа райы қолайсыз болды. Наурыз бен сәуір айларында қуаңшылық орын алды. Наурыздағы көпжылдық норма 74 мм болса, түскені 45 мм, сәуірде көпжылдық 61 мм нормасына қарсы 24 мм түскен. Ауаның орташа тәуліктік температурасы мамырдың басында, яғни вегетативтік масса қалыптасу кезінде салқын болды, бұл жоңышқаның өсуі мен дамуын тежеді.

2011 жылы жоңышқаның 100 буданы зерттелген. Сәуірде температура күрт көтеріліп, 1,3 ^{o}С көпжылдық нормамен салыстырғанда жоғары, бірақ жауын-шашынның аздығымен ерекшеленді (28 мм). Олардан өсуі мен дамуының қарқынына қарай 40 будан бөлінді. Стандарт деңгейімен салыстырғанда ерте гүлденуімен сипатталатын 15, орта мерзімде гүлдейтін 50 будан, басқалары стандартпен салыстырғанда кеш гүлдеуімен сипатталған. Будандардың аурулармен зақымдалу деңгейіне 5 баллдық шкаламен алғашқы иммунологиялық бағалау өткізіліп, 4 иммунитет көзі бөлінді, олар К-4116, К-8946, К-5976, К-6231 негізінде орта мерзімде орымға пісіп-жетілетіндер.

Үш жылдық зерттеу нәтижелерімен өсу-даму қарқынына қарай 25, ауруларға төзімділігімен 4 және жедел жетілуімен 16 будан бөлінді. Жасыл массасының өнімімен тегіне қарай Өзбекстандық, Түркменстандық, Қазақстандық К-4116, К-8455, К-8946 будандар ерекшеленді, олар үш жыл ішінде стандарттан орта шамамен 9-16 ц/га асқан (кесте 1).

Кесте 1 – Ерте пісетін жоңышқа будандарының көкбалауса өнімділігі, ц/га

Будан	Тегі	Жыл			Ор-таша	Стандартқа қарағанда, %
		2010	2011	2012		
Красноводопадскаяскороспелая – стандарт		96	110	56	87,3	
39-949 (К-4116)	Өзбекстан	114	134	62	103,4	118,4
41-422 (К-5991)	Түркия	95	122	58	91,7	115,0
37-255 (К-8455)	Түркменстан	108	122	68	99,3	113,7
59-075 (К-5676)	Италия	112	124	62	99,2	113,6
31-885 (К-45081)	Грузия	110	117	57	94,5	108,2
49-123 (К-8946)	Қазақстан	90	134	56	93,3	106,9
46-438 (К-5964)	Италия	108	124	47	93,0	106,5
43-788 (К-30086)	Армения	95	123	56	91,2	104,5
40-134(К-45335)	Қырғызстан	80	110	59	83,1	95,2
39-952 (К-6231)	Ресей	86	114	35	78,3	89,7
26-048 (К-45064)	АҚШ	86	100	43	76,3	87,4
$ЕТА_{0,05}$, ц		5,7	5,1	4,9		

Осыған орай, айта кету керек, соңғы 2012 қуаңшылық жылында үлгілердің басым көпшілігі тұқым түзуге қабілетсіз болған. Негізінде жергілікті селекция материалдарынан алынған тек 25 будандe бұршақ атуының және толық жетілген ұрықтарының пісу көрсеткіші 20-45% шамасында болды. Үш жылдық зерттеулер нәтижесінде жасыл массасының өніміне қарай 15 будан бөлінді, олар стандарттан орта шамамен 3,5-12,4 ц/га асты, ал тұқым өнімділігіне қарай олар стандарт деңгейінде болды.

Жоңышқаның тек қоры құрамынан тәлімі сорттар шығаруға қажетті селекциялық материал сұрыптау үшін 70 будан будандық питомникте өсімдік өнімділігі, биіктігі, бұталануы, жапырақтылығы, көктеу қарқындылығы, өсіп-даму кезеңдерінің ұзақтығы, протеин шығымы, қысқы суыққа, жазғы ыстық пен құрғақшылыққа, ауруларға төзімділігі және басқа құнды белгілері мен қасиеттерінің өзара байланысқан өзгермелілігі бойынша зерттелді

Осы көрсеткіштер негізінде жоңышқа будандарының қыс мезгілінде сиреуіне өсімдіктердің бактериялар және вирустар қоздыратын ауруларға шалдығуының айтарлықтай әсері бар деп айта аламыз. Жүргізілген үш жылдық бақылауда жалмауыз сыпыртқысы (ведьмина метла) және бактериялық солу ауруларына шалдыққан өсімдіктердің көпшілігі өсіп-даму қарқынын төмендетіп, тіршілік етуін аяқтауы заңдылық болатындай сипат алды.

Әдебиеттер

1. Macuha P. Kvalita bielkovin listov a stoniek roznych genotypov lucerny siatej // Ved. prace vysk. ustavu rastl. vyroby.- Piestany, 1992, 25.- P. 80-87.
2. 2Gubis V. VykonnostLucernyposelekciinaodolnostvocicievnemuvudnutiu a hadatkuzhubnemu Polnohospodarstvo, 1982, 28, 9.- C. 774-779.
3. Butjos Z. Some problems of male sterility transmission and combining ability in lucerne hybrids made with a cytoplasmic male sterility system // Report of meeting of Eucarpia.- Kompolt, 2003.- P. 148-149.
4. Константинова А.М. Использование гетерозиса гибридов F_1 в селекции люцерны // Докл. и сообщ. по кормопроизводству, 1972, 4.-С.98-102.
5. 5Westphal L. Genetische Marker in der Zuchtung // TASPO, Gartenbaumag, 1995, 4, 11.- P. 122-129.
6. Dobias A., Hauptvogel P. Urodnost a kombinacuaschopnostskorychgenotupovLucerny // Ved. pracevyskumnehoustavurastl. vyroby. - Piestany, 1989, 22.- P. 5-17.
7. Алманиязов А.А., Мейрманов Г.Т.Гетерозис у поликроссных гибридов люцерны // Научныетруды Казахского сельскохозяйственного института.- Алма-Ата, 1973, XVI, 1, 2.- С. 77-81.
8. Абубекеров Б.А. Некоторые результаты изучения комбинационной способности люцерны в условиях Омской области // Бюл. Сибирского НИИ растениеводства и селекции.-Новосибирск, 1979, 8, 9.- С. 64-65.
9. Cafati C., Avendano R. Capacidedcombinatoria general y especifica de seis clones de alfalfa (M. sativa L.) para resistancia a Neloidogyne sp. y rendimientoenforraje // Agric. tecn., 1968, 28, 2.- P. 57-65.
10. Мейрманов Г.Т., Садвакасов С.С., Капышев А.С. Некоторые особен-ности применения поликросс-метода в селекции люцерны // В кн.: Селекция, интрод. и семеноводство кормовых растений.- Алматы, 1993.- С. 36-43.

ӘОЖ 631.559
UDC 631.559

ЖОҢЫШҚА СЕЛЕКЦИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ, ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

SCIENTIFIC BASIS, METHODS AND RESULTS OF LUCKY BREEDING

Абсатова Б.А.
Absatova B.A.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент Қазақстан
M.Auezov South Kazahstan State University, Shymkent, Kazahstan
Botagoz.Absatova@auezov.edu.kz

Резюме

Қазақстанның оңтүстігіндегі егіншілік және жемшөп өндірісі жүйесінде жоңышқа аса құнды алдыңғы және жетекші дақыл болып табылады. Бірақ соңғы 20 жылда жоңышқаның тәлімі түгіл, суармалы егістерінің өзі жойылып кетуге шақ қалды. Оның салдары мал азығы қорының нашарлауына, бидай, күріш, мақта және көкөніс-бақша дақылдары өнімінің төмендеуіне әкеліп соқты. Жоғарыда аталған екі сорт та ескірген, осы аймақтарда жаңа тәлімі егістер салуға әлуеті нашар, өйткені көрші елдердің соңғы жылдары шығарған сорттарының өнімділігі бұлардан анағұрлым жоғары. Қазір шаруашылықтардың жоңышқасыз жағдай түзелмейтініне көздері жеткен сияқты. Оның нышаны дихандардың жаппай жоңышқалық телімдер жасауға бетбұрысынан байқалуда. Сондықтан жоңышқаның суармалық та, тәлімілік те сорттарына сұраныс еселеп артуда. Оны қамтамасыз ету үшін аталған аймақтарға бейімделген және тұрақты да жоғары өнімді сорттар қажет. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі суармалы аймақтарда да соңғы жылдары мақта өсіру көлемінің кеңейе түсуі осыған лайық алғы дақыл жоңышқаның жаңа сорттарына сұранысты арттыра түсуде. Бірақ ауыспалы егістер үшін Красноводопадская скороспелаядан басқа ұсынатын сорт жоқ. Бұл жағдай суармалы жоңышқа селекциясына жаңа міндеттер жүктейді.

Abstract

Alfalfa is the most valuable leading crop in the system of agriculture and fodder production in the south of Kazakhstan. But in the last 20 years, not only the teachings of alfalfa, but also irrigated crops are on the verge of extinction. As a result, fodder stocks deteriorated, and the production of wheat, rice, cotton and vegetables decreased. Both of the above varieties are obsolete, and in these areas there is little potential for new crops, as the productivity of varieties produced in neighboring countries in recent years is much higher.Now it seems that farms are convinced that the situation will not improve without alfalfa. Its symbolism is reflected in the turn of farmers to the creation of mass alfalfa plots. Therefore, the demand for both irrigated and cultivated varieties of alfalfa is growing. To ensure this, we need varieties that are adapted to these regions and stable and high-yielding. In recent years, the expansion of cotton cultivation in irrigated areas of the South Kazakhstan region is increasing the demand for new varieties of alfalfa, a worthy pre-crop. But there is no recommended variety for crop rotation, except for Krasnovodopadskaya skorospelaya. This situation imposes new challenges on the selection of irrigated alfalfa.

Кілттік сөздер: *жоңышқа, мал азықтық дақыл, сорт, селекция, егіншілік, суармалы жер, ауыспалы егіс.*
Keywords: *alfalfa, fodder crops, cultivars, breeding, agriculture, irrigated land, crop rotation.*

Қазақстанның оңтүстігіндегі егіншілік және жемшөп өндірісі жүйесінде жоңышқа аса құнды алдыңғы және жетекші дақыл болып табылады. XX-ғасырдың 60-жылдарына дейін осы аймақта, республиканың басқа жерлеріндегідей, суарылатын және атмосфералық жауын-шашынмен қамтамасыз етілген тәлімі егістерінде "Семиреченская местная" сорты өсірілген. "Красноводопадская 8" селекциялық сорты аудандастырылғаннан кейін, жоңышқа шала қамтамасыз етілген тәлімі егістерде де өсіріле бастады. "Красноводопадская скороспелая" сорты

шығуына байланысты жоңышқа шөл және шөлейт аймақтарға таралды (изен өсетін шекараға дейін). Бірақ соңғы 20 жылда жоңышқаның тәлімі түгіл, суармалы егістерінің өзі жойылып кетуге шақ қалды. Оның салдары мал азығы қорының нашарлауына, бидай, күріш, мақта және көкөніс-бақша дақылдары өнімінің төмендеуіне әкеліп соқты. Жоғарыда аталған екі сорт та ескірген, осы аймақтарда жаңа тәлімі егістер салуға әлуеті нашар, өйткені көрші елдердің соңғы жылдары шығарған сорттарының өнімділігі бұлардан анағұрлым жоғары.

Қазір шаруашылықтардың жоңышқасыз жағдай түзелмейтініне көздері жеткен сияқты. Оның нышаны дихандардың жаппай жоңышқалық телімдер жасауға бетбұрысынан байқалуда. Сондықтан жоңышқаның суармалық та, тәлімілік те сорттарына сұраныс еселеп артуда. Оны қамтамасыз ету үшін аталған аймақтарға бейімделген және тұрақты да жоғары өнімді сорттар қажет. Жалғыз Красноводопадская поливная сорты шөлейттен бастап, далалық, тау бөктерлік аймақтарда суармалы жоңышқалықтар мен мәдени жайылымдар жасауға жеткіліксіз. Осыған байланысты жоңышқаның тәлімілік жоғары өнімді жаңа сорттарын шығару селекция ғылымы мен тәжірибесінің алдында тұрған басты мақсаттардың бірі болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі суармалы аймақтарда да соңғы жылдары мақта өсіру көлемінің кеңейе түсуі осыған лайық алғы дақыл жоңышқаның жаңа сорттарына сұранысты арттыра түсуде. Бірақ ауыспалы егістер үшін Красноводопадская скороспелаядан басқа ұсынатын сорт жоқ. Бұл жағдай суармалы жоңышқа селекциясына келелі міндеттер жүктейді.

Жоңышқаның жаңа сорттарын осы талаптарға сай тездетіп шығару үшін селекцияның ең нәтижелі бағыттарының бірі – ауыл шаруашылығы дақылдарының күрделібудан популяцияларын сұрыптау әдістерін қолдану қажет. Бұл жерде ғылыми ізденістік және өнертапқыштық мүмкіндіктер кең. Себебі "популяциялық гетерозис" деп аталатын құбылыстың заңдылықтары әлі толығымен ашылмаған. Оның будандастыруда пайдаланатын материалы жеке өсімдіктер, инцухт-желілер немесе буданлер болса, оларды сұрыптау және будандастыру ерекшеліктерін, сондай-ақ алынған будандардың тұқым қуалау қағидаларын зерделеу күн тәртібінде тұрған мәселелер.

Селекция ғылымының күрделібудан сорттар шығару бағыты негізінде айқас тозаңданатын көпжылдық шөптерге лайықтап жасалған поликросс-тест әдістемесі жоңышқа нысандарын жалпы комбинативтік қабілеті бойынша сұрыптап, популяциялық жоғары гетерозисті өнім беретін, нақты аймақтың топырақ-климат жағдайларына бейімделген, протеин шығымы мол, аурулар мен зиянкестерге төзімді, сондай-ақ басқа да техногендік қолайсыздықтарға шыдамды сорттар шығаруға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалық жобалар инцухт-желілер немесе биотиптер алып, поликросс-әдіспен будандастыруды көздейді. Оған қол жеткізу үшін бірнеше сатылы көптеген күрделі зерттеулер жүргізіледі. Себебі тәлімі және суармалы жоңышқа селекциясының бұлардан басқа да өздеріне ғана тән ерекшеліктері мен қиындықтары бар.

Бұған қоса, осы бағытта зерттеу жүргізудің селекциялық әдістемелерін, атап айтқанда, бастапқы материалдарды таңдау, сұрыптау, будандастыру және комбинативтік қабілетін анықтау әдістерін жетілдіруде ақтаңдақтар баршылық. Аталған жұмыс тақырыбының осындай теориялық және практикалық мәселелерді зерттеуге арналуы оның ғылыми және өндірістік қажеттіліктерге сәйкес өзектілігі мен көкейкестілігін көрсетеді.

Тақырып бойынша зерттеулер Қазақ ұлттық аграрлық университетінің магистратура бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеу практикалары шеңберінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінде тіркелген «Қазақстанның оңтүстігінде мал азықтық дақылдардың өнімділігін жоғарылату» конкурстық жобасына сәйкес Красноводопад селекциялық тәжірибе станциясында жүргізілді.

Зерттеулердің мақсаты. Жұмыстың негізгі мақсаты – жоңышқа селекциясының бастапқы материалын шаруашылық-құнды белгілеріне қарай кешенді зерттеу арқылы сұрыпталған үлгілер мен биотиптердің жалпы комбинативтік қабілетін поликросс-тест әдісімен бағалау және күрделібудан сорттарды қалыптастырып, конкурстық сынақтан өткізу болып табылады.

Жоңышқа (Medicago L.) − бұршақ тұқымдас, көпжылдық, өнімділігі және белок шығымы жоғары ежелгі дақылдардың бірі, ботаникалық жүйелеу ғылымында жүргізілген А.И. Ивановтың [1] соңғы анықтамасы бойынша бұршақ тұқымдастарға (Leguminosae Juss., Fabaceae) жатады және 50-ден астам түрге бөлінеді.

Оның өндірісте пайдалануға болатын 21 түрі көпжылдық жоңышқа (M. Falcago (Reichb.) Grossh.) тобын құрайды. Дақыл ретінде оның 4 түрі: көк немесе егістік (M. sativa L.), сары немесе орақ тәріздес (M. falcata L.), көгілдір (M. coerulea Less.) және өзгермелі (M. varia Mart.) немесе ортаңғы (M. media Pers.) кеңінен таралған [2, 3, 4].

Көпжылдық жоңышқаны жіктеу ісіне А.А. Гроссгейм, А.И. Белов, Л.П. Бордаков, И.Т. Васильченко, Е.Н. Синская, П.А. Лубенец, А.И. Иванов және басқа ғалымдар зор үлес қосып, бүгінгі күні табиғатта сақталып қалған түрлерін, экобуданлерін және жаңадан шығарылған сорттарын, олардың шыққан тегі мен табиғи географиялық орталықтарын және биологиялық ерекшеліктері мен пайдалы қасиеттерін атап айтып, сұрыптау ғылымы мен практикасы үшін өте құнды зерттеулерінің нәтижелерін жариялаған [4].

Селекция мақсаттары үшін көгілдір (M. coerulea Less.), солтүстік жоңышқасы (M. borealis Grossh.), жартыайшық (M. hemicycla Grossh.), желімделгіш (M. glutinosa M. Bh.), тяньшаньдық (M. tianshanica Vass.), орақ пішінді (M. qvasifalcata Sinsk.), түрлітүсті (M. polychroa Grossh.), безді (M. glandulosa David.), Траутфеттер жоңышқасы (M. Trautvetteri Sumn.) және басқа бірнеше түрі пайдаланылуы мүмкін [5].

Жер жүзінің өркениетті елдерінде мал азығы қорын нығайтудың басты шарттарының бірі жоңышқаның өнімділігі жоғары сорттарын жеделдетіп сұрыптап шығарып, өндіріске кеңінен енгізуге бағытталған кешенді іс-шаралардың жүзеге асырылуын жүйелі жолға қою болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде селекциялық зерттеулер алдыңғы қатардағы ғылыми теориялар мен әдістер негізінде жүргізіліп отырған жоңышқа дақылының маңызы зор [1].

Егістік жоңышқаның жер бетіндегі барлық органдары жыл сайын күзде қурап, тек топырақтағы тамыр жүйесі ғана тірі қалады. Тамыр тәжіндегі және онымен шектескен сабақтарының түбіндегі бүршіктерден көктемде және орған сайын өсімдіктің қайта көктеуі басталады [6].

Жоңышқаның кіндік немесе өзектік тамыры И.О. Байтулиннің [7] зерттеулері бойынша топыраққа 3-21 м тереңдікке енеді, ал тұтас тамыр жүйесі жан-жаққа 1-2 м жайылады. Кіндік тамырдан бүйірлік тамырлар тарайды. Тамыр жүйесінің өн бойында ауа азотын сіңіре алатын бактериялардан тұратын түйнектер дамиды.

Көк, көкбудан және алабудан жоңышқа сорттарының өсімдіктері көп өркенді және мол жапырақты. Сабақтарының іші қуыс, өркендеуі жиі, көлденең кесіндісі дөңгелек немесе төрт бұрышты, биіктігі 160 см дейін жетеді,

кей жерде одан да биік өседі. Жапырағы үш тармақ және сабақтың өн бойына кезектесіп орналасады. Негізгі сабақ пен бұтақша ұшындағы жапырақтар ара тісті болса, орта тұсындағылардың жиектері тегіс. Жапырақтың үстіңгі жағы түкті де, астыңғы жағы тықыр, түсі ашық жасылдан қошқыл жасылға дейін өзгереді. Егістік немесе көк жоңышқа жапырақтарының аумағы үлкендеу, пішіні дөңгелек, теріс қойылған жұмыртқа, сопақша немесе эллипс, ал орақ пішінді немесе сары түрінікі кішілеу, эллипс, ланцет не сызықша сияқты [8].

Жоңышқаның гүл шоғыры – шоқша іспетті. Онда шамамен 15-30 гүл болады. Гүлінің түсі оның ең негізгі жүйелеу және жіктеу белгісі. Гүлінің түсіне қарай жоңышқаның көк, сары, көгілдір және басқа түрлерге, сондай-ақ көкбудан, сарыбудан және алабудан деп аталатын сортотиптерге бөлінеді [9].

Жоңышқа энтомофильдік айқас тозаңданатын өсімдіктер тобына жатады. Оның ұрығы – көп тұқымды бұршақбас. Гүл түсіне қарай жүйелегеннен кейін жоңышқаны одан ары қарай жіктейтін белгі ұрығының пішіні болып саналады. Көк жоңышқаның бұршақбасы 3-5 айналымға дейін ширатылады. Сары гүлді түрлері ұрығының ширатылуы бір айналымға толмай, орақ пішіндес болып келеді. Бір бұршақбаста 14-ке дейін тұқым байланады. Тұқымы ұсақ, ұзындығы 1,5-1,8 мм, көлденеңі 0,4-0,6 мм, жалпақтығы 0,5-0,8 мм, пішіні бүйрек немесе үрме бұршақ сияқты, түсі жасыл немесе қошқыл тартқан сары болады. 1000 тұқымының салмағы 1,3-2,7 г аралығында ауытқиды [10].

Ұрықтық тамырша тез өсіп, топыраққа тереңдей береді, өсімдіктің дамуы бастау алады, ұрық жарнағы топырақтың бетіне шығады. Одан қос жарнақ жапырақшасы пайда болады. Осы қос жарнақ жапырақшалардың ортасынан бірте-бірте алғашқы нағыз жапырақ өсіп шығады. Ол дами келе үш тармақты нағыз жапыраққа айналады. Осы құбылыс – жоңышқа егістігінің өскін (көктеу) фазасының басталуы деп аталады. Бірінші үш тармақты жапырақ сабақшаларының қойнауынан келесі жапырақ пайда болған соң өсімдіктің сабағы қалыптаса бастайды [9].

Тұқым себілгеннен кейін 5-7 күнде өскін пайда болады. Екінші және одан келесі жылдары көктемде және орған сайын тамыр мойыншасындағы және орылған сабақтардың түбіріндегі бүршіктерден жаңа сабақтар өседі. Сөйтіп, жоңышқа өсімдігі 15-20 жылға дейін өмір сүре алады. Пішен орымына жоңышқа гүлдеу кезеңі басталғанда пісіп жетіледі [11].

Ауыл шаруашылық құстардың сальмонеллезі халық арасында балапандардың пуллорозы (бацилярлы ақ іш-өту,балапандардың бацилярлы дизентериясы, бацилярлы ақ диарея), тауықтардың тифі және уй, жабайы құстардың сальмонеллезі деген атпен белгілі, себебі әр ауру әр жерде басқа атпен тіркелген.

Қазіргі уақытты сальмонеллезді емдеу кезінде антибиотиктер қолданылады. Жануарлардың жұқпалы ауруларын емдеу кезінде антибиотиктер қолданудың тиімділігі жайында мәліметтер жеткілікті.

Антибиотиктердің сальмонеллезді емдеудегі тиімділігін құптай отырып, антибиотикке төзімді пішіндердің де пайда болу мүмкіндігі бар екендігін естен шығармаған жөн.

Соңғы жылдары антибиотиктерді қолдану аясының кеңеюіне байланысты пайда болған бұл түйткіл көптеген ғалымдарды алаңдатып келеді.Қозылардың әр түрлі ауруларын емдеу барысында арнайы биологиялық дәрмектерді, антибиотиктерді, сульфаниламидтік дәрмектерді және нитрофурандарды қолданудың мол тәжірибесі жинақталған. Кез келген дәрмекті қолданғанда тиімді нәтижеге тек жануар организмінің жалпы қарсыласу қабілетін арттыру шараларын (толыққанды азықтандыру, зоогигеналық жайғдайды жақсарту және т.б.) қоса жүргізгенде ғана қол жеткізіледі. Кез келген дәрмекті қолданар алдындағы міндетті шарт – жануарлардан бөліп алынған микрофлораның сол дәрілік затқа сезімталдық деңгейін (титрін) анықтап алу қажет.

Арнайы биологиялық дәрмек ретінде жануарлардың жұқпалы ауырулары кезінде гипериммунды қан сарысуларын қолданады. Дегенмен, арнайы емдік заттарды қолдану емдеу тиімділігін арттыратын басқа да дәрілік заттарды пайдалануды теріске шығармайды. Сальмонеллезбен ауыратын қозыларды емдеу барысында қосымша дәрілік заттар ретінде пенициллиндер, макролидтер, тетрациклиндер, аминогликозидтер және полимиксиндер тобына жататын антибиотиктерді пайдаланудың тиімділігі зор.

Біз өлген балапандардан бөлініп алынға 5 S.enteriditis, 9 S.gallinarum және 11 S.typhimurium штамының сезімталдығын тексеруді мақсат тұттық.

Сальмонеллалар антибиотиктерге сезімталдығын нұсқауларына сәйкес стандартты қағаз дөңгелекшелер әдісімен зерттедік, ол үшін, жоғарыдағы штамдар себінді жасалған 1% глюкоза қосылған Петри табақшасындағы агардың бетіне антибиотиктермен қанықтырылған қағаз дөңгелекшелер қойылып, 37С температурада ұстадық. Ауру қоздырушыларының антибиотикпен қанықтырылған қағаз дөңгелекше айналасындағы өсуінің тежелу аймағының диаметрі 21 миллиметрден асуы, сол антибиотикке сезімталдығының белгісі болып саналды. 21 миллиметрден кем тежелу аймағы микробтың сол антибиотикке сезімталдығының шамалы екендігін білдіреді.

Экспериментте келесі антибиотиктер қолданылды: бензилпенициллин, ампициллин (пенициллиндер тобы); эритромицин, олеондомицин (макролидтер тобы); левомицетин (левомицетиндер тобы); тетрациклин, новобиомицин (тетрациклиндер тобы); стрептомицин, неомицин, мономицин.

1-кестеден көріп отырғанымыздай сальмонеллалар – неомицинге, эритромицинге, левомицетинге, олеондомицинге, новобиомицинге, стрептомицинге, тетрациклинге сезімтал.

1-кесте. Бактериялардың антибиотиктерге сезімталдығы *(5 S.enteriditis, 9 S.gallinarum және 11 S.typhimurium).*

Сезімталдықдәрежесі	Бензилпе Нициллин	Мономицин	Неомицин	Олеандомицин	Эритромицин	Новобиомицин	Стрептомицин	Левомицетин	Тетрациклин	Полимиксин	Ампициллин
Штамдарсаны											
Сальмонеллалар											
Сезімтал	1	3	4	3	4	3	3	4	3	1	1
Орташасезімтал	3	3	2	2	2	2	2	2	3	3	3
Сезімталемес	2	-	-	1	-	1	1	-	-	1	1

Әлсіретілген S. typhimurium Ю-52 штамына сипаттама

Зерттеулер және тәжірибелік жұмыстар жануарлар мен құстарды уақытылы имундеудің маңызын нақтылы көрсетті. Қазіргі кезде үш түрлі вакцинаның түрі кеңінен қолданылады: 1) өлген вакцина, 2) тазартылмаған авирулентті тірі вакцина 3) пероральды немесе генетикалық өзгертілген тірі вакцина. Тірі вакцина инактивтелген вакцинамен салыстырғанда айтарлықтай организмде мықты торшалық иммунитет түзеді, ал инактивтелген вакцинаны парентеральды енгізген кезде организмеде гуморальдық антидене титрін түзеді. Алайда көп жағдайда гуморальдық антидене мықты қорғаныс бола алмайды.

Тірі немесе инактивтелген вакцинамен иммундеген кезде ішекте жергілікті иммунитет түзеді, бірақ инактивтелген вакцинамен иммундегенде сальмонеллалардың басқа сероварларына қорғаныс болатындай иммунитет түзе алмайды.

Қазіргі кезде халықаралық талаптарға сай тірі вакциналар кемінде екі мутациялық сипатқа сәйкес болуы шарт, олар биологиялық қасиетінің тұрақты, зиянсыз, иммуногенді, генетикалық қаіпсіз болуы. Сол себептен гендік инженерия арқылы алынған биологиялық препараттарды жануарлар мен құстардың ішек инфекцияларына қолдану қазіргі заманның басты талабы болуда.

Әдебиеттер

1. Государственный доклад «О санитарно-эпидемиологической ситуации в Республике Казахстан в 2003 году».- Алматы, 2003.- С.115-117.
2. Галынкин В.А., Заикина Н.А., Карцев В.В., Шевелева С.А., Белова Л.В., Пушкарев А.А. Микробиологические основы ХАССП при производстве пищевых продуктов.- СПб.:Проспект науки, 2007.-288с.
3. Бияшев К. Б. Профилактика сальмонеллёза В Казахстане, Алма – Ата, 1992, 42 с.
4. Шустер Б. Ю., Малахов Ю. А., Киржаева Ф. С., Персов А. С. Итоги внедрения в практику вакцины живой сухой против сальмонеллеза водоплавающей птицы//Эпизоотология, эпидемиология, средства диагностики, терапии и специфической профилактики инфекционных болезней, общих для человека и животных, Мат. Всесоюзной конференции, Львов, 2005, б. 336-337.
5. Бессарабов Б. Ф. Паратиф (сальмонеллез)// Болезни сельскохозяйственной птицы, Моска, 1998, с. 124-132.
6. Артемичев М. А., Малявин М. А. Пуллороз (Pullorosis)// Болезни птиц, Москва, 1962, с. 333-346.
7. Артемичев М. А., Малявин М. А. Тиф (Typhus)// Болезни птиц, Москва, 1992, с. 346-350.

УДК 636.933.2.08
UDC 636.933.2.08

ТУЫЛУ МЕРЗІМІ ӘРТҮРЛІ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТОПТАРДАҒЫ ҚОЗЫЛАРДЫҢ ӨСІП-ЖЕТІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

FEATURES OF GROWTH AND DEVELOPMENT OF LAMBS OF DIFFERENT GENETIC GROUPS WITH A BIRTH DATE

Асылбеков Б.Ж., Нурдилда А.Ш., Орынбаева Б.М.
Asylbekov B.Zh., Nurdilda A.Sh., Orynbayeva B.M.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.
M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

В овцеводстве выделяются следующие традиционные этапы отела: зимний, весенний и ранневесенний. Однако понятно, что от этих периодов будет зависить дальнейший рост и развитие потомства. Однако, научно доказано, что неполноценное питание в период вегетации, влияет на формирование их живой массы, небольших размеров и телосложения [1]. Это основано на наследственной изменчивости корреляции некоторых органов в процессе их роста. В зависимости от конкретных условий окружающей среды, дифференциации органов взрослых животных и всего организма, а также симптомов и экономические показатели формируют разные типы идентичности.Как правило, каракульские ягнята при рождении имеют высокую живую массу, составляющие 12% от веса матери. Этот показатель ниже у мериносовых и мясных пород овец [2]. Эти свойства ягнят каракульской породы овец направлены на его быстрый рост и приспособление к изменчивой погоде весны и короткому благоприятному периоду этого периода.В последние годы в каракульском овцеводстве изучение особенностей хозяйственного и биологического развития в зависимости от даты рождения и генотипа, формирование благоприятной системы их разведения стало одной из самых актуальных проблем современности.Учитывая эту ситуацию, мы изучили особенности биологического развития каракольских ягнят разного рождения и генотипов.

Abstract

In sheep breeding, the following traditional stages of calving are distinguished: winter, spring and early spring. However, it is clear that the further growth and development of the offspring will depend on these periods. However, it has been scientifically proven that inadequate nutrition during the growing season affects the formation of their live weight, small size and constitution [1]. This is based on the hereditary variability of the correlation of some organs during their growth. Depending on the specific environmental conditions, differentiation of organs of adult animals and the whole organism, as well as symptoms and economic indicators, different types of identity form. As a rule, karakul lambs at birth have a high live weight, accounting for 12% of the mother's weight. This indicator is lower in merino and beef breeds of sheep [2]. These properties of lambs of the Karakul sheep breed are aimed at its rapid growth and adaptation to the changeable weather of spring and the short favorable period of this period. In recent years, in Karakul sheep breeding, the study of the features of economic and biological development depending on the date of birth and genotype, the formation of a favorable breeding system has become one of the most pressing problems of our time.Taking this situation into account, we studied the features of the biological development of Karakol lambs of different births and genotypes.

Ключевые слова*: қозы, туылу, мерзім, қой, төлдету, салмақ, белгілер, қара,*көк
Keywords*: kozy, tuylu, merzim, koy, tuldetu, salmak, belgiler, kara, kok*

Қой шаруашылығында мал төлдетудің дәстүрлі келесідей кезеңдері қалыптасқаны баршаға мәлім: қыстық, көктемдік және ерте көктемдік. Алайда, осы мерзімдерге туылған төлдің әрі қарай өсіп-жетілуі мен дамуы біршама тәуелді болатыны анық. Десек те, өсу кезеңінде жеткіліксіз азықтандырылуы, олардың тірілей салмағының,жалпы көлемінің шағын және конституциясының болбыр болып қалыптасуына әсерін тигізетіні ғылыми тұрғыда дәлелденіп отыр [1]. Мұның негізінде кейбір органдарының өсу кезіндегі заңды коррелятивтік өзгермелілігі жатыр. Сыртқы ортаның нақты жағдайларына байланысты, ересек мал органдарының дифференциациясы және бүтін организімі мен белгілеріжәне шаруашылық көрсеткіштері, әр түрлі тұлғасы бірдей типтері қалыптасады.

Әдетте, қаракөл қойында қозылардың туған кезіндегі тірі салмағы жоғары болады, ол енесінің салмағының 12% құрайды. Бұл көрсеткіш меринос және етті қой тұқымдарында төмен дәрежеде болады [2]. Қаракөл қозысының бұл қасиеттері, оның көктемнің құбылмалы ауа-райына және осы мерзімнің қысқа қолайлы кезеңіне тез өсуге және бейімделуге бағытталған.

Соңғы жылдары,қаракөл қой шаруашылығында, төлдердіөсіру кезінде олардың туылу мерзімі мен генотипіне байланысты шаруашылық-биологиялық өсіп-жетілу қасиеттерін зерттеу, осының негізінде оларды өсірудің қолайлы жүйесін қалыптастыру, қазіргі таңның өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Осы жағдайды ескере келе, туылу мерзімі әр уақытқа келетін және генотипі әр түрлі топтағы қаракөл қозыларының биологиялық өсіп –жетілу ерекшеліктерін зерттеген болатынбыз.

Зерттеудің тәжірибелік бөлімі Түркістан облысы Созақ ауданындағы қаракөлше елтірілік типтегі қаракөл қойын өсірумен мамандандырылған «Тасты» ШҚ 2013-2015 жылдары жүргізілген болатын.

Зерттеу нысаны: қара, көк, қоңыртүсті қаракөл қозылары еді және олардың туылу мерзімі бойынша үш кезеңге бөлінген: I кезең 15/03 – 25/03, зерттеуге алынған қозылар саны: қара түсті -26 бас, көк түсті 24 бас, қоңыр түсті 21 бас; II кезең 26/03 -05/04, зерттеуге алынған қозылар саны: қара түсті -38 бас, көк түсті 35 бас, қоңыр түсті 32 бас; III кезең 06/04 – 16/04, зерттеуге алынған қозылар саны: қара түсті -26 бас, көк түсті 23 бас, қоңыр түсті 20бас;.

Жануарлардың туылған кездегі салмақ көрсеткіштері және олардың кейінгі постнатальдық даму кезеңіндегі сақталу деңгейі, қозылардың сыртқы ортаға бейімделуінің негізгі белгілеріне жатады. Сондықтан үй жануарларын тұқымға іріктеу барысында өнімдік белгілермен қатар салмақ көрсеткіштеріне бірдей назар салады. Жануарлардың туылған кездегі салмақ көрсеткіштерінің белгілі стандаттық деңгей анықталған, осыған орай салмағы төмен деңгейдегі төлдерді өсіруге қалдырмайды.

Зерттеулерінде, салыстырмалы топтардағы саулықтардың қазаннан бастап желтоқсанға дейін тірілей салмақтары бойынша (101,3%-101,8%) елеулі ерекшеліктері байқалмастан, буаздылығының екінші кезеңіне сай келетін, қаңтардан бастап наурызға дейін, айырмашылықтары артатынын (102,2%-110,7%) атап көрсетті. Буаздылығының соңына қарай саулықтардың салыстырмалы топтары арасындағы тірілей салмақтары бойынша анық айырмашылықты айта кету керек. Өйткені бұл көрсеткіш 4,77 кг-ды (P<0,01) құрап, ауа-райы қолайлы жылдардағы малдардың пайдасына шешілген. Әр жылдың ауа-райына байланысты болып келетін, жайылымды азықтық қорының айырмашылықтары да, алынған қозылардың өсуі мен өнуіне белгілі-бір әсерін тигізген. Сонымен жайлы жылдардың еркек тоқтылар жайсыз жылдары туылған қатарластарынан туылған кезіндегі және енесінен ажыратылған кезіндегі тірілей салмақтары бойынша, тиісінше, 1,28 кг-ға (P<0,001) және 4,77 кг-ға (P<0,001) асыңқы болған.

Алайда біздің зерттеулеріміздің нәтижелері бойынша, қозылардың туылу мерзімінің олардың салмағына ықпалы болатыны байқалды. Бұл I кезеңде (15/03 – 25/03) туылған қозылардың салмағы 4,0 -4,2кг аралығында болса, бұл көрсеткіш II кезеңде (26/03 -05/04) туылған төлдерде -4,1 -4,4кг, III кезеңдегі (06/04 – 16/04) қозыларда -4,2-4,6 кг құрады. Ал, төлдердің түсіне байланысты туылу мерзімінің ықпалы әркелкі болатыны байқалды, мұнда үлкен мөлшердегі ықпал қара түсті қозыларда тіркелсе, оның төменгі мөлшері көк және қоңыр түстілерде байқалды.

Зерттеу барысында, қозылардың туылу мерзіміне байланысты олардың салмақ айырмашылығы анықталды. Мұнда I және II кезеңдерде туылған қозылардың салмақ айырмашылығы: қара түстілерде -0,2кг, көк түстілерде -0,1кг, қоңыр түстілерде -0,1кг құраса, бұл көрсеткіш I және III кезеңдерде туылған қозылардың салмақ айырмашылығы: қара түстілерде -0,4кг, көк түстілерде -0,3кг, қоңыр түстілерде -0,2кг болды. Төлдердің түсіне байланысты жоғарғы деңгейдегі салмақ айырмашылық 0,4кг қара түстілерде байқалса, төмен деңгейдегі салмақ айырмашылық 0,2кг қоңыр түстілерде анықталды (5 кесте, 1 диаграмма).

Келесі зерттеуімізде әркелкі жынысты төлдердің өсіп-даму кезеңіндегі тірі салмағының динамикасы талданды. Олардың салмақ динамикасы туған кезінде, бір айлық және 4,5 айлық жасында анықталды. Әркелкі жастағы төлдердің тірі салмағының абсолюттік өсімі олардың жынысына байланысты өзгеретіні анықталды. Мұнда төлдердің тірі салмағының абсолюттік өсімі еркек жынысты қозыларда жоғары болса, бұл көрсеткіш ұрғашы жынысты төлдерде төмен деңгейде болды. Еркек қозылардың тірі салмағының абсолюттік өсімі туған кезінен 1 айлық жасқа дейін барлық генотиптер бойынша 0-5,3кг, 1 айдан 4,5 айлық жасқа дейін 16,4-17,2кг құрады. Ұрғашы қозылардың тірі салмағының абсолюттік өсімі тиісінше, туған кезінен 1 айлық жасқа дейін 4,9-5,2кг, 1 айдан 4,5 айлық жасқа дейін 16,2-17,0кг құрады.

Төлдердің тірі салмағының абсолюттік өсімі қара түсті қозыларда жоғары болса, бұл көрсеткіш қоңыр түсті төлдерде төмен деңгейде болды (1 кесте).

Кесте1 - Әркелкі жастағы төлдердің тірі салмағының өсіу динамикасы

Қой генотиптері	Жыныс түрлері	Төлдің жасы	Төлдердің туылу кезіндері,кг		
			I кезең 15/03 – 25/03	II кезең 26/03 -05/04	III кезең 06/04 – 16/04
I топ Қара түсті	Еркек қозылар	Туғаннан 1 айға дейін	5,1	5,2	5,3
		1 - 4,5 айға дейін	16,8	17,0	17,2
	Ұрғашы қозылар	Туғаннан 1 айға дейін	5,0	5,1	5,2
		1 - 4,5 айға дейін	16,6	16,8	17,0
II топ Көк түсті	Еркек қозылар	Туғаннан 1 айға дейін	5,0	5,1	5,2
		1 - 4,5 айға дейін	16,4	16,6	16,8
	Ұрғашы қозылар	Туғаннан 1 айға дейін	4,9	5,0	5,1
		1 - 4,5 айға дейін	16,2	16,4	16,6
III топ Қоңыр түсті	Еркек қозылар	Туғаннан 1 айға дейін	5,0	5,1	5,2
		1 - 4,5 айға дейін	16,4	16,6	16,8
	Ұрғашы қозылар	Туғаннан 1 айға дейін	4,9	5,0	5,1
		1 - 4,5 айға дейін	16,2	16,4	16,6

Сонымен бірге, осы кезеңдегі әркелкі жастағы төлдердің тірі салмағының тәуліктік өсімі, туған кезінде 1 айлық жасқа дейінгі көрсеткіш 163,3-176,7г болса, 1 айдан 4,5 айлық жасқа дейін 154,3-163,8г құрады. Еркек қозылардың тірі салмағының тәуліктік өсімі туған кезінен 1 айлық жасқа дейін 166,7-176,7г, 1 айдан 4,5 айлық жасқа дейін 156,2-163,8г құрады. Ұрғашы қозылардың тірі салмағының тәуліктік өсімі туған кезінен 1 айлық жасқа дейін 163,3-173,3г, 1 айдан 4,5 айлық жасқа дейін 154,3-161,9г құрады.

Қорыта айтқанда, қозылардың тірі салмағының абсолюттік өсімі олардың түсіне байланысты бірдей болмады. Төлдердің тірі салмағының абсолюттік өсімі қара түсті қозыларда жоғары болса, бұл көрсеткіш қоңыр түсті төлдерде төмен деңгейде болды. Әркелкі жастағы төлдердің тірі салмағының абсолюттік өсімі олардың жынысына байланысты

өзгеретіні анықталды. Мұнда төлдердің тірі салмағының абсолюттік өсімі еркек жынысты қозыларда жоғары болса, бұл көрсеткіш ұрғашы жынысты төлдерде төмен деңгейде болды.

Әдебиеттер

1. Сартбаева Г. Қаратау сырты-Мойынқұм аймағында (экологиялық) қаракөл қойының генетикалық топтарының кейбір экологиялық-физиологиялық көрсеткіштері. Халықаралық ғыл.-практ.конф.. -Шымкент, 2006. –Б.112-113.
2. Нуркалыкова Б., Ескара М.А. Качество кожно-волосяного покрова линейных животных каракульчевого типа . Материалы IIМеждународной научно-практическая конференция молодых ученых аграриев–Шымкент, 2001. – С.47-48
3. Бердалиева А.М., «Алтын реңді сұр қаракөл қойлары терісінің гистоморфологиялық көрсеткіштері».// Жаршы № 3, Алматы, 2007, Б.56-58

УДК 551.4:571.6
UDC551.4:571.6

ОЦЕНКА ПРИРОДНОГО ПОТЕНЦИАЛА ВОДОСБОРОВ БАССЕЙНА РЕКИ КАРАТАЛ

ASSESSMENT OF THE NATURAL POTENTIAL OF THE KARATAL RIVER BASIN

Оралсынкызы М., Абашев М.М., Ашим А., Каныжан А.
Oralsynkyzy M.,Abashev M.M., Ashim A., Kanyzhan A.
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, г. Шымент, Казахстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Molyy_aa@mail.ru

Түйін

Өзен алабының су жинағыш алабын кешенді үйлестіру кезінде әртүрлі деңгейлік биіктікте орналасқан төрт деңгейден тұратын геоморфологиялық желілеу жүргісін пайдалану керек, яғни элювиалдық су таралатын сызықтағы төбе болып табылады, трансэлювиалдық беткейдің қисық нүктесінедейінгібаурайы, трансаккумулятивтік - беткейдің қисық нүктесінен кейігі баурай, супераквалдық –ойпатты жазықтар. Зерттеу нысаны ретінде 3200-3900 метр биіктіктен су ағыны қалыптасатын Текелі-арық, Чаджа және Қора су арналарынан құрылатын ұзындығы 390 км және жалпы ауданы 19,1 мың. км² су жинағыш алабы алып жататын Қаратал өзені алынған. Каратал өзенінің бойына орналасқан Үштөбе бекетінің көп жылдық мәліметтері бойынша орташа жылдық су өнімі 66,7 м^3/сек немесе 2,1 км^3/жыл және оның жыл ішіндегі су өнімінің ауытқуы өте жоғары, яғни төменгі өнімі 29.99 м^3/сек, ал жоғарғы өнімі 128.24 м^3/сек құрайды. Қаратал өзенінің су жинағыш алабының аймағында жалпы ауданы 47100 мың. км^{2}алатын Алматы облысының төрт ауданы орналасқан және халқының саны 191279 адам. Қаратал өзенінің су жинағыш алабы аймағы таулы, тау етегі, тау етегіндегі жазықтық және жазықтық ландшафттық аймақа бөлінеді және олар ауа жылулығының белсенді жиынтығы ($\sum t,^{o}C$), атмосфералық жауын-шашын (O_C), булану (E_O) және фотосинтетикалық белсенді радиацияның (R)дәрежесі бойынша ерекшеленеді. Қаратал өзені алабының топырақ жүйесі әртүрлігімен ерекшеленеді, ал ол аймақтың климаттық жағдайының біркелкі еместігінен және таулы жазықтықтың бедеріне байланысты.

Abstract

When the complex arrangement of catchment basin approach catenary is the basis of geomorphological schematic catena, which consists of four facies with different altitude interposition. Eluvial facies is a hill in the watershed line, transelyuvialnaya- slope to the inflection point of trans - slope after the inflection point, superakvalnaya- lowland floodplain terraces. The object of study - the Karatal selected catchment basin with a length of 390 km, an area of 19.1 thousand square kilometers, which is formed at the confluence of three rivers, called Flowed-ditch, Chadzha and Cora, the origins of which are located at an altitude of 3200-3900 m According perennial.. observing the annual average water flow in the river Karatal alignment Ushtobe is 66.7 m^3/s, or 2.1 km^3 / year and the deviation of the average long-term flow rate is quite high, as the minimum consumption amount to 29.99 m^3 / s and a maximum 128.24 m^3 / sec. In Karatal catchment basin are four district of Almaty region with a total area of 47,100 km^2 and a population of 191,279 people. In the catchment areas of Karatal river basin stand mountain, foothill, piedmont plains and plains landscape zones, which differ in the sum of active temperatures, precipitation, volatility and photosynthetically active radiation.Pochvenny Karatal river basin cover a large variety of different caused by the climatic heterogeneity of the territory, and the mountain-plain relief.

***Ключевые слова**: бассейн, река, водосбор, цена, пейзаж, площадь, бег, координация, создание сетей, геоморфология, природопользование, течение, вода.*

***Keywords**:swimming pool, river, watershed, evaluation, landscapezone, approach, arrangement, schematization, geomorphological, natural resources, consumption ofwater.*

В настоящее при комплексном обустройствеводосборов речных бассейнов их рассматривают как целостная система, как генетически однородные территории (водосборы) для созданияагроландшафтов, где природопользование оптимизировано на научной основе и увеличение продуктивности земель проводится при сохранении, а в случае необходимости, и при повышении общей экологической устойчивости ландшафтов.

При комплексном обустройстве водосборов бассейна рекикатенарныйподход является основой геоморфологической схематизации катены, который состоит из четырех фаций с разным высотным взаиморасположением. Элювиальная фация представляет возвышенность у водораздельной линии, трансэлювиальная-

склон до точки перегиба, трансаккумулятивная – склон после точки перегиба, супераквальная- низина надпойменных террас. Поймы рек, несмотря на их значимость, в работе не рассматривались. Трансэлювиальная и трансаккумулятивная фации образуют транзитную фацию склона, а супераквальная фация примыкает к водотоку [1].

Объект исследования – выбран водосбор бассейнареки Караталс длиной 390 км, площадью 19,1 тыс. км², который образуется при слиянии трёх речек, называющихся Текли-арык, Чаджа и Кора, истоки которых находятся на высоте 3200-3900 м. Начальные 160 км носит горный характер, из Джунгарского Алатау и ниже слияния Карой и Чиже река выходит на широкую межгорную равнину. Другие притоки - Кара, Теректы, Лаба, Балыкты, Мокур и самая многоводная Коксу. После впадения притока реки Коксу Каратал течет по песчаной пустыне Южного Прибалхашья. На расстоянии 40 км от устья река имеет дельту площадью 860 км^2. По данным многолетних наблюдений среднегодовой расход воды реки Каратал в створе Уштобе составляет 66,7 м^3/с, или 2,1 км^3/год (таблица 1).

Таблица 1- Среднемноголетние расходы реки в бассейне Каратал, м^3/с

Месяцы	Притоки реки Каратал			Каратал	
	Карой	Чиже	Акишке	г. Уштобе	ур. Наймансуек
I	3.07	3.25	0.47	36.6	37.8
II	2.89	3.10	0.53	39.5	39.2
III	3.32	4.02	0.94	62.2	68.6
IV	7.22	12.70	1.66	80.0	88.1
V	15.3	28.10	0.92	103.0	108.0
VI	30.4	32.50	0.47	128.0	130.0
VII	35.2	21.80	0.29	85.9	102.0
VIII	25.7	11.80	0.23	44.0	57.0
IX	9.74	6.63	0.23	36.0	41.0
X	5.12	5.61	0.32	51.2	55.0
XI	4.09	4.53	0.57	54.5	59.0
XII	3.36	3.79	0.64	44.4	47.5
Годовой	12.1	11.5	0.61	63.78	69.43

Как видно из таблицы 1, среднемесячный максимальный расход наблюдается в мае, июне и июле месяцы, а минимальный –в декабре, январе, феврале и марте месяцы, то есть нормы водопотребности народного хозяйства и формирования стока реки Каратал синхронная и, следовательно, необходимость зарегулирования стока не потребовалось.С другой стороны, сток рекиизменяется не только внутри года,но также и в многолетнем разрезе (таблица 2).

Таблица 2- Изменение среднегодового расхода реки Каратал (расчетный период 1981-1990 гг.)

Гидропост	Годы									
	1981	1982	1983	1984	1985	1986	1987	1988	1989	1990
г. Уштобе	54.97	34.99	29.99	39.52	66.86	43.25	87.72	128.24	46.85	76.88
ур. Наймансуек	61.04	37.84	36.88	48.97	74.52	56.48	92.21	127.65	55.70	85.34

Таким образом, отклонение среднемноголетнего значения расхода достаточно высокое, так как минимальный расход составляет 29.99 м^3/с, а максимальный - 128.24 м^3/с.

В водосборном бассейне реки Каратал расположены четыре районаАлматинской области с общей площадью 47100 тыс.км^2 и населением 191279 человек (таблица 3).

Для геоморфологического анализа и морфометрической схематизации водосборов бассейна реки Каратал использованы геосистемный и катенарный подходы, опирающиеся на геосистемный (ландшафтный) подход.

Основные цели и функции обустройства речных водосборов разработаны А.И. Голованoвым [2], где водосборы рассматриваются как особым образом объединенные по принципу единства гидрогеохимических потоков геосистемы, выполняющие важные средообразующие или экологические функции и являющиеся пространственным базисом для природопользования.

Таблица 3 – Административное деление бассейна реки Каратал

Район	Площадь		Население		
	тыс.км^2	%	человек	км^2/чел	%
Ескельдинский	4300	9.1	50436	85.25	26.4
Караталский	24200	51.3	48663	497.30	25.4
Кербулакский	11500	24.4	51894	221.60	27.1
Коксуский	7100	15.2	40286	176.24	21.1
Итого	47100	100	191279	246.23	100

Систематизация водосборов бассейна реки Каратал выполнена на основе методологии географического подхода в мелиорации, то есть рассмотрение необходимости мелиорации больших территорий с учетом географических показателей. С этой целью проведен анализ и разработаны классификации водосборов по природно-климатическим и физико-географическим показателям.В этой связи становится необходимым геоморфологическое исследование

территории ландшафтных провинций и районов, определение таких морфологических показателей рельефа, как горизонтальная и вертикальная расчлененность.

Горизонтальная расчлененность – это характерное расстояние между расчленяющими линиями, например, между постоянными и временными водотоками. В вертикальном направлении необходимо было оценить характерное для каждого рассматриваемого физико-географического района высотное расположение элементарных ландшафтов, то есть вертикальную расчлененность рельефа первичными постоянными и временными водотоками (глубину расчленения), под которой понимается характерное превышение местных водоразделов над берегами примыкающих водотоков (рисунок 1).



Рисунок1- Геоморфологическая схематизация ландшафтной катены (B - ширина ландшафтной катены; B_{ca} , B_{ma} , $B_{mЭ}$, $B_Э$ - протяженности соответственно супераквального, трансаккумулятивного, трансэлювиального и элювиального элементарных ландшафтов; Δ_{ca} и $\Delta_Э$ - перепады высот соответственно супераквального и элювиального элементарных ландшафтов; 1, 2, 3, 4, 5 – характерные точки) [2]

Геоморфологическая схематизация водосбора бассейна реки Каратал произведена на основе методологического подхода А.И. Голованова (рисунок 1)[2] и обусловлена литологической основой и положением, которые характеризуются неоднородностью в гидрологическом режиме, в особенностях формирования почвенно-растительного покрова в пределах экосистем ее притоков, которые зависят от природно-климатических условий региона. На территории водосборов бассейна реки Каратал выделяются горная, предгорная, предгорная равнинная и равнинная ландшафтные зоны, которые отличаются суммой биологически активных температур ($\sum t,^{o}C$), атмосферных осадков(O_c), испаряемостью (E_o) и фотосинтетически активной радиацией (R) (таблица 4):

1. Очень-сухая зона (супераквальная фация), где гидротермический коэффициент ($ГТК = O_c / \sum t$), характеризующийвлаго- и теплообеспеченность - 0.20-0.30, с суммой температуры воздуха выше 10° равной 3200-3500°С.

2. Сухая умеренная зона (трансакумулятивная фация), где гидротермический коэффициент ($ГТК$) – 0.30-0.50 с суммой температуры воздуха выше 10° равной 3200-3500°С.

3. Очень засушливая, предгорная зона (трансэлювиальная фация) с гидротермическим коэффициентом ($ГТК$) – 0.50-0.70 и суммой температуры выше 10° равной 2800-3200°С.

4. Горный район Джунгарского Алатау (элювиальная фация), где гидротермический коэффициент ($ГТК$) <0.70 с суммой температуры воздуха выше 10° меньше 2800°С.

Таблица 4. Физико-географическое районирование бассейна реки Каратал

Метеостанция	H , м	Природно-климатический район по фациям водосборов рек	Показатели физико-географического районирования			
			O_c , мм	$\sum t^{o}C$	E_o , мм	R ,кДж/см^2
Горный класс ландшафтов или элювиальная фация($B_Э$)						
Кугалы	1365	горная	350	2250	675	149.0
Кос-Агаш		горная	345	2300	690	150.8
Предгорный подкласс ландшафтов или трансэлювиальнаяфация($B_{mЭ}$)						
Сарыозек	948	предгорная	270	3000	900	175.9
Талдыкурган	602	предгорная	230	3100	930	179.5
Предгорный равнинный подкласс ландшафтов или трансакумулятивнаяфация (B_{ma})						
Уштобе	428	предгорно-равнинная	212	3180	954	182.4
Равнинный класс ландшафтов или супераквальная фация (B_{ca})						
Найменсуек	349	равнинная	195	3200	960	183.0

На основе таблицы 4, разработана Геоморфологическая схематизация водосбора бассейна реки Каратал от элювиальной до субаквальной фации,где высота расположения их постепенно уменьшается, что дает возможность на основании их производить геоморфологическую схематизацию ландшафтных катен водосбора (таблица 5).

Таблица 5-Геоморфологическая схематизация ландшафтныхкатен водосбора бассейна реки Каратал

Природно-климатические зоны		Геоморфологическийпоказатель (абсолютная высота поверхности земли, м)
класс ландшафтов	фация	
Горная	Элювиальная	<1400
Предгорная	Трансэлювиальная	600-1400
Предгорная равнинная	Трансаккумулятивная	450-600
Равнинная	Супераквальная	>450

Как видно из таблиц 2 и 3, приведённая классификацияводосборов бассейна реки Каратал в целом совпадаетс природно-климатическим и ландшафтным районированием, то есть первая классификация опирается на относительные значения (например: степень увлажнения), а вторая – на абсолютные значения (например: рельеф местности). В силу этого наблюдаются небольшие несоответствия между классификациями и необходимо определиться с основной классификацией[3-6].

Почвенный покров бассейна реки Каратал отличается большим разнообразием, обусловленным климатической неоднородностью территории и горно-равнинным рельефом.

Природно-климатические показатели водосборов характеризуются: гидротермическим коэффициентом ($ГТК = 10 \cdot O_c / \sum t$), показателем увлажнения ($M_d = O_c / \sum d$), коэффициентом увлажнения ($K_y = O_c / E_o$), оценкой увлажнения ($K_o = O_c / 0.18 \sum t$), индексом сухости ($\overline{R} = R / LO_c$), биолого-климатической продуктивностью ($БКП = K_y (\sum t / 1000)$) (таблица 4).

Таблица 4 -Гидролого-климатическая оценка тепло-и влагообеспеченности бассейна реки Каратал

Метеостанция	H , м	Среднегодовые за многолетний период					
		$\overline{R}$	$ГТК$	$БКП$	K_y	M_d	K_o
Горный класс ландшафтов или элювиальная фация($B_э$)							
Кугалы	1365	1.71	1.55	1.17	0.52	0.465	0.86
Кос-Агаш	1300	1.75	1.50	1.15	0.50	0.450	0.83
Предгорный подкласс ландшафтов или трансэлювиальнаяфация($B_{mэ}$)							
Сарыозек	948	2.50	0.9	0.90	0.30	0.270	0.50
Талдыкурган	602	3.12	0.7	0.78	0.25	0.210	0.43
Предгорный равнинный подкласс ландшафтов или трансакумулятивнаяфация (B_{ma})							
Уштобе	428	3.44	0.7	0.70	0.22	0.210	0.37
Равнинный класс ландшафтов или супераквальная фация (B_{ca})							
Найменсуек	349	3.75	0.6	0.64	0.20	0.180	0.34

Как видно из таблицы 4, бассейн реки Каратал имеет достаточно высокую теплообеспеченность, так как $ГТК$ =0.60-1.55 и $\overline{R}$ =1.71-3.75 достаточно высокие. Однако, влагообеспеченность бассейна очень низкая (K_y =0.20-0.52), что определяет особенность формирования и функционирования ландшафтных систем.

Для комплексного обустройства больше подходит классификация по природно-климатическим показателям, объединяющая водосборы и их катены в однотипные ландшафтные группы по наиболее значимым показателям по тепловлагообеспеченности [5-6]. Согласно этой классификации необходимо выполнять обоснование мелиорации сельскохозяйственных земель и оптимизацию инфраструктуры водосборов при их комплексном обустройстве бассейна реки Каратал.

Литература

1. Хафизов А.Р., Хазипова А.Ф., Шакиров А.В. Геоморфологический анализ равнинных водосборов Западного Башкортостана при их комплексном обустройстве // Проблемы региональной экологии.- М., 2009.-№5.- С. 125-129.
2. Голованов А. И., СухаревЮ. И., Шабанов В. В. Комплексное обустройство территорий - дальнейший этап мелиорации земель // Мелиорация и водное хозяйство.- 2006. -№2.-С.25-31.
3. Айдаров, И. П. Комплексное обустройство земель. -М.: МГУП, 2007.-208 с.
4. Брудастов А. Д. Осушение минеральных и болотных земель. -М.:Сельхозгиз, 1934. - 433 с.
5. Голованов, А. И. Мелиорация ландшафтов //Мелиорация и водное хозяйство.- 1993.- №3.-С.6-8.
6. Мустафаев Ж.С., Козыкеева А.Т., Жанымхан К. Геоморфологический анализ водосборов бассейна реки Каратал// Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 85-летию Казахского

национального аграрного универсиета /«Новая стратегия научно-образовательных приоритетов в контексте развития АПК».- Алматы, 2015.- том IV.- С. 34-38.

References

1. Hafiz AR Hazipova AF, Shakirov A. Geomorphological analysis lowland catchments of the Western Bashkortostan at their complex arrangement // Problems of regional ecology. - M., 2009.- №5. - S. 125-129.
2. Golovanov AI YI Sukharev, VV Shabanov B. Comprehensive regional planning - a further stage of land reclamation // Irrigation and Water hozyaystvo.- 2006. - №2. - S.25-31.
3. Aydarov, IP Complex arrangement of land. -M .: MGUP, 2007.- 208 p.
4. Brudastov AD Drainage mineral and bog land. -M: Sel'khozgiz, 1934. - 433 p..
5. Golovanov AI reclamation landscapes // Irrigation and Water hozyaystvo.- 1993.- №3.-S.6-8.
6. JS Mustafayev, Kozykeeva AT, Zhanymhan K. geomorphological analysis of the catchment basin of the river Karatal // Proceedings of the international scientific-practical conference dedicated to the 85th anniversary of the Kazakh National Agrarian universieta / "The new strategy of research and educational priorities in the context of agribusiness development ".- Almaty, 2015.- that IV.- S. 34-38.

УДК: 541.18
UDK**:** 541.18

СУДЫ ТАЗАРТУ МЕН ЗАЛАЛСАЗДАНДЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

TECHNOLOGIES USED IN WATER TREATMENT AND DISINFECTION

Байжанова А.Н., Онгарова А.Х., Мирзахмет А.
Bayzhanova A.N., Ongarova A.H., Mirzahmetova A.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
aikajan_@mail.ru

Резюме

Гигиеналық зерттеудің маңызды бағыты болып су факторының тұрғындардың денсаулығына және тіршілігінің санитарлық жағдайына әсерін зерттеу саналады. ҚР медицина қызметінің осы бағытының өзектілігі шөлді климаттық жағдайда тұщы судың тапшылығымен, топырақтың тұздылығымен және ерекше құрамымен туындаған. Кейбір облыстарда орталықтанған сумен қамтамасыз етудің негізгі көздері ретінде сапасы нашар, жер бетінің жоғарғы қабатындағы су қоймалары қолданылады. Өзен суының көлемі бойынша Қазақстан біздің планетамыздың сумен ең аз қамтамасыз етілген елдердінің қатарына жатады. Қазақстанның жер бетінің жоғарғы қабатындағы су қоры орташа есеппен 100,5 км^3 құрайды, оның тек 56,5км^3 ғана республиканың территориясында құралады, ал қалған көлемі Орталық-Азиялық республикалардан (Сырдарья, Талас), Ресей Федерациясынан (Тобол, Урал) және Қытайдан (Ертіс) түседі. Тұщы сумен оңтүстік облыстар және Шығыс Қазақстан неғұрлым көп қамтамасыз етілген, олар негізінен жер асты суларын пайдаланады, ал Орталық Қазақстанда судың тапшылығы байқалады. Батыс Қазақстанның жер асты суларының көпшілігі жоғары минералданғандықтан оларды шаруашылық-ауыз су қажетіне тек тұщыландырудан кейін ғана қолдануға болады. Солтүстік Қазақстан жер асты суларымен қамтамасыз етілуі бойынша қолайсыз жағдайда, тек кейбір елді мекендер жер асты суларымен толық қамтамасыз етілген.

Abstract

An important area of hygienic research is the study of the impact of water on the health and sanitation of the population. The urgency of this area of medical activity in the Republic of Kazakhstan is due to the shortage of fresh water, salinity and special composition of the soil in the desert climate. In some areas, the main sources of centralized water supply are reservoirs of poor quality, the upper surface. In terms of river water, Kazakhstan is one of the least water-supplied countries on the planet. Due to the high mineralization of most groundwater in Western Kazakhstan, they can be used for domestic and drinking water only after desalination. In terms of groundwater supply in North Kazakhstan, only some settlements are fully supplied with groundwater.The average surface water resources of Kazakhstan is 100.5 km3, of which only 56.5 km3 is formed in the territory of the republic, and the remaining volume is from the Central Asian republics (Syrdarya, Talas), the Russian Federation (Tobol, Ural) and China (Irtysh). falls. The southern regions and East Kazakhstan have the largest supply of fresh water, they use mainly groundwater, and Central Kazakhstan has a shortage of water.

Кілттік сөздер: *су, гигиена, су тұтыну нормативі, топырақ, тұз, шөл, аймақ*
Keywords: *water, hygiene, water consumption standards, soil, salt, desert, area*

Адам денесінің 65% судан тұрады. Суды 10% дейін жоғалтса ағзада әлсіздік, мазасыздық, қол-аяқтардың дірілдеуі байқалады. Жануарларға жүргізілген сынақтарда суды 20-22% жоғалту оларды өлім жағдайына әкелетіні дәлелденген. Осының бәрі ағзада қан жасау, ас қорыту, несеп бөлу, синтездік процесстер және барлық зат алмасу реакциялары тек су ортасында өтетіндігімен түсіндіріледі.

Қалыпты қоңыржай климаттық жағдайда денеге күш түспеген кезде адам тәулігіне 1,5 л су жоғалтады (яғни сонша тұтынады). Су тұтыну деңгейіне табиғи (ауаның температурасы және ылғалдылығы, инсоляция, жел) және әлеуметтік (еңбек жағдайлары) факторлар әсер етеді. Қоңыржай климаттық жағдайда орташа ауырлықтағы физикалық жұмыс кезінде тәулігіне 4 литр су, ал ыстық климаттық жағдайда осындай жұмысты орындауда тәулігіне – 5л су қажет.

Ерекше жағдайларда (шөлді жер аймағында немесе ыстық цехтарда жұмыс істеуде) адамның суға қажеттілігі тәулігіне 11л дейін жетуі мүмкін. Бірақ, судың гигиеналық маңызы оның физиологиялық рөлімен ғана шектелмейеді. Су тұрғындардың санитарлық және шаруашылық-тұрмыстық қажеттеріне өте көп мөлшерде қажет. Суды жеткілікті мөлшерде қолдану гигиеналық машықтарды дамытуына ықпал етеді (өзінің денесін, тұрмыстық бұйымдарды таза ұстауына т.б.).

Емдеу- алдын алу мекемелерінің санитарлық жағдайы суды қолдану мөлшеріне тікелей байланысты болады. Дұрыс ұйымдастырылған орталықтанған сумен қамтамасыз ету аурухана ішілік жұқпалардың алдын алуының маңызды шарты болып келеді.

Тәулігіне бір адамға қажетті судың көлемі осы жергілікті жердің климатына, тұрғындардың мәдени деңгейіне, қаланың көркейтілу дәрежесіне және тұрғын фондысына байланысты. Осының негізінде ҚНжЕ нормативтік құжатта бекітілген, онда бір адамға келетін шаруашылық-ауыз суды тұтыну мөлшерлері белгіленген (1 кесте).

1 кесте. Елді мекендер үшін шаруашылық-ауыз суды қолданудың қалыпты мөлшері

Тұрғын аудандардың көркейтілу дәрежесі	Бір адамға орташа тәуліктік суды бір жылға тұтыну мөлшері, л/тәулік
Ішкі су құбырымен және канализациямен жабдықталған, бірақ ваннасы жоқ ғимараттар үшін	125-160
Сондай, бірақ ваннасы және жергілікті су жылытқышы бар ғимараттар үшін	160-230
Сондай, бірақ орталықтанған ыстық сумен қамтамасыз етілген ғимараттар үшін	250-350

Ауыз судың сапасына қойылатын маңызды талаптардың бірі болып оның эпидемиологиялық түрғыдан қауіпсіздігі саналады, ол жалпы бактериялдық ластану дәрежесімен, ішек таяқшасы тобындағы бактериялардың және колифагтардың болуымен анықталады.

ДЖДҰ мәліметтері боынша, ауыз су сапасының төмен болуынан жыл сайын әлемде 5 млн адам қаза болады, олардың ішінде 3,2 млн балалар - диареялық аурулардан. Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттықты сипаттаушы маңызды факторлардың қатарына халықты сапалы сумен қамтамасыз ету жатады. Орталықтанған сумен қамтамасызету тұрғындардың санитарлық-мәдени деңгейінің күрт көтерілуіне және, сонымен қатар аурудың азаюына мүмкіндік береді. Жұқпалы аурулардың таралуындағы су факторының рөлі көне ежелден белгілі. Тіпті, өз уақытында Гиппократ аурулар жұғуының алдын алу үшін қайнатылған суды ішу керектігін ұсынған. Ішек жұқпаларының эпидемиологиясындағы су факторының орасаң маңызы франция ғалымы Л. Пастермен дәлелденген, ол суда болатын адам үшін қауіпті микробтардың көптеген санын анықтаған, ал неміс ғалымы Р. Кох Индияда суды сақтау резервуарларында тырысқақ вибрионын тапқан.

Су қоймаларына ластар өзен кемелерінен, өзеннің жағаларынан, кір жууда, мал суаруда, жауын немесе қардың еру кезеңдерінде топырақтың бетінен түсуі мүмкін.

Грунт суларының ластануы, топырақ арқылы жер асты су горизонтына құдықта жақын жерде орналасқан әжетханалардағы, ластарды төгу шұңқырларындағы ластардың өтуінде жүреді.

Жер асты және жердің беткергі қабатындағы су көздерінің микробтық ластануы оларға тазаланбаған немесе нашар тазаланған тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдық суларды ағызуда, өзімен бірге улы химикаттарды және тыңайтқыштарды әкелуші ауыл шаруашылық аймақтарынан ағатын жердің беткі қабаты суларының, ірі мал шаруашылық кешендерінің қалдық суларының түсуінде жүреді.

Жұқпалардың су арқылы таралуының үлкен эпидемиологиялық маңызы бар. Су көптеген микробтар, вирустар, қарапайымдылар, гельминттер үшін қолайлы орта болып келеді. Су жолымен ішек жұқпаларының (тырысқақ, іш сүзегі, паратифтер, бактериялық және амёбалық дизентерия), зооноздық жұқпалардың (лептоспироздар, туляремия, бруцеллёз, Ку-қызбасы) және вирустық аурулардың (Боткин ауруы, полиомиелит, Коксаки А, В, ЕСНО, аденовирустар, ротавирустар) қоздырғыштары, сондай-ақ аскаридоз, трихоцефалез, анкилостомидоз, шистосомоз ауруларын тудырушы гельминттер және т.б. таралады.

Науқастардың және бактерия тасушылардың нәжістерімен бірге шығарылатын жұқпалы ауру қоздырғыштарының су қоймаларына түсуінің үлкен маңызы бар. Үлкен эпидемиологиялық қауіпті жұқпалы ауруханалардың, сондай-ақ балалар мекемелерінің қалдық сулары тудырады. Жедел ішек ауруларының қоздырғыштары жердің беткергі қабатындағы су қоймаларында және құдық суларында бірнеше айлап тіршілігін сақтай алады. Сондықтан, жұқпалы аурулардың алдын алу үшін тұрғындарды сапалы ауыз сумен және қажетті көлемде қамтамасыз ету қажет.

Судың еріткіштік қасиеті зор болғандықтан, оның құрамында ондаған мың химиялық заттар болуы мүмкін. Барлық тірі ағзалардың 99%, табиғатта неғұрлым кең тараған 12 элементтерден тұрады (сутегі, оттегі, азот, көміртегі, фосфор, кремний, натрий, калий, кальций, магний, хлор және күкірт). Ал қалған бөлігі сирек кездесетін элементтердің (микроэлементтердің) үлесіне келеді. Ағзада олардың шамамен 70 анықталған. Микроэлементтер деп - ағзада өте аз мөлшерде, 10^{-3}-10^{-12} % шамасында ғана болатын химиялық заттар тобын атайды.

Микроэлементтердің жер қыртысындағы мөлшері ондаған-жүздеген есе өзгеше болуы мүмкін, ол эндемиялық аурулардың пайда болуына келтіреді. Суда фтордың шамадан артық мөлшерде болуында флюороз ауруы - тістердің дақтануының дамуына, соңынан олардың үгітілуіне келтіреді. Суда фтордың аз шамада болуында тістердің кариесін, және де ағзаның өсуінің баяулануын тудырады.

Сонымен, басқа да өлкелік патология – эндемиялық зоб жақсы мәлім, оның дамуы қоршаған ортада йодтың жетіспеушілігімен байланысты. Эндемиялық зобтың дамуына басқа микроэлементтердің үлкен тобы (марганец, мыс, темір, кобальт т.б.) әсерін тигізеді, осылардың дисбалансы йодтың жетіспеушілігін ұлғайтады.

Ауыз суда нитраттардың көп шамада болуы құрамында азот бар минералдық тыңайтқыштарды көп қолдануымен байланысты, ауыз судағы нитраттардың спецификалық әсері болып гипоксияға келтіруші метгемоглобинемияның дамуы саналады. Ол құрамында нитраттары көп суда дайындаған нәрлі қоспалармен бір жасқа дейінгі балаларды жасанды тамақтандыруда дамиды және ерекше ауыр өтеді. Бұл ауру қанда метгемоглобиннің жоғары шамада болуымен туындап, өкпелерден ағзанаң тіндеріне оттегінің тасымалдануын бұзады. Бір жасқа дейінгі балаларда су-нитраттық метгемоглобинемия жағдайында диспепсия, ентігу, тері мен шырышты қабықтардың көгеруі (цианоз) байқалады, ал ауыр жағдайларда – дененің, қол-аяқтардың тартылуына және өлімге келтіреді. Жасы үлкен балаларда және ересектерде, әсіресе анемия немесе жүрек ауруларымен зардап шегуші адамдарда нитраты көп суды ішуде гипоксия құбылысы арта түседі.

Судың минералдануымен, оның кермектігімен және жүрек-тамыр, жүйке жүйесі ауруларының арасындағы тығыз байланысы анықталған. Бұл ауруларды аз минералданған суларда магний мен кальцийдің тапшылығымен байланыстырып отыр. Магний жүрек бұлшық етінің жиырылуына, бұлшық еттің ферментативтік процесстерін реттеуге қажет. Кальцийдің жетіспеушілігі су , тұз алмасуының, ақуыз алмасуының, бауыр қызметінің бұзылуын тудырады.

Судың кермектілігі жоғары болғанда тұрғындардың арасында зәр бөлу жолдарының және өт жолдарының тас аурулары көп кездесетін эндемиялық аудандар пайда болады. Бұл аудандарда әйелдерің бала көтеру қызметінің бұзылуы, жүктіліктің және босанудың бұзылыстары, ұрықтың және нәрестенің даму бұзылыстары байқалады. Гинекологиялық аурулар осындай суды түтыну ұзақтығына тікелей байланысты болады.

Мыс қанның бірқатар тотықтырушы ферменттерінің белсенділігін, бауырда және бүйректерде ақуыздың, липидтердің және көмірсулардың алмасуын бұзады. Салыстырмалы шамалы мөлшердің өзінде де мыстың эмбриотоксиндік, әсіресе ұрық дамуының алғашқы кезеңдерінде маңызды әсер беру қабілеті бар.

Мырыштың шамадан артық түсуі шеткергі қанның морфологиялық құрамының, бауырдың антитоксиндік қызметінің бұзылуына келтіреді.

Марганец эндокриндік жүйеге, қан айналым жүйесіне және қанжасау мүшелеріне кері әсерін тигізеді. Марганецтің ағзаға шамадан артық түсуі оның өсу процессін біршама тежейді, бірқатар ферменттердің белсендігін өзгертеді. Суда салыстырмалы шамалы концентрацияда оның репродуктивтік қызметіне әсері байқалады.

Адам үшін қорғасын және сынап сияқты жоғары уытты элементтердің маңызы зор, олардың қоршаған ортадағы концентрациясы ұдайы өсе түсуде. Қорғасынның негізгі ластаушы көздері болып өнеркәсіптер және автокөліктер саналады. Судағы қорғасынның жоғары концентрациясы ағзаның өсуін, шартты-рефлекторлық қызметін бұзады, бірқатар ферменттердің белсендігін жоғарылатады. Анемия пайда болады, жүйкелік ауытқулар байқалады.

Су қоймаларының сынаппен ластануы сынап өндіруші кәсіпорындарынан және өнеркәсіптік нысандардан жүреді. Сынаптық жүктеме жоғары болған адамдарда Минамат ауруы дамиды, бұл ауру алғашқы рет Жапонияда балықшыларда анықталған. Ол өкпелер мен ас қорыту мүшелерінің ойық жара-некроздық аурулардың өріс алуымен, эндокриндік және психикалық ауытқулармен байқалады. Осыған сәйкес сынаптың жердің беткергі қабатының су қоймаларына түсуі неғұрлым қауіпті келеді, бұл қауіпті жағдай Теміртау қаласында «Карбид» АҚ қалдық суларының Нұра өзеніне түсуінде орын алды.

Кадмий адам ағзасына ұзақ әсер етуінде Итай-Итай ауруын тудырады. Мұнда жоғарғы тыныс жолдары, өкпелер, бауыр, бүйректер зақымдалады. Нәрестелерде сүйек қаңқасының өзгеруі, бет әлпеті құрылымының ауытқулары т .б. байқалады.

Сумен канцерогендік қасиеттері бар қауіпті полихлорлы бифенилдердің шамадан артық түсуі, 1968 ж алғашқы рет Жапонияда ашылған майлы ауруының (ЮШО ауруы) дамуына келтіреді.

Әдебиеттер

1. Ласков Ю.М. Примеры и расчеты очистных сооружений.М.:Стройиздат.2008
2. Л.С.Алексеев Контроль качества воды: Учебник.-3-еизд.,перераб.и доп.-М.:ИНФРА-М,2017. 154 с.
3. Когоновский А.М., Клименко Н.А., Левченок Т.М. Очистка и использование сточных вод в промышленном водоснабжении. М.Химия,2011
4. Никаноров А.М., Хоружая Т.А. Глобальная экология: Уч.пособие М: «Изд.ПРИОР» 2012.286с.
5. Аскарова У.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. Алматы.2004
6. Кульский Л.А., Строкая П.П. Технология очистки природных вод.-К:Головн.из-во С.2010.532

References

1. Ласков Ю.М. Примеры и расчеты очистных сооружений.М.:Стройиздат.2008
2. Л.С.Алексеев Контроль качества воды: Учебник.-3-еизд.,перераб.и доп.-М.:ИНФРА-М,2017. 154 с.
3. Когоновский А.М., Клименко Н.А., Левченок Т.М. Очистка и использование сточных вод в промышленном водоснабжении. М.Химия,2011
4. Никаноров А.М., Хоружая Т.А. Глобальная экология: Уч.пособие М: «Изд.ПРИОР» 2012.286с.
5. Аскарова У.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. Алматы.2004
6. Кульский Л.А., Строкая П.П. Технология очистки природных вод.-К:Головн.из-во С.2010.532

ӘОЖ 581.44.
UDC 581.44.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ӨСІРУ АГРОТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

FEATURES OF AGROTECHNOLOGY OF GROWING MEDICINAL PLANTS IN SOUTH KAZAKHSTAN

Батыр Э.Е., Елибаева Г.И.
Batyr E. E., Yelibaeva G. I.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

Дәрілік өсімдіктер (лат. Plantae medicinalis) , шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады.Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні көбінесе жабайы өсімдіктерден алады . Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады. Көптеген өсімдіктердің емдік қасиеттері бар. Оларды дәрілік өсімдіктер дейді. Осы заманғы кейбір ең таңдаулы дәрілер жабайы шөптерден жасалған. Соған қарамастан адамдар пайдаланып жүрген дәрілік шөптердің бәрі бірдей медициналық тұрғыдан өз бағасын алған жоқ, ал ондай шөп қолында барлар кебіне оны қате пайдаланады. Кейбір дәрілік шөптер, егер оларды ұсынылғанынан артық мөлшерде қабылдаған жағдайда, өте улы келеді. Бұл орайда, осы заманғы дәрілер әлдеқайда қауіпсіз, себебі олардың мөлшерін оңай анықтауға болады.

Abstract

Medicinal plants (lat. Plantae medicinalis), medicinal plants - plants used in medicine and veterinary medicine for the treatment and prevention of disease. The healing properties of the herbs are due to the fact that they contain various chemical compounds, such as steroids, triterpene, alkaloids and glycosides, vitamins, essential oils and binders. Five hundred species of more than six thousand species of plants growing in Kazakhstan are medicinal plants. Medicinal plants used as raw materials for the preparation of medicines are selected separately. Medicines are often obtained from wild plants. Medicinal plants include dried herbs, tinctures, decoctions, teas, powders, etc. used in the form of. Medicinal plants used as raw materials for the preparation of medicines are selected separately. The medicine is usually obtained from wild plants. Many plants have healing properties. They are called medicinal plants. Some of the best modern medicines are made from wild herbs. However, not all the herbs that people use have the same medical value, and those who have them use them incorrectly. Some herbs are very toxic if taken in excess. At the same time, modern drugs are much safer because their dosage can be easily determined

Кілттік сөздер: *дәрілік өсімдік, декоративті, фармацевтикалық, перспективалы, мысық тамыр, тәжірибе, танап, бақылау, биология, өңдеу.*

Keywords: *medicinal plant, decorative, pharmaceutical, promising, cat root, experience, field, control, biology, processing.*

Түркістан облысы жалпы республикада дәрілік және декоративті өсімдіктердің шикізаты бойынша мықты база болып табылады. Дәрілік және декоративті өсімдіктердің генофондын жасау жұмыстары Оңтүстік Қазақстанда 90-жылдардың соңында басталған. Өткен уақыт аралықта дәрілік және декоративті өсімдіктердің әртүрлі флористік аймақтарда 154 түрі зерттелген.Қәзіргі заманда дәрілік және декоративті өсімдіктерді жинау, сақтау, зерттеу, дүние жүзінде көптеген елдерде маңызды ұлттық және ұлттар аралық бағыттарда қарастырылады, бұл фармацевтикалық индустрияның және халық мекендейтін ортаны сауығудың экологиялық аспектілердің дамуының табысының негізі болып келеді.Дүниежүзілік Денсаулық Ұйымының (ВОЗ) болжамы бойынша келесі он жылдықта дәрілердің жалпы көлемінде фитопрепараттардың бөлігі 60% құрайды. Республикадағы дәрі-дәрмектің қажеттілігін отандық өндірістер тек 6% ғана қанағаттандыра алады. Осыған байланысты фармацевтикалық өндірістің дамуы перспективты дәрілік және декоративті өсімдіктерді топырақты-климатикалық аймақтарға енгізуде және олардың биологиялық, экологиялық ерекшеліктерін зерттеуде негізделуі керек[1].

Тәжірибедегі жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес дәрілік өсімдік мысық тамырды өсірудің агротехнологиялық ерекшеліктерін, биологиясы және пайдалы-шаруашылық құндылығын зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу жұмыстарының тақырыбына сай,зерттеу зерзатына дәрілік өсімдіктер алынды. Жалпы қолданыстағы әдістемелер қолданылды. Зерттеудің әдістемелеріне байланысты 4 танаптық және 2 зертханалық тәжірибелер қойылды.1-танаптық тәжірибе дәрілік өсімдіктерді көбейту тәсілінің тиімдісін анықтау үшін жасалды. Танаптық тәжірибе 3 қайталаулы рендомизация тәсілімен орналастырылды. Тәжірибе қойылған танап ауданы 0,15га, мөлдектің есепке алынатын аудан мөлшері 120м^2 болды .2-танаптық тәжірибе дәрілік шөптердің көшеттерін отырғызудың қолайлы мерзімін және тиімді қорекгену алаңын анықгау үшін жүргізілді. 2 факторлы танаптық тәжірибе 3 қайталаулы мөлдектерді бөлшектеп орналастыру әдісі қолданылды. Тәжірибе жүргізілетін танаптың ауданы- 0,35 га, мөлдектің есепке алынатын ауданы-50м^{2,} 3-танаптық тәжірибе дәрілік өсімдіктердің көшетін дайындау үшін оның себу мерзімін және мөлшерін анықтау мақсатында жүргізілді. Танаптық тәжірибе 3 қайталаулы мөлдектердің ыдырау әдісімен

орналастырылды. Тәжірибе қойылған танаптың ауданы 100м^2. Мөлдектің есепке алынатын ауданы 3м^2. 4-танаптық тәжірибе дәрілік өсімдіктердің тамырын жинаудың оңтайлы мерзімін анықтау үшін жүргізілді. Танаптық тәжірибе 3 қайталаулы рендомизация тәсілімен орналастырылды. Тәжірибе қойылған танаптың ауданы 0,35 га.Тұқымның егістік өнгіштігі 1 құма метрде себілген дәні мен шыққан өскіндердің санын салыстыру арқылы анықталды.Өсімдіктердің өсіп-даму кезеңдері И.Н.Бейдеман тәсіліне сәйкес жүргізілді [2].Бақылау мәліметтерінің статистикалық өңдеуі Б.А.Доспеховтың математикалық талдау әдісі бойынша есептелінді [3]

Дәрілік өсімдіктер үшін ең жақсы алғы дақыл – астық немесе сүрлемдік дақылдар. Топырақтағы тамыр өнімінің сапасын төмендететіндіктен дәнді-бұршақты дақылдардан кейінгі екінші жылы ғана орналастыру керек. Оңтүстік Қазақстан жағдайында дәрілік өсімдік мысық тамырдың өсіп-өнуі мен дамуына ықпал ететін факторлар бірі-себу мерзімі, себудың қолайлы мерзімі, егу мөлшері сияқты агротехнологиясын кеңінен зерттеу үшін тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Дәрілік мысық тамырдан жоғары сапалы мол өнім алуда көшет дайындау жұмыстарының ерекше маңызы бар.Қазақстанның оңтүстік өңірі үшін оңтайлы көшет отырғызу қазан айының алғашқы онкүндігі екендігін ескере отырып осы мерзімге дейін отырғызуға жарамды көшет дайындау үшін оның тұқымын себу мерзімін анықтауда шілде айының соңы мен тамыз айы алынды. Оңтүстік Қазақстан өңірінде дәрілік мысық тамыртің қолайлы көбейту жолы – көшетінен көбейту. Көшетті дайындау үшін жаңадан жиналған тұқымды тамыз айының алғашқы онкүндігінде себеді. Қатар аралықтары 10-12 шаршы алаңға 1,5-2,0 г тұқым қажет. Тұқым сепкен соң танаптың бетін 1-2 см қалыңдықта көңмен жабады. 1 гектарға қажетті көшет дайындау үшін 100-150 шаршы метр көшет алаңы керек. Мол өнім алу үшін көшетті күзде (қазан айының екінші жартысында) немесе ерте көктемде 70 х 20 не 70 х 25 қоректену алаңына отырғызған өте тиімді. Күтіп-баптау жұмыстары топырақ ылғалдылығын бір қалыпты сақтауды (өсіп-жетілу кезінде 6-8 рет суару қажет), танаптың арамшөптерден таза, топырақтың физикалық құрамының өсімдік үшін қолайлы болуын (2 рет қопсыту) және үстеп қоректендіруді қамтамасыз ету керек.

Дәрілік мысық тамырті көлемді егіс алқабына еккенде 1 га жерге 3-4 кг тұқым себіледі. Себу үшін көкөніс сепкішін қолдануға болады.

Негізгі өңдеу (аудара жырту 28-32 см) жұмыстары себуден 25-30 күн бұрын жүргізілуі керек. Тұқым топырақтың қатты беткі қабатына түсу үшін алдыңғы өңдеуде міндетті түрде топырақты тығыздау жұмысы жүргізіледі.

Алғы дақыл тыңайтылмаған болса, негізі өңдеу алдында 20-30 т/га органикалық тыңайтқыш енгізіледі. Толық минералды тыңайту дәрілік түймедақтың гүл өнімін едәуір молайтады.

Оңтүстік өңірі үшін дәрілік түймедақты себудің оңтайлы мерзімі – күзгі немесе ерте көктемгі (10 сәуірге дейін) мезгіл. Тұқымның себу мөлшері-2 кг/га. Себу жұмыстарын арнайы шектеулері бар сепкіштермен қатар аралықтарын 45-60 см етіп себеді. Уақтылы себу жұмысын жүргізген жағдайда егін көгі 10-20 күннен кейін пайда болады. Дәрілік түймедақ өте жай өсетіндіктен арам шөптермен тез ластанады, сондықтан егін көгі пайда болғаннан кейін арам шөптермен күресіп, қатар аралықтары қопсытылады. Олар өсіп-жетілу кезінде 2 рет қопсытылып, 3-4 рет суарылады.

Көшеттік көбейту тәсілінде мысық тамыртің сыртқы ортаға деген талаптары, әсіресе жылу (67,6-71,4 °С) мен ылғал -76,8-70,1%) толық қамтамасыз етілгендіктен нағыз жапырақтары жазғы тұқым себуге қарағанда 2-5күн, қысқы себуге қарағанда 4-6күн және ерте көктемгі себуге қарағанда 3-6 күнге ерте пайда болды. Себу мерзімдерінің бірдей және өскіндердің өсуі мен дамуына қолайлы температура (18-20°С) болуына қарамастан көшеттік көбейту тәсілін тұқымды танапқа жазғы мерзімде себумен салыстырғанда өсімдіктердің сақталуы 26,8-35,9 %-ға артық болды.Көбейту тәсілдеріне байланысты зерттеу жүргізілген жылдары тамырдың ылғал өнімі 15,2 –ден 68,4 ц/га дейін ауытқыды.Құрғақ тамыр өнімі дәрілік мысық тамыртің көшеттік көбейту тәсілінде 12,6-13,8 ц/га тұрақтады, бұл тұқымды танапқа себудің жазғы мерзімдерімен салыстырғанда 3,3-11,7 центнерге артық.Көбейту тәсілдерінің әр түрлілігі тек өнім мөлшеріне ғана емес, сол сияқты өнім сапасына да айтарлықтай әсер етті (кесте 1).

Кесте-1.Көбейту тәсілдеріне байланысты мысық тамырдың тамыр сапасы

Көбейту тәсілдері	Шикізат сапасы				
	тамыр диаметрі, мм (орташа)	тамыр ұзындығы, мм (орташа)	тамыр үлесі, %		
			<2 см	>2 см	тамыр-сабақ
Тұқымды танапқа жазғы мерзімде себу	2,2	43,4	48,7	16,2	35,2
Тұқымды танапқа қысқы мерзімде себу	1,8	41,0	35,8	30,1	34,6
Тұқымды танапқа көктемгі мерзімде себу	1,6	39,1	23,3	44,7	32,1
Көшеттік	3,1	53,8	60,9	2,9	36,2

Кесте мәліметтерін талдау көрсеткендей,дәрілік мысық тамырды көбейту тәсілдеріне байланысты дәрілік мысық тамырдың орташа тамыр диаметрі көшеттік көбейту тәсілінде басқа көбейту түрлеріне қарағанда 0,9-2,5 мм-ге, ал орташа тамыр ұзындығы 10,4-14,7 мм-ге артық болды.Тұқымды танапқа себу мерзімдерін ұзартқан сайын ұзындығы 2 см-ден кем тамыр үлесі 16,2 пайыздан 44,7 пайызға дейін артып, ұзындығы 2 см-ден артық тамыр үлесі 48,7 пайыздан 23,3 пайызға дейін төмендеді.Мысық тамырдың дамуына тікелей әсер етіп, нәтижесінде оның тамырында жинақталатын биологиялық белсенді заттар мөлшеріне де ықпалын тигізді. Эфир майының мөлшері көшеттік көбейту тәсілінде танапқа тұқым себу тәсілінің әр түрлі мерзімдеріне қарағанда 0,48-1,4 пайызға артық, тіпті себу мерзімдері бірдей болса

да тұқымды танапқа жазғы мерзімде себуге қарағанда 0,43-0,46 пайызға артық болды. Сірінді заттар мөлшері бойынша да дәл осындай жағдай қалыптасты. Ауа-райының неғұрлым құрғақ болуы дәрілік мысық тамыртің өніміне кері әсер етіп сапасының жоғары болуына оң ықпал етті.Қазақстанның оңтүстік өңірінің климаттық жағдайларыңда, дәрілік мысық тамырті көшетпен өсіру оның өсіп-дамуына оң әсер етіп, сапалы шикізат қалыптастырып 12,4-16,6 ц/га өнім алуды қамтамасыз етті.Жоғарыда келтірілген мәліметтерді сараптау бойынша, дәрілік шөп мысық тамырды жерсіндіру, селекциясын жетілдіру, химиялық құрамын зерттеу медицина саласы үшін маңызы бар.Себебі қазіргі кезде фармацевтика өндірісінде дәрілік шикізаттың жетіспеушілігі күрделі мәселе болып тұр.Сондықтан құнды, бағалы емдік қасиеттері бар дәрілік өсімдіктерді оңтүстікте жерсіндіріп өсіру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қала береді..

Әдебиеттер

1. Баймухамбетов М.А. Целебные растения. – Шымкент. 1995. С. 63 – 183
2. 2.Бейдеман И.Н. Методика изучения фенологии растений в растительных сообществах. Новосибирск: Наука СО. 1974. – 154 с
3. 3.Доспехов Б.А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). - М.: Агропромиздат. 1985. - 351 с

ӘОЖ 636.086.3
UDC 636.086.3

ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ҚИЯР ӨНІМІ МЕН САПАСЫНА ӘСЕРІ

INFLUENCE OF FERTILIZERS ON THE YIELD AND QUALITY OF CUCUMBERS

Батыр Э.Е., Альжанов Е.А.
Batyr E. E., Alzhanov E. A.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

Қияр (лат. Cucumis sativus) — асқабақ тұқымдасына жататын бір жылдық көкөніс дақылы. Жарық, ылғалды және жылы жерлерде жақсы өседі. Суыққа төзімсіз. Сабағы жатаған не өрмелегіш, бес қырлы, ұзындығы 1,5 м-дей. Жапырағы кезектесіп орналасқан, ұзын сағақты, түкті. Гүлі сары, дара жынысты. Жемісі — қияр. Қиярды үзіп алысымен де, кейін тұздалған күйінде де жеуге болады. Құрамында 95—96% су, 4—5% құрғақ зат, құрғақ зат құрамында 2—25% қант, 1% белок, 0,1% май, 0,7% клетчатка, С, В тобындағы витаминдер, каротин, органикалық қышқылдар, эфир майы бар. Қияр немесе кәдімгі қияр – Асқабақ (Cucurbitaceae) тұқымдастылардың ішіндегі қияр туыстыларына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Сабағы түкті, мұртшалары арқылы шырмалып өседі, биіктігі 1-2 метрге дейін барады. Жемісі – жеуге жарамды, тұқымы көп, шырынды және түсі жасыл болып келеді. Түріне байланысты көлемі әртүрлі болады. Қияр мәдениетке 6000 жыл бұрын енген. Оның Отаны – Үндістанның тропикалық аймағы және Қытай. Бүгінгі күнге дейін осы аймақтарда қияр табиғи жағдайда өсіріледі.

Abstract

Cucumber (lat. Cucumis sativus is an annual vegetable crop belonging to the pumpkin family. It grows well in bright, moist and warm places. Intolerant of cold. The STEM is erect or climbing, five-sided, up to 1.5 m long. The Leaf is alternately arranged, long-stemmed, hairy. The flower is yellow, single-sex. The fruit is a cucumber. Cucumbers can be eaten both after cutting and then salted. Contains 95-96% water, 4-5% dry matter, dry matter contains 2-25% sugar, 1% protein, 0.1% fat, 0.7% fiber, vitamins of Group C, B, carotene, organic acids, essential oil. Cucumber, or common cucumber, is an annual herbaceous plant belonging to cucumber relatives in the pumpkin family (Cucurbitaceae). The STEM is hairy, creeping through the whiskers, reaching up to 1-2 meters in height. The fruit is edible, has many seeds, is juicy and has a green color. Depending on the type, the volume will vary. Cucumbers entered the culture 6000 years ago. It is native to the tropical zone of India and China. To this day, cucumbers are grown in these regions in natural conditions.

Кілттік сөздер: *Тыңайтқыш, шикізат, өнім, көкөніс дақылы, көшет, өсімдік, қияр, тұқым, жеміс, танап, арамшөптерден тазарту, үстеп қоректендіру, шикізат.*

Keywords: *fertilizer, raw materials, products, vegetable crops, seedlings, plants, cucumbers, seeds, fruits, fields, weed removal, top dressing, raw materials.*

Кіріспе.Ауыл шаруашылығының, оның негізгі саласы егін шаруашылығының басты міндеті-халқымызды жеткілікті мөлшерде сапалы азық-түлікпен, мал шаруашылығына қажетті азықпен, өнеркәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету, мемлекетіміздің азық-түліктік қауіпсіздігін және экономикалық тәуелсіздігін күшейту үшін керекті дәрежедегі стратегиялық қор жасау, шет елдерге шығарап сатылатын ауыл шаруашылығы өнімдерін тұрақты түрде көбейтіп, керісінше, шеттен келетін өнімдерді азайта беру болады.Бұл міндетті орындау үшін егін шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыра беру,оның тұрақтылығын қамтамасыз ету, сапасын жоғарылатып, өзіндік құнын төмендету қажет. Аталған мақсатты іске асырудың бүгінгі тиімді жолы егін шаруашылығын интенсивті (қарқынды) түрде дамытуға болады. Ол үшін саланы химияландыру, мелиорациялау және механикаландыру жұмыстары толыққанды жүзеге асырылуы керек. Онымен қатар шаруашылықты интенсивті түрде жүргізу үшін ғылым мен озат тәжірибенің маңызы зор екені белгілі. Қорыта айтқанда, адам ағзаларының қалыпты қызмет етіп, колайсыз жағдайдан қорғаныштық қасиетінің арта түсуінде көкөніс дақылдарының орны ерекше. Соның ішінде өте маңызды орынды қияр алады. Сондықтан, суармалы егіншілікте қиярға минералды тыңайтқышты енгізудің өнім құрылымына әсері өте зор. Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу үшін, топырақта оларға қажетті минералдық және органикалық заттар жеткілікті мөлшерде

болуы керек, ал топырақтағы қоректік заттардың мөлшері шексіз емес, олар жыл сайын өсімдіктің өніміне қарай жұмсалып, белгілі бір шамасы кемиді.

Зерттеу әдістемелері.Зерттеу зерзаты көкөніс дақылы қиярды зерттеу жұмыстары ылғалы жеткіліксіз тәлімі аймақта жүргізілді.Агротехнологиялық қажетті іс-шаралар, (топырақ өңдеу, тұқым себу мерзімі, себу тереңдігі, себу мөлшері, органикалық және минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру т.б. арамшөптерден тазарту, үстеп қоректендіру т.б.) - бақылаулар, есептер және талдаулар өткізілді. Көшет отырғызудан алдын 300 $м^3$/га нормалық ылғалды суару өткізілді.Қияр көшетін егу әдісі екі тармақты әдіспен 170х40х35 кестесі бойынша. Тәжірибе өткізуі барысында бақылаулар, есеп және талдаулар өткізілді. Фенологиялық бақылаулар И.Н.Бейдеман әдістемесі бойынша жүргізілді[2].Алынған мәліметтердің қорытындыларын математикалық жолмен өңдеуді талдау Б.А. Доспеховтың методикасынан алынды[3].

Зерттеу нәтижелері. Кез-келген өсімдіктер сияқты көкөніс дақылы қияр өсімдігіне тыңайтқыштар қолдану оның өнімі мен сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады.Органикалық тыңайтқышқа көң, көң садырасы, қордалар,сидераттар т.б. жатады. Органикалық тыңайтқыштар топырақтың агрономиялық қасиеттеріне жан-жақты әсер етеді және дақылдардың өнімін арттыруға оң әсер етеді.Минералды тыңайтқыштар көбінесе енгізілген жылы ғана әсер ететін болса, органикалық тыңайтқыштардың әсері бірнеше жылға созылады Органикалық және минералды тыңайтқыштарды бірге қолданса анағұрлым мол өнім алынады.Ғылыми және өндірістік тәжірибелерде таза көңнің өзі дақылдардың өнімділігін 25-35, ал екі түрін бірге пайдаланғанда 40-60%-ға дейін арттыратындығы анықталған[4]. Тұқым егу алдында топыраққа жеткілікті мөлшерде органикалық тыңайтқыш көң шашуға көңіл аудару керек. Ол үшін гектарына 40-60 т көң және 150-200 кг мөлшерінде фосфор мен калий беріліп терең жыртылады. Жеміс салу кезінде толық минералдық тыңайтқыш беру керек. Мұнда гектарына $N_{60}P_{60}K_{120}$ (қара қоңыр топырақ) және $N_{120\cdot150}$ $P_{50-60}K_{60-90}$ (боз топырақ) пайдалану мол өнім жинауды қамтамасыз етеді.

Танап өсіп-жетілу кезеңінде үш рет үстеп қоректендіріледі: алғашқысы бүйір сабақтары пайда болғаннан кейін әр гектарға 150 кг аммиак селитрасы мен 100-110 кг суперфосфат; екіншісі - шанақтау немесе гүлдеу кезеңінде; үшіншісі екіншісінен 20-25 күн өткен соң, өр гектарға 1,5 центнер аммиак селитрасымен үстеп қоректендірілді. Зерттеу жылдарында енгізілген минералды тыңайтқыштардың қияр өнімділігі біршама жақсы болып шықты (кесте-1)

1-кесте. Тыңайтқыштардың өнімділікке әсері, ц/га

№	Тәжірибе нұсқасы	Зерттеу жылдары		Орташа ц/га
		2019	2020	
1	Бақылау (тыңайтқышсыз)	164,8	162,1	162,3
2	$N_{60}P_{30}$	184,3	185,2	185,4
3	$N_{90}P_{45}$	219,1	217,8	217,9
4	$N_{120}P_{60}$	341,9	343,1	343,3
5	$N_{150}P_{75}$	351,0	351,3	351,0

1-ші кесте мәліметтері бойынша тыңайтқыштардың өнімділікке әсері тиімді болып, өнім түсімі артуына ықпалын тигізген.Тәжірибе жүргізілген 2020жылы ең жоғарғы өнімділік 5 нұсқасы $N_{150}P_{75}$ кг/га енгізілгенде 351,3 ц/га алынды. Ал басқа жылдары да жоғарғы өнімділік 5 нұсқада болғанымен 4 нұсқадағы өнімділік көрсеткіші деңгейлік қалыптасты.Екі жылдық орташа өнімділік 4,5 нұсқаларда сәйкесінше 343,3-351,0 ц/га болды.Зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша қияр егістігіне минералды тыңайтқыштарды енгізу, яғни фосфор тыңайтқыш күзде топырақты негізгі өңдеу алдында өңделсе, азот тыңайтқышымен алғашқы 4-6 жапырақтары түзілу кезеңінде үстен қоректендіріледі. Енгізілген минералды тыңайтқыштардың мөлшеріне қарай қиярдың өсіп дамуы мен топырақ тузілуін бақылаумен салыстырғанда айтарлықтай өзгешілік байқады. Атап айтқанда, енгізу мөлшеріне байланысты 3 нұсқаларда бір өсімдікте түзілген жапырақ саны 15-19 дана болса, 5 нұсқада бұл көрсеткіш 21 дана болып, бақылаудан 14 дана артық болады. Ал бір өсімдікте түзілген сабақщалар саны 4 ,5 нұсқаларда сәйкесінше 8-9 дана болса бақылаудан 6-7 дана артты (кесте -2).

2-кесте. тыңайтқыштарды енгізу мөлшеріне қарай қиярдың өсіп-даму ерекшелігі

№	Тәжірибе нұсқасы	Бір өсімдіктегі жапырақ саны/дана	Бір өсімдікте түзілген сабақшалар саны/дана	Өсімдіктегі сабақтарының ұзындықты см	Шарша алаңда түзілген жапырақ саны/дан
1	Бақылау (тыңайтқышсыз)	7	2	78	35
2	$N_{60}P_{30}$	12	4	95	60
3	$N_{90}P_{45}$	15	6	123	75
4	$N_{120}P_{60}$	19	8	158	97
5	$N_{150}P_{75}$	21	9	162	98

2-ші кестеде қияр егістігіне минералды тыңайтқыштардың енгізу мөлшерінің қияр дақылының өсіп дамуына әсері келтірілген. Екі жылдық орташа көрсеткіш бойынша минералды тыңайтқыштардың қияр өсімдігінің гүліне әсері төртінші нұсқа 14 дана гүл түзілсе бесінші нұсқада бұл көрсеткіш деңгейлес болды. Сондай-ақ бір өсімдіктегі түзілген жеміс саны да 94-95 дана сәйкесінше бір деңгейде қалыптасты .

Қияр егістігіне минералды тыңайтқыш енгізу нәтижесінде анықталғаны бір гектарға $N_{120}P_{60}$ мөлшерде енгізу нұсқасында шарша алаңда жиналған жеміс саны 34,3 кг болса, бақылаумен салыстырғанда 18,1 кг артты.

Сонымен, тыңайтқыштарды қолдану нәтижесінде сапалы және мол өнім беруге мүмкіндік берді. Минералдық тыңайтқыштарды үш кезеңде біркелкі мөлшерде берген тиімді: себуде, 4-5 жапырақ болғанда және түйін пайда болар алдында

гектарына 15 кг-нан (NPK).Қияр егістігіне минералды тыңайтқыш енгізу нәтижесінде анықталғаны бір гектарға $N_{120} P_{60}$ мөлшерде енгізу нұсқасында шарша алаңда жиналған жеміс саны 34,3 кг болса, бақылаумен салыстырғанда 18,1 кг артты.Тұқым себу тереңдігі 2-3см, себу мөлшері 5-6кг/га.Қияр дақылы егілетін танапқа көңді 40-60 т/га мөлшерінде беру тиімді болып шықты. Топырақтың құнарлылығы орташа деңгейде болған танаптарда күзгі жер жырту кезінде органикалық тыңайтқышпен қатар фосфор және калий минералдық тыңайтқыштарын беру керек. Көктемгі егін себер алдындағы топырақ өңдеу кезінде әр гектарға әсерлі зат есебінде 45 кг азот берілді. Егін себу кезінде тұқыммен бірге азот, фосфор және калий береді. Азоттың барлың мөлшері 90 кг/га аспауы керек.. Вегетациялық дәуірінің басында азотпен қоректенуі қияр жапырақтарының жылдам өсіп-жетілуіне, ал фосформен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз болуы оның дер кезінде гүлдеуіне әсер етеді.Минералдық тыңайтқыш өнімге әсер етсе, органикалық тыңайтқыш топырақ құрылымын жақсартады сондықтан үйлестіріп қолданған тиімді. Тәжірибе жүргізу барысында ең жоғарғы өнімділік 4 нұсқада, яғни органо-минерал (көң) 40тн + $N_{60} P_{30} K_{30}$ тыңайтқыштары енгізілгенде жоғары өнім алынды.

Әдебиеттер

1. Өтешқалиев А.Ө., Көкөніс өндіру технологиясы. Алматы. 2009.-125-б
2. Бейдеман И.Н. Методика изучения фенологии растений в растительных сообществах. Новосибирск: Наука СО. 1974. – 154 с.
3. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). - М.: Агропромиздат. 1985. - 351 с
4. Елешев К.Р., Сапаров А, Балғабаев Ә, Туктугулов Е. Агрохимия және тыңайтқыш қолдану. Астана , 2010ж 204-209 б

ӘОЖ.636.086.3

НОҚАТҚА БАКТЕРИЯЛЫ ЖӘНЕ МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАР ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

EFFICIENCY OF APPLYING BACTERIAL AND MINERAL FERTILIZERS TO CHICKPEAS

Батыр Э.Е., Сапарханова А.
Batyr E. E., Saparkhanova A.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

Ноқат (лат. Cicer) – бұршақ тұқымдасына жататын бір және көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы таулардың қиыршық тасты беткейлері мен тастақты жерлерінде, тау өзендерінің аңғарларында өсетін 3 түрі бар. Олардың биіктігі 15 – 70 см. Жай қауырсынды жапырақтарының ұштарында мұртшалары не өскіндері болады, олардың сыртын безді талшықтар (қымыздық, лимон, алма қышқылдарын бөледі) жапқан. Дара гүлдері ақ, қызғылт не қызыл түсті болады. Маусым – шілде айларында гүлдеп, шілде – тамызда жеміс салады. Жемісі – бұршақ. Тұқымы қарақоңыр түсті, жұмыртқа тәрізді, екі бүйірінен бұдырлы келеді. Ноқаттың тұқымында белок, май, азотсыз экстрактты заттар, В витамині болады. Сондықтан ноқатты тағам ретінде пайдаланады, кондитерлік өнім алуда қолданады. Сондай-ақ ноқаттар – жақсы мал азығы. Ноқатты өсіретін аймақтарда оны азық-түлікке және мал азығына кеңінен пайдаланады, сонымен бірге консерві, макарон және кондитер өнімдерін өндіруде шикізат ретінде де колданады. Нан пісіруде, кондитер және макарон өнімдерін дайындағанда бидай ұнына ноқат ұнын араластырғанда (10-20%) аталған өнімдердің қоректілігі мен дәмдік қасиеттерін арттырады. Ноқатты тағамға пісірілген және қуырылған күйінде, кофеге суррогат үшін пайдаланады. Азық-түліктік мақсатқа әдетте ақ түсті ірі тұқымдарын, ал күңгірт және ұсақтұқымды сорттарын малды азықтандыруға қолданады. Құстардың азық рационында ноқатты балық ұнының орнына белокты жемазық ретінде пайдалануға болады.

Abstract

Chickpeas (Latin: Cicer) are annual and perennial herbaceous plants belonging to the genus Cicer. There are 3 species that grow on the gravel slopes and rocky terrain of the mountains in the southern regions of Kazakhstan, in the valleys of mountain rivers. Their height is 15-70 cm. The tips of the simple feathery leaves have whiskers or sprouts, which are covered with glandular fibers (sorrel, citric, malic acids). Individual flowers are white, pink or red. It flowers in June-July and bears fruit in July-August. The fruit is a pea. The seeds are dark brown, egg-shaped, convex on both sides. Chickpeas contain protein, fat, nitrogen-free extracts and vitamin B. Therefore, chickpeas are used as a food, in the production of confectionery. Chickpeas are also a good fodder. In the areas where chickpeas are grown, it is widely used for food and fodder, as well as as a raw material in the production of canned food, pasta and confectionery. Mixing pea flour with wheat flour (10-20%) in baking, confectionery and pasta increases the nutritional and taste properties of these products. Chickpeas are cooked and roasted and used for coffee surrogates. For food purposes, large white seeds are usually used, and dark and small varieties are used for animal feed. In the diet of birds, chickpeas can be used as a protein feed instead of fish meal.

Кілттік сөздер: *Ноқат, тыңайтқыш, егіншілік, бұршақ дақылы, зерттеу, тәжірибе, тұқым, түйнек бактериялары, танап, себу, азот тыңайтқышы.*

Keywords: *chickpeas, fertilizer, agriculture, legumes, research, experiment, seeds, tuber bacteria, field, sowing, nitrogen fertilizer.*

Агроөнеркәсіп кешен- экономиканың басты салаларының бірі. Оның даму деңгейіне еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің ғана емес, сонымен бірге мемлекетіміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығының деңгейі тұтастай болып байланысты келеді.Басты міндеттердің бірі әлемдік тәжірибені пайдаланып, оны ауыл шаруашылығымызға жедел ендіру керек, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет.Соңғы кезде майлы дақылдар, бұршақ дақылдарға деген сұраныс байқалады. Ноқат дәні құрамында белоктың мол болуымен және айрықша дәмділігімен ерекшеленентін тағамдық және малазығындық дақыл. Көбінесе оны тұқымын алу үшін өсіреді.Ноқат өзге бұршақ тұқымдастардан гөрі топырақтың ылғалсыздығына және ауа қуаңшылығына шыдамды болады, әрі дәні құрттарымен сирек зақымданады. Диқандардың ноқатқа қызығуының себептерінің бірі –оның қуаңшылыққа төзімділігі және жас өскіндерінің суыққа шыдамдылығы. Тыңайтқыш қолдану жүйесі құрғақ егіншілік жағдайында ерекше маңызға ие, өйткені ылғал кем жерлерде топырақтағы ылғал қорының тиімді пайдалануына тыңайтқыштардың оң әсері зор. Бұл сала қазіргі таңда дүниежүзілік көлемінде қолданып отыр, өйткені бұл дақылдардың азықтық жағынан стратегиялық маңызы зор. Инвестиция мәселесі шешілген кезде бұршақ дақылдылардың өндірісінің аяқталған циклын - ноқат өндіруден бастап жоғары сапалы ноқат және қытайбұршақ пастасын дайындауды жүзеге асыруға дейінгі мүмкіндік, яғни бұршақ дақылдылардың кластерін құру мүмкіндігі туады [1,2].

Тәжірибеге ноқаттың перспективті «Жаңалық» сорты алынды. Жүргізілген зерттеу жұмыстарында ноқат өнімділігіне тыңайтқыш енгізу жүйесінің әсерінің нұсқалары: Тыңайтқышсыз (бақылау)**;** Тыңайтқышпен N_{50} P_{50} K_{30} +молибден сұйықтығы (фон);Тыңайтқышпен N_{50} P_{50} K_{30}+молибден сұйықтығы; (фон)+бактериялы тыңайтқыш (нитрагин).Қатар аралығы 45см, қатардағы өсімдік аралығы 15см. Зерттеу барысында есептеулер, талдау және бақылаулар жүргізілді:

фенологиялық бақылау-мынандай кезеңдер бойынша белгіленді: көктеу, бұтақтану, гүлдеу, бұршақ түзілу, дәннің шаруашылық пісуі.тәжірибеде танаптың алғы дақылы мен дән себу мөлшері, қоректендіру нормасы зерттелді.Алынған деректер Б.А.Доспехов ұсынған әдістемемен математикалық өңдеуден өткізілді[3].

Тәжірибеде тыңайтқыш енгізу жүйесі нұсқалар бойынша үлгіге сәйкес жүргізілді. Ноқаттан жоғары өнім алу үшін топырақты жеткілікті мөлшерде жеңіл сіңімді қоректік заттар болуы тиіс. Азот өсімдіктің жер беті бөлігінің өсуін реттейді, өнімділігін арттырады. Фосфор тамыр жүесінің өсуін күшейтеді, пісуін жылдамдатады, дән сапасын жақсартады. Калий сабағын берік етеді, ауруларға төзімділігін арттырады, пісуін жылдамдатады [4].Минералды тыңайтқыштарды топырақ құнарлығын, алғы дақылды күріш сортын ескере отырып бөлшектеп береді.Өсіп-даму кезеңінде тамырындағы түйнек бактерияларының әсерінен ауадағы азотты сіңіріп дақыл азот элементіне қажетсінуі байқалмайды. Бірақ алғашқы өсіп-жетілу кезінде түйнек бактерияларының жұмыс ырғағы бірқалыпты болғанша ноқатқа азот тыңайтқышын берудің маңыздылығы өте жоғары. Сондықтан, тұқымды себудің алдындағы топырақ өңдеумен бірге азот тыңайтқышының 30 кг әсер етуші зат есебімен топыраққа сіңіреміз. Тұқымды себер алдында микротыңайтқыштармен әсіресе молибденмен өңдеу тиімді. Молибден түйнек бактерияларының қызметін күшейтеді соянын түрлі ауруларға беріктігін арттырады. Әсіресе, тұқымды себерде нитрагинмен малибденнің қоспасымен өңдеу, минералды тыңайтқыштардың толық түрлері (№ РК) берілген жерге сепсе соя өнімі айтарлықтай артады. Тәжірибенің барлық нұсқаларында жалпы қуыстылық және аэрация көрсеткіші жоғары қабаттан төменге қабатқа қарай заңды түрде төмендеді. Жоғарыда айтылып кеткендей, топыраққуыстылығының қолайлы көрсеткіші жоғарғы 0-10см қабатта байқалды. Жалпы қуыстылық минералды нұсқада 46,8%-дан, ал минералды және микротыңайтқыш нұсқасынды 51,8%-ға дейін өзгерді.

1-ші тәжірибе кестесіне сәйкес, бақылау нұсқасында қуыстылық 48,3% болса, минералды жүйе және микротыңайтқыш нұсқасында бұл көрсеткіш -51,3% артты. Топырақтың төменгі қабаттарындағы жақсы көрсеткіштер тыңайтылған нұсқада байқалды. Топырақтың өңделетін 0-30 см қабатында тыңайтылған алқапты бақылаумен салыстырғандағы айырма 1,5 % құрады. Минералды жүйемен тыңайтылған нұсқадағы өңделген қабаттың 0-30см қуыстылығына айтарлықтай әсері болмады. Бұрынғы суармалы егістіктің кәдімгі сұр топырақтың аэрация көрсеткіші жалпы қуыстылыққа ұқсас өзгерістер байқалды. Тәжірибенің барлық нұсқаларында топырақ қабатының 25-30см дейінгі аралықта бұл көрсеткіш қолайлы болды. Ал онан төмен қабаттарда 20% азайды. Ноқаттың дамуының бастапқы кезеңінде топырақ қаттылығы өте аз көрсеткішке ие болды(кесте) Яғни топырақтың 0-10 см қабаты бойынша бақылау нұсқасы 21,0 кг/см^2 болса, ал даму кезеңінің ортасында топырақ қаттылығы жоғарылап, 13,0 кг/см^2 артты. Тыңайтылған нұсқаларда бұл көрсеткіш 0-10 см қабатта айтарлықтай өзгермеді 18,3-20,4 кг/см^2 құрады. Даму кезеңінің ортасында топырақ тығыздалып минералды жүйе нұсқасындағы қаттылық 13,1 кг/см^2 артты.Тәжірибенің минералды және микротыңайтқыш нұсқасындағы қаттылық айтарлықтай өзгергені байқалды. Мұндағы топырақ қаттылығы 27,1 және 35,2 кг/см^2 болып, 8,6және 16,9кг/см^2 жоғары болды. Бұл нұсқаларды бақылаумен салыстырғанда топырақ тығыздығы 12,9-4,8 кг/см^2 төмендегені анықталды.

Кесте1. Ноқат егілген танап топырағының тығыздығына тыңайтқыш енгізу жүйесінің әсері

Тыңайту жүйесі	Қабат,см	Топырақ қаттылығы, кг/см^2		
		Даму кезеңінің басталуы	Кезең ортасы	Даму кезеңінің соңы
Тыңайтқышсыз (бақылау)	0-10	21,0	34,0	40,0
	10-20	27,9	40,0	-
	20-30	33,3	40,0	-
Минералды тыңайтқышпен	0-10	20,4	33,5	40,0
	10-20	23,9	40,0	-
	20-30	28,1	40,0	-
Минералды+ микротыңайтқышпен	0-10	18,3	35,2	40,0
	10-20	27,6	38,8	-
	20-30	36,6	40,0	-

Кестеде көрсетілгендей,өңделетін қабаттағы 0-30см орташа қаттылық бақылауда 28,,2 кг/см ^{2}болса, минералды тыңайтылған жүйеде 3,4 кг/см^2 төмендеп, ал минералды және микротыңайтқыш қолданған нұсқада бұл көрсеткіш 26,2

кг/см^2 құрады. Даму кезеңінің ортасында өңделетін қабаттың қаттылығы жоғарылап - 40,6 кг/см^2 болды.Дақылдың даму кезеңінің соңында аптап ыстық және құрғақ ауа райының әсерінен топырақ қаттылығы барлық нұсқаларда жоғарылады және деңгейлес болып,жоғарғы 0-10см қабатта 40,2 кг/см^2 құрады. Ал 10 см-ден төменгі қабаттарды өлшеу топырақ қаттылығына байланысты мүмкін болмады. Дегенмен, дақылдың барлық даму кезеңінде топырақ қаттылығының ең төмен көрсеткіші минералды және микротыңайтқыш қолданған нұсқада болды.Тәжірибеде минералды тыңайтқыш енгізу ноқат өнімділігі мен өнім құрылымына әсері зерттелді..Минералды және микротыңайтқыш енгізудің ноқат өнімділігі мен өнім құрылымына тигізетін оңды ықпалы байқалды. Бақылау нұсқасында бір өсімдіктегі бұршақ саны 14,8 дана болып, бұл минералды және микротыңайтқыш енгізу жүйесінен 3,9-5,1 бұршаққа төмен шықты. Өсімдіктегі дәннің саны тыңайтқыштар нұсқасында 43,1-44,2 дана болды, бұл бақылаудан сәйкесінше 7,4- 8,5 дана артық. Бұршақтағы дән саны алғашқы белгі, бұған өсіру жағдайы сырқы орта факторының елеулі әсерін көп жылдық зерттеу жұмысы байқатты. Жоғары агрофон, қоректену алаңының ұлғаюы бұршақтағы дән санының артуына әкелді. Қоректену элементтерінің жетіспеуі бұршақтағы дән санының азайуына септігін тигізді.Алынған мәліметтерді қорытындылаудың нәтижесінде анықталғаны.

Минералды тыңайту жүйесінде көктемгі ноқат өсімдігінің жиілігі 365,7 мың. құраса, бұл бақылау нұсқасынан 4,6 мың, өсімдік артық екені анықталды. . Бақылау нұсқасында бір өсімдіктегі бұршақ саны 14,8 дана болып, бұл минералды және микротыңайтқыш енгізу жүйесінен 3,9-5,1 бұршаққа төмен шықты.. Өсімдіктегі дәннің саны тыңайтқыштар нұсқасында 43,1-44,2 дана болып, бұл бақылаудан сәйкесінше 7,4- 8,5 дана көп болды.Өсімдік қорегінің аса маңызды көзінің бірі-құрамында бактериялар болатын препараттар, микроорганизмдерге топырақтағы азот пен фосфорды немесе ауадағы бос азотты және минералдық тыңайтқыштағы заттарды бойына сіңіреді де оларды өсімдіктер оңай пайдаланылатын күйге айналдырады және соның нәтижесінде ноқат дақылын нитрагинмен (бактериалды препарат) өңдеу оның өнімін 42,0-44,3%-ға арттырған.Нитрагинмен тұқымды себуге пайдаланған жағдайда топырақты жыртар алдында мочевина немесе аммоний селитрасы түрінде гектарына 30-60кг азот беру тиімді нәтиже берді.

Әдебиеттер

1. Гуркова Е.В. Сорта гороха и Сои селекции АНИИСХ. Аграрная наука-сельскохозяйственному производству Казахстана, Сибири и Монголии. Труды XII-й Международной научно-прак.конф. Алматы-2009.с 64-69

2. 2.Голопятов М.П. Кормовой горох ценная культура // Земледелие. -1985.-№ 1.-

3. 3.Доспехов Б.А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). - М.: Агропромиздат. 1985. - 351 с

4. Елешев К.Р., Сапаров А, Балғабаев Ә, Туктугулов Е. Агрохимия және тыңайтқыш қолдану. Астана , 2010ж 204-209 б

УДК 63
UDC 63

РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ ПОЛУЧЕНИЯ КОМБИКОРМОВ ДЛЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЖИВОТНЫХ НА ОСНОВЕ САХАРНОГО СОРГО

DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY FOR OBTAINING COMPOUND FEED FOR FARM ANIMALS BASED ON SUGAR SORGHUM

Газдиева Т.
Gazdiyeva T.
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

В статье обосновано теоретическое и практическое использование сорго в кормлении животных.Приведены результаты исследований по организации кормовой базы животноводства и птицеводства с использованием кормового сорго. Определены пути и направления повышения питательности и продуктивного действия в составе рационов для животных и птицы

Abstract

The article gives theoretical and practical justification of sorghum use in animal feeding. The results of the study of organization of forage resources for livestock and poultry with the use of forage sorghum are shown. The ways and directions for the increase of nutritive value and productive effect in the diets for animals and poultry are determined

Ключевые слова: *сорго, засухоустойчивость, животноводство,рацион, комбикорм, цыплятабройлеры, кормопроизводство, сорт,интенсивность роста, силос,циангликозиды, птицеводство*

Keywords: *sorghum, drought-resistance,animal husbandry, diet, combinedfeeds, broilers, forage production,variety, growth rate, silage,cyanoglycoside, aviculture*

Долгосрочный прогноз на ближайшие 20 лет предполагает наличие неблагоприятных острозасушливых лет с высокими среднесуточными температурами в вегетационные периоды, что может резко снизить производство кормов, а следовательно, и создание прочной кормовой базы животноводства [4, 11]. В настоящее время необходимы кормовые культуры, которые имели бы высокую продуктивность, хорошую адаптированность к местным условиям, высокую технологичность при заготовке из них различных видов кормов и одновременно решать проблему кормового белка [3, 28, 29, 46, 47, 48].

В настоящее время в связи с высокой стоимостью семян кукурузы все чаще производственники обращаются к опыту Саратовской и Волгоградской областей по возделыванию культуры сорго на корм животным. По результатам исследований отдела кормопроизводства ВНИИМСа установлено, что выход обменной энергии с каждого гектара посевов зернового сорго, убранного на зерно, составляет 31,24ГДж/га, тогда как у ячменя – только 26,56 ГДж/га, или на 17,6 % ниже. Авторы утверждают, что если скармливать корма из сорго в сбалансированных по протеину рационах, то можно рассчитывать на получение высоких среднесуточных приростов и рациональное использование дешёвой обменной энергии зернового сорго [5].

Сорго – ценная пищевая и кормовая культура для районов, в которых пшеница и другие основные зерновые культуры расти не могут, либо дают небольшие урожаи из-за засушливого климата. В мировом земледелии оно известно с древних времен (ранее 300 лет до н. э.), а в настоящее время занимает по посевным площадям пятое место, уступая только пшенице, рису, кукурузе и ячменю. Как культурное растение оно распространилось из стран жаркого климата Африканского и Евроазиатского континентов [14]. Сорго отличается большой пластичностью и легкой приспосабливаемостью к почвенно-климатическим условиям выращивания, но по своей природе оно - растение теплолюбивое, засухо- и солестойкое [15, 16]. Неудивительно поэтому то, что ареал его возделывания столь широк: в Индии - 12 млн. га, в Африке - 21, в США - 3,6 млн. га, а история культуры насчитывает около 5 тыс. лет. Сорго давно известно в нашей стране. Возделывается оно на силос и зеленый корм, а также для получения сенажа, зернофуража, комбикорма. Наибольшее распространение имеет в Дагестане, Калмыкии, Поволжье, на Дальнем Востоке, на Северном Кавказе. В этих районах сорго возделывают как наиболее высокоурожайную и экономически выгодную культуру для производства растительных кормов и зерна на фураж [18]. Сорго относится к семейству мятликовых, роду сорговых. Ботаниками описано 63 вида сорговых растений: 33 культурных и 30 диких однолетних видов. Из них выведено более 3000 различных сортов сорго [35]. Сорго – растение тропическое, теплолюбивое. Семена его начинают прорастать при температуре +100С, однако при продолжительном периоде с такой температурой сильно снижается полевая всхожесть и появление всходов задерживается [36]. По продолжительности вегетационного периода сорта и гибриды сорго разделяются на: раннеспелые – менее 90 дней, среднеранние – от 90 до 100 дней, среднеспелые – от 110 до 125 дней, среднепоздние – от 125 до 140 дней и позднеспелые – от 140 до 150 дней. В зависимости от вегетационного периода для раннеспелых сортов и гибридов требуется сумма температур воздуха в пределах 2300-27000С, а для средне- и позднеспелых - 2700-35000С. Установлено, что существует прямая зависимость между урожаем сорго и суммой температур за вегетационный период. С повышением суммы температур на 1000С урожайность возрастает до 1,0 т/га, однако, с повышением средней температуры за вегетационный период ускоряется развитие растений, сокращаются межфазные периоды и общая сумма температур [34]. Сорго положительно отзывается на улучшение условий минерального питания, особенно на бедных почвах. Наибольшее накопление надземной массы и корней бывает в тех случаях, когда азот применяется совместно с фосфором и калием. При этом урожай зерна в условиях богары увеличивается на 0,8-1,0 т/га, а при орошении на 1,5- 2,5 т/га [49]. Сорго - зернофуражная и силосная культура, способная давать высокие и стабильные урожаи. Корневая система сорго проникает на большую глубину и обеспечивает растение влагой из горизонтов почвы, недоступных другим культурам. Сорго очень экономно расходует воду. Например, на формирование единицы сухого вещества пшеница потребляет 545 единиц воды, овес - 583, соя - 646, люцерна - 844, кукуруза - 350, а сорго всего 305. При наступлении сильной засухи сорго приостанавливает рост, жизненные процессы в нем замирают, но растения не погибают. После выпадения осадков растения снова хорошо растут и развиваются [39, 40]. Хозяйственное значение сорго разнообразно. Оно дает хороший корм животным в виде зерна, силоса, зеленой массы. В одном центнере зерна содержится 118-120 кормовых единиц и 8-9 кг протеина. Зерно сорго может быть использовано также в производстве крахмала, крупы, в спиртовой промышленности [6]. Сорго выгодно отличается от других сельскохозяйственных культур засухоустойчивостью, солевыносливостью, экономным расходом влаги и прекрасными кормовыми достоинствами. В зеленой массе сахарного сорго содержится воды 70-80 %, белка 3,5-5,0 %, жира – 0,8-1,0 %, сахаров – 10-18 % и сравнительно мало сырой клетчатки – 6-8 % [13].

К преимуществам сахарного сорго относится высокая урожайность зеленой массы и семян. Возможность использования зеленой массы на раннюю подкормку, сено, сенаж, комбинированный силос и для пастьбы [51]. Возделывание сорго - суданковых гибридов и суданки при их многоукосном использовании обеспечивает устойчивое снабжение животных полноценным зеленым кормом в течении длительного периода - с середины лета и до периода перевода их на зимние стойловое содержание. Скошенная в фазе трубкования зеленая масса характеризуется большим содержанием белка (17-18%), наличием значительного количества сахаров (10-13%), высокой обогащенностью каротином (200-250 мг/кг), при этом она имеет отличную поедаемость и усвояемость. Одна тонна такой массы содержит 0,20-0,22 тонн кормовых единиц [17].

Существует ряд методов, позволяющих снизить действие антипитательных факторов, в том числе и танинов сорго: использование ферментных препаратов [27, 33], обработка формальдегидом и дополнительное введение в рацион метионина, экспандирование, использование большого количества высокопитательных нетрадиционных кормовых средств [19, 20, 32, 53]. Накоплен огромный опыт применения множества видов ферментных препаратов в кормлении животных и птицы. Это и амилосубтилин, пектофоетидин, лизоцим, МЭК СХ-1, МЭК СХ-2, МЭК-ЦГАП, МЭК-ЛП, Вилзим-Ф, Ронозим, Роксазим и др. [22, 24, 26]. По питательности зерно сорго может быть приравнено к зерну хлебных злаков [21, 23, 25], оно содержит 12-15 % протеина, 65-75 % крахмала и до 4,5% жира. Количество лизина в белке сорго колеблется от 1,81 до 2,49 %, а метионина – от 1,22 до 1,97 %. Выявлены образцы с высоким содержанием белка (до 19,3 %), сбалансированным поаминокислотному составу, и лизина более 3 % [37].

По данным лаборатории кормопроизводства СНИИСХ, сахарное сорго обеспечивает урожай зеленой массы 320 центнеров с гектара, выход кормовых единиц - 81 центнер, тогда как кукуруза дает соответственно 233 и 59 центнеров с гектара. При оптимальных условиях возделывания лучшие гибриды сахарного сорго формируют урожайность зеленой массы 1000 и более центнеров с га. Убранная в фазу молочно-восковой спелости зеленая масса сорго содержит 6,5- 7,5% протеина, 2,0-2,5% жира в расчете на сухое вещество. В 100 кг корма содержится 22-23 кормовых единицы. По аминокислотному составу вегетативная масса сорго аналогична кукурузе. Сахарное сорго способно накапливать в клеточном соке до 20% сахара. Его можно использовать как зеленый корм, для заготовки силоса, приготовления кормовых гранул и в производстве сахаропродуктов [6]. Для организации зелёного конвейера

можно использовать малопродуктивные угодия, внесевооборотные участки (выводные поля многолетних трав, орошаемые и пойменные земли, а также кормовые севообороты). На сено и зелёный корм сорго лучше сеять сплошным рядовым способом с междурядьями 15 и 30 см. При посеве широкорядным способом с междурядьями 60-70 см получаются более мощные, грубые и менее облиственные стебли, скошенная масса плохо сохнет, поедаемость сена и зелёного корма снижается. Обилие тепла, света, наличие плодородных чернозёмных и каштановых почв позволяют при соблюдении необходимых агротехнических требований получать высокие и устойчивые урожаи зелёной массы, сена, силоса и семян, особенно в экстремально сухие годы.

Использование сорго позволяет увеличить продуктивность пашни и существенно улучшить качество кормов по содержанию сахара [54]. Сотрудниками лаборатории селекции и первичного семеноводства сорго Ставропольского НИИСХ разработана инновационная технология создания однолетних пастбищ из сорго, которая нашла широкое распространение в хозяйствах Ставропольского края [7]. Сорго является культурой, обеспечивающей оздоровление фитоландшафтной ситуации и увеличения продуктивности агроугодий в результате биомелиорации деградированных пастбищ и эродированных земель, останавливающей процессы эрозии, дефляции и опустынивания, препятствующей накоплению пыли в атмосфере [50].

Литературы

1. Айрих В. А. Использование зернового сорго в качестве зернофуражной культуры /В. А. Айрих // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2006. – Т. 4. - № 12-1. – С. 44-45.
2. Асташов, А.Н. Продуктивность сахарного сорго в чистых и смешанных посевах и эффективность использования кормов, приготовленных из изучаемых культур, в рационах крупного рогатого скота / А.Н. Асташов, М.Н. Худенко // Матер. междунар. науч. конф. «Вавиловские чтения 2005». - Сарат. гос. агр. ун-т. – Саратов. - 2005. – С.6–7.
3. Асташов А.Н. Сорго как компонент комбикорма для цыплят-бройлеров /А. Н. Асташов, С. И. Кононенко, И. С. Кононенко //Кукуруза и сорго. – 2009. – № 5. – С. 13–14.
4. Балакай Г. Т. Энергосберегающие технологии получения высокоэнергетических, высокопитательных сбалансированных кормов на орошаемых землях ЮФО для высокопродуктивного поголовья КРС /Г. Т. Балакай, С. А. Селицкий, О. В. Егорова и др. – Новочеркасск. – 2011. – С. 7-12
5. Бугай И. С. Нетрадиционные компоненты комбикормов /И. С. Бугай, С. И. Кононенко //Известия Горского государственного аграрного университета. –2012. – № 49. – Ч. 1-2. – С. 137-139.
6. Володин, А. Б. Сорго возделывать выгодно /А. Б. Володин, Э. К. Вахопский //Аграрная наука Ставрополья – производству: межд. научно-практ.конф.– Ставрополь: АГРУС. – 2006. – С. 44-51.
7. Володин, А. Б. Селекция сорго в Ставропольском крае /А. Б. Володин //Ставропольский НИИ сельского хозяйства – 100 лет на службе аграрной науке и производству. – Изд-во «Сияние». – Ставрополь. – 2012. – С. 142-151.

УДК 637.4
UDC 637.4

ТАУЫҚ ЖҰМЫРТҚАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНЫҢ ТАҒАМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

NUTRITIONAL FEATURES OF THE COMPOSITION OF CHICKEN EGGS

Дауренбеков Х.,Сауран А.,Бейсен С.
Daurenbekov H., Sauran A., Beisen S.
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Khanibek1960@gmai.com

Резюме

Причина, по которой мы предлагаем специальные изолированные клетки для несушек, заключается в том, что они не должны иметь контакта дикими птицами. Потому что болезни птиц и различные эктопаразиты могут передаваться от диких птиц или домашнего скота.Десять несушек приносят очень много пользы. Во-первых, из десяти несушек вы получаете не менее 2500 штук яиц в год , то есть спрос на яйца одной семьи удовлетворяются . Во-вторых, яйца получаются свежими, а целебные свойства свежих яиц, наряду с их пищевой ценностью, не уступают парной молоке кобыл . В-третьих, пищевые отходы съедаются птицами. В-четвертых, дикая трава во дворе входит в число предпочтительных кормов для птиц. В-пятых, птичий помет является ценным органическим удобрением, если его обрабатывать и использовать. Мы предполагаем, что соотношение питательных веществ, содержащихся в птичьем яйце, между собой гармонически сочетаются и их единство напрямую способствуют лучшему усваиванию организмом. Следовательно, мы придерживаемся мнению что, питаясь свежими яйцами, человек ускоряет процесс обмена веществ в своем организме, оптимизируя его,что способствует к увеличению продолжительности жизни человека.

Abstract

The reason why we offer special isolated cages for laying hens is that they should not have contact with wild birds. Because bird diseases and various ectoparasites can be transmitted from wild birds or livestock.Ten laying hens bring a lot of benefits. First, out of ten laying hens, you get at least 2,500 eggs per year , which means that the demand for eggs from one family is met . Secondly, the eggs are obtained fresh, and the healing properties of fresh eggs, along with their nutritional value, are not inferior to the fresh milk of mares . Third, food waste is eaten by birds. Fourth, wild grass in the yard is among the preferred feed for birds. Fifth, bird droppings are a valuable organic fertilizer when processed and used.We assume that the

ratio of nutrients contained in a bird's egg is harmoniously combined with each other and their unity directly contributes to better assimilation by the body. Therefore, we believe that by eating fresh eggs, a person accelerates the process of metabolism in his body, optimizing it, which contributes to an increase in human life expectancy.

***Ключевые слова: дәмді жұмыртқа**, шипалы және диеталық қасиеттері, ақуыз, ассортимент, иммунитет*
***Keywords:**delicious eggs, healing and dietary properties, protein, assortment, immunity*

Қадірменді іздемпаз оқырман, сіздің назарыңызды адам ағзасындағы зат алмасудың барысына, қыр –сырына және құдреттілігіне назар аударсын деген ниетпен осы мақаланы жазып отырмыз. Табиғатта кез-келген ағзада дүниеге келе салысымен зат алмасу іс-әрекеті басталады. Зат алмасу дегеніміз – ағзадағы барлық биохимиялық іс-әрекеттердің жиынтығы деп қысқа қайыруға болады. Әйтседе, бұл іс-әрекет қарапайым іс-әрекет емес. Ағзадағы барлық миллиардтаған іс-әрекеттер жүйке жүйесімен басқарылып, рет- ретімен жүріп отырады. Ол іс-әрекеттердің әрқайсысы әрқилы, я әртарапты болғанымен белгілі бір жүйемен, бір-бірімен ара –қатынастары үйлесімді жағдайда және бір тұтас дүние түрінде жүреді. Біздің пікірімізше адамдардың тамаққа деген сұранысы осы жүйемен қалыптасу керек. Яғни, тамақтың құрамындағы қоректік заттар табиғи жағдайда біртұтас болып, олардың бір-бірімен қатнасы үйлесімді жағдайда болса, адам ағзасындағы қоректік заттардың ара қатнасына және пайыздық мөлшеріне сәйкес болса, онда тағамның құрамындағы қоректік заттар жоғары деңгейде қорытылады. Бұл биологиялық заңдылыққа негіз бола алатын тағамның түрі – тауық жұмыртқасы.

Жұмыртқаның құрамындағы қоректік заттардың бір – бірімен ара қатнасы, бір- бірімен үйлесімділігі және олардың біртұтастығы жұмыртқаның адам ағзасының қоректік заттарға деген сұранысын мейлінше қанағаттандыра отырып, олардың жоғары деңгейде жеңіл әрі жылдам сіңірілуіне ықпал етеді. Демек, адам ағзасындағы зат алмасу құбылысы оңтайлы және жылдам жүреді. Ал, мұндай құбылыс адам өмірінің ұзақ болуына тікелей әсер етеді деген тұжырымдамыз. Бұл тұжырымның туындауына себепші болған табиғаттағы мына құбылыс: омартадағы аналық ара өзінің аналық емес, бірақ жұмыскер ұрғашы араларға қарағанда 30-50 есе артық өмір сүреді (аналық араның өмір сүру мерзімі – 2-5 жыл, жұмысшы ұрғашы аралар 1- 6 ай ғана өмір сүреді). Жұмысшы ұрғашы аралар «аналық сүт» деп аталатын азықпен өмірінің алғашқы үш күні ғана қоректенеді екен, ал қалған өмірінде тек балмен азықтанады екен. Ал, аналық ара өмір бойы осы «аналық сүтпен» қоректенеді. «Аналық сүттің» құрамында 65 - 66 % су, 9 - 19 % көмірсу, 2 - 9 % май, 1% минералдық тұздар және 0,5 % сүт қышқылы болады. Ара балы негізінен қанттан тұрады. Осы табиғи құбылысты зерттеген ғалымдардың пікірінше аналық араның өмірінің ұзақтығына бірінші кезекте әсер ететіні оның тағамының ақуыздық құндылығы және сүт қышқылының тиімділігінде.

Құс жұмыртқасының химиялық құрамы 74,1% су, 12,7% ақуыз, 11,5% май, 0,7% көмірсу және қауызын қоса есептегенде 7-10% минералдық заттар болады. Екі табиғи тағамның химиялық құрамын салыстыра отырып, ұқсастығына еріксіз назар аударасың.

Күнделікті ас мәзірінде тауық жұмыртқасының алатын орны ерекше. Медициналық мөлшер бойынша әр адам жылына кем дегенде 280 дана қолдануға болады. Орташа отбасы 5 адамнан тұратын болса ол отбасына жылына 280х5 = 1400 дана жұмыртқа қажет. Әрине ол жұмыртқаны дүкеннен әкеле салу ең жеңіл тәсіл. Дүкеннен әкелінген жұмыртқаның жұмыртқаның сапасы қандай, ол жұмыртқа қашаннан бері дүкен сүресінде тұр деген өзімізге қойылатын сұрақтарға жауап бергіміз келмейді. Жұмыртқа қымбаттаған кезде ғана, неге болды деп сұрақ қоямыз.

Барлық ветеринарлық талаптарды орындап, әрбір жер үйде тұратын отбасы он тауық (жұмыртқа беретін) асырауға толық мүмкіншілігі бар.Төменде көрсетілген тауықтарға мейлінше жағдай жасалған торшада 7-10 мекиен асырауға болады.



Сурет 1. Он мекиенге (жайлы)арналған торша

Мұндай торшаны ауланың ыңғайлы жерге қоюға болады. Бұл торша мекиендердің жайлы өмір сүруіне ыңғайландырылып жасалған. Атап айтқанда, түнде қонақтайтын орны, қалаған кезде құмға шомылуына болады, мекиендердің ыңғайлы жұмыртқалауына керекті ұяшығы бар. Су ниппельді жүйемен беріледі.Алдында жемге арналған астауы және торша астында санғырыққа арналған суырма бар. Оны күніне тазалап тұру керек, жағымсыз иіс болмасын десек.

Мекиендерге оқшауланған арнайы торша ұсынғанымыздың себебі торшадағы мекиендермен жабайы құстардың байланысы болмауы керек. Себебі құс аурулары және әр түрлі эктопаразиттер жабайы құстардан немесе ұй малдарынан жұғуы мүмкін.

Он мекиеннің пайдасы өте көп. Біріншіден он мекиеннен жылына кем дегенде (10 х 250 =2500) 2500 дана жұмыртқа аласыз, яғни бір отбасының жұмыртқаға деген сұранысы орындалады. Екіншіден алынған жұмыртқа балғын

болады, ал балғын жұмыртқаның тағамдық құндылығымен қатар шипалық та қасиеттері биенің саумалынан кем болмайды. Үшіншіден үйден шыққан ас қалдықтары іске асады. Төртіншіден ауладағы жабайы шөптерде құстардың қалаулы жемдерінің қатарына кіреді. Бесіншіден құс саңғырығы өңделіп қолданылса, құнды органикалық тыңайтқыш. Алтыншы немерелерге азда болса, біршама өмір өнегесі.

Құс жұмыртқасының құрамындағы қоректік заттардың бір-бірімен ара қатынасы, бір-бірімен үйлесімділігі және олардың біртұтастығы осы қоректік заттардың ағзаға жеңіл түрде қортылуына, сіңірілуіне және ағзаға даруына тікелей ықпал етеді деген тұжырымдамыз. Демек, адам балғын жұмыртқамен тамақтану арқылы өз ағзасындағы зат алмасудың барысын оңтайландыру арқылы жылдамдатады, сондықтан адамның өмірінің ұзақ болуына ықпал етеді деген пікірдеміз.

Литература

1. В.П., Петрова Т.И.,Кругалев С.С.К вопросу оценки потребительских свойств куриных яиц разных категорий.- Птица и птицепродукты.-№2. 2012 г.-стр.12-17.
2. Медведев Ж.А. Холестерин наш друг или враг?.-Наука и жизнь.-№2.-2008.
3. Спок Б. Ребенок и уход за ним / Перевод с английского Н.А.Петровой.- г.Алма-Ата: Фабрика книги,1992-стр.245.
4. Фисинин В.И.Стратегия инновационного развития птицеводства России.- Комбикорм.-№4.-2012.-стр.3-6.
5. Штеле А.Л. Куриное яйцо: вчера, сегодня, завтра.- М.: Агробизнесцентр, 2004.-стр.77.
6. Щеглов И. Холестерин набирает очки.- Наука и жизнь.-№2.-2013.
7. www. chcrp.volmed.org.ru.

УДК 636.22.034
UDC 636.22.034

ПРОДУКТИВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ МОЛОЧНОГО СКОТА АУЛИЕАТИНСКОЙ ПОРОДЫ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА

PRODUCTIVE INDICATORS OF DAIRY CATTLE OF AULIEATINSKY BREED IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN

Егемкулов Н.А., Жарлықат А.Р.
Egemkulov N.A., Zharlikat A.R.
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

В статье приведены показатели численности, продуктивности и классного состава поголовья аулиеатинского скота на юге Казахстана. Средняя молочная продуктивность полновозрастных коров племенного стада в ТОО «Атамекен НАН» составила 4945,0 кг молока за лактацию, отмечена необходимость проведения дальнейшей селекционно-племенной работы со стадом по увеличению численности высокопродуктивного поголовья и повышения продуктивности. Проведён отбор высокоценных животных в селекционную группу, со средней молочной продуктивностью 6091,5 кг лактацию и определена перспективность разведения породы

Abstract

The article presents the indicators of the number, productivity and class composition of the Aulieatinsky livestock in the south of Kazakhstan. The average milk productivity of full-aged cows of the breeding herd in «Atameken NAN» LLP was 4945.0 kg of milk per lactation, the need for further selection and breeding work with the herd to increase the number of highly productive livestock and increase productivity was noted. The selection of high-value animals in the breeding group, with an average milk productivity of 6091.5 kg lactation, was carried out and the prospects for breeding the breed were determined.

Ключевые слова: *молочное скотоводство, аулиеатинская порода, генофонд, продуктивность, селекция*
Keywords: *dairy cattle breeding, Aulieatinsky breed, gene pool, productivity, selection*

Одним из резервов интенсификации молочного скотоводства в республике является максимальное увеличение численности и повышение продуктивности отечественных пород молочного скота.

Одной из отечественных молочных пород скота, разводимых на юге Казахстана, является аулиеатинская. История создания породы относится к началу прошлого столетия. В селения, расположенные в Талласской долине Аулиеатинского уезда Казахстана (откуда и пошло название этой породы), ныне отнесённой к Киргизской Республике, переселенцами из Саратовской губернии были завезены животные голландской и остфризской пород и начато их скрещивание с местным казахским (киргизским) скотом. В дальнейшем полученные помеси были скрещены быками симментальской породой. Использование симменталов оказало существенное влияние на улучшение конституции и экстерьера, повышение живой массы коров [1].

В эти же годы были завезены чистопородные высококлассные быки голландской породы, Ауксинис 103 и Немо 102, братья по отцу-быку Арасу 32. Использование этих выдающихся производителей значительно ускорило селекционный процесс в совершенствовании аулиеатинского скота [2]. Аулиеатинская порода была апробирована в качестве самостоятельной заводской породы в 1974 году и признана отечественной породой молочного направления продуктивности. Удельный вес скота этой породы в колхозах и совхозах Чимкентской области составлял 70%, Джамбулской - 20% и Кзыл-Ординской - 10%. В настоящее время поголовье аулиеатинского скота в Казахстане сократилось и насчитывает всего 695 голов, при этом 421 голов или 60,6% разводится в ТОО «Атамекен НАН» Толебийского района Туркестанской области [3].

Целью наших исследований было проведение анализа современного состояния и определение перспектив дальнейшего разведения аулиеатинской породы молочного скота в Казахстане.Материалом исследований послужили поголовье молочного скота аулиеатинской породы в ТОО «Атамекен» Толебийского района Туркестанской области. В процессе выполнения запланированных НИР применялись общепринятые зоотехнические методики оценки происхождения, молочной продуктивности, воспроизводительной способности коров.

Общая численность исследуемого поголовья крупного рогатого скота аулиатинской породы в хозяйстве составило 421 голов, том числе 211 коров (таблица 1).

Таблица 1 - Численность племенного поголовья и классный состав стада аулиеатинской породы ТОО « Атамекен»

Половозрастные группы	Всего, голов	Классный состав поголовья			
		эр	эл	1	н/кл
Коровы	211	14	59	128	10
Нетели	63	4	17	31	11
Телки старше 12 мес. возраста	70	8	11	28	23
Телки текущего года	48	3	13	20	12
Бычки текущего года	29	4	6	9	10
Итого	421	33	106	216	66

Результаты комплексной оценки поголовья показали, что удельный вес высокопродуктивного поголовья в стаде составляет 33,0% от общей численности, при средней оценке экстерьера и конституции 7,5 балла, в том числе 4,0 балла за вымя. Средняя живая масса полновозрастных коров составила 479,2 кг, что на 2,0% превышает стандартные требования живой массы коров аулиеатинской породы, третьего отёла и старше. Средняя молочная продуктивность коров за лактацию в стаде составила 4945,0 кг молока, с содержанием жира 3,92%, белка 3,22%. Удельный вес маточного поголовья (коровы, нетели, телки старше 12 мес.) в стаде составляет 81,7%, что даёт возможность проводить ремонт стада поголовьем собственной репродукции.

Показатели воспроизводства коров в стаде, в целом соответствуют оптимальным зоотехническим параметрам для молочного стада.

Таблица 2 – Показатели воспроизводительной способности аулиеатинского скота

Половозрастные группы	Численность, гол.	Продолжительность сервис периода, дн.	Получено телят, гол.	Живая масса телят при рождении, кг.	Сохранность, %	Индекс осеменения
Коровы 1 отёла	24	87,5±3,1	20	26,4±2,1	95,3	2,1±0,3
Коровы 2 отёла и старше	187	74,3±2,9	141	28,6±1,9	96,8	1,75±0,1

Средняя продолжительность сервис-периода у коров составила 74,3 дня, первотёлок 87,5 дней, при индексе осеменения у коров - 1,75 и первотёлок - 2,1, при высоких показателях сохранности приплода до 96,8%.

Были проведены поквартальные контрольные удои коров, с определением содержания жира, белка и количество соматических клеток в молоке (таблица 3).

Таблица 3 – Средние показатели химического состава молока

Кварталы	показатели		
	содержание жира, %	содержание белка, %	количество соматических клеток, тыс./мл
I	3,90±0,001	3,21±0,002	510±9,6
II	3,92±0,001	3,20±0,003	526±10,2
III	3,88±0,002	3,20±0,002	525±9,7
IV	3,96±0,001	3,15±0,001	460±11,5

Показатели химического состава молока в течении лактации изменялись не существенно и находились в пределах: жир от 3,88% в летний до 3,96% в осенний периоды, белок 3,15-3,21%, содержание соматических клеток варьировало в течении лактации в пределах 460-526 тыс./мл.

За последние десятилетия аулиеатинский скот улучшался быками голштинской породы. Использование быков голштинской породы повысило удои коров на 20-25%, улучшило форму вымени, морфофункциональные свойства и создало перспективную генеалогическую структуру в стаде, позволяющее вести эффективную работу по дальнейшему наращиванию генетического потенциала продуктивности животных.

Таблица 4 –Генеалогическая структура маточного стада аулиеатинского скота в ТОО «Атамекен НАН»

Порода	Линии	Кол. быков-отцов	Кол. их дочерей	Удой матерей отцов	Удой дочерей
Аулиеатинская порода	Адема 197	3	48	9596	8759±158
	Адмирал Бурке 661323	2	30	8327	7125±201
	Вис Бэк Айдиал 1013415	5	40	9014	6999±99
Итого/в среднем		10	118	8979	7627±182

В стаде были определены родственные группы потомки быков линии Адема 197 с максимальной молочной продуктивностью дочерей 8759±158 кг молока, потомки быков линии Адмирал Бурке 661323 с молочной продуктивностью дочерей 7125±201 кг молока и дочери быков линии Вис Бэк Айдиал 1013415 с молочной продуктивностью 6999,0 кг молока.

В стаде проведен отбор 42 голов коров в селекционную группу, со средней молочной продуктивностью 6091,5 кг молока за лактацию и послужившие материалом для проведения расчёта экономической эффективности дальнейшего разведения скота аулиеатинской породы на юге Казахстана (таблица 5).

Таблица 5 – Экономическая эффективность разведения высокоценных генотипов аулиеатинской породы в ТОО «Атамекен НАН»

Показатель	В среднем по стаду	Селекционная группа
Удой за 305 дней., кг	4945,0	6091,5
Содержание жира в молоке, %	3,92	3,93
Производственные затраты на 1 голову, тенге	487831,5	516451,3
Стоимость валовой продукции, тенге	593400,0	730920,0
Чистый доход, на 1 голову, тенге	105568,5	214468,7

Результаты оценки экономической эффективности разведения аулиеатинского скота показали, что при генетическом потенциале породы в настоящее время 6091,5кг молока за лактацию, можно получать 108900,2 тенге дополнительного чистого дохода на одну голову за лактацию.

Результаты исследований дают основание сделать вывод о конкурентоспособности разведения аулиеатинской породы на юге Казахстана и необходимости принятия мер по сохранению ее генофонда.

Генетический потенциал продуктивности коров составляет более 6000 кг молока за лактацию. Принятие дальнейших мер по совершенствованию селекционной работы, улучшению условий кормления и содержания, вполне способны повысить достигнутый уровень продуктивности более чем на 15,0%.

Литература

1. Всяких А.С., Квитко П.Н., Квитко.А.З. Аулиеатинский. скот и племенная работа с ним. – Фрунзе, 1944. – 104 с.
2. Абдуллаев К.Ш. Результаты совершенствования аулиеатинского скота на юге Казахстана. //Вестник с.-х. науки Казахстана. –Алматы: Бастау, 2012. -№11. –С.63-65.
3. Алентаев А.С., Стрекозов Н.И., Алибаев Н.Н., Абдуллаев К.Ш., Абдраимов Т.Р., Елемесов К. Способ отбора крупного рогатого скота аулиеатинской породы по маркерным признакам. Патент РК №22215. Опубл. 5.01.2010, бюл.№1. – 5 с.

УДК 636.3.084.1:636.035
UDC 636.3.084.1:636.035

ОТКОРМ БАРАНЧИКОВ ТОНКОРУННЫХ ПОРОД С ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОРМОВОЙ ДОБАВКИ ФЕЛУЦЕН

FATTENING OF FINE-WOOLED SHEEP WITH THE USE OF FELUCENE FEED ADDITIVE

Егемкулов Н.А., Мәлік А.Р.
Egemkulov N.A., Malik A.R.
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

Включение в рацион откорма баранчиков овец тонкорунной породы в условиях крестьянского хозяйства «Ибырайым кажы» Казыгуртского района Туркестанской области кормовой добавки фелуцен увеличило прирост живой массы животных. За период откорма они набрали вес на 1,94 кг или 5,3% больше, чем сверстники из контрольной группы, при низких затратах корма на 1 кг прироста массы.

Abstract

The inclusion of felutsen feed additive in the diet of sheep of fine-wooled breed in the conditions of the farm "Ibyrayim Kazhy" of the Kazygurt district of the Turkestan region increased the increase in live weight of animals. During the fattening period, they gained weight by 1.94 kg or 5.3% more than their peers from the control group, with low feed costs per 1 kg of weight gain

Ключевые слова: *откорм, овцеводство, баранчики, живая масса, прирост массы, убойный выход, затраты корма*

Keywords: *fattening, sheep breeding, rams, live weight, weight gain, slaughter yield, feed costs*

Анализируя мировой опыт развития овцеводства, можно сделать вывод, что высокая конкурентоспособность и экономическая эффективность отрасли могут быть обеспечены в первую очередь за счет повышения его мясной продуктивности. В сложившейся ситуации представляется актуальным использование различных подкормок с целью повышения мясной продуктивности отечественных тонкорунных пород [1, 2].

Целью наших исследований явилось изучение перспективности использования белково-минеральных добавок в рационах откармливаемых баранчиков. Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи:

- исследовать рост и развитие молодняка при различных рационах откорма;
- провести оценку откормочных и мясных качеств подопытного молодняка;
- определить уровень экономической эффективности откорма баранчиков тонкорунных пород при использовании кормовых добавок.

Материалом исследований явились баранчики тонкорунной породы овец крестьянского хозяйства «Ибырайым кажы» Казыгуртского района Туркестанской области. Во время проведения работы, использовались общие зоотехнические методы исследований определения прироста живой массы, затраты кормов на единицу продукции, проведения контрольного забоя животных [3]. Обработку экспериментальных данных проводили в программе Microsoft Excel с применением биометрических и математических методов анализа.

Проявление наследственно обусловленной продуктивности животных зависит в первую очередь от кормления и содержания [4]. Они являются важнейшими факторами внешней среды, оказывающими значительное воздействие на рост и развитие животных, уровень продуктивности и качество продукции. Для оценки оплаты корма приростом живой массы, нами были поставлены на контрольный откорм 20 голов баранчиков, по 10 голов в каждой группе. Возраст постановки на откорм – 4 месяца, возраст снятия – 6 месяцев. Все животные обладали близким к среднему уровнем живой массы. На основе традиционно используемых кормов в хозяйстве, был составлен хозяйственный рацион откорма баранчиков в хозяйстве состоящий из сена люцернового, дерти ячменной, дерти пшеничной.

Основной рацион баранчиков на откорме соответствовал нормам потребности организма и состоял из следующих видов корма: сено люцерновое – 1,0 кг, дерть ячменная – 0,35 кг, дерть пшеничная – 0,2 кг. В рационе содержалось 1,3 ЭКЕ и 154,2 г переваримого протеина. Для балансирования рациона по витаминно-минеральному, сахаропротеиновому отношению опытной группе баранчиков дополнительно в рацион включили кормовую добавку фелуцен. В состав кормовой добавки фелуцен входят легкоферментированные углеводы (сахара), растительный протеин, растительный жир, соль (хлорид натрия) высокой очистки. Макроэлементы: кальций, фосфор, магний, сера. Микроэлементы: марганец, медь, цинк, кобальт, йод, селен. Витамины: А, D3, Е. Обменная энергия: 2,9 МДж/кг.

Таблица 1 – Хозяйственный рацион баранчиков на откорме

Показатель	Ед. измерения	Количество
Сено люцерновое	кг	1,0
Дерть ячменная	кг	0,35
Дерть пшеничная	кг	0,20
В рационе содержится:		
ЭКЕ	-	1,3
сухого вещества	кг	1,31
сырого протеина	г	206,6
переваримого протеина	г	154,2
кальция	г	14,0
фосфора	г	3,97
каротина	мг	423,7

Подопытный молодняк содержался в одном базу, но в разных загонах. Ежедневно каждой группе баранчиков задавали количество корма утром, в период с 7 до 8 часов, производили дачу ½ дневной нормы сена люцернового, затем, в 78 промежутке с 12 до 13 часов, давали дерть ячменную, а с 13 до 14 часов - дерть пшеничную и в период с 17 до 18 часов задавали вторую половину объемистого корма. Животным опытной группы дополнительно в рацион включали кормовую добавку фелуцен. Для учета поедаемости, перед каждым кормлением взвешивали не съеденный остаток от предыдущей дачи корма. На основе ежедневного учета заданных и не съеденных кормов установили, что баранчики из контрольной группы поедали меньшее количество корма, чем животные опытной группы.

Также нами были вычислены затраты корма на производство продукции. Анализ полученных данных, позволяющее судить о приросте живой массы за весь период откорма показал, что живая масса в начале откорма у баранчиков опытной группы была выше. Данный факт отражал реальную разницу между средними значениями этого признака у баранчиков опытной группы. Однако за период откорма они набрали вес на 1,94 кг или 5,3% больше, чем сверстники из контрольной группы.

У опытных баранчиков отмечены наиболее низкие затраты корма, пошедшие на прирост 1 кг живой массы, на уровне 7,31 ЭКЕ, что на 2,8% меньше, по сравнению с контрольной группой.

Таблица 2 – Затраты кормов на прирост живой массы

Показатель		Группа	
		контрольная	опытная
Живая масса, кг	начальная	27,53±0,24	29,13±0,39
	конечная	36,38±0,32	38,32±0,43
Абсолютный прирост живой массы, кг		8,85±0,09	9,19±0,11
Всего затрат за период опыта на 1 голову, ЭКЕ		66,16	67,16
Израсходовано ЭКЕ на 1 кг прироста живой массы		7,48	7,31
всего затрат переваримого протеина на 1 голову, г		7574,1	7706,88
Израсходовано переваримого протеина на 1 кг прироста живой массы		855,83	838,62

Для изучения и оценки убойных качеств подопытного молодняка, в нашем эксперименте, был проведен контрольный убой баранчиков. С этой целью отбирали по 3 голов молодняка из каждой группы, обладавших приближенными к средним показателями живой массы для своих групп (таблица 3).

Таблица 3 – Убойные качества баранчиков в возрасте 6 месяцев, кг

Показатель	Группа	
	I	II
Предубойная живая масса	36,48±0,24	38,43±0,27
Масса парной туши	16,13±0,18	17,42±0,15
Масса внутр. жира	0,147±0,06	0,164±0,04
Убойная масса	16,28±0,17	17,58±0,21
В среднем	44,6	45,8

Основными критериями, дающими представление о мясной продуктивности, служат убойная масса и убойный выход, которые в значительной мере связаны с генотипом животного. Результаты, полученные в ходе контрольного убоя, свидетельствуют об определенных различиях между баранчиками контрольной и опытной групп. По предубойной живой массе, молодняк опытной группы превышал показателей сверстников из контрольной группы на 5,3%. Различия сохранились и в послеубойных характеристиках. Туши баранчиков опытной группы весили больше, чем туши контрольных животных, на 8,0%, содержание внутреннего жира было выше на 11,5%, при более высоких показателях убойного выхода у баранчиков опытной группы 45,8%, что больше чем в контрольной группе на 2,7%.

Проведенный расчет экономической эффективности использования при откорме баранчиков кормовой добавки фелуцен показывает, что животные опытной группы по уровню выручки, имели превосходство над контролем, которое составило в среднем на 1 голову 475 тенге.

Обобщая полученные данные, можно утверждать, что использование при откорме баранчиков кормовой добавки фелуцен повышает откормочные качества молодняка, улучшает способность к трансформации корма в продукцию и дает больше выручки на 475 тенге на голову.

Литература

1. Баканов В.Н., Менькин В.К. Кормление сельскохозяйственных животных. – М.: Академия, 2012. – 511 с.
2. Бокова Т.И. Использование биологически активных добавок в рационе животных //Кормление сельскохозяйственных животных и кормопроизводство. – М., 2013. -№9. – С.9-10.
3. Мухина Н.В. Корма и биологически активные кормовые добавки для животных. – М.: Колос, 2014. – 271 с.
4. Петрухин И.В. Корма и кормовые добавки. – М.: Академия, 2014. – 526 с.

References

1. Bakanov V.N., Menkin V.K. Feeding of farm animals. – M.: Academia, 2012. – 511 p.
2. Bokova T.I. The use of dietary supplements in the diet of animals //Farm animal feeding and feed production. – M., 2013. -№9. – P.9-10.
3. Muhina N.V. Feed and biologically active feed additives for animals. – M.: Colos, 2014. – 271 p.
4. Petruhin I.B. Feed and feed additives. – M.: Academia, 2014. – 526 p.

ӘОЖ 636.033
UDC 636.033

ТОҚТЫЛАРДЫ ЖАЗҒЫ ЖАЙЫЛЫМДАРДА ЖАЙЫП СЕМІРТУ КЕЗІНДЕГІ ЕТ ӨНІМДІЛІГІНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

CHANGES IN MEAT PRODUCTIVITY WHEN FATTENING SHEEP ON SUMMER PASTURES

Егемкулов Н.А., Мәметөре Б.М.
Egemkulov N.A., Mametore B.M.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

В статье приведены изменения мясной продуктивности при откорме овец на летних пастбищах. Полученные данные свидетельствуют, что откорм овец с низкой массой и упитанностью на пастбищах в течение 54 дней весной и 90 дней летом был экономически эффективной мерой, позволяющей получить с каждой головы 2858 и 2293 тенге прибыли, при этом эффективность составила 47,6-43,5%, а эффективность откорма овец различных видов в зависимости от возраста, пола на пастбищах составила 42,8-47,6%.

Abstract

The article presents changes in meat productivity when fattening sheep on summer pastures. The data obtained indicate that fattening sheep with low weight and fatness on pastures for 54 days in spring and 90 days in summer was a cost-effective measure that allows you to get 2,858 and 2,293 tenge of profit from each head, while the efficiency was 47.6-43.5%, and the efficiency of fattening sheep of various types, depending on age, gender, on pastures was 42.8-47.6%.

Кілттік сөздер: *тоқты, жайып-семірту, жайылым, ет өнімділігі, экономикалық тиімділігі, өзіндік құны, пайда, рентабельділігі*
Keywords: *sheep, grazing, grazing, meat productivity, economic efficiency, cost, profit, profitability*

Қазақстан Республикасында қой шаруашылығы мал шаруашылығының жетекші саласы болып табылады және оның дамуы халықтың қажеттілігін қанағаттандыратын тағамдық өнім (қой еті), ал өнеркәсіпті (жүн, тері және елтірі) шикізаттармен үздіксіз қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Еліміздің нарықтық қатынасқа өту жағдайында қой шаруашылығы дамуының негізгі ерекшеліктері - жұмыс өнімділігін жоғарылату, саланың тиімділік деңгейін көтеру, өзіндік құнын түсіру кезек күттірмейтін мәселе болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында қой шаруашылығын жеделдете өркендетудің негізгі жолы – жоғары сапалы қой өнімдерін өндіруді молайту. Қой шаруашылығының экономикалық тиімділігін арттырумен бәсекелестігін көтерудің, халық шаруашылығындағы маңызының артуы, қой өнімдерінің өсуі мен сапасының жоғарылауына тікелей байланысты.

Малдың ет өнімін қалыптастыратын қозғаушы күш бағалы азықтармен азықтандыру болып табылады. Ауыл шаруашылығы малдарының жетілуі мен өсуіне азықтандырудың жасайтын ықпалы зор. Малдың денесінің жекелеген бөліктерінің өсуі біркелкі емес, мол және толық бағалы азықтандыру малдың денесінің үлкеюіне ғана әсер етіп қоймай, дене пропорциясының жақсаруына да әсерін тигізеді. Мардымсыз азықтандыру ағзаның қалыптасуына әсер ететін маңызды себептер, малдарды енді пісіп жетілетін жас кезінде жеткіліксіз түрде азықтандырса, денесінің барлық бөлігі біркелкі дәрежеде өсуден қалып, бұл жағдай мүшелермен ұлпалардың жедел өсуіне кері әсерін тигізеді.

Е.А. Богданов [1] көрсетуі бойынша, азықтандырудың өзгешелігі, мал денесінің дамуын тек қана жылдамдатып, болмаса баяулатып қоймай, сонымен қатар малдың сыртқы тұлғасын дененің жекелеген бөлігінің ара қатынасын да өзгертеді Ол тағыда азықтың молдығы мал денесінің жетілуін жылдамдатады және бұл жылдамдықта да жекелеген мүшелер мен ұлпалардың өсу деңгейі біркелкі еместігін атап көрсетеді.

I. Nedkovithe [2] мәліметі бойынша, қозыларды енесінен 7, 10, 13, және 18 апталық жасында ажырату нәтижесінде ұшаның сапасында, тірі салмағында, сонымен қатар қой мен қозының жүн өнімдерінде айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Осыған қарағанда, енесінен ерте айырудың қой өнімдерінің сапасы мен санына ықпалы жөнінен әдебиеттерде жазылғандарға көп қарама-қайшылық бар. Соған қарамастан қой шаруашылығы дамыған мемлекеттерде қозыны енесінен айыруды 1,5-2 айлығында жүргізіп оларды жеделдете жайып семірту мен бордақылауға қояды.

Жайып семірту, қойды етке дайындауда, тірілей салмағы мен қоңдылығын көтеруде, ең арзан ет өндіруге мүмкіндік жасайтын бірден-бір тиімді әдіс түрі болып табылады. Әсіресе кең байтақ табиғи жайылым жерлерге өте бай Қазақстанның жағдайында қойларды жайып семірту үлкен маңызды іс болып табылады. Қой етінің сапасын жақсарту, ет өнімділігін жоғарылату үшін аймақтың жайылым жерлерін тиімді пайдаланып, жайып семіртуді дұрыс ұйымдастыру керек. Бұл үшін жайылым жерлердің өзіне тән ерекшеліктерін, ондағы өсімдік түрлерін, жайылымды жылдың әр мезгілінде пайдалану мерзімінің тиімділігін ескеру қажет. Аймақтағы жайылым жерлерді орынды пайдалану, жайып семіртуді дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді және қой етінің сапасын жақсартып, ет өндіруді жоғарылатуға жағдай жасайды. Сонымен бірге жайылым жағдайының өзгешелігін есепке ала отырып өсімдіктің түрлерімен қоса жылдың әр түрлі уақытына байланысты жайылымның қолай-лы мерзімін анықтап алу керек. Қойларды жайған кезде жас балауса шөппенен қоректендіріп, сумен еркін қамтамасыз етілуі қойдың жылдам оңалуына жағдай жасайды және малды бағудың технологиялық процесін оңайлатып ет өндіру кезіндегі жұмыс шығынын айтарлықтай азайтады [3].

Шөптің құрамындағы қоректік заттар түрлік құрамына байланысты көбінесе тез өзгерістерге ұшырап отырады, өсімдіктердің өсіп өну және даму кезеңдерін білгендіктен олардың құрамында қоректік заттардың мол болатын уақытында азықтандырудың пайдасы зор, жайып семіртудің ұзақтығы малдың жасы мен қоңдылығына байланысты

болады, жайылымдық азықтың сапалық құрамымен, жүргізілген жайып семіртудің қарқындылығын да ескеру керек. Жайып семіртудің тиімділігі жайылым шабындықтарын дұрыс пайдалану барысымен анықталады [4].

Табиғи жайылымды оны пайдалану кезеңімен таңдағанда (көктемгі, жазғы, күзгі) малдарды бүкіл жайылым уақытында жоғары бағалы көк шөпен қамтамассыз етуге болады, қойларды ұзақ мерзім бойында белгілі бір жүйесіз тек бір ғана жерде жаю, жайылым сапасын жылдам төмендетеді және шөптің ботаникалық құрамын аздырып, жердің тақырлануына алып келеді. Шөлді және таулы құрғақ бөліктегі жайылымдар қой жаюға жақсы пайдаланылады, дегенмен олардың қара шірік қабатының қуатының аздығына және нашарлығына байланысты байқап күтіп пайдалану қажет. Қазақстан Республикасының шығыс және оңтүстік, оңтүстік-шығыс жағында орналасқан шаруашылық орындары көбінесе тік аймақтағы мерзімді жайылымдарды пайдаланады. Осыған байланысты таулы және тау бөктеріндегі жайылымдарды неғұрлым өз уақытында пайдалансақ, қойды жайып семіртудегі олардың өнімділігіннң соғұрлым сәтті болғандығын анықтауға мүмкіндік туар еді.

Қазақстанның оңтүстігінде қойдың жаздық жайылымы жылдың едәуір ыстық мезгілінде маусым айының басынан тамыз айының ортасына немесе аяғына дейін тау басындағы салқын жерлердегі жайылымдарда өтеді Әдетте тоқтылар отарлары немесе топтары қырқымнан кейін құрылады. Жайылымдағы қойлар күзгі уақытта тау бөктеріндегі жайылымға түсіріледі, сонымен қатар көп жылдық жайылымдармен орып алынған егіс және жоңышқа аңыздары жайылым үшін кеңінен пайдаланылады.

Тоқтыларды жазғы жайылымдарда бағып семірту кезінде олардың ет өнімділігінің және сапасының өзгерістерін, зерттеу мақсатында, қырқымнан кейін оңтүстік қазақ мериносы тұқымының биязы жүнді тоқтылардан бақылау тобы (n=37) жасақталды, оларды бақылауға қойылғандағы тірілей салмағы 36,8±0,55 кг, ал қырқылған кездегі жүннің орташа салмағы 3,4±0,06 кг болды. Тоқтыларды қырқа салысы мен салмағын анықтап, 22-мамырдан бастап олардың денесінің өсуіне бақылау жүргіздік. Тоқтылар маусым айының басына шейін тау бөктеріндегі жайылымда жайылды, осы жерді қотырға қарсы тоғытылудан өтті. Бұдан кейінгі кезеңде тоқтылар таудағы жайылымға айдалып, онда тамыздың ортасына шейін жайып семіртілді.

Тоқтыларды суғару таң ертең және түс ауа тау өзенінде жүргізілді.

Тоқтылардың жазғы күннің ыстықтығына шыдымайтындығы ескеріліп таң ертең ерте сағат 6-7- лерде жайылымға шығарылды (1-кесте).

Күндізгі сағат 11^{30} жайылым тоқтатылып қойлар сағат 15^{00} дейін жел тиетін дөңестеу жерде демалыста болды. Сағат 15^{00} кейін малдар жайылымға шығарылып онда сағат $21\text{-}22^{00}$ шейін жайылды.

Тоқтыларды 90 күн бойы созылған жайып семірту кезінде олардың тірілей салмағы 36,8 килограммнан 49,0 килограммға шейін жоғарылады, болмаса 12,2 кг салмақ қосты. Жас тоқтылардың өсуі бұл кезеңде жедел түрде жүріп, орташа тәуліктік салмағы 136 г болды.

1-кесте –Тоқтыларды жайылымда бағып семірту кезіндегі күн тәртібі

Көрсеткіштер	Уақыт, сағат				
	6^{00}-7^{00}	6^{00}-11^{30}	11^{30}-15^{00}	15^{00} -$21\text{-}22^{00}$	$21\text{-}22^{00}$ $6\text{-}7^{00}$
Тоқтыларды таңертең жайылымға шығару	+	-	-	-	-
Тоқтыларды жаю	-	+		-	-
Тоқтыларды суару және түскі демалыс	-	-	+	-	-
Тоқтыларды түстен кейін суару және жаю	-	-	-	+	-
Түнгі демалыс	-	-	-	-	+

Жайылым шөбінің өнімділігі жаз кезінде 20-23 ц/га құрады бұл тоқтылардың қарқынды өсуіне жағдай жасады. Жазғы жайылым шөбінде орташа 61,8% су, 3,8% протеин, 1,7% май, 12% клечатка, 16,6% АСЗ (азотсыз сірінді заттар), 3,1% күл болды. Тәулігіне 1 бас тоқтыға 1,29 азық өлшемі жұмсалды немесе 4,96 кг жайылым шөбін жеді. Тоқтылар жазда 90 күн бойы жайып семірту кезінде 1 кг салмақ өсіміне 9,52 азық өлшемін және 1050 г қорытылған протеин жұмсады.

Жайып семіртуге қою алдындағы бақылау сою кезіндегі төменгі қоңдылықтағы тоқтыларды, сойғанан кейінгі ұша салмағы 15 кг болып сою алдындағы салмаққа шаққандағы ұшаның шығымы 41,7% болды (2-кесте).

2-кесте –Тоқтылардың бақылау сойысының нәтижелері

Көрсеткіштер	Жайып семіртуге қойғанда	Жайып семіртуден кейін	Өсу коэффи-циенті
Сойыс алдындағы тірілей салмағы, кг	36,0±0,47	47,3±0,4	1,31
Дененің таза салмағы, кг	31,8	40,2	1,26
Ұшаның салмағы, кг	15,0±0,24	20,8±0,3	1,39
Ұшаның шығымы, %	41,7	44,2	-
+ %	47,2	51,7	-
Іш майының салмағы, кг	0,4±0,04	0,85±0,03	2,13
Іш майының шығымы, %	1,1	1,8	-
+ %	1,3	2,1	-
Сойыс салмағы, кг	15,4±0,3	21,65±0,3	1,41

Сойыс шығымы, %	42,8	45,8	-
+ %	48,4	53,9	-
Барлық ет тәріздес өнімдер кг	5,8±0,06	6,4±0,05	1,10
Ет тәріздес өнімдер шығымы, %	16,1	13,5	-
+ %	18,2	15,9	-
Оның ішінде I-дәрежелі %	3,9	3,6	-
+ %	4,4	4,2	-
II-дәрежелі	12,2	9,9	-
+ %	13,8	11,7	-
Барлық сойыс өнімдер салмағы, кг	21,2±0,5	28,05±0,5	1,32
Барлық сойыс өнімдер шығымы, %	58,9	59,3	-
+ %	66,7	69,8	-
Асқазан ішек жолдарындағы қалдықтың салмағы кг	4,2	7,1	-
Асқазан ішек жолдарындағы қалдықтың шығымы, %	11,7	15,1	-
Ескерту: + - дененің таза салмағының шығымы (дененің ас қорыту жолдарындағы нәжіссіз салмағы)			

Тоқтылардың ағзасындағы іш майдың жиналуы мардымсыз (0,4 кг) түрде жүрді, оның шығымы бар болғаны 1,1% ет өнімдеріне қойылатын мөлшерлік талапқа(2%) жетпеді, сондықтан тоқтылардың сойыс шығымы төмен болды – 42,8%. Осыған байланысты ет тәріздес өнімдердің шығымы жоғары – 16,1% болды. 3 айға созылған жазғы жайып семірту кезінде тоқтылардың қоңдылығы айтарлықтай жақсарды, сөйтіп таңба бойынша (МемСТ 5111-55) бағаланған олар айқын басымдылықпен орташа және жоғарғы қоңдылыққа жатқызылды.

Жайып семірту процесі кезінде дененің таза салмағына (1,26 есе), ет тәріздестерге (1,1 есе), қарағанда ұшаның салмағының, әсіресе іш майларының өсуі жедел түрде (1,39 және 2,13 есе) жүрді. Осыған байланысты ұшаның шығымы, іш майлары мен сойыс шығымдары осы уақыттарда айтарлықтай тиісінше 41,7; 1,1 және 42,8 пайыздан 44,2; 1,8 және 45,8 пайызға дейін жоғарылады. Жайып семіртуден кейін тоқтылардың ұшасының шығымы, ет өңдеуші кәсіпорындардың жоғарғы қоңдылықтағы қойларға қояатын талаптарынан (41,3%) 2,7 бірлікте мөлшердегі талаптан асық болды.

Малдарды етке дайындау процесі кезінде болмаса жасына байланысты еттілігінің жетілуі мен өсу процесін зерттегенде, олардың ұшасының шығымы және салмағы, ішкі мүшелері, немесе басқада сойыс өнімдері, жұмсақ еті, сүйегінің салмағының өзгерісін білумен ғана шектеліп қоюға болмайды, сонымен қатар ұшаның еттілігін қалыптастыратын ұлпалардың өзгеру сипаттамасын анықтау қажет. Өмірдің кейбір жағдайларының әсерімен ағза жүйесімен ұлпалардың арақатынасы және жас өзгерісі заңдылықтарын білу, еттің қалыптасуын белгілі мақсатқа бағыттап, қажетілікке ынғайлап, мал өнімдерінің деңгейі мен сапасын реттеуге мүкіндік жасайды.

Қазіргі уақытта тоқтылар (12-ден 18-айға дейін) және еркек қозылар (12 айға дейін) өсіру қой етін өндірудің басты көзі болып табылады, өйткені олардың етінің сапасы жақсы және ет өнімділігі жоғары. Осыған байланысты етіліктің қалыптасу жүйесін біле отырып мақсатқа сай тоқтылармен , қозыларды өсіруге мүмкіндік туады.

Ұшаның еттілігін қалыптастыратын ұлпалардың бір келкі өспеуінің әсерінен оларды етке дайындау кезінде малдардың жасына қарай жекелеген бөліктерінің үлес салмағы өзгеріске ұшырайды, сондықтан еттің бағалылығы да өзгереді.

Тоқтыларды жайып семіртуге қойған кезде олардың ұшасында 76,8 пайыз жұмсақ ет, оның ішінде бұлшық еттер 70,3% болды (3-кесте).

3-кесте – Тоқтылардың ұшасының морфологиялық және жұмсақ еттің химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жайып семір-туге қойғандағы	Жайып семірту-ден кейін	Өсу коэф-фициенті
Ұша	кг	14,8±0,52	20,1±0,45	1,36
	%	100,0	100,0	-
Жұмсақ ет	кг	11,37±0,43	16,2±0,38	1,43
	%	76,8	80,6	-
Бұның ішінде бұлшық ет	кг	10,41±0,18	13,5±0,16	1,30
	%	70,3	67,2	-
Май	кг	0,96±0,09	2,7±0,07	2,81
	%	6,5	13,4	-
Сүйектер	кг	3,16±0,11	3,62±0,10	1,15
	%	21,4	18,0	-
Сіңір	кг	0,27±0,01	0,28±0,009	1,04
	%	1,8	1,4	-
Коэффициентер: еттілік	бір.	3,55	4,51	-
бұлшық ет-сүйек	бір.	3,29	3,73	-
бұлшық ет- май	бір	10,8	5,0	-
Химиялық құрамы:				
Су	%	68,8	61,9	-
Май	%	12,5	21,2	-
Ақуыз	%	17,7	16,0	-
Күл	%	1,0	0,9	
1 кг жұмсақ еттің қуат құндылығы	МДж	9,1	13,4	-

Тоқтылардың ұшасында майдың шығымы төмен (6,5%), ал сүйектері жоғары (21,4%) болды. Осыған байланысты еттілік коэффициентінің және бұлшық ет-сүйектерінің арақатынасының көрсеткіштері жоғары болмады, сөйтіп тиісінше 3,55 және 3,29 бірлікті құрады.

Жазғы жайып семірту кезінде тоқтылардың салмағының артуы, тағамдық тұрғыдан қарағанда бағалы бұлшық еттер (3,09 кг), май (1,74 кг), аз мөлшерде ұшанаң қаңқа сүйектерінің артуы (0,46 кг) есебінен жүрді, сондықтан жұмсақ еттің үлесі 76,8 пайыздан 80,6 пайызға шейін жоғарылады, ал ұшаның сүйектері керісінше 21,4 пайыздан 18 пайызға дейін төмендеді. Бұл кезеңде ұшаның қаңқа бұлшық етерінің өсу қарқыны (1,3 есе) әсіресе майдың шырлануы (2,81 есеге), ұшаның қаңқа сүйектеріне қарағанда жоғары болды (1,15 есе). Еттілік коэффициенті және бұлшық-сүйек арақатынасы 3,55 және 3,29 бірліктен 4,51 және 3,73 бірлікке өсті, ал май-бұлшық ет коэффициент арақатынасы керісінше, 10,8 бірліктен 5 бірлікке шейін төмендеді.

Тоқтыларды жайып семірту кезінде ұшада майдың қарқынды түрде жиналуына жұсақ етте май мөлшері 12,5 пайыздан 21,2 пайзға дейін жоғарылады, ал су үлесі керісінше 68,8 пайыздан 61,9 павйызға төмендеді. Осыған байланысты 1кг жұмсақ еттің қуат құндылығы 9,1 МДж дан 13,4 МДж едәуір жоғарылады.

Сонымен бірге 3 ай бойы жазғы жайып семірту кезінде тоқтыларды қырқымнан соң тау бөктеріндегі жайылымға жайып, одан кейін негізінен таулы жайылымда жаю қоңдылығы төмен тоқтылардың ұшасының және жұмсақ ет шығымын тиісінше 41,7 және 73,8 пайыздан 44 және 80,6 пайызға, ал 1 кг жұмсақ ет қуаттылығын 9,1 МДЖ дан 13,4 МДж жеткізуге мүмкіндік жасады.

Қорытындылай келе, тоқтыларды жазғы жайылымдарда жайып семірту кезіндегі ет өнімділігін зерттеу салмағы және қоңдылығы төмен тоқтыларды жайылымдарда көктемде 54 күн бойы және жазда 90 күн бойы жайып семірту әр бастан тиісінше 2858 және 2293 теңге алуды, тиімділікті 47,6-43,5% жеткізуге болатын экономикалық тұрғыдан тиімді шара болды. Әр түрлі қойларды жасына, жынысына байланысты жайылымда бағып семірту тиімділігі 42,8-47,6% құрады. Қой етінің сапасы ұшаның және бұлшық ет ұлпаларының жедел өсіуіне ағзаны май шырлануына, байланысты еттілік коэффициенті және бұлшық-ет сүйектерінің арақатынасы көрсеткіші айтарлықтай жақсарды, сөйтіп бәсекелестігі жоғары жас қой етінің сапасын жақсартты.

Әдебиеттер

1. Богданов Е.А. Типы телосложения сельскохозяйственных животных и человека и их значение. – М.: Академия, 2013. – 311 с.
2. Nedkovithe I. Nosh Sandburg. – 2011. -№2. – P.6-9.
3. Есалиев О.Е., Пешков В.П. Нагульные способности и качества мяса овец породы южно-казахский меринос: монография. – Шымкент, 2013. – 130 с.

References

1. Bogdanov E.A. Body types of farm animals and humans and their significance. – M.: Academia, 2013. – 311 p.
2. Nedkovithe I. Nosh Sandburg. – 2011. -№2. – P.6-9.
3. Esaliev O.E., Peshkov V.P. Feeding capacity and quality of sheep meat of the South Kazakh merino breed: monograph. – Shymkent, 2013. – 130 h.

ӘОЖ 636.033
UDC 636.033

БИЯЗЫ ЖҮНДІ ҚОЗЫЛАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

ECONOMIC EFFICIENCY OF FEEDING FINE-FLEECED LAMBS

Егемкулов Н.А., Оңалбай Г.Б.
Egemkulov N.A., Onalbai G.B.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

В статье приведены данные об экономической эффективности дополнительной подкормки концентрированными кормами тонкорунных овец. При этом с каждого реализованного на мясо ягненка снятого с интенсивного нагула получено на 541 тенге больше прибыли, чем у ягнят нагуливаемых в обычных хозяйственных условиях. Нагул и заключительный откорм ягнят, а также откорм низковесных ягнят оказался также экономическим эффективным мероприятием позволяющий обеспечить от 1 головы 1227-1825 тенге прибыли.

Abstract

The article presents data on the economic efficiency of additional feeding with concentrated feed of fine-wooled sheep. At the same time, 541 tenge more profit was received from each lamb sold for meat removed from intensive feeding than from lambs fed under normal economic conditions. The feeding and final fattening of lambs, as well as the fattening of low-weight lambs, also proved to be an economically effective measure that allows to provide from 1 head of 1227-1825 tenge of profit

Кілттік сөздер: *қозы, азықтандыру, экономикалық тиімділігі, ет өнімділігі, өзіндік құны, пайда, рентабельділігі*

Keywords: *lamb, feeding, economic efficiency, meat productivity, cost, profit, profitability*

Қой етін өндіруді арттыруда қой етін союдың ең қолайлы және экономикалық тиімді мерзімдерін белгілеу маңызды.А. М. Омбаев, Ж. А. Паржанов, Қ. Маханов [1], Ж. А. Паржанов [2] және басқалар атап өткендей, экстенсивті немесе қысқы жартылай жайылымдық жағдайында қозыларды 15-16 айлық жасқа дейін ұстау, аналықтан айырғаннан кейін, 2-3 ай бойы бордақылау және оларды 6-8 ай жасында етке өткізгенге қарағанда экономикалық тұрғыдан тиімсіз.

Қозыларды туылған жылы сату өндірілетін қой етінің сапасын жақсартуға, өнімсіз шығындар мен қаражатты қысқартуға ықпал етеді. Сонымен бірге, А.Г.Племянников, А.Н. Чеботова [2] қойларды өсіру мен бордақылаудың экономикалық тиімді мерзімі 40-50 кг тірілей салмаққа дейінгі кезең болып саналады, ол өндіріс шығындарын өндірілген өнімдердің (ет, жүн) құнын толығымен өтейді деп көрсетеді.

А.М. Баратов [3] өте күрделі, кондицияланбаған (қоңды емес) кроссбредті қозыларды енесінен айырғаннан кейін толыққанды жем қоспаларын қолдана отырып, 80-90 күндік қарқынды өсіру мен бордақылауға салып, оларды 40-45 кг және одан жоғары тірілей салмаққа жету үшін етке сату керек дейді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы ет контингентінің 25% - ға жуығын қой етін өндіру кезінде 15-16 ай жасында етке өткізілетін төл құрайды. Оларды етке тиісті дайындықпен қарқынды азықтандыру және бордақылау арқылы жас қой етінің сапасын арттырып, жоғары экономикалық тиімділікке қол жеткізуге болады. Мәселен, қазақтың биязы жүнді сүт қозыларын 4 ай жасында етке өсірудің рентабельділігі 63,5%-ды құраса, ал 8 ай жасында қозыларды бордақылағаннан кейін 37,8%-ды, 16 ай жасынан асыра ұстағаннан кейін – 36,4%-ды және ересек қойлардың 6,5%-ын ғана құрайды, яғни шаруашылықтың экономикалық жағынан неғұрлым жоғары тиімділігі етке, әсіресе кондициялық (қоңды) сүт қозыларын 4-4,5 айлық қозылардан, содан кейін бордақылаудан алынған қозылардан алуға болады [4].

Қойларды етке өткізудің экономикалық тиімділігі туралы зерттеулерге сүйене отырып, қозыларды туған жылы сату өндірілетін қой етінің сапасын жақсартуға, өнімсіз шығындар мен қаражатты азайтуға ықпал етеді деген қорытындыға келуге болады. Сонымен қатар төлдерді арнайы бағып күту, оларды ет өткізуге дайындау жоғары экономикалық тиімділікті көрсетеді.

Осылайша, ғылыми әдебиеттерге шолу көрсеткендей, қой шаруашылығы дамыған елдерде қой еті негізінен 6-8 айлық қозыларды етке сату арқылы өндіріледі. Қойдың ет контингентін етке дайындаудың тиімді әдістері табиғи және жасанды жайылымдарды, дәнді дақылдарды, көпжылдық шөптерді, қосымша азықтарды (қойылтылған жем немесе жайылымдық шөптердің жасыл массасы) пайдалана отырып, қозылар мен төлдерді азықтандыру және қойларды етке дайындау қарқындылығына, жемшөптің, тұқымның, жасының, май құрамының мөлшеріне байланысты жоғары ақуызды, дәстүрлі емес жемшөп пен жемшөп қоспаларын барынша пайдалана отырып, толыққұнды азықтары бар қойларды бордақылау болып табылады, мұндай жағдайда қозылар мен төлдердің орташа тәуліктік өсімін 100-250 граммға дейін, ұшаның шығымын 45,5-47,5%-ға дейін, бұлшық ет-сүйек арақатынасының коэффициентін 3,44 бірлікке дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында табиғи жайылымдарда жаюдан алынған қозылар мен жас қойлардың кондициясы (қоңдылығы) көбінесе төмен болады және оларды етке өткізген кезде шаруашылықтар тиісті экономикалық нәтиже алмайды. Төлдейтін қозылардың, әсіресе етке сатылатын биязы жүнді қозылардың 20-25%-ға жуығы төменгі және арық қоңдылыққа жатады. Осыған байланысты төлдейтін тоқтыларды етке дайындау қажет. Сонымен қатар, жүнді-етті бағыттағы биязы жүнді қойлардың қозылары мен жас төлдерін азықтандыру және бордақылау мәселелері белгілі бір деңгейде жетілдірілмеген. Осыған байланысты Қазақстанның оңтүстігі жағдайында жемдеу мен бордақылаудың әртүрлі технологиялары процесінде биязы жүнді-етті қойларының өсуін, тірілей салмағының өсуі мен жемшөп төлеу мен сою сапасын зерделеу биязы жүнді қойлардың қозылары мен төлдерін етке дайындаудың қарқынды технологияларын әзірлеуге ықпал етеді, бұл жоғары сапалы қозы еті мен жас қой етінің өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Нарықтық экономика жағдайында қой союдың жасы негізінен қойдың сұранысымен және оның сапасымен анықталады. Австралия, Жаңа Зеландия, АҚШ, Англия және Германия сияқты дамыған қой шаруашылығы бар елдерде ет үшін қойлар негізінен етке тиісті дайындықтан кейін 1 жылға дейін сойылады. Қазақстанда етке өткізілетін қозылардың 60% - дан астамын бір жылға дейінгі қозылар мен 18 айға дейінгі төлдер құрайды. Бірақ сонымен бірге олардың 25-30% - ы дайындықсыз етке тапсыру салдарынан төменгі және арық қоңсыз малдарға жатады. Осыған байланысты көптеген шаруашылық жүргізуші субъектілер қойларды етке сату кезінде тиісті экономикалық нәтиже алмайды. Сондықтан қойдың кондицияланбаған (қоңды емес) қозыларын, жас төлдерін етке дайындау технологиясын әзірлеу және өткізілген іс-шаралардың экономикалық тиімділігін айқындау жоғары сапалы қой етінің өндірісін ұлғайту ісінде өте маңызды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Түркістан облысы Қазығұр ауданындағы "Ыбырайым қажы" шаруа қожалығында жүргізілді. Бордақылаудан алынған биязы жүнді қозыларды сату кезінде бір бастың сату құны 5708-6369 теңгені құрады (1-кесте).

1-кесте – Биязы жүнді қозыларды етке өткізудің экономикалық тиімділігі

Көрсеткіштер	Күзгі жайып-семіртуден алынған қозылар		Қозы тобы			
			соңғы бордақылаудан алынған		бордақылаудан алынған	
	I (бақылау)	II (тәжірибе)	I (бақылау)	II (тәжірибе)	I (бақылау)	II (тәжірибе)
Тірілей салмағы: жайып-семіртуге дейін, кг	26,0	26,2	24,9	25,0	23,7	24,1
жайып-семіртуден кейін, кг	32,8	35,2	33,7	34,7	32,2	32,5
Қозы күнін қырқу, кг	1,32	1,39	1,28	1,28	1,32	1,25
Өнімнің сатылу құны, теңге	5708	6369	6890	6975	5152	5200
Сонымен қатар: жүні, теңге	198	209	192	192	185	188
Алынған сынамаларды жалпы зерттеу 10% бейтарапталынған формалиннің судағы ертіндісімен бекітіліп, парафин сіңдірілген нәруыздардан 2712 Reichert Wien моделді микротом арқылы қалыңдығы 5-7 мкр болатын гистологиялық кесінділер алынды. Гистологиялық препараттарды жалпы шолып зерттеу үшін кесінділер гемотоксилин-эозинмен, Грамм-Вейгертпен боялды .

Алынған сынамалар гистохимиялық зерттеулер үшін Карнуа сұйығында бекітілді. Бекітілген сынамалардан тоңазытқыш микротом арқылы қалыңдығы 5-6 мкр болатын жұқа кесінділер алынды. Олардан ШИК - реакциясын қою арқылы гликоген анықталды. Липидтер Судан-III арқылы боялды.

Ұша мен ішкі мүшелерді ветеринариялық санитариялық сараптау «Ветеринариялық санитариялық қағидалар» талаптарына сәйкес жүргізілді.

Ет және ет өнімдеріндегі нәруыздың мөлшерін жалпы және нәруызсыз азоттың мөлшері арасындағы коэффициентті, азоттан нәруызға алмастыру арқылы анықталды. Ол органикалық қосылыстардағы минералданған азоттан пайда болған аммиак мөлшері арқылы анықтауға негізделген және мемлекеттік стандарт (МЕМСТ 25011-81) бойынша жүргізілді.

.Ветеринариялық санитариялық сараптауда жалпылама қолданылатын тәсілдер арқылы формол және пероксидаза реакциясы қойылып, сутектік ион концентрациясы (pH: И-500 көмегімен) анықталды.

Кесте 1 - Кетозға шалдыққан және бақылау тобындағы ірі қара малының кетон денелерінің көрсеткіштері (мг/%), (n = 60)

Көрсеткіштер	Жануарлар		
	Бақылау тобы	Субклиникалық	Клиникалық
Қан	1,033 ± 0,9	6,2 ± 1,0	24,1 ± 1,8
Сүт	0,2±0,001	3±0,52	5±0,86
Несеп	1,25±0,5	1,96± 1,7	2,53±2,9

Несепті тексеру нәтижесі, 1-ші кестеде көрсетілгендей, 10 сиыр несебінен кетон денелерінің мөлшері 0,5мг/% болса, 10 сиыр несебіндегі кетон денелерінің мөлшері 1,7 мг/% болды. Қалған 10 сиырда 2,9 мг/% болғандығы анықталды.

Сонымен, ірі қара малдың қанын, сүтін және несебін тексеру арқылы олардағы кетон денелерінің мөлшеріне қарап, 10 бас сиыр субклиникалық кетозға күдікті деп бөлініп алынып, 10 бас сиыр клиникалық кетозға күдікті болып табылса, қалған 10 бас сиырды бақылау тобы деп алынды.

Аталған шаруашылықтағы ірі қара мал диагнозын толық анықтау үшін, зерттеуге алынған сиырлардың клиникалық жағдайы, тексерілді. Олардың жалпы жағдайы: тәбеті, жалбыршақ қарынның (рубец) 2 минут ішіндегі жиырылуы, қан тамырының 1 минут ішіндегі соғуы, 1 минут ішіндегі тыныс алуы, бауырының перкуссия кезіндегі дыбысы, сүт беруі, дене салмағы (масса) анықталды.

Бақылау тобындағы ірі қара малының жалпы жағдайы қалыпты. Сиырлардың азыққа тәбеті жақсы, жалбыршақ қарынның жиырылуы минутына 3-5 рет, қан тамырының соғуы минутына 66-74 аралығында, тыныс алуы 18-26 аралығында, бауырының перкуссия кезіндегі дыбысы өзгеріссіз, сүт беруі қалыпты, дене салмағы өзгеріссіз болды.

Кесте 2 - Кетозға шалдыққан және бақылау тобындағы ірі қара малының клиникалық, физиологиялық жағдайының көрсеткіштері, (n=60)

Көрсеткіштер	Жануарлар		
	Бақылау тобы	Субклиникалық	Клиникалық
Жалпы жағдайы	Қалыпты	Мазасыз	Өте мазасыз, депрессияға түскен
Тәбеті	Жақсы	Нашар	Тәбеті жоқ, тынышсыз
Жалбыршақ қарынның (рубец) 2 минут ішіндегі жиырылуы	3-5	2-3	0-2
Қан тамырының 1 минут ішіндегі соғысы	66-74	41-58	28-38
1 минут ішіндегі тыныс алуы	18-26	29-38	30-46
Бауырының перкуссия кезіндегі дыбысы	Өзгеріссіз	Жоғарылаған	Ауыр
Сүт беруі	Қалыпты	10% төмендеген	25-50% төмендеген

Дене салмағы (масса)	Ешқандай өзгеріссіз	Қондылығы төмен	Күніне 5-11кг төмендеген

Субклиникалық кетозға күдікті сиырлар мазасыз, азыққа тәбеті нашар, басы салбыраңқы, жатаған, жалбыршақ қарынның жиырылуы минутына 2-3 рет, қан тамырының соғуы минутына 41-58 аралығында, тыныс алуы 29-38 аралығында, бауырының перкуссия кезіндегі дыбысы жоғарылаған. Сүт беру өнімділігі 10% төмендеген.

Клиникалық кетозға күдікті сиырлар өте мазасыз, азыққа тәбеті жоқ, депрессияға түскен, жалбыршақ қарынның жиырылуы минутына 0-2 рет, қан тамырының соғуы минутына 28-38 аралығында, тыныс алуы 30-46 аралығында, бауырының перкуссия кезіндегі дыбысы ауыр. Сүт беруі 25-50% төмендеген, қондылығы күніне 5-10кг төмендегені анықталды. Тері өзінің табиғи жылтырын жоғалтып, серпімділігін төмендеткен [5 кесте].

Ұлпаларды энергиямен қамтамасыз ететін глюкозаның мөлшері бақылау тобындағы сиырлардың қан құрамында 52 мг/% болса, сүт безі ұлпасына және миға негізгі энергетикалық материал глюкозаның субклиникалық кетозбен ауырған сиырдың қанындағы мөлшері 36 мг/% болды, ал клиникалық кетозбен ауырған сиыр қанындағы бұл мөлшер 28 мг/% болғандығы анықталды.

Қорытынды. Кетоз ауруының түрлеріне байланысты, ауруға шалдыққан ірі қара мал қанының биохимиялық көрсеткіштерін салыстырмалы түрде анықталуы; кетоз ауруына шалдыққан ірі қара малды анықтау және кетоздың клиникалық белгілері байқалған ірі қара малының ұшасы мен ішкі мүшелерін сойғаннан кейін патологиялық, гистологиялық өзгерістерін анықталуы; кетоз ауруының түрлеріне байланысты, ауруға шалдыққан ірі қара мал сойыс өнімдерінің тағамдық құндылығын салыстырмалы түреде тексерілуі; кетоз ауруына шалдыққан ірі қара мал сойыс өнімдерін ветеринариялық санитариялық бағалануы; кетоз ауруының пайда болу себебін анықтау барысында мал азығын зерттеп, аурудың алдын-алу және ветеринариялық-диететерапиялық мақсатта азық рационының құрылуы; субклиникалық кетозға шалдыққан ірі қара малдарға ветеринариялық диететерапиялық және клиникалық сау малдарға аурудың алдын-алу мақсатында рацион ұсынылуы. Ірі қара малдың диагнозын анықтау үшін, зерттеуге алынған сиырлардың клиникалық жағдайы, тексерілді. Олардың жалпы жағдайы: тәбеті, жалбыршақ қарынның (рубец) 2 минут ішіндегі жиырылуы, қан тамырының 1 минут ішіндегі соғуы, 1 минут ішіндегі тыныс алуы, бауырының перкуссия кезіндегі дыбысы, сүт беруі, дене салмағы (масса) анықталды. Кетозға шалдыққан малдың қанында кетон денелерінің мөлшері шамадан тыс жоғарлайды. Яғни, малдың клиникалық күйін білдіретін негізгі диагностикалық көрсеткіш қан. Бақылау тобындағы 10 сиыр қанында кетон денелерінің мөлшері 1,033 мг/% болды. Ал, субклиникалық кетозға шалдыққан 10 сиыр қанындағы кетон денелерінің мөлшері 6,2 мг/% болса, қалған клиникалық кетозға шалдыққан 10 сиырда мөлшері 24,1 мг/% болғандығын көрсетті

Әдебиеттер

1. Андрейцев М. З. Морфологические и биохимические показатели крови крупного рогатого скота при гепатозе //Незаразные болезни сельскохозяйственных животных. - Улан-Удэ : БГСХА//. - 2001. - Б. 3.
2. ГОСТ 7. 1. - 2003. Ветеринарная санитарная экспертиза. - Введ. 2004-0107. - М.: Изд-во стандартов. - 2004. - Б.47.
3. Дутова О.Г. Нарушение белково-минерального обмена при гипофункции щитовидной железы у крупного рогатого скота: дис. канд. вет. наук. Барнаул. - 2000. - Б 156.
   Иванов А.В., Иванов К.Х., Кетоз коров, овец, свиней / Папуниди, В. А. Игнаткина [и др.]. - Казань: Лаб. опер. печ. ТГГИ. - 2000. - Б 72.
4. Agresti A. Analyzing repeated categorical response data. // Categorical Data Analysis. New York. - 2002. - Б. 455-490.
5. Agresti A. Multinomial response models. Categorical Data Analysis. New York. - 2002. - Б. 267-302.

References

1. Andreytsev M. 3. Morphological and biochemical blood parameters of cattle with hepatosis // Non-infectious diseases of farm animals. - Ulan-Ude: BSAA //. - 2001. - B. 3.
2. GOST 7. 1. - 2003. Veterinary sanitary examination. - Enter 2004-01¬07. - M .: Publishing house of standards. - 2004. - B.47.
3. Dutova O.G. Disruption of protein-mineral metabolism in hypothyroidism in cattle: dis. Cand. wet sciences. Barnaul. - 2000. - Used 156.
4. Ivanov AV, Ivanov K.Kh., Ketosis of cows, sheep, pigs / Papunidi, V.A. Ignatkina [and others]. - Kazan: Lab. operas pecs GTGI. - 2000. - B 72.
5. Agresti A. Analyzing repeated response data. // Categorical Data Analysis. New York. - 2002. - B. 455-490.
6. Agresti A. Multinomial response models. Categorical Data Analysis. New York. - 2002. - B. 267-302.

ӘОЖ 636.087
UDC 636.087

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

THE IMPORTANCE OF EFFECTIVE PLANNING OF VETERINARY MEASURES IN THE DEVELOPMENT OF ANIMAL HUSBANDRY

Кожабаев М.К., Байжанов К.С., Кузербаева А.Т.
Kozhabaev M.K., Baizhanov K.S., Kuzerbaeva A.T
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент,Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent. Kazakhstan

Резюме

В данной статье приведены роль правильного планирование ветеринарное дело для развитие животноводческой отрасли. Ветеринарное планирование должень опеспечить задачи политики нашего государства который направлены к поднятию экономической и социальной обеспеченности население республики. Планирование должны опеспечить полное ветеринарное благополучие при воспроизводсве животноводческих отраслей, экономическим выгодным с меншими затратами, получением благополучной, здоровый животноводческих продукций. Планирование ветеринарное дело в животноводческих обьектах должны основаться к следующим направлениям :

- профилактика и оздоравление инфекционных заболеваний животных;
- профилактика незаразных болезней животных;
- финансирование и материально-техническое обеспечениеопеспечение;
- развивать науки в области ветеринарии,применение новейших достижений;
- развивать структурные подразделение в области ветернарий.

Abstract

This article summarizes the role of proper veterinary planning for the development of the livestock industry. Veterinary planning should provide for the objectives of the policy of our state, which are aimed at raising the economic and social security of the population of the republic. Planning should ensure complete veterinary welfare in the reproduction of livestock industries, economically profitable with lower costs, obtaining safe, healthy livestock products. Veterinary planning in livestock facilities should be based on the following directions:

- prophylaxis and health improvement of infectious diseases of animals;
- Prevention of non-communicable animal diseases;
- financing and material and technical support;
- to develop science in the field of veterinary medicine, the application of the latest achievements;
- to develop structural divisions in the field of veterinary medicine.

Ветеринарлық іс жүйесін жоспарлау ветеринарияның мал шаруашлығына қойылатын талалтарына сәйкес дамып, халқымыздың әлеметтік және экономикалық. жағдайын жақсартуга бағытталады. Жұмысты жоспарлау, шараларды көзделген мерзімде және табысты орындауға, қаржы мен енбек шығынын, қолданылатын материалдарды тиімді пайдалануға, жоғары экономикалық көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік тудырады. Яғни, жоспарлау ветеринарлық жұмыстың. экономикалық тиімділігін арттыруга, оны дұрыс ұйымдастыруға, мал шаруашылығын аурулардан сәтті болуына, санитарлық сапасы жоғары және қауіпсіз өнім өндіруге қол жеткізеді. Жұмысты жоспарлы түрде атқару ветерияарлық ісінің барлық буындарына тән. Ол, ветеринариялық істі атқарушы мен ұйымдастырушы органдар мен мекемелердің негізгі қызметтерінің бірі болып саналады. Сондықтан, барлық ветеринарлық мекемелер мен мамандардың жұмысы, бүкіл мемлекеттік, ведомстволық және жекеменшік кәсіпкерлік ветеринарлық кызмет жүйесінде, міндетті түрде белгілі жоспарлар кешенінде жүргізіледі.

Ветеринария ісінің объектілері бойынша жоспарлары келесі негізгі бағыттарда құрылады:

- малдың жұқпалы ауруларының алдын алу және олардан сауықтыру;
- жұқпалы емес аурулардың алдын алу,
- каржылапдыру және материалдық-техникалық жарақтандыру;
- ветеринария ғылымдарын дамыту, жетістіктерін қолдану;
- ветеринария мамандарын даярлау;
- ветеринария мекемелерінің жүйесін жетілдіру, орналастыру.

Ветеринариялық шаралардың жоспарларын әзірлеу ғылым мен тәжірибе жетісііктерін, мал ауруларын, жергілікті табиғи-климаттық ерекшеліктерін, мал шаруашылығы келешегін жетік білуге негізделген.

Жоспарларға келесі талаптар қойылады:

- мал шаруашылығын барынша дамытып, өнІмдерін көбейтуге ықпал ету;
- соңғы жылдардағы ветеринарлық жұмысты тіркеу, есеп беру деректерін талдап нәтижелерін пайдалану;
- өткен жылдардағы жұмыс нәтижесіне қарай неғұрлым тиіімді шараларды таңдау,
- шараларды нақтылы белгілеп, жұмыс көлемін, жұмсалатын шығындарды, орындалу мерзімін көрсету,
- материалдық-техиикалық. мүмкіндіктердің, мамандар мен жұмыс қолының қолда бар мөлшері шараларын іске асыруға жеткіліктілігін ескеру;
- жергілікті табиғи жане экономикалық ерекшеліктер мен эпизоотиялық, ветеринарлық-санитарлық жағдайды ескеру;

- шаралардың арнайы ветеринарлық тиімділігі шаруашылықтың зкономикалық жағдайына қайшы келмей, қолдануға ыңғайлы және арзан болуын ескеру.

Жоспарлардың бағытын жергілікті эпизоотиялық және ветеринарлық-санитарлық жағдайға байланысты болады Сондықтан, аурулар таралмаған шаруашылықтарда ветеринарлық шаралардың жоспарлары алдын алушы бағытта және керісінше аурулар тарап кетсе - сауықтырушы бағытта құрылады.

Сонымен қатар, егер фермада мал бедеулігі,төлдердің жаппай ауруға ұшырауы, зат алмасу аурулары, жыныс, ас қорыту, тыныс алу жүйелері аурулары жиі байқалса, жоспарлы мал басын қайта өндіру, төл өсіру, малды азықтандыру, бағу-күту жұмыстарын жетілдіруге, бедеулік және қысыр қалушылықпен күреске, ауруларды емдеу және алдын алуға бағытталуы керек.

Жоспар әзірлегенде тұрғын халықтың мәдени-тұрмыстық жағдайын, шаруашылық экономикасы тұрақтылығын да ескеру керек. Жоспар көлемінде шаралардың емдік-алдын алу, экономикалық, техникалық тиімділігін де ескерген жөн, яғни емдеу немесе алдын алу әдісі қолдануға оңай, арзан және сонымен қатар, ветеринарлық тиімділігі жоғары болса ыңғайлы болмақ.

Жоспарды негізгі талаптарға сай етіп әзірлеу үшін, маман ғылым мен практиканың бір орында қозғалыссыз тұрмайтынын естен шығармай, үнемі ғылыми және өндірістік басылымдарды шолып, білімін толықтырып, ауруларды емдеу, алдын алудың жаңа әдістерін, жаңа препараттарды, аспап-құралдарды қолдануы керек.

Жоспардың түріне қарай оның міндетті түрде сақталуы тиіс бекітілген үлгісі, шаралар жүйесін анықтау, талқылау және бекіту тәртібі болады. Аудан, облыс және республика көлемінде жүргізілетін шаралардың жоспарлары үйлестіріледі, түзіледі, сонан соң әкімшліктің келісімі алынып, ветеринарлық орғанмен бекітіледі де заңды күшіне енеді.

Ветеринариялық шараларды жоспарлау түрлері

Ветеринарлық тәжірибеде жоспарлаудың үш түрлі жүйесі қолданылады. Олар, жоспарда көзделген жұмыстардың орындалу мерзіміне байланысты келешек, жылдық немесе ағымдық жане жедел жоспарлау болып ерекшеленеді (1- кесте).

1 - кесте

Келешектік жоспарлау	Малдардың созылмалы «инфекциялық және инвязиялық аурулардан жою жоспары
	Ветеринарлық ғылымды дамыту және оның жетістіктерін өндіріске енгізу жоспары
	Ветеринарлық мекемелер жүйесін дамыту жоспары
	Ветеринарлық мамандар дайындау жоспары
	Ветеринарлық мекемелер құрылысын салу жоспары
	Ветеринариялық мекемелерді материалдық-техникалық жа6дықтау жоспары
Жылдық (ағымдық) жоспарлау	Індеттерге қарсы алдын алу шаралар жоспары
	Малдардың жұқпайтын ауруларының алдын алу жоспары
	Ветеринарлық-санитарлық. шаралар жоспары
	Ветеринарлық насихаттау жоспары
	Ветеринария мамандарының біліктілігін арт-тыру жоспары
	Ветеринарлық шараларды қаржыландыру жоспары
	Ветеринарлық мекемелер құрылысын салу, жөндеу жоспары
	Өнеркәсіптік негіздегі мал шаруашылық кешендердеі ветеринарлық шаралар жоспарлары
Жедел жоспарлау	Малдардың тез жұғатын аурулары ошақтарын жою жоспарлары
	Жайылым мерзіміндегі ветеринария мамандары жұмысын жоспарлау
	Ветеринарлық мекемелердің кундік (календарлық) жұмыс жоспары
	Өнеркәсіптік мал шаруашылығы кешеніндегі ветеринарлық шаралар жоспары

Келешектік жоспарларға орындалу мерзімі - 2-5 жыл немесе одан да ұзақ уақытқа болжамдалған ветеринария ісі үшін маңызы зор негізгі шаралар енгізіледі.

Мұндай жоспарлардың көрсеткіштері, әсіресе қаржыландыру, ветеринарлық мекемелерді материалдық-техникалық жарақтандыру, құрылыс салу, мамандар дайындау сияқты мәселелер бойынша облыс немесе республиканың экономикалық даму жоспары құрамына енгізіледі.

Шаруашылықтар мен кәсіпорындар көлемінде болашақтық жоспарлар көбінесе созылмалы инфекциялық және инвазиялық аурулардан сауықтыру шараларына арналады. Аудан, облыс және республика мекемелерінде материалдык-техникалық жабдықтау жоспарларын жасайды, оларда биологаялық препараттарға, зарарсыздандырушы затгарға, техника мен құрал-саймандарға мұқтаждықтың көлемі көрсетіледі.

Орындалуы бір жыл ішінде болжамдалған жоспарлар негізгі жоспарлау құжаты болып саналады. Себебі, олар күнделікті орындалатын аурулардан сақтандыру, сауықтыру, ветеринарлық-санитарлық сәттілікті қамтамасыз етуші шаралардың бір жылдық көлемін қамтиды, қажет болғанда жұмыстың ай, тоқсан бойындағы көлемі де белгіленеді. Жылдық жоспарларды ветеринария орғандарының арнайы әдістемелік нұсқауларына сүйеніп, бекітілген ресми үлгі бойынша жасайды. Мұндай жоспарға міндетті түрде материалдық қамтамасыз ету жоспары тіркеледі.

Ветеринарлық шаралардың жедел жоспарлары таяу мерзімде істеліп, толық орындалатын жұмыстарды қамтиды. Мұндай жоспарларға мамандардың, мекемелердід он күндік,айлық, тоқсандық жоспарлары, соңдай-ақ аусыл ошағын жою, тағы сол сияқты тез тарайтын жұқпалы ауруларды жою жоспарлары жатады.

Шараларды жоспарлау принциптері

Ветеринарлық шараларды жоспарлау бірлік, кешенділік, демократиялық және жетекші буын прииптерін басшылыққа алады.

Бірлік принципі ветеринарлық шараларды бір аймақтағы барлық кәсіпорындарда, олардын ведомстволық тегіне қарамастан, міндетті түрде белгіленген мерзімде жүргізуді білдіреді.

Мәселен, жаппай маусымдық диагностикалық зерттеу, алдын ала егу,

- дегельминтизацялау, дезинфекциялау сияқты шаралар ірі аймақтарда бір мезгілде жүргізіліп отырады.

Жоспардағы шаралар жүйесінің кешенділік принципі арнайы ветеринарлық емдеу - алдын алу, сауықтыру шараларын жекелемей, солармен бірге, жалпы сақтандыру, өндірістік-технологиялық, ұйымдастыру жұмыстарын тұтас жүргізуді көздейді. Мұндағы шаралардың бірі - малдың ауруға төзімділігін арттырса, екіншілері арнайы алдын алушы, сауықтырушы әсері болып, қоршаған ортада ауру қоздырушыларын жоюға бағытталады, ал үшіншілерінің емдік, алдын алушы әсері болады. Бір жақты шаралардың тиімділігі ауруды жою, одан сауықтыру үшін жеткілікті болмайды, сондықтан, шаралардың толық кешенін жургізу арқылы ғана көзделген мақсатқа жетуге болады.

Ветеринарлық шаралардың жоспарлары өндірістің төменгі буындарынан бастап құрылып, содан біртіндеп жоғарғы органдарға дейін жүргізіледі. Бұл жоспар құру барысында төменгі буындағы мамандардың ұсыныстарын ескеруге, сөйтіп ветеринарлық жұмысты жоспарлауға демократиялық сипат береді. Бірақ, төменгі буынға белгісіз ауру туу қаупі төнгенде, лауазымды органдар нақты шаралар қолдану туралы нұсқаулар береді.

Белгілі бір жоспардағы шаралар жүйесінде басқалардың біріне тәуелді етуші бір шара байқалады. Бұл жетекші буын. Егер жетекші буын орындалмаса, басқа шаралар көзделген мақсатқа жеткізе алмайды да, жұмыс нәтижесіз болады.

Мысалы бруцеллезден сауықтыру жоспарындағы жетекші буын - малдарды дер кезінде бруцеллезге зерттеп, ауруы анықталғанан соң етке өткізу. Бұл аурудың әрі қарай таралуын тоқтатып, жоспардағы басқа шаралардын көмегімен ферманы аурудан сауықтыруға мүмкіндік береді. Егер фермада бруцецелез кең таралған болса, сауықтыру жоспарының жетекші буыны ауру таралған табындарға вакцина егіп иммунделген, оқшаулап өсірілген, дені сау топымен толық алмастыру шараларын жүргізеді Ветеринариялық іс жүйесін жоспарлау ветеринарияның мал шаруашылығына қойылатын талаптарына сәйкес дамып, халқымыздың әлеуметтік және эконмикалық жағдайын жақсартуға әсер етеді. Жұмысты жоспарлау, шараларды көзделген мерзімде және табысты орындауға, қаржы мен еңбек шығынын, қолданылатын материалдарды тиімді пайдалануға, жоғары экономикалық көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік туғызады. Яғни, жоспарлау ветеринариялық жұмыстың экономикалық тиімділігін арттыруға, оны дұрыс ұйымдастырып, мал шаруашылығының аурулардан сәтті болуына, санитарлық сапасы жоғары және қауіпсіз өнім өндіруге қол жеткізеді.

Жоспарларға қойылатын талаптар

Ветеринариялық шаралардың жоспарларын әзірлеу ғылым мен тәжірибе жетістіктерін, мал ауруларын, жергілікті табиғи-климаттық ерекшеліктерін, мал шаруашылығы келешегін жетік білуге негізделген.

Жоспарларға келесі талаптар қойылады:

- Мал шаруашылығын барынша дамытып, өнімдерін көбейтуге ықпал ету;
- Соңғы жылдардағы ветеринариялық жұмысты тіркеу, есеп беру деректерін таңдап нәтижелерін пайдалану;
- Өткен жылдағы жұмыс нәтижесіне қарай неғұрлым тиімді шараларды таңдау;
- Шараларды нақтылы белгілеп, жұмыс көлемін, жұмсалатын шығындарды, орындалу мерзімін көрсету;
- Материалдық-техникалық мүмкіндіктердің, мамандар мен жұмыс қолдарының қолда бар мөлшері шараларын іске асыруға жеткіліктігін ескеру;
- Жергілік табиғи және экономикалық ерекшеліктер мен эпизоотиялық, ветеринариялық-санитарлық жағдайын ескеру;
- Шаралардың арнайы ветеринариялық тиімділігі шаруашылықтың экономикалық жағдайына қайшы келмей, қолдануға ыңғайлы және арзан болуын ескеру.

Жоспарлардың бағыты жергілікті эпизоотиялық және ветеринариялық-санитарлық жағдайға байланысты болады. Сондықтан, аурулар таралмаған шаруашылықтарда ветеринариялық шаралардың жоспарлы алдын алушы бағытта және керісше аурулар тарап кетсе - сауықтырушы бағытта құрылады. Сонымен қатар, егер фемада мал бедеулігі, төлдердің жаппай ауруға ұшырауы, зат алмасу аурулары, жыныс, ас қрыту, тыныс алу жүйелерінің аурулары жиі байқалса, жоспарлы мал басын қайта өндіру, төл өсіру, мал азықтандыру, бағу-күту жұмыстарын жетілдіруге, бедеулік және қысыр қалушылықпен күреске, ауруларды емдеуге және алдын алуға бағытталады.

Жоспардың түріне қарай оның міндетті түрде сақталуы тиіс бекітілген үлгісі, шаралар жүйесін анықтау, талқылау және бекіту тәртібі болады. Аудан, облыс және республика көлемінде жүргізілетін шаралардың жоспарлары үйлестіріледі, түзіледі, сонан соң әкімшіліктің келісімі алынып, ветеринариялық органмен бекітеді де заңды күшіне енеді.

Әдебиеттер

1. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Астана, 2002 ж.
2. Бияшев К.Б., Мынжанов М.Т., Бияшев Б.К. Организация ветеринарного дела. Учебное пособие. Алматы, 2003 г.

3. Основы ветеринарного дела Б. С. Майканов, С. К. Абдрахманов, Ж. Ш. Адильбеков. Астана : Фолиант, 2004. - 216 с
4. Ахметсадыков Н.Н және т.б. // Ветеринария негіздері/ Алматы, 2010. -335 бет
5. Ветеринария ісін ұйымдастыру,оқу құралы Д.Е.Арзымбетов,О.Д.Мәмбетәлі, Н.Қ.Шалбаев, А.Ж.Өсербай, Шымкент 2011-жыл.

ӘОЖ 632:082.14
UDC 632:082.14

ҚОЗЫЛАРДЫҢ ДИСПЕПСИЯСЫНА «ПИЖПОЛ» ФИТОПРЕПАРАТТАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӘНЕГЕМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕРІ

APPLICATION OF PHYTOPREPARATIONS "PIZHPOL" FOR LAMB DYSPEPSIA AND ITS EFFECT ON THE DYNAMICS OF HEMATOLOGICAL INDICATORS

Кожабаев М., Әбдіқадір Н.
Kozhabayev M., Abdykadir N.
М. Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkeent, Kazakhstan

Резюме

В статье приведены данные лечебные свойства смеси лекарственных растений «Пижпол» против дипепсии ягнят при гематологических исследовании ягнят гематологические показатели (красных кровяных клеток, лейкоцитов, гемоглобина) дали высокую эффективность. Результаты исследования показали, что группа используемых растений оказала значительное влияние на гематологические параметры по сравнению с контрольной группой. Используемый препарат «Пижпол» препарат замедляет явление лейкоцитоз и увеличение максимальных красных кровяных клеток и исследование По результатам проведенных исследований выявлено, что применение сбора лекарственных растений оказывает благоприятное действие на организм ягнят, больных дипепсией. Доказано, что уровень гематологических показателей в опытной группе сравнительно с контрольной группой были значительно выше.

Abstract

In the article the given medicinal properties of a mixture of medicinal plants "Pizhpol" against acute bronchopneumonia of lambs during hematological examination of lambs, hematological indices (red blood cells, leukocytes, and hemoglobin) have given high efficiency. The results of the study showed that the group of plants used had a significant effect on the hematological parameters in comparison with the control group. The drug "Pizhpol" used to slow the phenomenon of leukocytosis and increase the maximum red blood cells and hemoglobin studies recorded in the period of 12-18 days. According to the results of the conducted studies, it is revealed that the use of collection of medicinal plants has a beneficial effect on the organism of lambs, patients with bronchopneumonia. It was proved that the level of hematological parameters in the experimental group compared with the control group was significantly higher

Кілттік сөздер. *Морфология, гематология, бронхопневмония, «Пижпол» дәрілік өсімдік фитопрепарат, динамика.*
Keywords:*Morphology, Hematology, bronchopneumonia, medicinal plant "Pijpol" phytopreparation, dynamics.*

Зерттеулер деректерінде ауылшаруашылық төлдерінің туылғаннан кейін әртүрлі себептермен ауруға шалдығып, өлім-жітімге ұшырайтындығы айтылады. Статистикалық деректер негізінде шаруашылықтарда жыл мезгілдеріне қарай қозылард-

ың 10-12%-ы шығынға ұшырайтындығы айтылады.

Қазіргі таңда төлдердің ас қорыту жүйесі ауруларына қарсы көптеген дәрі- дәрмектер, оның ішінде антибиотиктер, сульфаниламидтер, нитрофурандар және басқа да препараттар жиі қолданылады. Дегенімен олар экономикалық тұрғыдан өзіндік құны біршама қымбат, сонымен қатар жағымсыз әсерлері де жеткілікті. Осыны ескере отырып өзіндік құны арзан, әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз дәрілік өсімдіктерді емдік мақсатта қолдану әлдеқайда тиімді, сонымен қатар Түркістан облысының аумағында шипалық өсімдіктердің қоры жеткілікті. Сондықтан қазіргі кезде дәрілік өсімдіктерге деген көзқарас жылдан- жылға артуда. Дәрілік өсімдіктерді емдік мақсаттарда қолдану әсіресе медицина практикасында жиі үрдіс алса, ал малдәрігерлігі саласында бұл мәселе әлі де толық шешімін таппай отыр [1,2,3,4,5].

Зерттеудің мақсаты

Осы мәселені еске ала отырып, біз алдымызға бұзаулардың дипепсиясын ауруын емдеу үшін шегіргүлден, аңдыздан, дәрілік жалбызтікеннен және қолданылып жүрген тривитаминімен біргелікте (althaea officinalis, inula helenium, viola) дайындалған жиынтықты қолдануда мақсат тұттық. Бұл аталған дәрілік өсімдіктер Қазақстан аумағының Оңтүстік аймақтарында өте кең таралған. Қолданылған өсімдіктер құрамы антимикробты және қабынуға қарсы қасиеті бар гликозидтерге, эфир майларына, әртүрлі микро-макроэлементтеріне және т.б. заттарға өте бай болып келеді. Осыларға қосыла тривитаминдерде қатар қолданылады

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тәжірибе қою барысында дипепсияның жіті ағымымен ауырған 12 қозы алынды. Олар 6 бастан 2 топқа бөлінеді: тәжірибе және бақылау. Тәжірибе тобындағы қозыларға дәрілік өсімдіктерден дайындалған «Пижпол» жиынтық дәрісін тәулігіне 3 рет 1:10 қатынасында жем-шөпке араластырып берілді, бақылау тобына антибиотиктер егілді.

Дәрілік өсімдіктер жиынтығы арнайы фармакотехнологиялық әдістер бойынша М. Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Ветеринарлық медицина» кафедрасының лабораториясында орындалды. Қанның құрамындағы гематологиялық көрсеткіштер: эритроциттер, лейкоциттер жалпы қабылданған әдістер бойынша Горяев камерасында, гемоглобин Сали гемометрі көмегімен кафедра лабораториясында анықталды.

Гематологиялық көрсеткіштердің динамикасы 6 рет тексерілді: препаратты қолданғанға дейін және қолданғаннан кейін 5,7,14,21,27-ші тәуліктерде.

Зерттеу жұмыстары Түркістан облысы Ордабасы ауданына қарасты «Сералы » жеке шаруа қожалығында, ал лабораториялық зерттеу жұмыстары М. Ауезов атындағы ОҚМУ «Ветеринарлық медицина» кафедрасының ғылыми зертханасында орындалды.

Тәжірибе Ордабасы тұқымына жататын қозыларға қойылды және олар аналог принципі бойынша алынды (жасы, салмағы, азықтандырылуы бірдей).

Зерттеу нәтижелерін талдау Зерттеу жүргізу барысында алынған мәліметтер төмендегі кестеде келтірілген. Зерттеудің алғашқы күні зерттелінген көрсеткіштер тәжірибе және бақылау топтарында шамамен бір деңгейде болатындығы анықталды. Айтарлықтай өзгерістер зерттеудің 5,7,14,21 және 27-ші тәуліктерінде байқала бастады. Алынған мәліметтер негізінде бронхопневмониямен ауырған бұзауларда алғашқы тәуліктерде лейкоциттер деңгейінің айтарлықтай жоғары болатындығын көрсетті, яғни айқын лейкоцитоз құбылысы туындайды.

Қолданылған фитопрепараттың әсерінен тәжірибе тобындағы бұзауларда бақылау тобындағы бұзауларға және фондық көрсеткішпен салыстырғанда лейкоциттердің деңгейі зерттеу жүргізу тәуліктерінде біртіндеп төмендеп, ал зерттеу мерзімінің соңына қарай физиологиялық қалыпқа келетіндігін байқауға болады. Айталық, зерттеудің 5,7,14,21 және 27-ші тәуліктерінде лейкоциттердің концентрациясы фондық көрсеткішпен салыстырғанда тиісінше 11,5; 13,0; 14,4; 16,0 және 16,4%-ға дейін төмендейтіндігі анықталды, ал бақылау тобымен салыстырғанда зерттеудің жоғарыда аталған мерзімдерінде көрсеткіштер тәжірибе тобында тиісінше 11,3; 11,8; 12,3; 12,2; 12,1%-ға төмендейтіндігі тәжірбие жүргізу барысында белгілі болды [P<0,01;P<0,05].

Дәрілік фитопрепараттың әсерінен айтарлықтай өзгерістерді эритроциттердің динамикасынан да байқауға болады. Тәжірибе тобындағы бұзауларда олардың деңгейі зерттеу мерзімдерінде фондық мәліметпен салыстырғанда тиісінше 29,5; 36,1; 46,0 және 57,4%-дейін жоғарылайтындығы анықталды, ал бақылау тобындағы бұзауларда зерттеу мерзімдерінде эритроциттердің деңгейі салыстырмалы төмен болатындығы белгілі болды. Зерттеу мерзімдерінде бұл топта эритроциттердің концентрациясы шамамен 6,1± 0,22 - 8,93 ± 0,5 Х $10^{12/л}$ төңірегінде болды.

Тәжірибе тобындағы эритроциттердің концентрациясы бақылау тобындағы көрсеткіштермен салыстырғанда зерттеу мерзімдерінің 5,7,14,21 және 27-ші тәуліктерінде тиісінше 19,7; 18,6; 17,1; 14,3 және 10,1%-ға дейін жоғары болатындығы тәжірибе жүргізу барысында анықталды [P<0,05; P<0,001].

Сонымен қатар айқын өзгерістерді гемоглобиннің динамикасынан да байқауға болады. Фитопрепараттың әсерінен бронхопневмонияның жіті ағымымен ауырған бұзау- ларда гемоглобиннің деңгейі фондық көрсеткішпен салыстырғанда зерттеу мерзімінің 5,7,14,21,28-ші тәуліктерінде айтарлықтай жоғарылайтындығы анықталды және жоғарылау деңгейі тиісінше 6,3; 11,4; 15,7; 24,6 және 30,1%-ды құрады. Бақылау тобындағы бұзауларда гемоглобиннің деңгейі тәжірибе тобымен салыстырғанда біршама төмен болды. Бұл топта оның деңгейі фондық мәліметпен салыстырғанда жоғарыда аталған тәуліктерде тиісінше 3,7; 5,7; 10,6; 18,1 және 23,3%-ға дейін ғана жоғарылай- тындығы анықталды [P<0,01; P<0,05; P<0,001].

Тәжірибе тобындағы бұзауларда гемоглобиннің деңгейі бақылау тобындағы бұзаулармен салыстырғанда жоғарыда аталған зерттеу мерзімдерінде тиісінше 2,6; 5,5; 4,8; 5,7%-ға дейін жоғары болатындығы анықталды [P<0,01; P<0,05, P<0,001].

Кесте 1-Дәрілік өсімдіктер жиынтығының «Пижпол» дәрісі жіті дипепсиямен ауырған қозылардың гематологиялыққөрсеткіштерінің динамикасына әсері, (M±m. n=10)

Көрсеткіш терррр	Топтар	Зерттеумерзімдері (тәулік)					
		0	5	7	14	21	27
Лейкоциттер, х$10^{9/л}$	Тәжірибе	13,3±0,41^{x}	11,5±0,52^{xx}	10,2±0,33^{x}	9,2±0,20^{xx}	8,3±032^{x}	8,1±0,44^{x}
	Бақылау	13,2±0,52	13,0±0,40^{x}	12,1±0,2^{xx}	11,3±0,3^{xxx}	10,1±0,2^{x}	9,8±0,5
Эритроциттер, х$10^{12/л}$	Тәжірибе	6,1±0,39	7,9±0,73^{xx}	8,3±0,34^{x}	8,9±0,46^{xx}	9,6±0,48^{xxx}	9,8±0,46^{x}
	Бақылау	6,1±0,22	6,6±0,35	7,0±0,44^{x}	7,6±0,51^{xx}	8,4±0,56^{x}	8,93±0,5^{xx}
Гемоглобин, г/л	Тәжірибе	70,2±2,2	74,6±2,31^{x}	78,2±3,12^{xx}	81,2±1,66^{xx}	87,5±2,64	91,3±2,33^{xxx}
	Бақылау	70,1±3,41^{x}	72,7±2,92	74,1±4,67	77,5±2,22^{x}	82,8±3,14^{x}	86,4±3,39
Ескерту: ^{x}P < 0,05 ^{xx}P < 0,01 ^{xxx}P < 0,001		x - бақылау тобымен салыстырғанда					

Қорытынды Зерттеу барысында алынған мәліметтер шипалық қасиеті бар дәрілік өсімдіктер қоспасынан дайындалған жиынтықтың «Пижпол» дәрісі қозылардың дипепсиясы ауруы кезінде қанның гематологиялық көрсеткіштеріне айтарлықтай қуаттандырып әсер ететіндігі дәлелденді.

Әдебиеттер

1. Гахниян Р., Асенов И. Лечение животных травами.-Алматы, 1988.
2. Кукенов М.К., Рахимов К.Д. и др. Лекарственные растения Казахстана и их
3. использование.-Алматы, 1996.
4. Шәріпбаев Н.Ш. Пайдалыөсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану.-Алматы, 1988.
5. Беффа М.Т. Лекарственные растения. Справочник. М.: 2005.-255 с.
6. Бирюков И.В. Влияние экстракта мать и мачехи на изменения показателей у белыхмышей.-Материалы VII-межд. научно-практич. конф.-Сборник статей, Барнаул, 2012.-С.23-225.

References

1. Gakhniyan R., Asenov I. Treatment of animals with herbs.- Almaty, 1988.
2. Kukenov M. K., Rakhimov K. D., et al. Medicinal plants of Kazakhstan and their use
3. usage.- Almaty, 1996.
4. Sharipbayev N. Sh. Paidaly osimdikterdi mal darigerliginde koldanu.- Almaty, 1988.
5. Beffa M. T. Medicinal plants. Reference book. Moscow: 2005. -255 p.
6. Biryukov I. V. Influence of mother and stepmother extract on changes in indicators in white mice.- Materials of the VII-international scientific and practical Conference-Collection of articles, Barnaul, 2012. - p. 23-225.

ӘОЖ 636.2:619
UDC 636.2:619

IMPLEMENTATION OF MEASURES FOR THE TREATMENT AND PREVENTION OF TEILERIOSIS AMONG LARGE CATTLE IN BAIDIBEK DISTRICT

БӘЙДІБЕК АУДАНЫНДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛ АРАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ТЕЙЛЕРИОЗ АУРУЫН ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗУ.

Ермекбаева Р.Ж.,Оспанова М.С.,Қожахметов Д.
Ermekbaeva R. Zh., Ospanova M. S., Kozhakhmetov D.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkeent, Kazakhstan

Резюме

Берілген мақалада Бәйдібек ауданында өсірілетін ірі қара мал арасында кездесетінтейлериоз ауруын емдеу және оларға алдын алу шаралары жүргізілді.Қазіргі таңда мал шаруашылығының санын арттырып,сапасын жақсарту мақсаты агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ең басты мәселесі болып отыр. Осыған байланысты мал шаруашылығындағы өзекті мәселе - малдың жұқпалы және инвазиялы ауруларының алдын алу болып табылады.Олардың ішінде тейлериоз инвазиялы ауру болғаны баршаға мәлім, ал тек бұл малда ғана емес өршіген кезде адамға әсер ететіндігі анықталған.

Abstract

In this article, we will talk about the problems of cattle breeding in Baidibek district. treatment and Prevention of teileriosis were carried out.Currently,the main problem of the development of the agro-industrial complex is the goal of increasing the number and improving the quality of animal husbandry. In this regard, an urgent problem in animal husbandry is the Prevention of infectious and invasive diseases of livestock. Among them, it is well known that

Кілттік сөздер:*Споровиктер қоздыратын аурулар,Ірі қара тейлериозы,Паразитиформды кенелер, Протозоидтық, вирустық, бактериалдық және саңырауқұлақтар.*

Keywords:*Diseases caused by sporoviki, bovine teyleriosis, Parasitiform mites, Protozoa, viral, bacterial and fungal.*

Ірі қара тейлериозы, яғни сорма ауруы қан арқылы жұғатын, өте тез білінетін ауру.

Бұл ауру ертеректе ірі қара безгегі деп аталып келген. Ол өте жіті түрде өтеді.

Қоздырғышы. Біздің елімізде ірі қара тейлериоз қоздырғышының екі түрі кездеседі. Оның бірі тейлерия аннулята деп аталады. Ол қоздыратын ауру ірі қарада өте ауыр өтеді, ал тейлерия мутанс қоздырғышымен зарарланған мал жеңіл түрде ауырады.

Тейлерийлер сыңар клеткалы, өте ұсақ организмдер. Олардың пішіні дөңгелек, сопақша, шыбық тәрізді, үтір тәрізді түрліше болып келеді. Әрбір эритроцит ішінде көбіне 1-2 паразит тіршілік етеді. Кейде олардың саны жетіге дейін жетеді. Бұл аурудың қоздырғышын микроскоп арқылы көруге болады.

Солма ауруын Қазақстан жағдайында зерттегенде бұл екі түрінің ерекшелігі әлгінде айтқандай болмай шықты. Солманың бұл екі түрінің зияндылығына және солманың асқынған түрлерінің ауысып отыруына қарағанда тейлерия мутанс паразитінің Қазақстанда өз алдына жеке кездесетін паразит емес, тек тейлерийдің зияны кемдеу, яғни тейлерия аннулятаның бір түрі екендігі байқалады. Қоздырғышы кененің сілекейімен бірге мал организміне барып, түседі де, сөл түйіндерінде, талақта және бауырда бөлініп өніп-өсе бастайды, осының нәтижесінде малдың организмінде көп ядролы денешіктер, басқа сөзбен айтқанда, анар денешіктері (агамонттар және гамонттар) пайда болады. Гамонттар бөлшектенеді де, гаметоциттер шығарады, бұлар қанға түседі. Сондықтан аурудың алғашқы күндерінде паразиттер анар денешіктері түрінде сөл түйіндерінен немесе ұлпалы органдардан табылады. Ауру басталысымен 2-3 күн өткен соң эритроциттерден гаметоцит күйінде тейлерийлер табылады, олар дөңгелек, сопақша, сақина, таяқша, үтір, крест немесе

нүкте пішінді болып келеді. Бір эритроцитте 1-7 паразит кездеседі. Аурудың бастапқы кезінде эритроциттердің зақымдануы шамалы болады, кейіннен аурудың өрши түсуіне байланысты 80—95 процентке жетеді.

Эпизоотологиялық зерттеулердің және Қазақтанның түрлі аудандарында кездесетін солманың жұқтырып тәжірибе жасаудың нәтижесінде республикамызда тейлерийдің зиянды бес түрі анықталған. Соның ішінде аса зиянды түрлерінің Шымкент және Қызылорда облыстарының шаруашылықтарында таралғаны байқалады. Солтүстікте қан сорғыш паразиттердің басқа түрлері де кездеседі. Бұлар малда әлдеқалай ғана байқалады.

Тейлерийдің зиянды түрлерінің әр түрлі екендігін әрқашан естен шығармау керек. Зияны кемдеу түрімен ауырған малды зиянды түрі жайлаған жерге ауыстыруға болмайды. Өйткені онда мал солма ауруына қайта шалдығады.

Ауру Гиалломма туысына жататын жайылым кенелері (көбіне Гиалломма детритум және анатоликум) тасымалдайды. Кененің сілекеймен паразит мал денесіне енеді де, сөлдеріне және бауыр мен талаққа барады. Сонда өсіп - өніп, көбейе бастайды. Кейінірек бұл паразит бөлшектері ыдырап, қанның қызыл түйіршіктеріне енеді.

*Эпизоотологиясы.*Тейлериоз ауру малдан сау малға жайылым кенелері -Hyalomma detritum, H. anatolicum және H. scupense арқылы жұғады. Личинка немесе нимфа сатысындағы кенелер ауру қоздырғышын өзіне жұқтырып, оны нимфа немесе имаго сатысында малға жұқтырады. Тейлериоздың шығуы үшін кененің екі түрі, яғни мал қоралары мен аулаларды мекендейтін түрлері қауіпті, олар бұл аурудың мал қолға қараған шақта да көтерілуіне әсерін тигізеді. Тейлериоз әдетте көктемде бір рет көтеріледі, кей жағдайда ерте көктемде және күзде көтерілуі ықтимал.

Солма Шымкент, Жамбыл және Қызылорда облыстары шаруашылықтарында кездеседі. Бұл аурудың етек алуының себебі осы аймақтарда гиаломма кенелерінің көп таралуына байланысты. Оның үстіне соңғы жылдары сырттан асыл тұқымды мал сатып алу кең етек алып отыр. Себебі жергілікті малды асылдандырып, олардан алынатын өнімдерді молайту керек болды. Егер солманың алдын алу шараларын дер кезінде жасамаса, сырттан келген асыл тұқымды мал, жас бұзаулар сол жылы ауырып, өлім - жітімге ұшырайды. Ауырған ірі қара кейде 90 процентке дейін өледі.

Кенесі көп жайылымда қанын кене сорған мал семірмейді, ал сауын малының сүті кеміп қалады. Жас малдың өсуі тежеледі. Денесін кене басқан жұмыс малының тынышы кетіп, әлсірей береді.

Жайылым көпшілік кененің ошағы болып табылады. Малдың қанын сорған кезде кененің аузынан сілекейі ағып, ол сілекей қанды ұйымайтын етеді. Кенелер малдың түксіз жерлерін: жұқа шабын, құйрығының астын, қолтығын, құлағын және тағы басқа жерлерін мекендейді, мал денесіне жабысып, малдың қанын сорады.

Ұрғашы кене қан сорып болғаннан кейін жерге домалап түседі де, тыныштау жерге жатып, жұмыртқа салуға кіріседі. Біраз уақыт өткеннен кейін ол жұмыртқалардан кене құрты өсіп - өнеді. Ол бірнеше мыңдаған жұмыртқа салады. Біраз уақыт өткеннен кейін ол жұмыртқалардан кене құрты өсіп - өнеді. Оларда кенелер ұқсап малға жабысып, оның қанымен қоректене бастайды. Қанға тойған соң бұлар да жерге домалап түседі, есейіп нимфаға айналады. Бұл нимфа да малға жабысып, оның қанын сорып тойынған соң, домалап жерге түсіп, сақа (еркек немесе ұрғашы) кене болып шыға келеді. Кейбір аш кенелер малдың қанын сорып, қоректенгенде жерге түспей, жабысқан жерінде қалып қояды, сөйтіп ол малдың үстінде жүріп ақ сақайып кетеді.

Кенелердің көпшілігі бір жазда талай рет балалайды, күн жылы, жауын көп болса кененің өсіп - өнуіне қолайлы жағдай туады. Әдетте мал көктемде, жаздың басында кенелейді.

Солма ауруы жұққан кенелер малдың қанын сорып жүрген кезінде ауру жұқтырады. Сау кене сорған кезде ауру малдан не ілгері ауырған малдан өзіне солма жұқтырып алады.

Малға жұққан солманың паразиттері мал қанымен қоректенеді. Сөйтіп қанның ақ түйіршіктерінде өсіп - өніп, тұқым жаяды. Ірі қараға жұққан солманың паразиттері жыныстық жолмен емес, басқаша түрде өсіп - өнеді. Бірақ бірнеше қайтара тұқым жайғаннан кейін жыныстық жолмен де (оны геметоцит деп атайды) өсіп - өнетін болады. Гаметоциттер қанның қызыл түйіршіктерінде (эритроциттерінде) орын тебеді. Оны малдың ауруын күшейген кезде де, мал ауырып жазылғанан кейін бірсыпыра уақыт өткен соң да микроскоппен көруге болады.

Гаметоциттер қанмен бірге кененің ішіндегі жыныстық жолмен көбейеді, яғни гаметоциттің ұрғашы клеткаларымен ересек клеткалары қосылады. Осыдан кейін кененің организміндегі көптеген жаңа клеткалар пайда болады. Бұл клеткалар спорозоит деп аталады. Бұлар кененің сілекей бездеріне өтіп алып, кене қашан малдың қанын сорғанға дейін соларада жата береді. Кене малдың қанын сорған кезде солманың паразиті (тейлерий) қанға барып араласады. Кенеге жұққан тейлерий бір – ақ буын тіршілік етеді, яғни тейлерий жұққан малдың қанын кене құрты (жұмыртқадан өріп шыққан жабысқақ кене) сорса, онда одан кейінгі буын – нифа солмаға бейім малға ауру жұқтыра алады. Егер нимфаға тейлерий жұқса, онда ауруды одан кейінгі буын – сақа кенеге (имаго) жұқтыратын болады. Имагодан кененің жұмыртқасы арқылы ауру қоздырғышы жаңа буын – кенеге тарамайды. Сөйтіп солма ауруын ірі қараға нимфа немесе осы ауруды тасымалдайтын кененіңимагосы жұқтырады.

Әдебиеттер

1. Асылбеков Б.Ж.Микробиология : 5В080200- Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы маманд. студ. арналған зертханалық практикум / Б. Ж. Асылбеков, С. Қ. Айдарбекова, Г Абдуллаева. - Шымкент : 0ҚМУ, 2013. - 56
2. Сайдулдин Т.Індеттанужәнежануарлардыңжұқпалыаурулары : Ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария маман. арналғаноқулық / Т. Сайдулдин. - Алматы : Полиграфия Сервис и К, 2009. - 518 с
3. СайдулдинТ.С.Эпизоотология микробиология негіздерімен : оқулық / Т. С. Сайдулдин, Б. К. Ильясов ; М. Әуезоватындағы ОҚМУ. - Шымкент :Нұрдана-LTD баспасы, 2011. – 51

УДК 631.671:631.43: 556.01
UDC 631.671:631.43: 556.01

ИЗМЕНЕНИЕ ГИДРОХИМИЧЕСКОГО РЕЖИМА РЕКИ СЫРДАРЬИ В УСЛОВИЯХ АНТРОПОГЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

CHANGING MODES HYDROCHEMICAL SYRDARIA RIVER UNDER HUMAN ACTIVITIES

Оралсынкызы М., Копжасар С., Алтынбек А., Еримбетов Е.
Oralsynkyzy M., Kopzhasar S., Altynbek A., Erimbetov E.
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, г. Шымент, Казахстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Орта Азияда Амударья өзенінен кейінгі арнасының ұзындығы 2212 км құрайтың ұзын өзеннің бірі Сырдария, ол Фергана алабының шығыс бөлігіндегі Нарын және Қарадарья өзенің құйылған жерінен бастау алады. Сырдария өзенінің төменгі Қызылқұм құмының шығыс және солтүстік шеттерімен ағады, бұл аймақта өзеннің арнасы ирек және орнықты емес және қыс-көктем кезеңдерінде жиі су тасқыны болып тұрады. Арыс өзені Сырдария өзенінің бойындағы ең соңғы саласы болып табылады. Сырдария өзені бұрын Арал теңізіне құятын, ал қазір оның деңгейінің аппатты төмендеуіне байланысы екі теңізге(1989 жылы), яғни үлкен және Кіші Аралға бөлінген. Сырдария өзенінің алабындағы жер беті су ағыны қарқынды пайдалану нысанымен қатар,әртүрлі дәрежедегі әлеуметтік қызметтіде орындаудың себебінен, ол күннен-күнге өсіп бара жатқан экологиялық, экономикалық, денсаушылық және әлеуметік-экономикалық мәселелердің нысанына айналуда. Бұның өзі Орта Азиядағы климаттың өзгеруіне байланысты су қорының жетіспейтін жағдайында қалыптасып отыр. Сырдария өзені суының сапасының төмендеуінің ертеден келе жатқан тарихы бар. Совет Одағының жылдарында Сырдария өзенінің арнасына тазаланбаған немесе толық тазаланбаған ауылшаруашылығының, өндірістің және ірі қалалардың төгінді суларын тастау су көзінің ластануының негізгі себепшісі болды.

Abstract

The Syr Darya River - length (channel length - 2212 km) and the second-conductivity of the Amu Darya in Central Asia after the river, which is formed at the confluence of the Naryn and Kara Darya in the eastern part of the Fergana Valley. In the lower reaches of the Syr Darya flows along the eastern and northern outskirts of Kyzylkum sands; the riverbed is sinuous and unstable in the winter and spring floods are frequent. Last influx - Aris. Syrdarya previously flowed into the Aral Sea, now, due to the catastrophic decline in its level and the collapse of the sea into two parts (in 1989), the river flows into the northern part of the sea (the so-called "Small Sea"). Natural surface water in the basin of the Syr Darya River, being the object of intense exploitation, and carrying out various social functions, at the same time are subject to increasing environmental, health and socio-economic problems that develop on the background of water scarcity due to climate change in Central Asia. The deterioration of water quality in the Syr Darya and the degradation of the river have a long history. In the Soviet years began active discharges into water bodies and streams of Syrdarya basin is not enough or not at all treated wastewater of industrial enterprises, objects, household sector, and agriculture.

Ключевые слова*: река, долина, период, воды, объект, экономика, экология, сельское хозяйство, водные ресурсы, сточные воды, качество воды, море, дефицит.*

Keywords*: river, valley, period, water, object, economy, environment, agriculture, water resources, waste water scarcity, water quality, sea.*

Река Сырдарья - длиннейшая (длина русла - 2212 км) и вторая по водности после Амударьи река Средней Азии, которая образуется при слиянии Нарына и Карадарьи в восточной части Ферганской долины. Сток Сырдарьи формируется в горной части бассейна. Питание преимущественно снеговое, в меньшей мере ледниковое и дождевое.

В среднем течении (от Фархадских гор до Чардаринского водохранилища) в Сырдарью впадают реки Ангрен (Ахангаран), Чирчик и Келес. От Фархадского гидроузла начинается Южно-Голодностепский канал.

В нижнем течении Сырдарья протекает по восточной и северной окраинам песков Кызылкум; русло реки здесь извилисто и неустойчиво, в зимне-весенний период нередки паводки. Последний приток - Арыс. В низовьях реки на участке от города Туркестана до райцентра Жосалы имеется обширная пойма (шириной 10-50 км, длина около 400 км), пронизанная множеством проток, местами заросшая тростником и тугаями, широко используемая для сельского хозяйства (рисоводство, бахчеводство, овощеводство, местами садоводство). В устье Сырдарья образует дельту (в районе города Казалинск) с многочисленными протоками, озёрами и болотами, используемую для бахчеводства.

Сырдарья раннее впадала в Аральское море, ныне, вследствие катастрофического снижения его уровня и распада моря на две части (в 1989 году), река впадает в северную часть моря (так называемое «Малое море»). Воды Сырдарьи в значительной мере разбираются на хозяйственные нужды, в связи с этим нынешний объём стока в устье снизился более чем в 10 раз (с 400 м³/с до 30 м³/с) по сравнению с условно-естественным периодом (до 1960 года).

На территории бассейна реки Сырдарьи находятся 3 области Кыргызстана: Нарынская, Джалалабадская и Ошская, Согдийская областьТаджикистана, 6 областейУзбекистана: Андижанская, Наманганская, Ферганская, Ташкентская, Джизакская и Сырдарьинская и две области Казахстана: Южно-Казахстанская и Кызылординская. Площадь бассейна Сырдарьи составляет 219 000 км².На реке создано несколько водохранилищ: Токтогульское (19,5 км³, Кыргызстан), Кайраккумское (4,2 км³, Таджикистан), озеро Айдаркуль (41 км³, Узбекистан) и Чардаринское (5,7 км³, Казахстан). С целью урегулирования весенних паводков и сбросов воды с Токтогульской ГЭС Казахстан построил в Южно-Казахстанской области Коксарайское водохранилище (длина плотины 45 км) объёмом 3.0 км^3.

Етті ветеринариялық-санитариялық сараптау бойынша жазылған оқулық және анықтамалардан біз лептоспирозбен ауырған жануарлар өнімдерін бағалауға қатысты ешқандай ғылыми дәлелденген зерттеулер кездестірмедік. Ондағы деректер, егер бұлшық еттердегі сарғаю екі тәулікте кетпесе ұшаны утильдеуге жібереді. Сарғаю болмаған жағдайда, немесе екі тәулікте басылатын болса, ұша мен ішкі мүшелерді қайнатудан кейін пайдалануға болады деген деректермен шектелген. Алайда, індетпен зақымданған ірі қараның ішкі мүшелерінде болатын әр түрлі дәрежедегі дистрофиялық және некробиоздық үрдістердің нәтижесінде мал өнімінің сапасы төмендейтіндігі және де зардапты ауру қоздырушысының ет өңдеуші мамандар мен тұтынушылар үшін қауіптілігі ескерілмеген [2,3].

Сондай-ақ, ғылыми мәліметтерге қарағанда, ауыл шаруашылығы малдары мен үй жануарларында лептоспироздың симптомсыз өтуі басым болып келеді екен, олардың организімінде арнайы антидене түзіледі және ұзақ уақыт лептоспира-тасымалдаушы болып табылады. Сарғаю, гематурия, терінің некрозануы және т.б. ауруға тән белгілер үнемі байқала бермейді [4]. Лептоспира-тасымалдаушы малдарда аурудың симптомдары байқалмауы салдарынан оларды сояр алдында бақылағанда және қасапханаға қабылдағанда анықтау мүмкін емес, яғни лептоспира-тасымалдаушы сиырлар қасапханаларға еш шектеусіз түсіп, сойып, өңдеумен айналысатын мамандар және тұтынушылар үшін қауіп тудырады.

Сауда орындарындағы қасапханалардың зертханаларында сойыс малдары лептоспирозын анықтауға мүмкіндік беретін ешқандай әдістемелік нұсқаулар жоқ. Қазіргі уақытта лептоспирозды зертханалық балау қан сарысуымен микроаглютинация реакциясын (МАР) қоюға, микроскоппен «қараңғы фонда» зерттеуге және бактериологиялық зерттеулерге негізделген. Бұл әдістер бұрыннан қолданып келеді, алайда бұл әдістердің бірқатар кемшіліктері де бар: МАР қолдану үшін тірі лептоспиралар өсінділері қажет, сондықтан, лептоспираларды үнемі өсіріп отыру қажеттігі

туындайды. Зерттеу жүргізу үлкен еңбек шығынын қажет етеді, алғаш диагностикалаған кезде серологиялық реакцияны әрбір штаммен қояды. Сонымен қатар, бұрын ауруға қарсы егілген және ауырып жазылған жануарларда лептоспирозға қарсы антидегенің болуы, серологиялық зерттеуде бір рет қана жүргізіп, нәтиже алуға мүмкіндік бермейді. Лептоспирозға қарсы антиденелер қанда бірнеше ай бойы жүруі мүмкін, ал, кейде мүлдем болмауы да мүмкін. Лептоспирозбен созылмалы ауыратын жануарларда арнайы антидененің титрі күнделікті әдістермен зерттелгенге қарағанда біршама төмен болуы мүмкін. Микроскоппен зерттеуде ішкі мүшелер езіндісінен ауру қоздырушысын анықтаудың қиындығы, ауру қоздырушысын бөліп алудың ұзақ уақыт алуы т.б. Сондықтан, бұл әдістердің ешқайсысы қасапхана жағдайында қолдануға қолайсыз. Лептоспироз кезінде ішкі мүшелерде болатын өзгерістер аурудың жіті және жітілеу түрлерінде сипатталған [20], ал симптомсыз лептоспироз тасымалдаушы сиырлардың ішкі мүшелерінде болатын өзгерістер зерттелмеген. Ғылыми әдебиеттерде малды сойғаннан кейін лептоспироз тасымалдаушы малдарды анықтауға мүмкіндік беретін қандайда бір нақты ұсынысты біздер кездестіре алмадық. Лептоспироз тасымалдаушы сиырлардың ішкі мүшелері мен ұлпаларындағы лептоспиралардың таралуы, сиырлардың сойыс өнімдеріндегі лептоспиралардың тіршілік ету ұзақтығы туралы деректер жоқ.

Осыған байланысты, біздер лептоспирозбен ауырған сиырлардың сойыс өнімдерін жан-жақты санитариялық сараптаудан өткізіп, сойыс өнімдерінен зардапты лептоспираларды анықтау үшін, полимеразды тізбекті реакцияны пайдалануды жөн көрдік. Сонымен қатар, полимеразды тізбекті реакция лептоспиралар ДНҚ-сын суытылған, мұздатылған еттен анықтауға мүмкіндік береді.

Яғни, бұл жұқпалы ауру мәселелерін зерттеу өзектілігі күмән келтірмейтін өндірістік қажеттілік.

Лептоспира-тасымалдаушы сиырларда аурудың сыртқы белгілерін сау малдармен салыстырып қарағанда, олардың жалпы күйінде, азықтануында, қоңдылығында айырмашылықтар болмады.

Яғни, малды сояр алдында клиникалық зерттеу арқылы оның лептоспира-тасымалдаушы екенін біз анықтай алмадық.

Бұл сиырларды сойып-зерттегенде, олардың 3-уінің беткейлік лимфалық түйіндері (жақ асты, жауырын алды, шаптағы) көлемінің аздап ұлғайғанын, ақшыл-сұр түсті, консистенциясы болбырлау, тілік беті дымқыл, ішкі суреті сақталмағанын анықтадық. Ал зерттелген басқа сиырлардың беткейлік лимфалық түйіндері қалыпты болды.

Бүйректерде келесідей өзгерістер анықталды:

Зерттелген 5 сиырдың бүйрегінде қыртысты қабатқа терең еніп орналасқан ұсақ қанталаулар болды. 4 сиырдың бүйректері ашық-қоңыр түсті болып, олардың бетінде диаметрі 2 мм болатын сұрғылт-ақшыл түсті дақтар көптеп орналасқанын анықтадық (сурет 1). 2 сиырдың бүйректерінің көлемінің ұлғайғанын және мәрмәр түстес, сұрғылт дақтар орналасқанын тіркедік. Олардың қыртысты және милы қабаттары қызыл қоңыр түсті болып, қанға толған, шекаралары сүртілген. 1 сиырдың бүйрегінде қанның іркілуі байқалды. Бұл кезде бүйректерің консистенциясы болбыр, біркелкі боялмаған, сұрғылт- қоңыр түс қызыл-қоңыр жерлермен араласып жатты, капсуласы оңай сыпырылады, тілік беті дымқыл, қыртысты және милы қабаттар шекарасы анық емес. Қыртысты қабат қантамырлары қанға шамадан тыс толған. Бактериоскопиялық әдіспен лептоспиралар анықталған 2 ірі қараның бүйрегінде ешқандай өзгерістер байқалмады. Бүйректердің көлемі ұлғаймаған, ақшыл-қоңыр түсті, тілік бетінде ішкі суреті сақталған.

Кесте 1 - Лептоспироз белгілері байқалып, сойылған сиыр етінің органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштератауы	Лептоспирозбен зақымданған сиыр етін сақтау уақыты		
	Сойылғаннан Кейін	24 сағат	48 сағат
1	2	3	4
Сыртқы түрі мен түсі	Ылғалды, қызыл-қоңыр түсті, Сарғыш реңді,аздап жабысқақ	Ылғалды, қызыл-қоңыр түсті,аздап жабысқақ	Қызыл-қоңыр түсті, жабысқақ
Тілік бетінің жай-күйі	Ылғалды, аздапжабысқақ, сүзгі қағазға ылғалкөптеп сіңеді	Ылғалды, аздапжабысқақ, сүзгі қағазға ылғалкөптеп сіңеді	Ылғалды, жабысқақ,сүзгі қағазға қызғылттау түсті ылғал сіңеді
Консистенциясы	Еттің серпімділігітөмен, жұмсақтау,басқаннан кейін басқан із қалпына баяу келеді	Еттің серпімділігітөмен, жұмсақтау,басқаннан кейін басқан із қалпына баяу келеді немесе толық қалпына келмейді	Еттің серпімділігіөте төмен,жұмсақ, басқаннан кейінбасқан із қалпына келмейді
Иісі	Аздап қана бөгдеиіс байқалады	Балауса емесаздап қышқылтым иісті	Қышқылтым иісті
Майының жай-күйі	Май ашық сары түсті, жұмсақ, кейжерлері сары түстіжалқаяқпен толған	Май сұрғылттаутүсті, жұмсақ, кей жерлері сұрғылт-күңгіртеу түсті,басқан кезде қолға жағылады	Май сұрғылт-күңгірттеу түсті, жұмсақ, басқан кезде қолғажағылады
Сіңірінің жай-күйі	Буынсіңірлерісарғыштау түсті, ылғалды, консистенциясы жұмсақтау, қолға жабысады,аздап бөгде иіс байқалады	Сіңірлерінің серпімділігі төмен, күңгірттеу түсті,буын беттері аздап кілегеймен жабылған	Сіңірлерінің серпімділігі төмен, күңгірттеу түсті,буын беттері азда пкілегеймен жабылған
Сорпасының мөлдірлігі мен иісі	Аздап лайлы, иісі байқалмайды	Лайлы иісібалауса сорпаға тән емес,жағымсыздау	Лайлы, иісіжағымсыздау

Бауырда өзгерістер үнемі байқалмады. Зерттелген сиырлардың екеуінің бауырында ұсақ ақшыл-сұрғылт түсті ошақтар кездесті, консистенциясыболбырлау, тілік бетінің суреті сақталмаған.

Зерттелген сиырлардың басым көпшілігінің өкпесінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Тек, 3 сиыр өкпесі плевра астында нүкте қанталаулар кездесті. 1 сиыр өкпесінен сарысулы домбығу анықталды.

Жүрек пен көкбауыр өзгеріссіз қалыпта болды. Тек, 1 сиырдың жүрек еті сұрғылт реңкті, консистенциясы болбыр, перикард астында сарғыш түсті сұйық анықталды. Эпикардта ет талшықтарының арасында ұсақ ошақты қанталаулар байқалды.

Лептоспирозға шалдыққан сиырлардың сойыс өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштері

Ауру белгілері байқалып, сойылған сиырлар ұшасының қансыздану деңгейі қанағаттанарлық, етінің беткейі мен тілік беті ылғалды, жабысқақтау келетіндігі анықталды. Тері асты шелі ашық-сары түсті.

Әдебиеттер

1. Белоусов В.И. Лептоспироз животных в Российской Федерации и меры борьбы с ним // Лептоспироз: матер.10-й Всерос. науч. -практ. конф. по лептоспирозу. - Краснодар, 2003. - С. 6-10.
2. Малахов Ю.А., Панин А.Н., Соболева Г.Л. Лептоспироз сельскохозяйственных животных. – М., 2000. – 420 с
3. Ильясов Б.К. Эпизотология лептоспироза животных в Казахстане и меры борьбы с ним: автореф. док. вет. наук. –Алматы, 1999. – 36 с.
4. Киркимбаева Ж.С. Иммунопрофилактика лептоспироза сельскохозяйственных животных и пушных зверей: автореф. док. вет. наук.
5. –Алматы, 2004. – 45 с.
6. Bharti A.R., Nally J. E., Ricaldi J. N., Matthias M. A., Diaz M. M., Lovett M. A., Levett P. N., Gilman R. H., Willig M. R, Gotuzzo E. Leptospirosis: a zoonoticdisease of global importance // The Lanc. Infect. Dis. -2003. - №3. – P. 757-771
7. Bolin C.A. Diagnosis and Control of Bovine Leptospirosis // Proceedings of the 6 Th Western Dairy Management Conference. - Reno, 2003.- 155 p.
8. Heymann D.L. Control of communicable diseases manual: an official report of the American Public Health Association ed. - Washington: World Health Organization;American Public Health Association, 2004.
9. Нафеева А.А., Ветлугин Н.И., Феофанова С.Г., Нечаева А.С., Савинова Г.А. Лептоспироз и его осложнения // Терапевтический архив. -2011.-№3. - С. 255-270.
10. Vivek K.N. Neuroleptospirosis // JK Science. – 2004. – Vol.6, №4. - P. 218-219.

УДК 619.(075.8)
UDC 619.(075.8)

СУТ ҚЫШҚЫЛДЫ ТЕРМОФИЛЬДІ ЛАКТОКОКТАРДЫҢ ЖАҢА ШТАМДАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК-ҚҰНДЫ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ

THERMOPHILIC ACID DAY LAKTOBAKTERY NEW STRAINS PRODUCTION OF VALUABLE PROPERTIES

Курбанова К.С., Курбанова А.С., Ермекбаева Р.Ж.
Kyrbanova K.S., Kyrbanova A.S., Ermekbaeva R.Zh.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan StateUniversity, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

К микроорганизмам, используемым в качестве дрожжей в биотехнологическом производстве молочной продукции, предъявляются следующие требования к ценным производственным свойствам: состав дрожжей зависит от конечного продукта, штаммы должны соответствовать вкусовым требованиям, консистенция продукта должна соответствовать стандарту, активность кислотообразования в одном количестве, штаммы должны быть устойчивы к фагам, иметь способность синеризиса (влажность пульпы), образование ароматических веществ, совместимость штаммов, образование антибиотиков, устойчивость к антибиотикам и быть устойчивыми к сушке.В связи с этим было проведено исследование производственно ценных свойств этих молочнокислых бактерий: способности образовывать кисломолочные, ароматические вещества, выделять антибиотические вещества, антагонистические свойства против гнилостных бактерий и условно-вредных бактерий, вызывающих различные инфекционные заболевания.Результаты исследований показывают, что активные штаммы молочнокислых бактерий являются перспективными для создания эффективных молочнокислых заквасок. Ведь это свойство молочнокислых бактерий является одним из основных при изготовлении молочных продуктов. Молочнокислые бактерии из-за этих свойств угнетают рост гнилостных бактерий, формируют нарушенную микрофлору желудочно-кишечного тракта

Abstract

Microorganisms used as yeast in the biotechnological production of dairy products are subject to the following requirements for valuable production properties: the composition of yeast depends on the final product, the strains must meet the taste requirements, the consistency of the product must meet the standard, the acid formation activity must be uniform, the strains must be resistant to phage, have the ability to synerizis (pulp moisture), the formation of aromatic substances, the compatibility of strains, the formation of antibiotic substances, antibiotic resistance and drying resistance.In this regard, a study was conducted on the production properties of these lactic acid bacteria: the ability to form lactic acid, Hoshi substances, release antibiotic substances, antagonistic properties against putrefactive bacteria and harmful and conditionally pathogenic bacteria that cause various infectious diseases.The results of the research show that active strains of lactic acid bacteria are promising

for the formation of an effective lactic acid sourdough. After all, this property of lactic acid bacteria is one of the most basic in the production of dairy products. Lactic acid bacteria, due to these properties, inhibit the growth of harmful, rotting bacteria and form a disturbed microflora of the gastrointestinal tract..

Кілітті сөздер: *сүтқышқылды бактериялар, штамм, жұқпалы, антагонизм, себінді, микроорганизм, антибиотик, микрофлорасы*

Key words:*lactic acid bacteria strain is contagious, antagonism, culture, mikroorganizmy, antibiotics, microflora.*

Сүтқышқылды бактерияларының ерекше қасиеттерін адамзат ежелден-ақ тұрмыс жағдайында өз тіршіліктері барысында пайдасына жарата білген. Олардың өндірістік-құнды қасиеттері ғасырдың өз қолдану шегін кеңейтіп, қазіргі заманда кең ауқымды өндіріс саласына енгізілген.

Сүт өнімдерін дайындау биотехнологиялық өндірісінде ашытқы ретінде қолданылатын микроорганизмдерге мынадай өндірісті құнды қасиеттеріне талаптар қойылады: ашытқының құрамы соңғы өнімге байланысты болуы, штаммдар дәмге қойылатын талаптарға сай болуы, өнім консистенциясы стандартқа сай болуы, қышқыл түзу белсенділігі бір мөлшерде болуы, штамдар фагқа төзімді болуы, синеризис (қойыртпақ ылғалдылығы) қабілеті болуы, хош иісті заттар түзуі, штаммдардың үйлесімділігі, антибиотикалық заттар түзуі, антибиотиктерге төзімді болуы және кептіруге төзімді болуы керек.

Соған орай, осы сүтқышқылды бактериялардың өндірістік құнды қасиеттеріне жататын: сүтқышқылын, хошиісті заттарды түзуі, антибиотикалық заттарды бөлу қабілеттерінің, шіріткіш бактерияларға және түрлі жұқпалы ауруларды қоздырушы зардапты және шартты зардапты бактерияларға қарсы антагонистік қасиеттеріне зерттеу жасалынды.

Сүтқышқылды бактериялардың қышқыл түзу қабілеттілігін анықтау. Сүтқышқылды бактериялардың жаңа бес штамдарының қышқыл түзу қабілеттілігіне зерттелген штамның екеуінің Lactococcus thermophilus 1 және 5 штамдарының белсенділігі жоғары болды (1 кестеде көрсетілген).

Кесте 1 - Лактококтардың қышқыл түзу қабілеттілігін зерттеу

Штамдар	Қышқылтүзу қарқындылығы, сағат	Қышқылдық белсенділігі, ^{0}Т	Қышқылтүзу шегі 7 тәулікте, ^{0}Т
Lactococcus thermophilus -1	8-10	150	280
Lactococcus thermophilus -2	8-10	175	215
Lactococcus thermophilus -3	18-20	145	245
Lactococcus thermophilus -4	10-12	167	200
Lactococcus thermophilus -5	8-10	146	260

Сүтқышқылды бактериялардың антагонистік қасиетінің белсенділігін анықтау. Сүт қышқылды бактериялардың белсенді штамдарының биологиялық қасиеттерін кезеңмен зерттеледі. Бірінші кезеңінде микроорганизмдердің қышқыл түзу және антагонистік белсенділіктерінің деңгейі бағаланады.

Сүт қышқылды бактериялардың тіршілік өнімдерін халықтық медицинда микроб тектес антисептик ретінде қолданған. Сүт қышқылды бактериялардың антагонистік қасиеттерін тәжірибеде ерте заманнан бері қолданады.

Сүтқышқылды ашудың консервілеу әсерін көкеністерді, жемістерді консервілеуде, азықтарды сүрлемдеуде, балықты тұздауда, көкеністерді ашытуда, ет сақтауда қолданған.

И.И. Мечников сүт қышқылды бактериялардың антагонистік қасиеттерін ішек-қарын жолдарының шіріткіш микрофлорасымен күресу үшін қолдануды ең бірінші болып ашқан. Ішекті сауықтыру теориясы бүгінгі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Сондықтан біз жұмысты орындау барысында зерттеуге таңдап алынған сүт қышқылды бактериялардың антагонистік қасиеттерін анықтауды мақсат еттік (кесте 2). Сүт қышқылды бактериялардың антагонистік қасиеттерін зерттеу барысында келесі тест-бактериялардың 10 штамы: Sarcina flava, Bac. mycoides, St. albus, E. coli, D. septicus, S. typhimurium, P. multocida, L. monocytogenes, C. faetus, Bac. anthracis (СТИ вакциндік штамм) қолданылды. 5 кестеде жүргізілген тәжірибенің нәтижесі берілген.

Кесте 2. Жаңа лактококтардың антагонистік қасиеттерінің белсенділігін анықтау

Түрі және штамы	Sarcina flava	Bac. mycoides	St. albus,шт.165	E. coli	D. septicus	S.t yphimurium	P. multocida	L. monocytogenes	C. faetus	Bac. anthracis
	Тест-бактериялардың өсуін тежеу аймақтары, d = мм									
Lactococcus thermophilus-1	15	15	16	23	22	18	14	30	15	16
Lactococcus thermophilus-5	13	14	15	22	20	15	14	30	12	16

Зерттеу нәтижесінде барлық сүтқышқылды бактериялардың бөлініп алынған жаңа бес өсіндіден іріктеліп алынған 1 және 5 штаммдар сапрофитті, шартты зардапты және зардапты бактерияларға қатысты жоғары антагонистік қасиеттерінің белсенділігін көрсеткені байқалды.

Сүтқышқылды бактериялардың өсінділік, физиологиялық және биохимиялық қасиеттерін анықтау.

Lactococcus thermophilus 1 және 5 штамдарының өсінділік, физиологиялық және биохимиялық қасиеттеріне, яғни өтке (20, 30, 40 %), ас тұзына (2, 4, 6,5 %), фенолға (0,2 %), сілтілі ортаға (pH 9,2), жоғары температураға (55, 60, 65 ^{0}С 30 мин) төзімділігін анықтадық (3 кесте). Зерттеу нәтижелеріне қарағанда зерттелген сүт қышқылды бактериялардың ішінде өттің, ас тұзының, фенолдың жоғарғы концентрацияларына өте жоғары төзімділік көрсеткенLactococcus thermophilus-1 және Lactococcus thermophilus -5 штамдары болып анықталды. Лактококтардың антибиотиктерге сезімталдығын анықтау. Лактококтардың жаңа штамдарын антибиотиктердің 7 түріне (стрептомицин 30 мкг/см, бензилпенициллин 10 мкг/см^3, окситетрациклин 30 мкг/см, гентамицин 15 мкг/см^3, эритромицин 15 мкг/см^3, тетрациклин 30 мкг/см, левомицетин 30 мкг/см^3) зерттеу жұмыстарын жүргізудің нәтижелері 4 кестеде көрсетілген.

Кесте 3 -Жаңа лактококтардың өсінділік, физиологиялық және биохимиялық қасиеттері

Түрі және штамы	МС өсуі, ^{0}С		pH9,2 ГС	0,2 % фенол қосылған МС	NaCl қосылған ГСөсуі, %			Өт қосылған ГС өсуі, %			МС 30 мин температурада ысытқанда өсуі,^{0}С		
	15	40			2	4	6,5	20	30	40	55	60	65
Lactococcus thermophilus-1	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	-
Lactococcus thermophilus-5	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	-

Зерттеуге алынған лактококтардың барлығы бензилпенициллинге, стрептомицинге, окситетрациклинге, левомицетинге сезімтал емес екендігін, яғни төзімді болғанын байқаймыз. Тетрациклинге сезімталдығы 8-10 мм. мөлшерінде болса, ал гентамицинге, эритромицинге, сезімталдығы 13-15 мм болған. Зерттеу нәтижесінде алынған штамдардың антибиотиктерге сезімталдығы төмен болды. Олардың ішінде Lactococcus thermophilus 1 және Lactococcus thermophilus 5 штамдары антибиотиктерге төзімділігі жоғары болған.

Кесте 4 - Жаңа лактококк штамдарының антибиотиктерге сезімталдығын анықтау

Түрі және штамы	Стрептомицинге	Бензилпенициллинге	Окситетрациклинге	Гентамицинге	Эритромицинге	Тетрациклинге	Левомицетинге
Lactococcus thermophilus-1	-	-	-	10	10	-	-
Lactococcus thermophilus-2	-	-	-	15	15	-	-
Lactococcus thermophilus-3	-	-	-	13	13	8	-
Lactococcus thermophilus-4	-	-	-	15	15	10	-
Lactococcus thermophilus-5	-	-	-	8	10	8	-
Ескерту. Лактококтардың өсуін тежеу аймақтары, d = мм							

Зерттеужұмыстарының нәтижелері сүт қышқылды бактериялардың белсенді штамдары тиімді сүтқышқылды ұйытқысын құрастыру үшін перспективті болып табылатынын көрсетеді. Өйткені сүт қышқылды бактериялардың бұл қасиеті сүт өнімдерін жасауда ең негізгілердің бірі болып табылады. Сүт қышқылды бактериялары осы қасиетттеріне байланысты зардапты, шіріткіш бактериялардың өсуін тежеп, ішек-қарын жолдарының бұзылған микрофлорасын қалыптастырады.

Осы зерттеу нәтижелеріне байланысты сүт қышқылды бактериялардың бұл штамдарын сүт өнімдерін даярлауда перспективті деп танылды.

Литература

1. Шигаева М.Х., Микрофлора национальных кисломолочных напитков: Наука/ Шигаева М.Х., Оспанова М.Ш. - Алма-Ата, 1983.- 151 с.
2. Богданов В. М. О микрофлоре кумыса.:Оқулық / Богданов В. М. М.: -Молочная промышлен-ность/ Богданов В. М. №10.1960. -30-33б.

3. Королев Н.С. Техническая микробиология кисломолочных продуктов: Оқулық / Королев Н.С. М.:-Пищевая прмышленность. - 1966. -272с.
4. Квасников Е.И. Молочнокислыебактерии и путиихиспользования: Оқулық /Квасников Е.И., Нестеренко О.М. М.: Наука. – 1975. -384б.
5. Ахвердян В.З. Общая молекулярногенетическая характеристика и классификация фагов лактококков: Оқулық / Ахвердян В.З., Фрейзон Е.В., Тулемисова Ж.К., ДЖусупова А.Б. и др. Биотехнология. 1992. №6. - 40-45б.
6. Гудков А.Б. Селекция фагоустойчивых культур молочнокислых стрептококков: Оқулық / Гудков А.Б., Белова Г.А., Докунин В.М. Мол. пром. №5. 1987. - 19-20б.
7. Аликин Ю.С. Ветеринарные препара-ты на основе БАВ-новый класс эффективных, экономических препаратов:Новые фармакологические средства в ветеринарии: Тез.докл.1-й межгос.научн.практ.конф. / Аликин Ю.С., Мосычева В.И., Клименко В.П. Сиб.- 1996. -37-38б.
8. Nazarov N.A., Mihaylina N.M., Rybakov S.S. Razrabotkatverdofaznogonepryamogosendvich-variantaimmunofermentnogoanalizadlyadiagnostikibeshenstvazhivotnykh [Development of solid-phase indirect sandwich ELISA options for the diagnostics of rabies]. - Vladimir (2006): pp. 117-124. - Print. (inRuss.).
9. Ponomaryov A.P., Nazarov N.A., Rybakov S.S. Sovershenstvovaniemetodaochistkiikoncentrirovaniyavirusabeshenstva [Improvement in the method of cleaning and concentration of rabies virus]. - Pokrov (2001): pp. 49-51. - Print. (in Russ.).

ӘОЖ 626.81
UDC 626.81

СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

PROBLEMS AND PROSPECTS FOR THE USE OF WATER RESOURCES

Оралсынқызы М., Қожабек А., Мұса Н., Шамші Н.
Oralsynkyzy M.,Kozhabek A., Musa N., Shamshi N.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.,Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Molyy_aa@mail.ru

Резюме

В данной статье рассмотрен один из видов гидротехнических сооружений – водохранилища и условия их эксплуатации.Практически на всех территориях страны происходит ее загрязнение в водном хозяйстве из-за нехватки водных ресурсов и роста интенсивной промышленности. Недостаточная способность природной среды к восстановлению и разрыв между искусственной нагрузкой привели к снижению экологического состояния всех основных рек страны. Водопотребление на современном уровне отраслей экономики Казахстана колеблется от 35,3 до 19,5 км^3. Колебания эксплуатационных объемов воды зависят от водности года, а также организационно - структурных изменений в отраслях экономики. Интенсивное и неэффективное развитие орошаемого земледелия, а также регуляция водных ресурсов, несмотря на аридную погоду, вызвало дефицит воды в бассейне малых и крупных рек.Экономическое развитие Республики Казахстан в основном зависит от обеспеченности страны водными ресурсами, как в территориально - промышленных комплексах, так и в областях и отдельных городах.При указанном необходимом расходе воды 57,9 км^3, запасы воды, которые могут быть использованы в экономике республики, в средней водности не превышают 43 км^3 в год.

Abstract

This article discusses one of the types of hydraulic structures – reservoirs and their operating conditions.Almost all territories of the country are polluted by water resources due to the lack of water resources and the growth of intensive industry. The insufficient capacity of the natural environment to restore and the gap between the artificial load led to a decrease in the ecological status of all the main rivers of the country. Water consumption at the present level of Kazakhstan's economic sectors ranges from 35.3 to 19.5 km^3. Fluctuations in operational water volumes depend on the water content of the year, as well as organizational and structural changes in the economy. Intensive and inefficient development of irrigated agriculture, as well as regulation of water resources, despite the arid weather, caused a shortage of water in the basin of small and large rivers.The economic development of the Republic of Kazakhstan mainly depends on the country's water resources, both in territorial and industrial complexes, as well as in regions and individual cities. With the specified required water consumption of 57.9 km3, the water reserves that can be used in the economy of the Republic in the average water content does not exceed 43 km^3 per year.

Кілттік сөздер: *су қойма,* ***өнеркәсіп****, өзен алабы, егіншілік, су дефициті, трансшекаралық мәселе, сумен қамтамасыз ету.*
Key words: *hydraulic engineering, obsolescence, drainage systems, water management, inter-repair period, filtration, deformation.reservoir, industry, river basin, agriculture, water scarcity, cross-border problem, water supply.*

Қазақстанның жер бетіндегі су қоры орташа сулылықта 100,5 км^3 құрайды, оның 56,5 км^3 республиканың аумағында қалыптасады. Қалған 44,0 км^3 су көршілес мемлекеттерден түседі: Қытайдан - 18,9, Өзбекстаннан - 14,6, Қырғызстаннан - 3,0, Ресейден - 7,5 км^3.

Қазақстан сумен қамтамасыздандыруда ТМД елдерді арасында соңғы орынды алады. Меншікті сумен қамтамасыздандыру 1 км^{2}жерге 37 мың м^3 және бір кісіге 6, 0 мың м^3-ке тең. Республиканың әр түрлі аймақтарында климаттық ерекшеліктеріне қарай, су қорының 90% көктемдегі мерзімде өтеді. Сонымен қатар, жер беті сулары аумақ бойынша бір келкі орналаспаған, жылдар бойында және жылдың ішінде өзгеріп

отырады, осыған байланысты әр түрлі облыстарда және экономика салаларында сумен қамту әртүрлі. Сумен жақсы қамтамасыз етілген Шығыс - Қазақстан облысы 1 км^2 жерге - 290 мың м^3. Сонымен бірге судағы дефицит Атырау, Қызылорда облысында болса, Манғыстау облысында іс жүзінде тұщы су жоқтың қасы. Өзеннің су қорларын экономика салалардың мұқтаждықтары үшін толық қолдану мүмкін емес, өйткені:

• Сырдария, Орал, Тобыл, Іле, Ертіс, Есіл, Торғай, Шу өзендері бойынша экологиялық, балық шаруашылығы және санитарлық талаптарды қанағаттандыру үшін жылына берілетін судың жиынтық көлемі, 29,0 км^3 құрайды;

Ертіс бойынша қажетті су мөлшері көлік-энергетиялық шығындар мен бірге Ресейдің үлесін қосқанда 13, 1 км^3 құрайды;

• өзендердің су қоймасы және алаптарындағы булану және фильтрлеуге кететін шығындары 13, 5 км^3 бағаланады;

• сонымен бірге Орталық Қазақстанның жазық өзендерінің көктемдегі су қоры, оның толық реттеуін мүмкін еместіктен жол жөнекей жоғалатыны шамамен 4,5 км^3 құрайды.

Сайып келгенде, жылына жоғарыда көрсетілген қажетті су шығыны 57,9 км^{3}болса, республиканың экономикасында қолдануға болуы мүмкін су қорлары орташа сулылықта жылына 43 км^3 аспайды. Өзеннің орташа су аз (75% қамтамасыздықтар және су аз болғандағы (95% қамтамасыздық) жылдардағы өзендердің жалпы суы 76 және 58 км^3-ке дейін төмендейді, осыған сәйкес 32-33 км^3 қолдануға мүмкін су қоры 25-26 км^{3}ке дейін төмендейді. Сондықтан, жылдардағы сулылыққа қарай республика бойынша қолданыстағы су қорлары, 25 км3 - тан 43 км3 –қа дейінгі аралыққа ауытқиды [1].

1990 жылдан бастап алынатын су көлемдерінің азаю тенденциясы байқалады, соған сәйкес, табиғи су көздерінен ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке, шаруашылық-ауызсуға пайдалынатын су тұтыну мөлшері де төмендеуде. Бұл ССРО ыдырауымен және жоспарлы шаруашылықтың нарықтық әдістерге өтуіне байланысты шарттар.2000 жылдардағы табиғи су көздерінен алынған судың көлемі 1990 жылдардағы су тұтынумен салыстырғанда 918 м^3 азайды және 20,057 км^3 құрады. Су тұтыну көлемінің төмендетуі ауыл шаруашылығында суармалы аудандардың қысқартумен байланысты. Қазіргі кезде (жүйелі және жайылма) суландыруға 15 км^3 жуық көлемде су қолданылады. Соның өзінде суармалы егін шаруашылығы дамыған Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарындағы су тапшылығы сақталынады, соның ішінде өте ылғал тартқыш - күріштің өндірісі. Экономика салаларының 85% (27, 5 км^3) жер беті суымен қамтамасыз етлсе, қалған бөлігі жер астындағы, теңіздегі және сарқынды сулармен іске асады [2].

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті елімізді сумен қамтамасыз етуде жан-жақты шаралар қабылдады.Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығын орындау мақсатында 2000 жылдың 17 ақпанында № 344-ші «2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясын іске асырудың ары қарайғы шаралары туралы» және 2000 жылдың 21 қарашасындағы №30 Қазақстан Республикасының үкіметінің хаттамалық шешіміне сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасының Үкіметімен 2001 жылдың 21 қаңтарында мақұлданған «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі су экономика секторының дамуы және су шарушылық саясатының тұжырымдамасы» бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды. Қазақстан Арал теңізінің міселесін шешуде бүкіл дүние жізі елдерінің назарына ілінген «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының бірінші кезеңінің құрамындағы Көкарал бөгетінің құрылысын 2005 жылы бітіруі және судың мол болуына байланысты 2006 жылдың наурыз айында Кіші Аралдың суы жобада қарастырылған деңгейге, яғни Балтық жүйесімен 42 метр деңгейге жеткізді. Ондағы бөгет салынғаннан кейінгі ауланған балық мөлшері (шамамен жылына 1500-2000 тонна) бөгет салынғанға дейінгі ауланған балықтың мөлшерінен (51.5 -700 тонна) 2.5 -3 есеге өсті. Егемендік алғалы бері Сырдың мінезі өзгерді. Бұрын көмірін, мазутын, газын және тағы басқа энергия көздерін ортақ есептен алып тұрған қырғыздар ондай мүмкіндіктен айырылды. Халқын және кәсіпорындарын электр энергиясымен, жылумен және жарықпен қамтамасыз ету үшін, олар Тоқтоғұл су қоймасының мүмкіндіктерін пайдалана бастады. Оның жұмыс кестесін ирригациялық бағыттан энергетикалық бағытқа бұрып жіберді.Тоқтоғұл Сыр бассейніндегі ең үлкен су қойма. Оның көлемі 19,5 млрд. текше метр. Ол көпжылдық кестемен жұмыс істеп, Сыр бассейніндегі мүмкін болатын қуаңшылықтың алдын алып отыратын. Енді энергетикалық кестемен жұмыс істеп, бүкіл бассейндегі жағдайды өзгертіп жіберді. Бұрын Сыр өзені көктем айлары (қар ерігенде) мен жаз айларында (мұздақтар ерігенде) таситын. Бұл табиғи жағдай, барлық жан-жануарлар мен өсімдіктер осындай үрдіске бейімделген. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бері бұл үрдіс түбегейлі өзгерді, тасқын су қысты күні келе бастады, зиянды әсері айтпаса да түсінікті.Тоқтоғұлдың жұмысы өзгергелі бері Шардара су қоймасының да жағдайы қиындады. Жыл сайынғы қысты күнгі көп суды сиғыза алмай Арнасайға тастай бастадық. 1991 жылдан бастап 2003 жылға дейін орта есеппен жылда 3,3 млрд. текше метр су тастап отырдық. Кейбір жылдары 9,5 млрд. текше метрге дейін тастадық. Сөйтіп ол су Арнасай арқылы Айдаркөлге түсіп оны толтырды. Ол жерлер қазақтың тарихи жерлері, Әйтеке бидің жайлаулары. Қазір де ол жерлерде қазақ ағайындарымыз тұрады. Олардың көптеген жайылымдары мен қыстаулары судың астында қалды. Баймұрат ауылын да су баса бастады.

Осыны ескеріп Өзбекстан Республикасы Арнасайда су қоймасын салып тастады да, 2004 жылдан бастап секундына 2160 текше метр өткізетін арна 500 текше метр су ғана өткізетін болып қалды. Осының салдарынан Шардараға үлкен қауіп төнді. Көп суды сиғыза алмай күзден бастап төмен қарай секундына 700 текше метр су тастай бастадық. Мұзды осы деңгеймен қатыруға көштік. Бұл өте қауіпті, сең жүргенде жылда төтенше жағдай жариялап, елді мекендерді суға бастырып алып жүрміз. Құлаған үйлер мен ғимараттарды қалпына келтіруді былай қойғанда, бесіктегі бала мен еңкейген қарияларға дейінгі жандардың шеккен зардаптарын немен өлшеуге болады?

Сырда қалыптасқан қазіргі жағдайда ең қауіптісі Шардараның жағдайы болды. Егер келген су қоймаға симай бөгеттен асып түссе, бөгет бұзылады да, Аралға дейінгі барлық елді мекендер, Қызылорда қаласын қоса, топан су астында қалады. Одан артық апат болмайды. Оны болдырмау үшін, кейбір жағдайларда төмен қарай секундына 1000 текше метрден астам су тастауға тура келуі мүмкін [3].

Әдебиеттер

1. Г.И.Журавлёв. Гидротехнические сооружения. – М.: Колос, 2013.
2. М.Ш.Ярмухамедов. География Казахстана. – Алматы: Рауан, 2011.
3. К.В.Попов. Проектирование гидротехнических сооружений. – М.: Сельхозиздат, 2011.

References

1. G.I.Zhuravlyov. Gidrotehnicheskie sooruzheniya. – M.: Kolos, 2013.
2. M.Sh.Yarmuhamedov. Geografiya Kazahstana. – Almaty: Rauan, 2011.
3. K.V.Popov. Proektirovanie gidrotehnicheskih sooruzhenij. – M.: Selhozizdat, 2011.

ӘОЖ 614.48
UDC 614.48

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ТӨЛЕБИ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН «НҰР-АТА» ШАРУАШЫЛЫҚТАҒЫ НЫСАНДАРДЫ ЫЛҒАЛДЫ ТӘСІЛМЕН ДЕЗИНФЕКЦИЯЛЫҚ ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

EVALUATION OF THE EFFECTIVENESS OF DISINFECTANTS BY WET METHOD OF FACILITIES OF THE NUR-ATA FARM LOCATED IN TOLEBI DISTRICT OF TURKESTAN REGION

Қонысова С.С., Токтарова Г.К., Нұрлыхан Н.Н.
Konysova S.S., Toktarova G.K., Nurlihan N.N.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
gulsim__1989@mail.ru

Резюме

Берілген мақалада Түркістан облысы«Нұр ата» шаруа қожалығында «Circo Top AFM» препаратының 3%-дық концентрациясымен дезинфекцияның тиімділігі көрсетілген.Қазіргі таңда, яғни нарықтық экономикада препараттардың шығынын анағұрлым азайтқан жөн. Ол кез-келген препараттың әсер етуіне байланысты, қажетті концентрациясын қолдану керек екенін ұқтырады. еліміздегі дезинфекциялық шараларды дұрыс жүргізуге мүмкіндіктер тудыра аламыз. Осы мақсатта шаруашылықта қолданыста жүрген калцийленген сода препаратын және Circo Top AFM препаратымен салыстыра отырып, ылғалды тәсілмен ДУК автоқондырғысының көмегімен дезинфекциялық шараларды жүргіздік. Яғни, деинфекция тиімділігі орташа есеппен 96%. Түркістан облысы«Нұр ата» шаруа қожалығында «Circo Top AFM» препаратының дезинфекциялық шараларды жүргізуде 3%-ды концентрациясын қолданған жөн екені анықталды.

Abstract

In this article, the effectiveness of disinfection in the farm "Nur ATA" of Turkestan region with a concentration of 3% of the drug "Circo Top AFM" is shown.Today, in a market economy, it is necessary to significantly reduce the cost of drugs. He understands that depending on the effect of any drug, it is necessary to use the necessary concentration. we can create opportunities for proper disinfection measures in the country. For this purpose, we carried out disinfection measures with the help of DUK auto cleaning in a wet way, comparing the drug calcined soda used in the farm and the drug Circo top AFM. That is, the effectiveness of deinfection is on average 96%. In the peasant farm "Nur ATA" of Turkestan region, it was found that 3% concentration of the drug "Circo Top AFM" should be used when carrying out disinfection measures.

Кілттік сөздер:*дезинфекция, инфекциялық ауру, залалсыздандыру, санитариялық өңдеу, микроорганизмдер, қоздырғыштар, сұйықтық.*

Keywordsdisinfection, *infectious disease, decontamination, sanitary treatment, microorganisms, pathogens, liquid.*

Дезинфекцияның тиімділігі көп жағдайда оның қолдану тәсілдеріне байланысты. Ылғалды дезинфекция жүргізу химиялық ерітінділермен залалды беткейлерді (микроорганизмдермен ластанған) тегіс өңдеп, ылғалдандыруға негізделген[1]. Сонымен қатар бұл тәсілдің өзіндік кемшіліктері де бар: санитариялық өңдеуге дезинфекциялаушы заттар мен судың көп шығындалуы, құралдар мен құрылыс заттарының жылдам коррозияға ұшырауы[2]. Мал шаруашылығы нысандарын ылғалды тәсілмен дзинфекциялау үшін сұйықты көп мөлшерде дисперсиялай алатын жақсы қондырғы қажет. Беткейлерді көп мөлшерде суландыру (1м^2 өңделетін жерге 1л дейін жұмыс ерітіндісі жұмсалады) қорада ылғалдылықтың жоғарылауына әкеп соқтырады[3].

Дезинфекцияның тиімділігі экспозицияға, яғни препараттың инфекциялық ауру қоздырғыштарына әсер ету уақытына көп байланысты болады[4]. Ылғалды тәсілде тік беткейлерді залалсыздандыру қиынға соғады, себебі, оларда дезинфекциялық сұйықтар төмен қарай ағып, қажетті уақытқа дейін жанасуы болмайды. Қабырғалар мен басқа да тік беткейлерді хлорлы препараттармен дезинфекциялағанда, сұйықтың көп бөлігі олардан ағып кетеді. Майлы бояумен боялған қабырғалардағы сұйықтықтың ұсталу мөлшері 50-80-100 мл/м^2, ал құммен сыланған қабырғаларда 200-300 мл/м^2 тең.Дезинфекциялаушы ерітінділерді қысқа уақыт ішінде қолдану нәтижесінде инфекция қоздырушыларының залалсыздандырғыш (дезинфекциялық) заттармен байланысы және экспозициясы қажетті деңгейде болмайды[5]. Ал, бұл өз кезегінде дезинфекциялық өңдеу нәтижесінің төмендеуін, мал шаруашылығы және өзге де нысандардағы металл қондырғыларының коррозиясын тудырады. Осы көрсеткіштердің барлығы ылғалды дезинфекцияны қымбат тәсілге айналдырады.Дезинфекцияның ылғалды тәсілінде мал шаруашылығы орындарында қол жетуі қиын жерлері (қи, желдету құбырлары, бел білектер,саңылауларжәне т.б.) дезинфекциялық ерітінділермен толық өңделмейді немесе жеткіліксіз өңделу салдарынан осындай жерлерге құрамында ауру қоздырушылары бар шаңдар көптеп жиналады. Мұндай жағдайда ылғалды дезинфекциядан кейін де зиянды шаңдар мал қора ауасына қатты бөлшекті аэрозольдер түрінде көтеріліп, жануарларды зақымдауы мүмкін.

Бұл шараларды жүргізу үшін, қазіргі таңда, яғни нарықтық экономикада препараттардың шығынын анағұрлым азайтқан жөн. Ол кез-келген препараттың әсер етуіне байланысты, қажетті концентрациясын қолдану керек екенін

ұқтырады. Сонда ғана біз, еліміздегі дезинфекциялық шараларды дұрыс жүргізуге мүмкіндіктер тудыра аламыз. Осы мақсатта шаруашылықта қолданыста жүрген калцийленген сода препаратын және Circo Top AFM препаратымен салыстыра отырып, ылғалды тәсілмен ДУК автоқондырғысының көмегімен дезинфекциялық шараларды жүргіздік. Бұл зерттеулердің нәтижесі төмендегі 2-ші кестеде көрсетілген.

Кесте1. ДУК дезқондырғысымен калцийленген содамен санитариялық өңдеу нәтижелері

Зерттелетін нысандар	Жалпы микроб саны,мың КТБ/см^2		
	Дезинфек. Дейін	Дезинфек. кейін	Дезинфекц. тиімділігі,%
№1 Сиыр қорасы (зерттеу)	40,0±1,4	11,0±1,2	72,5
№2 Сиыр қорасы (бақылау)	53,0±1,6	7,0±1,2	65,6
Бордақылау қорасы	24,0±1,0	5,0±1,5	73,7
Бұзаулар қорасы	23,0±1,8	4,0±1,6	65
Тайыншалар қорасы	18,0±1,4	3,0±1,3	63,3

2-ші кестеге мәліметтерге сілтеме жасай отырып, Калцийленген содамен жүргізілген дезинфекциялық шаралардың орташа тиімділігі 68 %-ды құрады.

Келесі эксперименталдық жұмыстар Circo Top AFM препаратын қолдану арқылы жүргізілді. оның зерттеу нәтижелері төмендегі 3-ші кестеде берілген.

Кесте 2. ДУК дезқондырғысымен Circo Top AFM препаратымен санитариялық өңдеу нәтижелері

Зерттелетін Нысандар	Жалпы микроб саны,мың КТБ/см^2		
	Дезинфек. дейін	Дезинфек. кейін	Дезинфекц. тиімділігі,%
№1 Сиыр қорасы (зерттеу)	38,0±1,6	1,0±1,2	97,3
№2 Сиыр қорасы (бақылау)	45,0±1,5	1,5±1,4	96
Бордақылау қорасы	22,0±1,8	1,0±1,0	99,0
Бұзаулар қорасы	24,0±1,4	1,5±1,2	98,5
Тайыншалар қорасы	18,0±1,5	1,0±1,0	98,3

3-ші кестеден алынған нәтижеге қарап, «Circo Top AFM» препаратының 3%-дық концентрациясына келетін болсақ мұндағы көрсеткіштер өте жоғары болғанын көрсетіп отыр. Яғни, деинфекция тиімділігі орташа есеппен 96% құрады. Жалпы мал шаруашылығында дезинфекциялық шараларды жүргізуде 3%-ды концентрациясын қолданған жөн екені анықталды.

Әдебиеттер

1. Санитарно-гигиенический режим в свинарниках для опороса. Мат. Всерос. н/пр. конф. «Гигиена содержания и кормления животных основа сохранения их здоровья и получения экологически чистой продукции», 21-23 сентября, г. Орел, 2000 г., с. 180-182.
2. Правила проведения дезинфекции и дезинвазии объектов государственного ветеринарного надзора, утверждены 15.07.02 г за № 13-5-02/0522 департаментом ветеринарии Минсельхоза России.
3. Бутко М.П., Власова Н.П., Цариков И.Н., Пухлякова Г.Л. Ускоренная индикация сальмонелл на объектах внешней среды. Сб. н/тр. ВНИИВСГЭ "Проблемы вет.санитарии, гигиены и экологии". М., 2001, т. 111, с. 52-69.
4. Воздух. Контроль загрязнений по международным стандартам. Третье издание. М., Протектор, 2002, 432 с.
5. Правила проведения дезинфекции и дезинвазии объектов государственного ветеринарного надзора. - М., 2002. - С.5.
6. Антипова Л.В., Астанина В.Ю., Глотова И.А. О перспективах разработки искусственных мясных продуктов на основе белков чечевицы. //Материалы международной конференции «Продукты XX века», Москва, 16-18 декабря 1998. – с. 42-45.

ӘОЖ 636.2:619
UDC 636.2:619

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ӨСІРІЛЕТІН АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ СҮТ ӨНДІРЕТІН ШАРУАШЫЛЫҚТАР ЖАҒДАЙЫНДА СИЫРЛАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ

ANALYSIS OF THE SEXUAL ACTIVITY OF COWS IN THE CONDITIONS OF BREEDING MILK-PRODUCING FARMS IN THE TURKESTAN REGION

Қонысова С.С., Токтарова Г.К., Құдайберген Н.Б.
Konysova S.S., Toktarova G.K., Kudaibergen N.B
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
gulsim__1989@mail.ru

Резюме

Берілген мақалада түркістан облысында өсірілетін асыл тұқымды сүт өндіретін шаруашылықтар жағдайында сиырлардың жыныстық қызметіне талдау жасалынды. Жыныс мүшелерінің патологияларының ішінде жыныстық циклдың бұзылуы, ол біздің ойымызша малды дұрыс бағып күтпегендіктен, моционның болмауынан, жем-шөптің сапасыздығына және патологиялық туудан деп есептейміз. Сонымен қатар, жатырдың катаральды және іріңді-катаральды қабынуын біз өз тәжірибеміздан өткізген емдеу әдістерін қолданып, емдеу жасадық.

Abstract

In this article, an analysis of the sexual activity of cows in the conditions of breeding milk-producing farms in the Turkestan region was carried out. Among the pathologies of the genitals, we consider a violation of the sexual cycle, which, in our opinion, is due to improper care of livestock, lack of motionfulness, poor feed quality and pathological birth. In addition, we have developed a treatment for catarrhal and purulent-catarrhal inflammation of the uterus using the methods of treatment that we have conducted in our own practice.

Кілттік сөздер:*гинекологиялық аурулар, жыныстық цикл, зигота, бедеулік, эндометрит, одан кейін вестибулиттер, жатырдың субинволюциясы*
Keywords:*gynecological diseases , sexual cycle, zygote, infertility, endometritis, vestibulitis, subinvolution of the uterus*

Еркек және ұрғашы малдың бедеу қалу себептерінің бір қатары-малды дұрыс азықтандырмау, ас қорту жүйесінің, тыныс алу жүйесінің, қан тамыр-жүрек қызметтерінің бұзылу салдарынан да болады.Осындай ауруларға ұшырағанда дене қызуының көтерілуі, қан құрамының өзгеру, зат алмасудың бұзылуы бедеулікке ұшыраудың бірден – бір нышаны (белгісі).

1950ж И.В. Заянчовский нышанды бедеулік жұмыршақ жарақаты мен перикардиттен десе, Г.В. Зверева мен Ф.Я, Сизенко (1958), Е.Ф. Кочетов (аусыл) ауруынан екендігін байқады.

Сиырлардың нышанды бедеулігі олардың гинекологиялық ауруына яғни, жатыр, ұрық жолы, ұрық безі мен қынап ауру салдарынан болатыны дәлелденген.

Ғылыми әдебиеттегі авторлардың айтуы бойынша гинекологиялық аурулардың таралуы әртүрлі болады. Орта есеппен шаруашылықтағы бедеу сиыр, таналар санының 10-15 пайызы гинекологиялық аурулар салдарынан болатыны мәлім.

Патологиялық процесстің сиырлардың жыныс ағзасында орын алуы, дамуы ұрық безінің міндетін бұзады және ұрық жолы мен жатырдың клегей құрамы өзгертеді және осы ағзалар ішіндегі pH және олардың өту жолының қызтеттері бұзылады.

Сиырлар мен таналар гинекологиялық ауруға ұшырағанда олардың төл беру
қабілетінің бұзылуы төмендегі себептерге байланысты:

1. жыныстық циклдың бұзылуы – анафродизия (жыныстық циклдың болмауы), толықсыздығы (анэстралды және ановуляторлы жыныстық цикл), нимфоманияның да кездесуінен болады;
2. жатыр мен ұрық жолдарындағы шырыштың жабысқақтығы әсерінен жыныс клеткаларының қимылы шектеледі;
3. жыныс мүшелерінің жекелеген бөліктеріндегі аталық жыныс клеткаларының өлуі жасушалардың ыдырауына, улы бактерияның, улы спермилер мен қабыну экссудатының жиналуына әкеп соғады;
4. ұрық клеткасының , немесе зиготанның құруы;
5. зиготанның жатыр қуысына ене алмауы ұрық жолының тарылуынан,

немесе жабылап қалуынан болады.

Өндірістік тәжірибе кезінде біз шаруашылықтағы аналық мал басының туғаннан кейінгі кезеңіндегі ауруларын анықтау үшін осы шаруашылық бойынша айсайын гинекологиялық диспансеризация өткіздік. Біздің зерттеуіміз бойынша аналық малдың арасында кеңінен таралған аурулардың бірі созылмалы эндометрит болды, одан кейін іріңді-катаральды вагиниттер, вестибулиттер, шудың түспей қалуы, жатыр субинволюциясы жиі кездесті

Кесте-1. Шаруашылықтағы кездескен аналық малдың бедеулігі

Реттік №	Бедеулік түрлері	Ауруға шалдыққан мал басы	Пайыздық көрсеткіштері
1	Алиментарлық бедеулік	45	34,45
2	Туа біткен	-	-
3	Кәріліктен болған бедеулік	5	3,8
4	Симптомдық бедеулік	67	51,14
5	Климаттық бедеулік	4	3,06
6	Қолдан жасалған бедеулік	10	7,6
7	Барлығы	131	100

Шаруашылықта 984 бас сиыр бар оның ішінде 100% деп алатын болсақ 25-30%-ға дейін әртүрлі себептерге байланысты бедеу қалады. Ал бедеу қалған малдың негізгі себептерінің бірі симптоматикалық бедеулік 51,14% болды. Симптоматикалық бедеуліктің себептері жыныс мүшелерінің аурулары: іріңді- катаральды эндометрит, оофарит, вагинит, шудың түспей қалуы тағы басқалар.

Кесте-2.Шаруашылықтағы ұрғашы малдың жыныс мүшелерінің патологиялары

Реттік №	Аурулардың аты	Ауырған мал басы	% көрсеткіші
1	Іріңді –катаральды эндометрит	25	37,31
2	Шудың түспей қалуы	17	25,37
3	Аналық бездің күлдіреуігі	10	14,9
4	Жатырдың субинволюциясы	8	11,9
5	Вестибулит және вагинит	7	10,44
Барлығы		67	100 %

№ 2 кестеде көрсетілген 67 бас ауруға шалдыққан малдардың ішінде 37,31% іріңді-катаральды эндометритпен ауырған, 25,37% шудың түспей қалуына шалдыққан, 14,9 - 15% жыныс бездерінің қабынуына шалдыққан, ал 10-15% вагинит, вестибулит ауруларымен ауырған.

Біздің ойымызша жатырдың іріңді-катаральды эндометрит ауруларының жиі кездесуі өз уақтысында балау қойылмай, дұрыс емделмегеннен деп есептейміз. Сонымен қатар аурудың асқынуларынан да болады. Жыныс мүшелерінің патологияларының ішінде 25,37% шудың түспей қалуы, ол біздің ойымызша малды дұрыс бағып күтпегендіктен, моционның болмауынан, жем-шөптің сапасыздығына және патологиялық туудан деп есептейміз.

Жатырдың катаральды және іріңді-катаральды қабынуын біз өз тәжірибеміздің өткізген емдеу әдістерін қолданып, емдеу жүргіздік.

Емдеу курсын 8-10 күн аралығында жүргіздік 2 және 6 күндері тері астына мынадай қоспаны енгіздік: 1% новокаин ерітіндісін 100-150 мл және антибиотик пенициллин немесе стрептомицин 500 ӘБ +окситоцин 30-35ӘБ жылы күйінде тері астына енгіздік.

-2,5,8 күндері күре тамырына 30;60; 90 мл өз қанын алып оған 500ӘБ пенициллин қосып бұлшық етке жібердік.

- 3; 7 күндері – стрептомицин 1 гр, пенициллин 150 мың ӘБ тривитамин 100 мл жатыр қуысына Эсмарх кружкасы арқылы жібердік.

- келесі қолданылған емдік дәрі ихглюковит. Бұл дәрінің құрамы күрделі оған: глюкоза ұнтағы – 30,0 + ихтиол 4,0 гр, аскорбин қышқылы – 3,0 гр, дистилдинген су 63,0 мл қоспа жасап араластырады. Ихглюковит қоспасының түрі. Қара –қоңыр майлы сұйық ихтиол майының иісі шығып тұрады. Дистилденген суға глюкоза мен ихтиолды қосып ерітіндіні 13-17 минут қайнатады, одан кейін сүзіп 65-75 ^{0}С суытады, кейін аскорбин қышқылын қосады. Осындай жолмен дайындалған қоспаны құймышақ және жамбас сүйегі құралған ойпатқа алдыңғы бұрышынан жібереді, ол үшін Бобров инесін қолданады, 4-5 см тереңдікке ерітіндінің жалпы дозасы 50 мл, ерітіндіні 2-ге бөліп, екі жағына салады, дәріні 2-3 рет 72 сағат сайын қайталап отырады.

Әдебиеттер

1. Джакупов И.Т., Есжанова Г.Т., КривецВ.В. Распространенностьи диагностика после родовых патологий у коров. Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-9:новый вектор развития высшего образования и науки» посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан.2013.Т.1, ч.2-С .210-212.
2. Смирнова,Л.Л. Влияние молочной продуктивности коров на уровень воспроизводствастада//Совершенствование методов воспроизводства и искусственного осеменения сельско хозяйственных животных.–М.,2003.– С.64-69.
3. Студенцов А.П.,Шипилов В.С.,Субботина Л.Г.,ПреображенскийО.Н. Ветеринарное акушерство игинекология. Изд-во Агропромиздат, -Москва,-1986.
4. Гавриленко Н.Н. Лактационное бесплодие коров//Актуальные проблемы ветеринарного акушерства и репродукции животных: материалы международнойнаучно-практическойконференця. - Горки;БГСХА.-С. 338-344.
5. CarlosC.Perez Marin, Laura Molina Moreno, and Guillermo Vizuete Calero.C linical Approach to the Repeat Breeder Cow Syndrome.//A Bird's-EyeViewof VeterinaryMedicine.- 2008.

УДК 631.311
UDC 631.311

УАҚЫТША СУҒАРУ АРЫҚТАРЫН ТЕГІСТЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

FOR LEVELING TEMPORARY IRRIGATION DITCHES NEW TECHNOLOGY

[1]Манабаев Н. Т., [1]Ахилбеков М. Н., [1]Бегалиев Б. С., [2]Манабаева Г. Н.
[1]Manabaev N. T., [1]1akhilbekov M. N., [1]Begaliev B. S., [2]Manabaeva G. N.
[1]М. Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Казахстан
[2]Шымкент қаласының білім басқармасының
«С. Көбеев атындағы №56 жалпы орта білім беретін мектебі»
[1]South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan
[2]"General secondary school No. 56 named after S. Kobeyev" of the Department of Education
of the city of Shymkent, Kazakhstan
nmanabaev@mail.ru

Реюме

Изучено отрицательное влияние действующей технологии заравнивания на качество образования дамб временных поливных оросителей, нарезанных для последующего орошения. Физико-механические свойства почвы во временной оросительной сети и поперечный профили русла при нарезке временной оросительной сети изучены не достаточно. Приведены исследования некоторых физико-механических свойств почв дамбы и временной оросительной сети после вегетационного орошения.Физико-механические свойства почв вновь образованной дамбе существенно отличаются от свойств почв дамбы после орошения. Анализ динамики влажности почвы показывает, что при заравнивании временной поливной сети по рекомендуемой технологии сухие почвы в верхнем поверхностном слое дамбы укладываются на влажную поверхность в подошве оросителя, а влажные почвы в основании дамбы уложиться на ее поверхность.Показано изменение динамики влажности почвы в заравненном русле оросителя после заравнивания временной оросительной сети. Влажная почва в поверхностном слое заравненного оросительного русла испаряется, а в нижнем слое оросительного русла наоборот указывает на то, что поверхностная сухая почва дамбы укладывает на подошве оросителя и впитывает в себя лишнюю влагу. Это обстоятельство создает условия для достижения оптимальных уровней влажности почвы без образования сплошного монолитного слоя почвы на подошве заравненного оросителя. В результате при повторной нарезке оросителя почва хорошо измельчается, что приводит к качественному образованию дамбы.Экспериментальные исследования проводились по определению фракционного состава почв на дамбе по существующим и рекомендуемым методам. Данные эксперимента приведены.

Abstract

The negative impact of the existing grinding technology on the quality of the formation of a temporary irrigation ditch dam dug for subsequent irrigation in the process of leveling temporary irrigation ditches was investigated. The physical and mechanical properties of the soil in the temporary irrigation ditch and the horizontal profile of the channel during the excavation of the temporary irrigation ditch have not been fully studied. Studies of some physical and mechanical properties of soils of dams and temporary irrigation ditches after vegetative irrigation are given.The physical and mechanical properties of the newly formed dam soil differ significantly from the properties of the dam soil after irrigation. Analysis of soil moisture dynamics it is shown that when leveling a temporary irrigation ditch according to the proposed technology, dry soils in the upper surface layer of the dam are laid on a wet surface in the bottom of the ditch, and wet soil at the base of the dam falls on its surface.Changes in the dynamics of soil moisture in the excavated ditch channel after leveling the temporary irrigation ditch were shown. The moisture in the surface layer of the leveled ditch channel evaporates and dries up, and in the lower layer of the ditch channel, on the contrary, the surface dry soil of the dam falls into the ditch foot and absorbs excess moisture. This creates conditions for optimal soil moisture levels without forming a solid monolithic layer of soil in the dug ditch. As a result, when re-digging the ditch, the soil is well Ground, which leads to a high-quality dam formation.Experimental studies were conducted to determine the fractional composition of the soil in the dam using existing and proposed methods. Experience data has been deleted.

Кілттік сөздер: *топырақ, суғару арығы, тегістеу, ылғалдық, фракция құрамы, арна, технология*
Keywords: *soil, irrigation ditch, level ling, moisture content, fraction composition, channel, technology*

Суғармалы егіншілікте өсімдіктерге су қою үшін алқаптарға уақытша суғару арықтары қазылады. Суғарудан соң егін қатараралық өңдеу жұмыстарын, минералды тыңайтқыш беру т. б. жұмыстарды орындау мақсатында уақытша суғару арықтарына тегістеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл технологиялық процестер өсімдік қанша рет суғарылса, сонша рет қайталанып отырады.

Уақытша суғару арықтары торабының негізгі бөлігі бірінші суғару алдында алғашқы рет қазылады. Бұл уақытта топырақтың 0-50 см қабаттағы ылғал сыйымдылығы 70-75%- ды құрайды. Жерді 30 см-ге дейін аударып жырту және алдын-ала егісті егуге дайындау жұмыстарынан кейінгі топырақ құрамы жеңіл майдаланып, уақытша суғару арығын қазу кезінде дамба топырағы нәтижелі түзіледі. Бұл кезде бірінші суғару үшін минимал суғару нормасы қажет болады: 600-700 м³/га. Сондықтан, дамбадағы суғаруға қажет судың деңгейі жер еңкістігіне байланысты суғарылатын беттен 5-20 см биік болуын толық қажет етпейді.

Вегетациялық суғарудан кейін суғару арығының қазылған арнасының топырағы жоғары ылғалданады және уақытша суғару арығын тегістегенен кейін қатар аралықты өңдеу, минерал тыңайтқыш беру жұмыстарын орындау агрегаттарының өтуі есебінен тегістелген уақытша суғару арығының төменгі ылғалды арнасында монолиттік қатқан топырақ ортасы пайда болады. Сондықтан уақытша суғару арығын бұрынғы суғару арнасы бойынша қайта қазған кезде арықтың дамбасында үлкен және лайлы кесектер пайда болып, ол дамба топырағының қалыпты түзілуіне кедергі

келтіреді. Су деңгейін қажетті межеге дейін көтеруді, суғару нормасын 1000-1200 м³/га дейін жеткізуді және уақытша суғару арығының қимасынан толық пайдалануды қамтамсыз ете алмайды.

Уақытша суғару арығындағы топырақтың физикалық-механикалық қасиеттері және уақытша суғару арығын қазу кезіндегі арнаның көлденең профилі толық зерттелмеген. Сондықтан біз вегетациялық суғарудан кейнігі дамбаның және уақытша суғару арығы топырақтарының кейбір физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеп үйрендік.

Суғару аяқталғаннан кейін арық арнасында судың біршама көлемі қалады, оның құрғауы үшін біраз уақыт керек. Ол, сол қазылған арнадағы топырақ ылғалдылығының динамикасына әсер етіп, келесі уақытша суғару арығын қазу кезінде дамбаның түзілу сапасына да әсер етеді. Топырақ құрамындағы судың мөлшеріне байланысты топырақтың үйкеліс коэффиценті, қаттылығы өзгеріп, топырақтың деформацияльануға кедергісі төмендейді. Жаңадан түзілген дамба топырағының физикалық-механикалық қасиеттері, суғарудан кейінгі дамба топырағының қасиеттерінен айтарлықтай айырмашылығы болады.

Уақытша суғару арығын ашу және жабу кезіндегі топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу.Топырақтың физикалық-механикалық қасиеттері топырақ өңдеуші құралдар жұмыс істейтін орта ретінде олардың параметрлерін негіздеу кезінде бастапқы мәліметтер ретінде қолданылады. Бұл сұрақты білудің маңызы туралы өздерінің еңбектерінде академик В. П. Горячкин, профессор Ч. М. Гологурский профессор М. Х. Пигулевский, профессор Н. В. Щучкин және басқалар атап өтті.[1,3]

Топырақтың физикалық-механикалық қасиеттері дала жағдайында тәжірибе өткізу жолымен зерттелді және оның негізінде уақытша суғару арығын тегістеу уақыттары анақталды. Тәжірибелерді жүргізу кезінде ОСТ -70.12.1-04 «Мелиоративтік және суғару машиналары. Сынау бағдарламасы мен әдістері» және ОСТ-70.4.2-00 «Ауыл шаруашылығы техникасын сынау. Топырақты беттік өңдеу машиналары. Сынау бағдарламасы мен әдістері» әдістемелік ережелері кең түрде қолданылды.

Зерттеулер үшін дамба мен уақытша суғару арығы арнасы түбіндегі топырақтың ылғалдылығы арасындағы айырмашылықтар жасанды түрде жасалды. Уақытша суғару арығы қазылып, әрбір нұсқаға су көлемі бір-бірінен айырмасы болатындай етіп су жіберіледі. Суғару кезінде судың деңгейі егістік бетінен 10-15 см биіктікте болуы қажет. Уақытша суғару арығы 1 суретте берілген.

Уақытша суғару арығына су беруді тоқтатқаннан кейін арна топырағыныңың кебуін бақылау қажет. Тегістеу алдында әрбір нұсқадағы топырақ ылғалдылығының үлгісі тексеруге алынып, бес рет қайталау әдістемесі бойынша тексерілді.

Тексеру нәтижелері 1 кестеде берілді. 1 кестеде көрсетілгендей, уақытша суғару арығының әрбір нұсқасында уақыт бойынша топырақтың ылғалдылығы әртүрлі өзгереді.



*Белгіленуі:*1-жер бедері; 2-суғарғанға дейінгі арық профилі;
3-суғарғаннан кейінгі арық профилі
Сурет 1. Уақытша суғару арығының профильдері

Кесте 1-Тегістеу алдында нұсқалар бойынша топырақ ылғалдылығының үлестірілуі

Горизонттар, см	Ылғалдылық, %							
	Нұсқа 1		Нұсқа 2		Нұсқа 3		Нұсқа 4	
	табан	дамба	табан	дамба	табан	дамба	табан	дамба
Екінші суғарудан кейін								
0-5	23,1	11,7	18,0	11,4	16,1	10,1	10,5	9,9
5-10	24,7	16,8	18,9	13,7	17,0	13,9	14,6	14,7
10-15	-	18,7	-	18,7	-	16,7	-	15,2
Төртінші суғарудан кейін								
0-5	25,7	12,2	21,4	11,1	15,7	9,2	14,4	8,9
5-10	27,2	16,9	23,2	16,3	18,5	15,4	14,9	14,3
10-15	-	19,8	-	18,8	-	16,2	-	15,8

Қолданыстағы және ұсынылатын уақытша суғару арығын тегістеу технологиясы бойынша тегістелгеннен кейін бес рет қайталаумен 8 күн аралығында 0-5; 5-10; 10-15; 15-20; 20-25 және 25-30 см горизонт бойынша топырақ ылғалдылығының өзгеруі зерттелді. [2,3]

Топырақ ылғалдылығының динамикасын өлшеу нәтижелері 2 кестеде келтірілген. Кестедегі өлшеу нәтижелері бойынша екінші және төртінші суғарудан кейін уақытша суғару арығы арнасының табаны мен дамба негізінің топырақ ылғалдылығы барлық нұсқаларда жоғары ылғалдылықты көрсетті. Топырақ ылғалдылығының динамикасын талдаулар уақытша суғару арығын ұсынылатын технология бойынша тегістеу кезінде, дамбаның жоғарғы беттік қабатындағы құрғақ топырақтары арық табанындағы ылғал бетке төселеді де, ал дамба негізіндегі ылғал топырақ оның бетіне түсетінін 2 кестеде келтірілгендер көрсетті.

Уақытша суғару арығын тегістегеннен кейінгі арықтың қазылған арнасындағы топырақ ылғалдылығының динамикасының өзгерісі көрсетеді. Тегістелген арық арнасының беткі қабатындағы ылғал топырақ буланып кебеді, ал арық арнасының төменгі қабатында керісінше дамбаның беткі құрғақ топырағы арық табанына түсіп, артық ылғалды өзіне сіңіретінін көрсетеді. Бұл жағдай қазылған арық табанындағы топырақтың қатты монолит қабат түзбей, топырақ ылғалдылығының оптимал деңгейге жетуіне жағдай жасайды. Нәтижеде, арықты қайта қазу кезінде топырақ жақсы ұнтақталып, дамбаның сапалы түзілуіне алып келеді.

Кесте 2. Уақытша суғару арығын тегістегеннен кейінгі қазылған арық арнасындағы топырақ ылғалдылығының динамикасы

	Горизонт, см	Ылғалдылық, %							
		Нұсқа -1		Нұсқа - 2		Нұсқа - 3		Нұсқа - 4	
		ұсынылған	қолданыстағы	ұсынылған	қолданыстағы	ұсынылған	қолданыстағы	ұсынылған	қолданыстағы
	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Екі күннен соң									
1	0-5	13,7	5,6	12,7	6,6	8,9	7,1	6,1	3,5
2	5-10	11,3	8,5	7,1	11,7	7,3	6,8	9,9	4,7
3	10-15	13,1	8,0	9,3	9,7	7,5	9,7	4,4	3,9
4	15-20	10,7	6,7	8,1	9,9	6,5	6,8	3,1	4,8
5	20-25	8,9	11,3	7,9	11,7	5,4	9,6	3,5	8,1
6	25-30	7,8	17,0	7,4	12,3	4,7	10,4	4,8	9,2
Төрт күннен соң									
1	0-5	5,7	4,9	5,1	4,4	3,9	4,0	3,8	2,8
2	5-10	11,7	9,1	8,4	8,2	4,9	4,8	5,7	5,0
3	10-15	13,4	9,7	9,4	9,2	7,1	8,3	7,2	3,8
4	15-20	14,0	12,1	9,0	8,8	6,2	7,3	5,9	4,3
5	20-25	12,4	16,9	9,7	14,0	8,2	9,7	7,2	7,3
6	25-30	11,6	18,6	10,4	14,9	8,3	13,5	8,6	9,7
Алты күннен соң									
1	0-5	3,4	3,7	3,1	2,8	2,6	3,0	2,7	2,6
2	5-10	7,9	8,5	7,7	5,3	3,1	3,9	4,9	4,0
3	10-15	9,7	9,1	8,5	8,7	6,8	8,1	8,0	4,3
4	15-20	14,1	12,9	9,6	6,3	7,3	9,6	8,1	3,9
5	20-25	14,4	17,2	10,4	10,4	9,8	12,4	9,3	9,4
6	25-30	15,5	19,5	12,7	13,3	10,7	14,2	12,2	10,7
Сегіз күннен соң									
1	0-5	3,4	3,5	2,4	2,7	3,0	2,9	2,9	2,8
2	5-10	6,6	8,5	5,1	8,2	5,3	6,7	3,8	4,7
3	10-15	8,9	11,1	9,1	9,5	8,3	10,7	7,5	7,1
4	15-20	10,4	12,8	10,2	10,4	7,9	12,6	9,6	7,4
5	20-25	15,9	17,8	15,1	15,7	12,1	15,6	10,3	8,3
06	25-30	17,9	19,7	17,2	18,3	16,2	17,6	13,5	12,5

Уақытша суғару арығын қазу кезінде тәжірибенің әрбір нұсқасы үшін дамбадағы топырақтың майдалану сапасы анықталды. Дамба топырағының майдалану сапасын анықтауда 0,25 $м^2$ ауданмен (0,5 х 0,5) барлық дамба топырағын арнаулы үлгі елегінен өткізіп топырақ фракцияларының құрамы анықталды. Алынған үлгілер көлденең өлшемі бойынша фракцияларға бөлінеді: 10 мм - ден аз; 10-25; 25-50; 50-100 және 100 мм жоғары және пайыздық үлесі анықталды.

Алынған үлгілердің тікелей бөліну диаметрі 100; 50; 25 және 10 мм - лік болат торлы електен өткізу арқылы орындалды. Барлық фракцияларды таразыға тартып, олардың жалпы салмағы бойынша пайыздық үлес саны анықталды.[3]

Талаптарға сәйкес, ең кіші фракция ретінде 10 мм-ден көп емес бөліктер есептелді, сондықтан майдалану дәрежесін топырақтың жалпы массасына салыстырғандағы диаметрі 10 мм-ден көп болмайтын үлесінің қатынасы ретінде анықталды.

3-кестеден көргеніміздей, уақытша суғару арығын қазу, 2-4 ші суғарудан кейін ұсынылатын технология бойынша тегістегенде дамба топырағының майдалануы жақсарып дамба түзілу сапасы артты.

Кесте 3-Уақытша суғару арығын қазу кезіндегі дамба топырағының фракция құрамы

№	Нұсқа	Фракция құрамы, %				
		100 мм жоғары	100...50	50...25	25...10	10 мм аз
II суғарудан кейінгі кесінділер						
1	Ұсынылған Қолданыстағы	11,1 21,0	5,7 11,8	9,9 14,6	13,2 18,7	60,1 33,9
2	Ұсынылған Қолданыстағы	10,3 18,7	4,6 9,5	8,4 11,7	12,8 15,2	63,9 44,9
3	Ұсынылған Қолданыстағы	5,8 9,7	6,2 6,1	8,9 12,2	10,3 15,4	69,4 56,6
4	Ұсынылған Қолданыстағы	10,3 22,1	6,4 12,9	8,1 13,6	13,3 15,8	61,9 53,6
IY суғарудан кейінгі кесінділер						
1	Ұсынылған Қолданыстағы	11,1 35,3	9,7 6,8	4,4 8,7	17,1 10,9	57,8 38,3
2	Ұсынылған Қолданыстағы	5,7 16,0	9,9 10,5	9,6	16,7 17,1	58,2 45,1
3	Ұсынылған Қолданыстағы	4,2 9,9	11,42 10,4	11,3	13,9 13,8	66,1 55,7
4	Ұсынылған Қолданыстағы	6,3 14,1	5,3 13,8	7,8 10,2	15,5 20,3	64,3 35,0

Осы айтылғандардың негізінде бастапқы жұмысшы болжамдар туралы қорытынды айтуға болады. Бірақ уақытша суғару арығындағы қазу-жабу процесстерін үйрену топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерін терең зерттеуді қажет етеді. Топырақтың мұндай қасиеттеріне ылғалдылық, қаттылық, топырақтың тығыздығы, ығысуға кедергі күші, топырақтың ішкі және сырқы үйкеліс коэффициенттерін жатқызуға болады.

Топырақтың ылғалдылығы. Топырақтың деформациялануға кедергісінің негізгі факторларының біріне оның ылғалдылығы жатады. Біздің міндетіміз уақытша суғару арығын тегістеу кезінде горизонт қабаты бойынша дамба топырағы ылғалының әсерін зерттеу болып табылды. Ол жұмысшы органдардың жұмыс істеу қабілетінің сапасын анықтайды.

Жұмыстар мақта себетін әртүрлі учаскелерде жүргізілді. Топырақ – тұздалмаған типтік қара топырақ.

Зерттеу үшін бір-бірінен айырмашылығы көп болатын екінші және төртінші суғарудан кейінгі топырақтар алынды. Бірінші суғарудан кейінгі топырақ зерттеуге алынбады, себебі, бірінші суғаруда судың нормалық мөлшерінің аз шығындалуында және өсімдік ол кезде арықты көйленкесімен жаппайды. Сондықтан, дамба топырағы аз ылғалданып, арық табаны тегістегенен кейін шектік мүмкіндік дәрежеге дейін кебеді (16...18%). Шаруашылқтарда бесінші және алтыншы суғарулар әдетте таңдаулы ғана жүргізіліп, культивация орындалмайды, сондықтан уақытша суғару арығын тегістеуді қажет етпейді.

Екінші суғару кезінде суғару мөлшері минималды 700...900 $м^3$/га құрайды, бұл кезде мақтаның биіктігі төмен болады. Төртінші суғару кезінде суғару мөлшері–1000...1200 $м^3$/га болып, мақта өсіп қатар аралықтарын толық жабады, ылғалдылық ұзақ сақталады. [1,2]

Топырақтың ылғалдылығын тексеруге арналған үлгілер жүйектен, дамбадан және уақытша суғару арығының табанынан алынды. Уақытша суғару арығын тегістеу алдында оның дамбасы мен қазылған арна табанынан топырақ ылғалдығын анықтау 2 суретте көрсетілген.

Өндірістік жағдайларда уақытша суғару арығын тегістеу мерзімін таңдауға болады, егер дамба мен уақытша суғару арығының табанындағы ылғалдылық оңтайлы болса, яғни дамба мен уақытша суғару арығының табанындағы ылғалдылық бірқалыпты құрғаса. Негізінен жоғары бөлігі 2 суретте көрсетілгендей тез құрғайды. 2 суреттен көргеніміздей, дамба ылғалдылығы бірқалыпты таралмайды.



Сурет 2. Тегістеу алдында уақытша суғару арығы арнасы табаны мен дамба негізі топырағында ылғалдылдың таралуы

Тәжірибелік зерттеулер қолданыстағы және ұсынылатын әдістер бойынша дамбадағы топырақтың фракциялық құрамын анықтау бойынша жүргізілді. Тәжірибе мәліметтері 4 кестеде берілген.

Жоғарыдағы айтылғандардың негізінде дамбаның беткі құрғақ қабаттын арықтың ылғал табанына түсіріп, дамба негізінің ылғал топырағын оның үстінгі қабатына шығарып көмгенде, уақытша суғару арығын қайта қазу кезінде арна топырағында оңтайлы ылғалдылықты қамтамасыз ететінін көрсетті.

Кесте 4- Уақытша суғару арығын қайта қазу кезінде дамба топырағының фракция құрамы

Операция түрі	Фракция құрамы, %				
	100жоғары	100-50	50-25	25-10	10- аз
Ұсынылатын	3,39/ 11,42	6,94/ 4,15	10,6/ 7,77	15,06/ 17,94	63,96/ 66,06
Қолданыстағы	22,96/ 35,29	8,42/ 6,79	9,62/ 8,67	10,80/ 10,97	48,23/ 3827

Ескерту: алымында – 2-ші суғарудан кейінгі мәліметтер;
бөлімінде – 4-ші суғарудан кейінгі мәліметтер

Сондықтан, уақытша суғару арықтарын тегістеуге ұсынылатын технология тегістегіштің тек энергия пайдалану шығындарын азайтумен бірге, дамба түзілу сапасын да арттырады. Ұсынылған технологияны орындайтын машинаны жарату дер кезінде қолға алынған мәселе болар еді.

Әдебиеттер

1. Үмбетәлиев Н. А., Манабаев Н. Т., Ахилбеков М. Н., Дәулетова Ж. И. Суғармалы егіншіліктегі арықтарды тегістеудің технологиялық үрдістерін зерттеу. Ізденістер, нәтижелер-Исследования, результаты. № 4 (76) 2017 ISSN 2304-334-02. Алматы, 2017.
2. Халанский В.И., Горбачев И.В. Сельскохозяйственные машины. – М.: Колос, 2004.
3. Манабаев Н.Т. Исследование процесса перемещения почвы в зависимости от положения установки отвала заравнивателя. Журнал. Доклады Российской академии сельскохозяйственных наук. Научно-теоретический журнал. №2, 2013 стр. 61-63. Москва-2013.

References

1. Umbetaliev N. A., Manabaev N. T., Akhilbekov M. N., Dauletova Zh. I. Sugarmaly eginshiliktegi aryktardy tegisteudin technologiyalyk urdisterin zertteu. Izdenister, natizheler-Investigationis, consequitur. № 4 (76) 2017 ISSN 2304-334-02. Almaty, 2017.
2. Khalansky V. I., Gorbachev I. V. Rusticarum velit. - M.: Kolos, 2004.
3. Manabaev N. T. Inquisitionem de processu solo obsessio secundum situm leveler lamina odio. Acta est. Tradit, Russian Academiae Rusticarum Scientiarum. Scientiarum et speculativa acta. No. 2, 2013 pp. 61-63. Moscow-2013.

ӘОЖ 556.18
UDC 556.18

СУАРМАЛЫ ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ СУ ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗДЕРІ

FUNDAMENTALS OF WATER USE IN IRRIGATION SYSTEMS

Оралсынқызы М., Мырзахметова А., Сұлтанбек А.
Oralsynkyzy M., Myrzakhmetova A., Sultanbek A.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Molyy_aa@mail.ru

Резюме

В данной статье приводится основы использования воды в ирригационных системах. Оросительную способность системы рассчитывают, принимая благоприятные условия для любой потери воды, которая может быть подана в систему. Однако за счет источников воды природа находится в беспорядке. Поэтому необходимо оценить возможность получения воды в зависимости от пропускной способности реки. Водообеспеченность определяется расчетным водоснабжением оросительных систем, сочетанием нескольких вариантов расчетного расхода воды с учетом потребности в поливной воде, балансом дефицита воды, ростом чистой прибыли от орошения, эффективностью коэффициентов. и определить расчетную подачу оросительных систем.Одним из наиболее перспективных направлений применения метода системного анализа при эксплуатации гидро-мелиоративных систем является область управления. Он предлагает систему управления, которая отличается своим разнообразием и иерархической базой.Режим орошения определяется для каждого поля, переменной площади, хозяйства, площади, орошаемой площади и зоны на основании экспериментальных исследований или расчетным методом с учетом факторов, влияющих на урожайность сельскохозяйственных культур. В случае внезапной нехватки воды, когда большие фермы также снабжены водой, вводится циклический водный цикл, который может быть циркуляцией воды между фермами или внутри хозяйства.

Abstract

This article covers the basics of water use in irrigation systems. The irrigation capacity of the system is calculated assuming favorable conditions for any loss of water that may be supplied to the system. However, at the expense of water sources, nature is in disarray. Therefore, it is necessary to assess the possibility of obtaining water depending on the throughput of the river.Water supply is determined by the calculated water supply of irrigation systems, a combination of several options for the estimated water consumption, taking into account the need for irrigation water, the balance of water shortages, the growth of net profit from irrigation, the efficiency of the coefficients. and determine the estimated flow of irrigation systems.One of the most promising areas of application of the method of system analysis in the operation of hydro-reclamation systems is the field of management. It offers a management system that is distinguished by its diversity and hierarchical base.The irrigation regime is determined for each field, variable area, farm, area, irrigated area and zone on the basis of experimental studies or a calculation method, taking into account factors affecting the yield of agricultural crops. In the event of a sudden water shortage, when large farms are also supplied with water, a cyclical water cycle is introduced, which can be the circulation of water between farms or within the farm.

Кілттік сөздер: *суды пайдалану, су шаруашылығы, танап, мелиортивтік жағдай, су тұтыну, агротехникалық шаралар, құрғату жүйесі.*

Keywords: *water use, water management, fields, reclamation, water consumption, agro-technical measures, drainage system.*

Жоспарлы су пайдалану - бұл басқарылатын технологиялық үрдіс, су көздерінен суды алу арқылы ауылшаруашылық дақылдарына керекті суды және қоректік заттардың режимін қолайлы түрде реттеу, алынған суды су пайдаланушыларға керекті агротехникалық мерзіміне байланысты қажетті көлемде ұтымды бөлу арқылы оларды суармалы танаптарға тиімді түрде тарату, жүйелердің конструктивті элементтерінің барлығының және суармалы учаскелердің, бар жабдықтардың, қондырғылар мен суару техникаларының жұмысын сенімді түрде қамтамасыз ететін шаралардың міндетті түрде орындалуы, су шаруашылығының нысаналарындағы (суармалы жүйелер немесе олардың бөлек звенолары, әр түрлі су тұтынушылар, фермерлік шаруашылық) техникалық шараларды кешенді ұйымдастыру.

Суды пайдалану - суармалы жердегі ауылшаруашылық өнімдерін өндірудегі жалпы технологиялық үрдістің ажырамайтын бөлімі, ал *шаруашылықтың ішіндегі су пайдалану* жоспары - шаруашылықтың (су пайдаланушылар) өндірістік-қаражаттық бөлімі.

Жоспарлаудың мақсаты - ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары және тұрақты өнім алу.суармалы учаскелерді ғылыми тұрғыда дәлелденген агротехникалық мерзімде керекті көлемде суаратын сумен қамтамасыз ету, су мен ауаның, қоректік заттардың және жылудың режимдерінің қолайлы жағдайын жасау, топырақ құнарын және қоршаған табиғи ортаны міндетті түрде сақтай отырып суармалы жердің қалыпты мелиоративтік жағдайын қамтамасыз ету, ауыл тұрғындарының мәдениетті өмір сүруіне жағдай жасау [1].

Суармалы жүйелерді көп жылғы пайдаланудың тәжірибесі жоспарлы су пайдаланудың келесі негізгі принциптерін тұжырымдауға мүмкіндік береді:

1. Жоспарлау принципі. Су пайдалануды жоспарлағанда белгілі бір иерархияның қарастырылуы. Жоспарлағанда негізгі звено - шаруашылық, сондықтан бұл деңгейде шаруашылықтың ішіндегі су пайдалану жоспары жасалынады. Жасалған жоспардың негізінде жүйелерге суды бөлудің жоспары жасалады, одан кейін бассейннің су мен жердің теңдігі жасалынады. Бұл құжатқа өзіне тән тексеру әдісі мен есебінің формасы бар мемлекеттік статус беріледі.

2. Кезеңділік принципі. Ауылшаруашылық дақылдарының суармалы суға оптимальді қажеттілігін ескеріп, оларды прогрессшіл технология арқылы өңдеумен толық байланыста бола отырып, суды төменнен жоғары қарай бір ізбенен пайдалану жоспарланады.

Суару режимін әр танапқа, ауыспалы учаскге, шаруашылыққа, ауданға, суармалы территорияға және аймаққа экспериментальді зерттеулердің негізінде немесе есептеу әдісімен, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігіне әсер ететін факторларды ескере отырып анықтайды.

3. Шектік принципі. Жүйелерге немесе жеке шаруашылықтарға алынатын суармалы судың шегі су көздерінің сулылығына, жүйенің бас ғимаратының конструктивтік ерекшеліктерімен, шаруашылық аралық және шаруашылықтың ішіндегі суармалы жүйелердің және олардағы гидротехникалық ғимараттарға, суармалы жердің мелиоративтік жағдайы мен олардың сортаңдылық дәрежесіне, кәріздің жобаланғандығына байланысты айқындалады. Шаруашылықтағы ауылшаруашылық дақылдарын суару техникасымен қамтамасыздық деңгейінің және ресурстардың әр түрлілігінің өте маңызды мағынасы бар.

Әр түрлі - 95, 75, 50, 25 және 5%-ды жылдардың қамтамасыздығының шегі тағайындалады, арнайы теңдік есебінің негізіне байланысты және суармалы жүйелерді пайдалану тәжірибесін ескере отырып түзетіледі.

4. Оптимальдік принципі. Бұл тәсілдің методологиясы ресурстардың кейбір түрлеріне жасалған кедергілерге қарамастан жоғары өнім алуға мүмкіншілік жасайды. Бұған, оптимальді режимде барлық технологиялы үрдістерді орындау арқылы жетеді - нақтылы берілген жағдайда жоғарғы экономикалық нәтиже алу мақсатында, су және еңбек ресурстарымен, техникамен уақытылы маневр жасауды қамтамасыз ету үшін, суармалы тізбекке суды тарату, суаруды және керекті агротехникалық шараларды жүргізу, т.б.

5. Ірі шаруашылықтарға суды үздіксіз және кіші шаруашылықтарға суды кезекпен беру принципі. Ол, ірі шаруашылықтарға суды үлкен шығынмен тәулік бойы беруді және кішігірім, аудандары 100 - 200 га аспайтын (фермерлік) шаруашылықтарға кезекпен беруді қарастырады. Кішігірім шаруашылықтарға, суармалы суды тиімді пайдалану үшін, екі немесе төрт тактолі су айналымы енгізіледі.

Судың кенет тапшылығы жағдайында ірі шаруашылықтарға да су бергенде тактолы су айналымы енгізіледі, ол мүмкін шаруашылық аралық немесе шаруашылықтың ішіндегі тактолы су айналымы болуы мүмкін [2].

6. Жоспардың кешенділік принципі. Жоспарлы су пайдалану суармалы суды алу және тиімді таратудан ғана тұрмайды, сонымен қатар, каналдарды, ғимараттарды, автоматтандырылған және телемеханикаландырылған жүйелерді, қосымша жабдықтарды жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстарынан тұрады; мелиоративтік техникалар және

инвентарлармен қамтамасыз етілгендігі; керекті мамандықтары бар еңбек ресурстарының теңдігін жасау; су пайдаланудың тиімділігі және тұтасымен экономикалық көрсеткіштің есебі.

7. Нормативтік база. Суды пайдалануды жоспарлағанда ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының арнайы дайындалған нормативтік құжаттарды міндетті түрде пайдаланады. Бұған, ауылшаруашылық дақылдарының суару режимін дифференциалау, жөндеу жұмыстарының барлық түрлері, әр түрлі машиналар мен механизмдер, су өлшейтін жүйелер, автоматтар мен телемеханикалар, сонымен қатар Өндірістік және тұрмыстық жағдайларының қызметін міндетті түрде қалыпты қамтамасыз ететін еңбек ресурстары.

8. Ғылыми-техникалық жетістіктер. Міндетті түрде ғылыми-техникалық жетістіктерді суармалы жүйелерді пайдалану практикасына енгізу - экономика-математикалық әдістерді, жүйелік сараптау әдістерді, жүйелерде технологиялық үрдістерді жоспарлағанда және оперативті басқарғанда электронды есептеу машиналарын пайдалану [3].

Жүйенің суару қабілетін, жүйеге берілуі мүмкін судың кез-келген шығынының қолайлы жағдайларын (оның алуы мүмкін) болжай отырып есептейді. Бірақ, су көздеріндегі шығындарда (көбірек бұл өзен) табиғатта бей-берекет жағдайда болады. Сондықтан, өзендегі су шығынының қабілеттілігіне байланысты су алу мүмкіншілігін бағалау міндетті түрде жүргізілуі керек. Су алу мүмкіншілігі суармалы жүйелердің есепті су қамтамасыздығымен анықталады, ағынның есепті қамтамасыздығының бірнеше вариантын, суармалы суға қажеттілігін ескере отырып, су тапшылығы теңдігімен үйлестіру арқылы, суарудан түсетін таза пайданың өсуін, тиімділік коэффициентін анықтай отырып күрделі қаржы бірлігінің есебін нормадағы мәнімен түйістіру, оптимизациялау міндеттері болып саналады және суармалы жүйелердің есепті қамтамасыздығын анықтайды.

Жүйені талдау әдісін гидромелиоративтік жүйелерді пайдаланудағы ең перспективалы пайдалану облысының бірі басқару өрісі болып табылады. Әдеуір өзіне меншікті әр түрлілігімен және иерархиялы негізінде ерекшеленетін басқару жүйесін ұсынады. Бұл келесі аспектілерде жүзеге асатын жүйелерді үйлесімді басқару әдісін жасауға және енгізуге себепші болуы мүмкін:

- басқару және альтернативті болуы мүмкін мақсатты орындау, оларға жету үшін басқару жүйелерін жүйелі түрде зерттеу, функциональды схемаларды және толассыз функциональды схемаларды анықтау; тайыз орындарды табу;
- ЭЕМ көмегімен ақпараттарды осы заманғы өңдеу тәсілдеріне, байланыс құралдарына, қолайлы шешімдерді тез қабылдауға мүмкіншілік беретін ұйымдастыру техникаларына негізделген басқару жүйелерін жасау (модельдер жүйесі).

Көрсетілген аспектілер жүйелерді автоматты түрде басқару деп аталатын ірі тәуелсіз бағыт болып қалыптасты.

Әдебиеттер

1. Анзельм К А., Абдрахимов В.З., Арынбаев Ж Эколого-мелиоративный мониторинг орошаемых земель Южного Казахстана // Водное хозяйство Казахстана - Алматы, 2011 г.
2. Методические указания по мониторингу орошаемых земель Республики Казахстан МСХ РК - Астана, 2012 г.
3. Сводный отчет о мелиоративном состоянии орошаемых земель Южно-Казахстанской области за 2016.

References

1. Anzelm K A., Abdrahimov V.Z., Arynbaev Zh Ekologo-meliorativnyj monitoring oroshaemyh zemel Yuzhnogo Kazahstana // Vodnoe hozyajstvo Kazahstana - Almaty, 2011 g.
2. Metodicheskie ukazaniya po monitoringu oroshaemyh zemel Respubliki Ka¬zahstan MSH RK - Astana, 2012 g.
3. Svodnyj otchet o meliorativnom sostoyanii oroshaemyh zemel Yuzhno-Kazahstanskoj oblasti za 2016.

ӘОЖ 636598:591.47
UDC 636598:591.47

«ҚОЙЛАРДЫҢ ОСТЕРТАГИОЗ АУРУЫНДА ПАЙДАЛАНАТЫН ТОТИЯИЫН, ФЕНОТИОЗИН, ИВЕРМЕК АНТИГЕЛЬМИНТІКТЕРІНІҢ МАЛ ГЕМАТОЛОГИЯСЫНА, ЗӘРІНЕ, КЛИНИКАСЫ МЕН ЖАЙ КҮЙІНЕ ӘСЕРІ»

"SHEEP'S HEMATOLOGY, URINE, CLINICAL AND CURRENT STATUS OF TOTIYAIN, PHENOTHIOSINE, IWERMEK ANTIGELMINTS USED IN SHEEP OSTERTAGIOSIS"

Нуралиев С.,Балтахожаев Т.Р.
Nuraliev S., Baltakhozhaev T.R.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,Шымкент,Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan State University,Shymkent, Kazakhstan

Резюме

По результатам исследования изучалось влияние антигельминтов на гематологию и клинику животных, различные неблагоприятные эффекты на продуктивность животного в целом, а также экономические преимущества современных глистогонных средств при этих заболеваниях. Показано, что работа ветеринаров работа в отрасли позволит значительно повысить эффективность их работы, и были получены положительные результаты.Различные антигельминтики, применяемые против остертагиоза у овец -Лечебные свойства серной кислоты меди (тотиаина), фенотиозина - два эксперимента.и влияние глистогонных червей на тела ягнят в одной контрольной группе.В первой и второй группах ягнят изучалось использование ранее применявшихся тотиа, фенотиазиновых глистогонных средств, чтобы определить, насколько они полезны или вредны для животного, и для определения эффективности применяемых глистогонных препаратов мы включили их в первую и вторую группы. Опытные группы Из глистогонных средств, применяемых в качестве глистогонных средств против гельминтов, исследование проводилось путем отнесения ягнят третьей группы к контрольной с целью определения их воздействия на организм с использованием только ивермека.

Мы включили ягнят с этой третьей группой остертагиоза в контрольную группу и проверили эффективность глистогонных беспозвоночных против гельминтов. Мы исследовали его гематологию крови и мочу в лаборатории.

Abstract

According to the results of the study, the effect of anthelmintics on the hematology and clinic of animals, various adverse effects on the productivity of the animal as a whole, as well as the economic advantages of modern anthelmintic drugs for these diseases were studied. It has been shown that the work of veterinarians working in the industry will significantly increase the efficiency of their work, and positive results have been obtained.Various anthelmintics used against ostertagiosis in sheep - Medicinal properties of copper sulfuric acid (totiain), phenothiosine - two experiments; and the effect of anthelmintic worms on lambs' bodies in one control group.In the first and second groups of lambs, the use of previously used totia, phenothiazine anthelmintic drugs was studied to determine how useful or harmful they are for the animal, and to determine the effectiveness of the anthelmintic drugs used, we included them in the first and second groups. Experimental groups From the anthelmintic agents used as anthelmintic agents against helminths, the study was carried out by assigning lambs of the third group to the control in order to determine their effect on the body using only ivermec.We included lambs with this third group of ostertagiosis in the control group and tested the efficacy of anthelmintic invertebrates against helminths. We examined his blood and urine hematology in the laboratory.

Кілттік сөздер: *остертагиоз, антигельминтік, тотияиын, ивермек, гельминт, фенотиазин,эритроцидтер, фагоцитоз*

Keywords:*ostertagiosis, anthelmintic, totia, ivermec, helminth, phenothiazine, erythrocytes, phagocytosis*

Жұмыстың негізгі мақсаты. , Осы мақсатты орындауға төмендегідей міндет қойылды:Қойлардың остертагиоз ауруына қарсы қолданылған түрлі антигельминтиктердің – күкірт қышқыл мыс (тотияиын), фенотиозиннің дәрілік қасиеттері екі тәжірибелік топтарындағы тоқтыларға беріліп зерттелді және бір бақылау топындағы тоқтылардың организмдеріне антигельминтик ивермектің тигізгетін әсерлері зерттелді.

Бірінші, екінші топтардағы тоқтыларға ертеректе пайдаланып келген тотияиын, фенотиозин антигельминтиктерін беру арқылы, оның мал организіме қаншалықты жақсы, немесе организімге қаншалықты зиянын тигізетіні зерттелді және пайдаланған антигельминтик дәрілердің тиімділігін анықтау үшін, оларды бірінші және екінші тәжрибиелік топтар санатына қостық, зерттедік, ал кейінгі жылдары мал гельминттеріне қарсы антигельминтик ретінде пайдаланып жүрген антигельминтиктердің ішінде тек ивермекті пайдалану арқылы, оның организмге тигізетін әсері мен тиімділігін анықтау үшін, оларды үшінші топтағы тоқтыларды бақылау тобына жатқызып, зерттеу жүргізілді.

Осы үшінші топтағы остертагиоз ауруымен ауырып тұрған тоқтыларды бақылау тобының санатына қосып, антигельминтик ивермектің гельминттерге қаншалықты жақсы әсер ететінін тексеруді міндет етіп қойдық. Оның қандағы гематологиялық көрсеткіштерін және зәрін зертханалық тексеруден өткізіп, зерделедік.

Бірінші тәжрибиелік отар қойларға дегельминтизация ретінде тотияинды (күкірт қышқыл мысты) быламықпен, екінші тәжрибиелік отар қойларға фенотиазинді быламықпен, беріп, ем, дом жұмыстары жүргізілді.

Ал үшінші бақылау тобындағы отардағы остертагиоз ауруымен ауырып тұрған тоқтыларды, қойдың салмағына қарай сұйық антигельминтик ивермекті малдың мойын терісінің астына инъекция жасадық.

Жұмыстың мазмұны:

Зерттеу нәтижелері және талдау. Бірінші және екінші топтағы (әр топта 10 бас қойдан) қойларды тотияиын, фенотиозинмен дегельминтизация жасағанда, олардың мал организіміне кері әсері анықталды, малдың қанында эритроцидтер мен гемоглобин дәрінің әсерінен лизиске ұшрап, малдың зәрімен бірге сыртқа шығарылған, мал қан сиген, ол 6- 8 күнге дейін қан сиіп жүрген. Қанда жалпы белоктың көлемі азайып кеткен, зәрдің құрамында эритроцидтер, гемоглобин, лейкоцидтер анықталған, белоктар пайда болған, ол да зәр арқылы сыртқа шығарылған; эритроцидтердің шөгу жылдамдығы екі есе артқаны анықталған; қанда лейкоцидтердің нейтрофилдері мен лимфоцидтердің көлемі азайған, фагоцитоз белсенділігі күрт төмендеген, организімге кері әсер еткен анительминтиктер - тотияиын, фенотиозиннің зиянды әсерлеріне төтеп бере алмай, олардың - лейкоцидтердің нейтрофилдері мен лимфоцидтердің көлемі азайған, белсенділігі (фагоцитоз) төмендеген. Анительминтиктер: - тотияиын, фенотиозинмен зиянды әсерлерінен және малдың остертагиоз құрт ауруында лейкоцидттердің эозонофильдері 2- 3 есе көбейіп кеткен. Ол организімнің гельминтерге қарсы табиғый реакциясы деп түсінген дұрыс болады. Аты аталған антигельминтиктер, жалпы малдардың көңіл күйіне, иммунитетіне кері әсер ететіні анықталған, ал үшінші бақылау тобындағы (10 бас қойлар) дегельминтизация ретінде пайдаланған антигельминтик ивермектің мал организіміне, гематологиясына, зәріне ешқандай зияаны тимегені анықталды, малдардың көңіл – күйлері жақсы болған және ол антигельминтик онымен бірге организмдегі басқа да домалақ гельминттерден тазалайтыны белгілі болды.

Қорытынды мен ұсыныстар.

Қазақстан мал шаруашылығындағы, оның ішінде қой шаруашылығында кеңінен тараған қойлардың остертагиоз ауруында, оған қарсы осы күнге дейін пайдаланып келген әртүрлі антигельминтиктердің, атап айтқанда күкірт қышқыл мыс (тотияиын), фенотиозиннің мал гематалогиясына, әсіресе малдың қанының эритроцидтеріне, гемоглобиндеріне әсер етіп, олар лизиске ұшыраған (талқандалған); ақ түіршік қанның лейкоцидтері, оның ішінде нейтрофильдер мен, лимфоцидтер азайған, олардың фагоцитоз қасиеті төмендеген; эозонофильдер 2,0 -2,5 есе көбейген; қандағы белоктар, тромбоцидтер азайғаны зерттеу жұмыстары анықталды. Онымен бірге тоқтылардың зәрінде, сау малдарда болмайтын эритроцидтер, гемоглобиндер, лейкоцидтер, белоктар көбейген, малдар қанды 6- 8 күнге дейін қан сиіп жүрген, жануарлардың жалпы көңіл күйлері төмендеген, малдың иммунитеті төмендеген.

Зерттеу нәтижесінде заманауи антигельминтиктердің ішінен ивермектің антигельминтигінің мал организімінің қанына, зәріне, клиникасына, жалпы иммунитетіне көп кері әсері анықталмады. Заманауи

антигельминтиктердің ішінен ивермек антигельминтигінің организмге тигізетін оң нәтижелерін, экономикалық тиімділігі қаншалықты арттыратынын бақылау тобындағы қойларды зерттегенде толығымен анықталды.

Ивермек антигельминтигі қойлардың остертагиоз ауруында организмге ешқандай зиянын тигізбеді. Әсіресе малдардың қанының эритроцидтеріне, гемоглобиндеріне, ақ түиіршік қанның лейкоцидтеріне, оның ішінде нейтрофильдер мен, лимфоцидтеріне, эозонофильдеріне кері, залалын тигізбеді, қандағы белоктар, тромбоцидтер азаймай, малдың сау физиологиялық, гематологиялық көрсеткішін сақтап тұрды және малдардың зәрінде талқандалған эритроцидтер, гемоглобиндер, анықталмады; лейкоцидтері, оның ішінде нейтрофильдер мен, лимфоцидтері табылмады, зәр құрамында белоктар анықталмады, малдардың дельминтизация жасағаннан кейін, олардың көңіл күйлері, малдардың реакциясы жақсы болды және онымен бірге өндірісте еңбек етіп жүрген ветеринар мамандардың жұмыстарының тиімділігі мен сапасы артты.

Остертагиоз ауруымен ауырып тұрған тоқтылардың гельминттері вирулентті уларды бөледі, арық саулықтар мен тоқтылар қыс, көктем айларында қатты ауырады, мал арасында шығын да алып келеді.

Отардағы қойларды қыстатуға түсірерден 1-1,5 ай бұрын күз кезінде барлық қойлардың организіміндегі гельминттерді жою мақсатында, оларға заманауи ең тиімді антигельминтик ивермекті тері астына салады, малдардың қоңы тез көтеріліп, түрлі құрт ауруларынан, мал шығындарынан аман болады және шаруашылыққа басқа да шығындарды жұмсауға тосқауыл қойылды.

Отардағы тоқтыларға мал жайылымға шығар алдында ерте және қыстату алдында арық саулықтар мен арық тоқтылардың жауы остертагиоз және басқа да гельминт ауруларына қарсы ивермек немесе басқа да акарацитті дәрі-дәрмектерді салғызбаған. Сол себепті ерте көктемде отардағы тоқты қойлардан 30 - 40 % остертагиоз ауруымен бірден ауырып қалуы, әрбір тоқты отарлардан күніне 3-4 ден, 10-12 басқа дейін тоқтылардың өліміне алып келіп, шаруашылыққа өте үлкен экономикалық, финанстық шығындарға душар қылған, шаруашылыққа тек тоқтылардың шығынынан келген зиян 1 млн. 150 мың тенгені құраған;

Ауру ошағын жою үшін, жүргізілген іс-шаралардың арқасында шаруа қожалығы 2 млн 970 мың тенгеге шығынға ұшырады, 44 тоқтының өлім жітіміне жол берілгенмен, дер кезінде тоқтылардың 2000 –ін аман алып қалғанының өзі, шаруашылықты үлкен шығынға, банкротқа ұшыратпады, ветеринар маман үлкен іскерлік жұмыс көрсетті деп санаймын.

Әдебиеттер

1. Сабаншиев, М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Алматы,2011.-480 б.
2. Федоров К. П. и др. Основы общей и прикладной ветеринарной паразитологии. Новосибирск, 2004. –1044 с.
3. Кадыров Н. Т.Паразитология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных. Астана, 2000. –560 с.
4. Акбаев М.Ш., Василевич Ф.И., Балагула Т.В., Коновалов Н.К. Паразитология и инвазионные болезни животных. М: Колос, 2001.–528с.

ӘОЖ631.674.6(574.5)
UDC631.674.6(574.5)

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖЕРЛЕРІН СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ МҮМКІНДІГІ

POSSIBILITY OF INFORMATION SYSTEMS IN WATER SUPPLY OF LAND OF TURKESTAN REGION

Оралсынқызы М., Нұралдын Т., Әбдірахым Қ.
Oralsynkyzy M., Nuraldyn T., Abdrahym K.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M. AuezovSouth Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Molyy_aa@mail.ru

Резюме

В целях обеспечения водой земель Туркестанской области проводят районирование с учетом климатических особенностей, природно-климатических условий эффективного и обоснованного использования водного фонда в сельскохозяйственной отрасли, оценка будет рассмотрен. Для достижения поставленной цели рассмотрены и решены следующие вопросы: в Туркестанской области, природно-климатических условий всестороннего районирование на основе метео данные, необходимые для оценки; определить влияние водных ресурсов в сельскохозяйственной сфере области, эффективного использования дорог.В целях решения сложных вопросов, рассматриваемых в работе, исходя из природных закономерностей и правила использования системы, путем дистанционного зондирования, в целях эффективного использования водных ресурсов и для проведения анализа, полученных в обоснование специальных методик и математической статистики согласно моделям с использованием программы ArcGIS.Основные научные исследования в докладе (научные, практические): 1) обоснование системы прогнозирования и его изменения под воздействием климатических изменений водных ресурсов Туркестанкой области; 2) обоснование оценки прогнозных ресурсов и водных систем в связи с изменениями климата на водный фонд области, результаты районирования; 3) уровень обеспеченности водой орошаемых земель.

Abstract

In order to provide water to the lands of the Turkestan region, zoning is carried out taking into account climatic features, natural and climatic conditions for effective and reasonable use of water resources in the agricultural sector, the assessment will be considered. To achieve this goal, the following issues were considered and resolved: in the Turkestan region, natural and climatic conditions, zoning based on meteorological data necessary for assessment; to determine the impact of water resources in the agricultural sector of the region, effective use of roads.In order to solve complex issues considered in the work,

based on natural laws and rules of use of the system, by remote sensing, in order to effectively use water resources, information obtained in support of special methods and mathematical statistics according to models using the ArcGIS program.The main research report (scientific and practical): 1) the rationale of the forecasting system and its changes under the impact of climate change in water resources Turkestanskii region; 2) the rationale for assessment of undiscovered resources and water systems in connection with climate change on the water resources of the region, the results of zoning; 3) the level of water security of irrigated lands.

Кілттік сөздер: *Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым, Геоақпараттық жүйелер, ArcGIS бағдарламасы, гидропост, ғарыштық түсірілімінің дешифровкасы, су ресурстары мониторингісі, тематикалық аудандастыру.*

Keywords:*World Meteorological Organization, Geographic Information Systems, the ArcGIS software, sonar, satellite imagery decoding, monitoring of water resources, thematic regionalization.*

Климат өзгерісі, яғни жер беті ауа температурасының жоғарылауы XX ғасырдың ортасынан бастап жер шарының көптеген аймақтарында байқалады. Заманауи бағалаулар көрсеткендей, жер беті ауа қабатының ғаламдық жылдық орта температурасы XX ғасырдың басынан 0,74°С көтерілді, бірақ жылыну бұл кезеңде тұрақты болған жоқ. Жылымық кезең XX ғасыр басынан 40-жылдарға дейін, кейін 70-жылдарға дейін кішігірім салқындаушылық байқалды және 70-жылдардың ортасынан бастап қазіргі уақытта қарқынды жылулық байқалуда (соңғы 50 жылда ауа температурасы әр 10 жыл сайын орта есеппен жер шары бойынша 0,13°С көтерілді).

ДМҰ (Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым) мәліметтері бойынша аспаптық бақылаулар кезеңі негізінде ең жылы жылдар ондығына кірді (1850-2008 жж.) және 10 орын алды (1998, 2005, 2003, 2002, 2004, 2006, 2007, 2001, 1997 жылдардан кейін, ауытқудың төмендеуі келтірілген, сурет 12). 2008 жылы ауытқудың жылдық орташа температурасы мен бүкіл жер шары бойынша орталандырылған мұхит беті температурасы негізгі кезеңмен (1961-1990 жж.) салыстырғанда +0,31°С құрады. Солтүстік жарты шар үшін (құрлық пен теңізбен бірге) ауытқушылық +0,50°С құрады, бұл бақылаудың саралау қатарындағы 8-ші оң ауытқушылық болып табылады.

2008 жыл Қазақстан территориясы үшін жылы және саралау қатарында 1940 жылдан бастап бақылағанда 6 орынға ие болды. Территорияның көп бөлігінде 2008 жылы жылдық орташа ауа температурасы нормадан 1...1,5°С-қа жоғары болды. Қазақстан территориясы бойынша орталандырылған жылдық орташа ауа температурасының ауытқушылығы 2008 жылы 1,1°С құрады. 2008 жылы бүкіл Қазақстан территориясы бойынша көктем мен жаз мезгілдері жылы, ал қыс – суық (желтоқсан 2007-ақпан 2008жыл) болды.

Қарастырылушы аймақ температурасының мезгілдік бөлініс ерекшеліктері төменде көрсетілген.

- Қыс мезгілі республика территориясының көп бөлігінде суық, ал кей жерлерде айрықша суық болды. Тек қиыр солтүстікте ғана ауа температурасы норма шамасында болды. Айрықша суық ауа-райы оңтүстік және орталық Қазақстанда байқалды, ауа температурасының ауытқушылығы минус 3 пен минус 5°С шамасында болды. Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан көптеген метеобекеттерде қыс мезгілі 1940 жылдан бастап бақылағанда 10% арасында ең суық қыс болды.

- Көктем мезгілі бүкіл Қазақстан территориясы бойынша айрықша жылы болды, сонымен қатар 10 % ең жылы көктем мезгілдеріне енді. Ауа температурасының оң ауытқушылығы 3...5°С құрады. Қарағанды және Маңғыстау облыстарында ауа температурасының максималды оң ауытқушылығы - 5°С жоғары байқалды.

- Жаз мезгілі Қазақстан территориясының көп бөлігінде айрықша жылы болды және 10% ең жылы жаз мезгілдеріне енді. Температура ауытқушылығы оң болды және 1-2°С құрады.

- Күз мезгілі солтүстік Қазақстанды есептемегенде, бүкіл Қазақстан территориясы бойынша жылы болды, онда айрықша жылы болды және температура ауытқушылығы 2-3°С жетті.

Қазақстан бойынша жауын-шашынның жылдық мөлшері 1,1 мм/10жыл (1940-2010 жж. кезеңінде) азайды. Бассейн аралық қималарда біршама айырмашылықтар бар: Есіл, Тобыл-Торғай және Арал-Сырдария бассейндерінде жауын-шашынның жылдық мөлшерінің әлсіз көбею үрдісі байқалады – 2-2,6 мм/10жыл, қалған бассейн территорияларында жауын-шашынның жылдық мөлшері азаяды.

Территория бойынша ауылшаруашылығы табиғатпен тығыз әрекеттеседі, бұл үшін ауылшаруашылығын бірыңғай, табиғи-техникалық (агротехникалық) жүйе ретінде қарастыру керек. Суармалы жерлер жағдайын бағалау заманауи табиғи шарттар негізінде жүзеге асады, олар өз кезегінде жеке экономикалық аймақтардағы табиғи және шаруашылық шарттар әр түрлілігін ескеруге мүмкіндік береді[1].

ГАЖ деректер қорына көрсеткіштерді жинақтау мен енгізу тұрақты жүргізіледі, ол табиғи және климаттық көрсеткіштер негізінде зерттелуші аймақтың, суармалы массивтің сумен қамтамасыздығын, аймақ рельефін, топырақтың қоректену құрамы мен басқа да көрсеткіштердің өзгерісін болжауға мүмкіндік береді. Су, топырақ және өсімдік жамылғысының шапшаң әрі күнделікті анализі сумен қамтамасыз етудің болжалды жылымен байланысты, олар ГАЖ технологиялары мүмкіндіктерін пайдалану негізінде жүзеге асады. ГАЖ технологиялары көп жыл алға нақты уақыт пен болжамдау көрсеткіштері жайлы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл спектральды анализ негізінде жүзеге асады, мұнда аймақтық-жергілікті және ғаламдық сұрақтарды деректер қоры көрсеткіштер мониторингі негізінде шешуге мүмкіндік бар.

Түсіндірілген, редакцияланған және өңделген бастапқы деректер екіншілікке ауысады, сонымен қатар ГАЖ ДҚ толтырады. ГАЖ тақырыптық деректер қоры қалыптасу үшін бастапқы деректер ретінде географиялық карталарды кеңінен қолданумен, яғни карталардан есептелетін мәліметтер кеңістіктік байланысы бар болуымен түсіндіріледі. Тақырыптық карталар әрдайым бастапқы деректердің біршама түсіндірмесі болып табылады. Топографиялық карталарда далалық зерттеулер нәтижесінде (бастапқы деректер) берілген аймақта қашықтықтан зондтау жолымен алынған белгілер бойынша изосызықтар құрылады, ол өз кезегінде ГАЖ ДҚ қалыптастырады. ГАЖ-технологиясын пайдаланудың тиімділігін жоғарылатудың негізгі бағыты – автоматизацияның күрделі-хабардар тәсілін дайындау, үлгіленетін объекттер мен ондағы динамика мен сапа өзгерістері процесін сипаттайтын берілгендерді дайындау мен редакциялау болып табылады. ГАЖ кеңістіктік берілгендер үлгілерін ұйымдастырудың бір базалық принципі - ақпараттарды қабаттық ұйымдастыру болып табылады. Республика оңтүстігіндегі өзен бассейндеріндегі гидрологиялық посттардың мемлекеттік желі жұмыстарының тікелей басшылығы көмегімен су объекттері режимі элементтеріне

бақылау жүргізіледі, бақылаулар мәліметтері өңделеді және сараланады, сонымен қатар гидрологиялық жылдықтар (жылына бир рет шығатын журнал т.б.), онда өзен, көл, су қойма режимі элементтерінің сипаттамалары құрылады (сурет 1)[2].



Сурет 1 –ГАЖ біріктірілген геоинформациялық ДҚ құрылымы

Алынған көпмаршрутты растрлы түсірілімдер негізінде ғарыштық түсірілімдер шифрдан шығарылып оқылды (сурет 1), нәтижесінде тақырыптық қабаттарды түзу жолымен векторизацияны жүргізуге мүмкіндік берді. Спектральды саралауды жүргізу жолымен оверлей процесі орындалды, соның нәтижесінде растрлық түсірілімдер көмегімен кейінгі өңдеуге арналған векторлық бейнелер алынды.

Суармалы жерлерге пайдаланылатын су ресурстары мониторингісі жер беті, жер асты, дренажды суларға бақылау жүйесін қарастырады. Су ресурстары мониторингі жер беті, жер асты, дренажды сулар мен топырақта болып жататын өзгерістерді уақытында айқындайды және бағалайды, сонымен қатар жер және су ресурстарын оңтайлы қолдануға батытталған іс-шараларды дайындауда басқарушылық шешімдер қабылдайды. Мониторинг процесі көмегімен дала бақылауларының белгілі көлемдегі жинағы алынды, оларға: топырақ-мелиоративтік, гидрогеологиялық, гидрохимиялық, сушаруашылық, ауылшаруашылық бақылаулар жатады. Мұндай үлкен көлемдегі берілгендер жүйелеуі мен мониторингісі заманауи программалық өнімдер мен компьтерлік технологияларды пайдалаумен ақпараттық жүйе қоры негізінде жүргізілуі мүмкін. Заманауи ақпараттық технологиялар бұл процесті айтарлықтай дәрежеде жеңілдетеді. Ақпараттық үлгілердің негізгі сындарлы нышаны болмыс, кейінгі өңдеуге арналған ГАЖ «Деректер қорына» енгізілетін болмыс арасындағы байланыстары мен олардың қасиеттері, ерекшеліктері болып табылады. Қазіргі таңда су пайдаланушылардың суару жүйесіне дейін су тоғаны мен су таратуды басқару Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның (РМК) сушаруашылық жүйесін басқарумен (СЖБ) орындалады, ал су пайдалану – су пайдаланушылардың ауылдық тұтынушылық кооперативтері көмегімен жүзеге асырылады [3].

Әдебиеттер

1. Мустафаев Ж.С., Козыкеева А.Т. Экологическое обоснование проблемы бассейна Аральского моря. – Тараз, 2011.
2. Гельдыева Г.В., Веселова Л.К. Ландшафты Казахстана. - Алматы: Ғылым, 2014.
3. Сводный отчет о мелиоративном состоянии орошаемых земель Южно-Казахстанской области за 2014.

References

1. Mustafaev Zh.S., Kozykeeva A.T. Yekologicheskoe obosnovanie problemy basseina Aral'skogo morja. – Taraz, 2011.
2. Gel'dyeva G.V., Veselova L.K. Landshafty Kazahstana. - Almaty: Ғylym, 2014.
3. Svodnyy otchet o meliorativnom sostoyanii oroshaemykh zemel' Yuzhno-Kazakhstanskoy oblasti za 2014.

ӘОЖ: 619:616.995.1
UDC: 619:616.995.1

ҚОЙ МЕН ЕШКІНІҢ ДИКТИОКАУЛЕЗ АУРУЫН ЕМДЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

RESULTS OF TREATMENT OF DICTYOCULOSIS IN SHEEP AND GOATS

Омар М.О., Серікбай Н.Ж., Кузербаева А.Т.
Omar M. O., Serikbay N. Zh., Kuzerbayeva A. T.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Myrzakhan.Omar@auezov.edu.kz

Түйіндеме

Берілген мақалада қой мен ешкінің диктиокаулез ауруының этиологиясы және емдеу нәтижелері келтірілген. Диктиокаулезбен ауыратын қойларға антипаразитті клозатрем препаратын қолдану нәтижелері ұсынылған. Клозатрем-бұл препараттың белсенді заты, антипаразиттік әсердің кең спектрі бар, личинка мен жыныстық жетілген нематодтарға, жыныстық жетілген және жетілмеген трематодтарға, сондай-ақ гадфля личинкаларына қарсы белсенді. Клозатрем препараты жануардың дене салмағының 10 кг үшін 0,5 мл дозада қолданылды. Қойдың диктиокаулезін емдеуде Клозатремнің жоғары терапиялық тиімділігі анықталды. Аурудың диагнозы клиникалық белгілері, копрологиялық және патологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша анықталды.Клиникалық тексеру кезінде кейбір жануарларда келесі белгілер анықталды: летаргия, тұншығу, күйзелу, бірақ мұндай белгілер көптеген паразиттік және ішкі жұқпалы емес ауруларға тән. Сондықтан, дәл диагноз қою үшін жануарларды гельминтоларвоскоп әдісімен зерттедік. Ол үшін қойдан салмағы 10 граммнан 20 сынама мөлшерінде нәжіс сынамалары иесіздендіріліп алынды. Гальминтоларвоскопия жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүргізілді.

Abstract

This article presents the etiology and results of treatment of dictiocaulosis in sheep and goats. The results of using the antiparasitic drug closatrem are presented to sheep suffering from dictiocaulosis. Closatrem is the active substance of the drug, has a wide range of antiparasitic effects, is active against larvae and sexually mature nematodes, sexually mature and immature flukes, as well as Gadfly larvae. The drug closatrem was used at a dose of 0.5 ml per 10 kg of animal body weight. The high therapeutic effectiveness of Closatrem in the treatment of sheep dictiocause has been established.The diagnosis of the disease was established based on the results of clinical signs, coprological and pathological studies.During the clinical examination, the following symptoms were found in some animals: lethargy, suffocation, stress, but such symptoms are characteristic of many parasitic and internal non-communicable diseases. Therefore, for an accurate diagnosis, we studied animals using the helmintholarvoscope method. To do this, depersonalized fecal samples were taken from sheep in the amount of 20 samples weighing 10 grams. Galmintolarvoscopy was performed according to the generally accepted method.

Кілт сөздер*: қой, ешкі, диктиокаулез, инвазия, гельминт, диагностикалау, емдеу.*
Key words*: sheep, goats, dictiocaulosis, infestation, helminthiasis, diagnosis, treatment.*

Ет және жүн өндірісі Қазақстан экономикасының өсуінің және сыртқы экономикалық қатынастарды оңтайландырудың маңызды көрсеткіші ретінде стратегиялық маңызға ие. Алайда, Қазақстанда оның ішінде оңтүстік өңірде кең таралған қой мен ешкінің диктиокаулезі малға үлкен зиян келтіреді, бұл жас жануарлардың өліміне, ет пен жүн өнімділігінің жоғалуына әкеледі[1, 2].

Мал басын өлімнен және лажсыздан союдан сақтау қажеттілігі ғылым мен практиканың көзқарасында үнемі сақталады. Сондықтан, бұл жұмыс қойдың диктиокаулезінде клозатремнің жаңа буынын қолдану мүмкіндігін зерттеуге арналған.

Клозатрем препараты негізінде есептегенде әсер етуші зат ретінде "Нита-Фарм" (Саратов қ., Ресей) өндірген натрий клозантепінің 5% - ын қамтиды және гельминтоздар мен гаджеттік инвазиялар кезінде ірі және ұсақ қара мал үшін пайдалануға ұсынылады [3].

Қолайсыз аудандарда инвазияның таралуының негізгі көзі ауру жануарлар болып табылады. Ресейдің еуропалық бөлігінде, Сібірде, Қиыр Шығыста, Қазақстанның солтүстік, орталық және оңтүстік-шығыс аймақтарында және Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның таулы бөлігінде қойларда алғашқы инвазия қаңтар - сәуірде, екіншісі тамыз - қазан айларында болады. Каспий маңы ойпатында әдетте қыркүйек айында ең көп ауруға шалдыққан диктиокаулездің бір күзгі ауруы байқалады. Тұран ойпатында (Түркіменстан, Өзбекстан және Оңтүстік-Батыс Қазақстан шөлдері, шөлейт шөлдері) бір қысқы-көктемгі індет (қаңтар - наурыз) байқалады [4, 5].

Гельминтоздарға қойдың диктиокаулезі сияқты ауру жатады. Диктиокаулез-бұл бронхтарда және dictyocaulus тектес нематодтардың трахеясында паразитизациядан туындаған ауру. Гельминт аналықтары өкпеде болған кезде жұмыртқаларын личинкамен салады, олар қақырықпен бірге ауыз қуысына шығады, содан кейін жұтып, асқазан-ішек жолына түседі. Аш ішекте ас қорыту шырындарының әсерінен жұмыртқа қабығы сіңіріліп, олардан бірінші сатыдағы личинкалар шығады, олар нәжіспен бірге сыртқы ортаға шығады. Қолайлы қоршаған орта температурасында және жеткілікті ылғалдылықта личинкалар екі есе балқып, инвазивті болады. Инвазивті личинкалар 1-1,5 ай бойы өміршеңдігін сақтайды және көлденең және тік көші-қонға қабілетті.

Жануарлар негізінен жайылымдарда, шөп жеген кезде, қошардың жанында және суару кезінде, әсіресе жаңбырлы жылдары немесе шық жайылымында диктиокаул личинкаларын жұқтырады. Ішек қуысынан личинкалар содан кейін лимфа тамырларына енеді, олар мезентариальды лимфа түйіндеріне ауысады, онда олар ериді, содан кейін кеуде лимфа каналы арқылы олар венаға, содан кейін гематогенді, жүректің оң жақ бөлігі арқылы, қан айналымының кіші шеңбері арқылы өкпеге енеді, онда олар 1-2 айдан кейін жыныстық жетілу кезеңіне дейін өседі. Күзгі-қысқы кезеңде личинкалардың даму мерзімі кешіктіріледі. Күздің соңында жұқтырған жануарларда личинкалардың дамуы көбінесе келесі жылдың көктеміне дейін баяулайды. Қойдағы ересек гельминттердің өмір сүру ұзақтығы бірнеше айдан екі жылға дейін созылады.

Диктиокаулезбен ауыратын қойларға антипаразитті клозатрем препаратын қолдану нәтижелері ұсынылған. Клозатрем-бұл препараттың белсенді заты, антипаразиттік әсердің кең спектрі бар, личинка мен жыныстық жетілген нематодтарға, жыныстық жетілген және жетілмеген трематодтарға қарсы белсенді. Клозатрем препараты жануардың дене салмағының 10 кг үшін 0,5 мл дозада қолданылды. Қойдың диктиокаулезін емдеуде Клозатремнің жоғары терапиялық тиімділігі анықталды.

Клозатремнің емдік тиімділігін зерттеу мақсатында аналогтар принципі бойынша бір жастан үш жасқа дейінгі 20 жануардан тұратын топ құрылды. Зерттеулер 2020 жылы Түркістан облысы, Жетісай ауданы жеке шаруашылықтар қойларына жүргізілді.

Аурудың диагнозы клиникалық белгілері, копрологиялық және патологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша анықталды.

Клиникалық тексеру кезінде кейбір жануарларда келесі белгілер анықталды: летаргия, тұншығу, күйзелу, бірақ мұндай белгілер көптеген паразиттік және ішкі жұқпалы емес ауруларға тән. Сондықтан, дәл диагноз қою үшін жануарларды гельминтоларвоскоп әдісімен зерттедік. Ол үшін қойдан салмағы 10 граммнан 20 сынама мөлшерінде нәжіс сынамалары иесіздендіріліп алынды. Гальминтоларвоскопия жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүргізілді.

Диагноз диктиокаул личинкаларын анықтау кезінде анықталды. Қойдың нәжісінің сынамаларын зерттеу кезінде 30 сынаманың 9-і диктиокаул личинкаларымен инвазияланғаны анықталды, яғни клозатремді қолданғанға дейін инвазияның экстенсивтілігі - 50% құрады.

Сонымен қатар, диагноз құлаған бір жануардың паталогоанатомиялық зерттеулерде расталды - бронхтар мен трахеяларда диктиокаулалардың болуы анықталды. Сондай-ақ өкпеге тән патологиялық өзгерістер: серозды-геморрагиялық пневмония және эмфиземаның бастапқы құбылыстары.

Емдік мақсатта қойларға клозатрем препараты қолданылды, оны жануарларға тері астына 0,5 мл/10 кг дене массасы (2,5 мл/кг белсенді зат) мөлшерінде енгіздік. Клозатреманы қолданудан бұрын әртүрлі майлы жануарлардың

шағын тобында (5 - 7 бас) сыналды. Үш күн ішінде асқынулар болмаған жағдайда препарат тәжірибелік топтың барлық жануарларына қолданылды.

Препаратты төрт сағат бойы енгізгеннен кейін, содан кейін эксперимент барысында күн сайын жануарлардың клиникалық жағдайына бақылау жүргізілді.

Жануарлардың жағдайы өзгеріссіз, көздері клиникалық сау болып көрінді. Экстенсивтілікті анықтау үшін копрологиялық зерттеулер және дегельминтизациядан кейін 14 және 30 күн өткен соң инвазия экстенсивтілігін есепке алу жүргізілді. Копрологиялық зерттеулердің нәтижесінде Клозатрем препаратының экстенсивтілігі 14 тәуліктен кейін 50% - ды құрады. Ал 30 тәуліктен кейін-100%.

Антигельминтиктер тиімділігі бойынша келесі жоғары тиімді санаттарға жіктеледі - белсенділігі 98% - дан жоғары, тиімді немесе орташа тиімді - 80-89%, жеткіліксіз немесе тиімсіз-80% - дан төмен. Осылайша, жоғарыда аталған классификацияға сәйкес, Клозатрем "жоғары тиімді антигельминтиктер санатына жатады.

Әрі қарай жұқтырудың және шаруашылықта инвазияның таралуының алдын алу мақсатында қойлардың барлық малына Клозатрем препаратымен емдік-профилактикалық емдеу жүргізілді.

Алынған деректерді талдау клозатрем антигельминтикалық препаратының (Нита-Фарм, Саратов қ, Ресей) тері астына енгізу кезінде жануардың дене салмағының 0,5 мл/10 кг дозасында қой дистиокаулезінде жоғары терапиялық тиімділігі бар екенін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Азизова, З.А. Зараженность коз стронгилятами пищеварительного тракта в равнинном Дагестане/ З.А. Азизова // Материалы докладов научной конференции: Теория и практика борьбы с паразитарными болезнями. – М.: ВИГИС, 2010. – С. 8–10.
2. Азимов, Ш.А. Трематодозы жвачных в Узбекистане / Ш.А. Азимов // Ветеринария. – 1970. – №8. – С. 61 – 63.
3. Азимов, Ш.А. Фасциолез и аноплоцефалятозы овец и крупного рогатого скота в Узбекистане/ Ш.А. Азимов. – Ташкент: Фан, 1974. – 214 с.
4. Азимов, Ш.А. Испытание новых антгельминтиков при фасциолезе крупного рогатого скота / Ш.А. Азимов, А.Н. Назаров, А. Нуруллаев // Сб. работ Узб. Н.-и. вет. ин-та. – 1973. – Вып. 21. – С. 95 – 96.
5. Акбаев, М.Ш. Мониезиозы овец патогенез, вопросы биологии, эпизоотологии и разработка лечебно-профилактических мероприятий : автореф. дис. … д-ра вет. наук / М.Ш. Акбаев. – М.: ВИГИС, 1986.
6. Алмуханов, С.Г. Новый антипаразитарный препарат широкого спектра действия / С.Г. Алмуханов // Материалы докладов научной конференции: Теория и практика борьбы с паразитарными болезнями. – М.: ВИГИС, 2004. – С. 20–21.

ӘОЖ 541.18
UDC541.18

ТОПЫРАҚ БОНИТИРОВКАСЫНЫҢГУМУС БОЙЫНША БОНИТЕТ БАЛЛЫН ЕСЕПТЕУ

CALCULATION OF SOIL BONITING BONITET SCORE ON HUMUS

Онгарова А.Х., Ахилбеков М.Н., Есимов Е.Қ., Әлмеш С
Ongarova A.H.,Ahilbekov M.N,Esimov.E.K.,AlmeshS
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.,Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Ongarova-2017@mail.ru

Резюме

В данной статье приводится бонитировка почвы научно необоснованным односторонним методом определения плодородия почвы на основе химического и механического анализа почв и данных урожайности. Бонитировку почвы производили земские учреждения, данные которых использовались для налоговых целей.В настоящее время бонитировка почвы заменена углубленной агрономической характеристикой почв, слагающейся из изучения всей совокупности непрерывно происходящих в почве процессов (водный, пищевой, солевой, биологический режимы) с учётом технической вооруженности социалистического хозяйства и применяющихся способов обработки и удобрения почвы. При этом большое внимание уделяется составлению и изучению истории полей.Определение балла бонитета почв осуществляется в следующей последовательности:установление методами статистического анализа признаков и свойств почв, существенно влияющих на их плодородие; расчёт средних физических значений отобранных признаков и свойств почв; пересчёт на основе корреляционно-регрессионного анализа физических значений признаков и свойств почв в зависимости от их влияния на урожайность сельскохозяйственных культур в относительные величины — баллы; расчёт среднего геометрического балла по совокупности признаков и свойств по разновидностям (группам) почв; расчёт совокупного почвенного балла путём корректировки среднего геометрического балла на негативные свойства, снижающие плодородие почв (переувлажнённость, эродированность, засолённость и т. д.).

Abstract

This article deals with the evaluation of soil before the revolution, which was scientifically based on a one-sided method of determining the fertility of soil on the basis of chemical and mechanical analysis of soil and grain yields. Land valuation was produced by zemstvo institutions, which were used for tax purposes.At present, the soil bonitization has been replaced by an in-depth agronomic characterization of soils, consisting of the study of the entire set of processes continuously occurring in the soil (water, food, salt, biological regimes), taking into account the technical equipment of the socialist economy and the methods of soil cultivation and fertilization used. At the same time, much attention is paid to the compilation and study of

the history of the fields.The definition of the score of bonitetapochv is carried out in the following sequence: establishment of methods of statistical analysis of signs and properties of pochv, actually influencing their fertility; calculation of average physical values of selected symptoms and properties of soil; reckoning on the basis of correlation-regression analysis of physical values, signs and properties of soil in dependence on their influence on the yield of agricultural culture in relation to relative values - points;calculation of the average geometric score for a set of features and properties for varieties (groups) of soils; calculation of the total soil score by adjusting the average geometric score for negative properties that reduce soil fertility (waterlogging, eroding, salinity, etc.).

Кілттік сөздер:*бонитет баллы,* ***топырақ****, шкала, гумус, топырақ құрамы, өнім, топырақ қабаты,коэффициент.*

Key words:*bonus points, soil, scale, humus, soil composition, product, soil layer, coefficient.*

Халық шаруашылығы салаларында жер әр түрлі мақсатқа пайдаланылады да, соған сәйкес оның есебі жүргізіледі. Топырақ қасиеттері бойынша бонитет шкаласын құру үшін ең бірінші кезекте топырақ бонитетінің негізін қалайтын басты диагностикалық қасиет пен топырақ белгісін анықтауымыз керек. Осы мақсат үшін әрбір топырақ түршесіне арналған облыс топырақ тізімінен барлық шаруашылық топырақтарының морфологиялық, агрохимиялық және бонитеттің басқа диагностикалық белгілеріне керек болатын мағлұматтарын жинақтап жазып, олардың орталық көрсеткішін шығарады. Одан кейін әрбір топырақ түрінің диагностикалық белгісі мен нышандарын бонитеттеуін мына формуламен есептейді:

$$Б = 3н / 3м \cdot 100; \quad (1)$$

мұндағы Б–топырақ баллы;

3н – әрбір белгінің нақтылы көрсеткіші (гумус қоры, гумус қабатының қалыңдығы, механикалық құрам және т.б.);

3м– белгінің максимальды немесе оптимальды көрсеткіші, 100 баллға теңелген.

Бұл жағдайда 100 баллға облыстағы, өлкедегі өнімділік пен топырақ белгісіжәне қасиеті жағынан ең жақсы топырақ көрсеткіші алынады. Сонымен қатар облыс бойынша өнімділіктің бонитет шкаласы жасалынады. Ол үшін әрбір шаруашылықтағы, сорт бақылау, ғылыми зерттеу мекемелеріндегі әрбір топырақ түршелеріне жылдық есеп кітапшасынан негізгі ауылшарушылық дақылдарының соңғы он жылдық өнімділігінің көрсеткіші жинақтайды[1].

Одан кейін ауылшаруашылық дақылдарының көпжылдық өнімділігінің орташа көлемін есептеп, оны әрбір топырақ түршесіне сай салыстырмалы түрде орташа өнімділікті анықтайды. Облыстық шкаладан республикалық шкалаға көшу үшін, 100 баллға шартты түрде қабылдайды, шаруашылықтарда дәнді дақылдардың өнімділігі үшін 15 ц/га, ал мемлекеттік тұқым шаруашылықтары мен алдыңғы қатардағы шаруашылықтар үшін 30 ц/га теңеп алады.

Топырақтың жеке белгілері мен қасиеттері бойынша алынған бонитет баллдарын бір–бірімен және осы топырақтағы өнімділікпен салыстырып, одан кейін топырақ бонитетінің диагностикасы ретінде тек өнімділікпен тұрақты коррелятивті байланысы бар топырақ белгілері мен қасиеттерін іріктеп алады.

Бонитеттеу шкаласының принциптері. Бонитеттеу шкаласын әзірлеу үшін топырақтың физикалық – химиялық қасиеттерін сипаттайтын топырақ, топырақ–мелиоративтік, топырақ–эрозиялық басқа да зерттеулердің ең жақсы материалдары алынады.

Аналитикалық мәліметтер егіндіктегі және басқа телімдердегі қималар бойынша алынады. Кейбір аналитикалық мәліметтерді 95 % сенімдік деңгейде Стьюдент критерийі бойынша статистикалық өңдегеннен кейін алып тастайды.

Гумустың пайыздық мөлшері бойынша топырақ түрінің жарты метрлік қабаттағы негізгі бонитет балы, басқа қасиеттерге түзету коэффициенттер енгізіледі.

Жарты метрлік топырақ қабатындағы гумус мөлшері графикалық тәсілмен есептеледі. Ол үшін миллиметрлік қағаздға графикті тұрғызады, онда абцисса осінде гумустың пайыздық мөлшерін көрсетеді, ал ордината осінде сынамаларды алу тереңдігі көрсетіледі. Топырақ зерттеу жұмыстарында топырақ үлгісі 10 см интервалмен алынады, сондықтан гумустың орташа мәнін есептеу 10 см интервалмен жүргізіледі. Ал 10 см интервалдағы гумустың орташа мөлшері графиктің сынық сызығымен есепке алынған қабаттың ортаңғы сызығымен қиылысқан жері алынады. Есептеу 50 см қалыңдықта жүргізіледі[2].

Әдістемелік нұсқауларға сәйкес негізгі бағаланатын топырақ параметрі 0-50см қабаттағы гумустың пайыздық мөлшері болып табылады. 0-50см қабаттағы гумус мөлшерінің эталоны ретіндесуарылатынжерүшін 2,5%, ал суарылмайтынжерүшін 7% алынады, яғни гумус бойынша бонитет баллынесептеуүшін гумус мөлшерінучаскеніңсуарылатыннемесесуарылмайтындығынабайланысты (2,5% немесе 7%) эталонғабөліп, топырақтың бастапқы, яғни гумус бойынша бонитет баллын аламыз.

Гумус бойынша бонитет баллынесептеу:

1) Суарылмайтынжерүшін

$Б_г = (Г/7) \cdot 100\%$;

2) Суарылатынжерүшін (2)

$Б_г = (Г/2,5) \cdot 100\%$,

мұндағы$Б_г$ – гумус бойынша бонитет баллы;

Г – 0-50см қабаттағы гумус мөлшері;

7 (2,5) – суарылмайтын (суарылатын) жер эталоны.

Егербағаланыпотырғантопырақтыңешқандайкерікасиеттеріболмаса, гумус бойынша бонитет баллы солтопырақтүрініңқортынды бонитет баллы болыптабылады. Егертопырақтыңқандай да біркерікасиеттеріболса, онда гумус бойынша бонитет баллы солкерікасиеттердіңкоэффициентінекөбейтіледі де сәйкесіншетопырақтың бонитет баллы төмендейді. Түзетукоэффициенттеріне: топырақтыңтұздылық, тастылық, гидроморфтылықжәнет.б. коэффициенттеріжатады.

Суарылмайтынжерлерүшін бонитет баллын (Б) есептеуформуласыкелесідейболады:

$$Б = Б_г \cdot K_{Na} \cdot K_{Mq} \cdot K_{тас} \cdot K_{туз} \cdot K_{гидр} \quad (3)$$

мұндағы$Б_г$ – суарылмайтынжерлердің гумус бойынша бонитет баллы;

$К_{Na}$– Nатүзетукоэффициенті;

$К_{Mq}$ – Mg түзету коэффициенті;

$К_{түз}$ – 0-50см қабаттағы суда еритін тұздардың түзету коэффиценті;

$К_{тас}$- тасшақтылығы немесе тастылығының түзету коэффиценті.

Егер топырақ тасты болса, осы қасиетіне түзету коэффициент енгізіледі. Оны келесі формуламен есептейді:

$К_{тас} = (100 - \sum>1) / 100;$ (3)

$К_{гидр}$- топырақтың гидроморфтылығының түзету коэффициенті. Шабындық, батпақ топырақтары үшін гидроморфтылық келесі формуламен есептлінеді:

$К_{гидр} = Г_а / Г_г$, (4)

мұндағы $Г_а$ – аймақтық топырақтың 0-10 см қабатындағы гумус мөлшері, пайызбен;

$Г_г$ – гидроморфты топырақтардың 0-10 см қабатындағы гумус мөлшері, пайызбен.

Егер бағаланып отырған топырақта аталған кемшіліктерден басқа да кері қасиеттері бар болса, онда сол кері қасиеттердің коэффициенттері табылып, топырақтың гумус бойынша бонитет баллына көбейтіліп отырады. [3].

Әдебиеттер

1. Есполов Т.И, Григорюк В.В. «Формирование рыночной системы земельных отношений в Казахстане» -Алматы. Агроуниверситет, 2012. -41с
2. Сейфуллин Ж.Т.,Сейтхамзина Г.Ж.,Жерді кадастрлық аймақтау,бағалау және жер салығын салу.,Оқу құралы.,Эверо Алматы,2017.,188б
3. «Жертуралызаңнамалар». Алматы, 2009 ж
.

References

1. Espolov TI, Grigoryuk VV "Formation of the market system of land relations in Kazakhstan" - Almaty. Agrouniversity, 2012. -41p
2. MSeifullin Zh.T., Seitkhamzina G.Zh., Land cadastral zoning, assessment and construction of land tax., Textbook., Evero Almaty, 2017., 188p
3. "Land legislation". Almaty, 2009

ӘОЖ 541.18
UDC541.18

КАДАСТР ЖӘНЕ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДАҒЫ МОНИТОРИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕР

MONITORING RESEARCH IN CADASTRE AND LAND LOCATION

Онгарова А.Х., Байжанова А.Н., Ақхалиқызы Н., Абдикулова А.
Ongarova A.H., Baizhanova A.N., Akhalikyzy N., Abdikulova A.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.,Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Ongarova-2017@mail.ru

Резюме

В данной статье приводится значительные изменения в составе угодий происходят после насаждения садов, ягодников и виноградников, полезащитных лесных полос, строительства производственных центров, дорог, мелиоративных каналов и тому подобное. Кроме этого, испытывает изменения и качественное состояние угодий. Сенокосы и пастбища, которые заросли кустарником, после раскорчевки древесно-кустарниковых насаждений становятся чистыми, малопроизводительные сенокосы и пастбища после взрыхления, подсеивания трав и внесения удобрений превращаются. Улучшенные угодья, многолетние культурные пастбища. Особенно ощутимые изменения в качественном состоянии земель происходят в результате их мелиорации и химизации, борьбы с эрозией почв и проведение других мероприятий, которые способствуют резкому повышению плодородия почв. Повышение интенсивности использования земель способствует увеличению урожайности сельскохозяйственных культур, выхода валовой продукции, росту чистого дохода, окупаемости затрат и других показателей, положенных в основу экономической оценки земель.

Abstract

This article introduces significant changes in the composition of gardens after the planting of orchards, berries and vineyards, crop protection forest belts, construction of production centers, roads, reclamation. Besides, there is a change in the quality of care. Hayfields and pastures, which are overgrown with shrubs, after splitting trees and shrubs, become clean, low-yielding hayfields and pastures after pruning, cultivating and cultivating.Improved care, perennial cultural pasture. Particularly noticeable changes in the quality of the soil occur as a result of their reclamation and chemicalization, the struggle with soil erosion and the conduct of other activities that contribute to the rapid increase in soil fertility. The increase in the intensity of land use contributes to the increase in crop yields of agricultural crops, output of gross output, growth of net income, reimbursement of losses and other indicators, mainly in the economy.

Кілттік сөздер:*жер мониторингі,* ***ғылыми тәжірибе****, қоршаған орта, топырақ эрозиясы, табиғи орта,өнім, топырақ қабаты,жер телімдері.*

Key words:*land monitoring, scientific practice, environment, soil erosion, natural environment, products, soil layer, land plots*

Адамның әртүрлі ғылыми және тәжірибелік іс- әрекетінде бақылау әдісі қолданылады. Қоршаған ортаны бақылауды ұйымдастырудың үлгілері Гай Секунда Плинийдің «Жаратылыс тарихы» кітабында сипатталған. Орта ғасырларға дейінгі ең толық энциклопедия болып саналатын отыз жеті томда астрономия, физика, география, зоология, ботаника, ауыл шаруашылығы, медицина және тарих бойынша мәліметтер келтірілген. Соңғы жүз жылда бақылау жүйелі түрде жүргізіліп отырады (метеорологиялық, фенологиялық және т.б.).[1].

Техника дамуымен байланысты адамның табиғатқа деген әсері ұлғая бастады, оның табиғи ресурстарды толық пайдалануға қолы жетті, осыған байланысты геофизикалық ақпарат табиғи жағдайларды анықтауға, шаруашылық үшін қолайлы немесе қолайсыз жағдайларды болжауға болады және адамдардың өмірі мен іс-әрекеттері үшін қолайсыз факторлардың әсерін азайтуға болады. Мұндай ақпаратқа қоршаған ортаның іс-жүзіндегі жағдайын бақылау және табиғи жағдайлардың өзгертулерін болжау кіреді. Соңғы уақытта адамның табиғатқа деген әсері өсуде және де табиғатты жобасыз пайдаланудың кері әсері бар екені мәлім. Осыған байланысты биосференаң жағдайы туралы толық ақпараттың қажеттілігі де туындап отыр. Сонымен, ластанушылардың мониторинг жүйесі қазіргі уақыттағы табиғи ортаны бақылау қызметінің бөлігі бола алады және оның бақылау бекеттерінің жүйесін, телекоммуниациялар желілерін, мәліметтерді өңдеу орталықтарын пайдалана алады. Антропогенді сипаты бар өзгерістерді анықтайтын қоршаған ортадағы бақылау жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету үшін ондағы табиғи өзгерістер жайлы толық ақпарат керек, яғни мониторинг жүргізу қажет.

Мониторинг келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

- қоршаған табиғи ортаға әсер ететін факторлар мен қоршаған ортаның күйін бақылау;
- табиғи ортаның нақты күйін бағалау;
- қоршаған ортаның күйін болжау және бағалау.

Сонымен, жер мониторингі деп өзгерістерді уақытымен анықтау мақсаты мен жер қорын бақылау, бағалау, болжау, осы өзгерістерді болдырмау және салдарын жою жүйесін айтамыз. Жер мониторингі жер ресурстарын басқарудың жалпы жүйесіне кіреді. Бұл жүйе келесі бір – бірімен байланысты блоктарды қамтиды жерге орналастыру, жер кадастры, ізденістер мониторинг, геоақпараттық – техникалық блогы.

Ал жер мониторингі болса үш өзара байланысты блоктардан тұрады:

1. Биосфералдық (жаhанды);
2. Биологиялық (санитарлық);
3. Геоэкологиялық (табиғи - шаруашылық).

Жер ресурстарын басқару комитетімен жүргізілетін мониторинг геоэкологиялық мониторингтің бөлігі болып табылады.

Мониторинг (латын тілінен monitor) ескертетін, бақылайтын, алға қарайтын дегенді білдіреді. Ағылшынша «monitoring» деген «тексеру», «бақылау жүргізу» дегенді білдіреді. Бұл термин 1971 жылы өткен БҰҰ-ның қоршаған орта бойынша Стокгольм конференциясында бірінші рет қолданылған. Ал келесі конференцияда мынадай анықтама берілген: мониторинг алдын ала жасалынған бағдарлама бойынша белгіленген мақсатпен қоршаған ортаның бір немесе одан көп элементтерін кеңістік пен уақытта қайталап бақылау жүйесі.[2].

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік территориялдық жер торабы қалыптасқан. Ол әртүрлі табиғи аймақтардағы 274 стационарлық және жартылай стационарлық экологиялық бекеттерді қамтиды. Бақылау облыс, жерді пайдалану аймағында немесе учаскесінде тексеру, ізденіс немесе нақты пунктте стационарлық зерттеулер әдістерімен жүргізіледі.

Мониторинг бойынша жұмыстар келесі негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі:

а) методикалық – қолданбалы;
ә) ғылыми – методикалық;
б) қолданбалы;
в) ақпараттық – техникалық.

Ғылыми – методикалық бағытқа стационарлық және жартылай стационарлық экологиялық бекеттерде топырақ және азықтық алқаптардағы өсімдіктер карталарын жасау және топырақты бонитирлеу үшін методикалық – қолданбалы, қолданбалы, ақпараттық – техникалық жұмыстарды қамтамасыз ететін топырақ пен өсімдіктерді зерттеу кіреді.

Методикалық – қолданбалы бағыт мыналарды қамтиды:

- топырақ және геоботаникалық зерттеу мен ізденістердің алғашқы материалдарын атлдап қорытындылау және жүйеге келтіру;
- азықтық алқаптардың топырақтары мен өсімдіктерін топтастыруды әзірлеу;
- азықтық алқаптар мен басқа да жерлерді сапалық, экономикалық, экологиялық т.б.бағалау түрлерінің әдістемелік тәсілдерін әзірлеу;
- азықтық алқаптарға рұқсат етілген әсер етуді анықтау.

Қолданбалы бағытқа мыналар кіреді:

- картографиялық материалдарды қайта тексерумен дұрыстау және жер пайдаланушыларға жердің сапасын, ауданын және күйін көрсетіп тиісті карталарын беру;
- геоботаникалық және топырақ зерттеулері мен ізденістердің материалдарын талдау;
- әрі қарай бақылау үшін аймақтық және облыстық карталарды (экологиялық, эталондық, болжау, ұсыныс беретін табиғатты қорғау, топырақ – экрозиялық, тұз таралуының табиғи құнарлығы, қазіргі уақыттағы т.б.карталар) құрастыру;
- жер қорын тиімді пайдалану жайлы ұсыныстар беру үшін жердің күйі мен сапасының өзгеруін бақылау нәтижелері бойынша жер кадастрын нақты мәліметтермен ақпараттық қамтамасыздандыру;

- жерді орынсыз пайдалану үшін жазалау немесе тиімді пайдалану үшін мадақтау шараларын қолдану бойынша түрлі органдарға ұсыныстарды әзірлеу және беру.

Ақпараттық – техникалық бағыты:

- мониторинтің автоматтандырылған базасын құру;
- бағдарламаларды әзірлеу;
- ақпаратты қабылдау, талдау және оны сақтау мақсатында ҚР-ғы жер мониторингі бойынша мәліметтерді өңеу және жүйеге келтіру.

Біздің елімізде жер мониторингінің құрылысы әкімшілік- территориалды бөлінуімен немесе жер қорын белгілі мақсаттармен пайдаланумен анықталады[3].

Әдебиеттер

1. 1.Жер мониторингі Тусупова Б.Х, 2017.– 188 б. elib.kz./ru/
2. Ақпараттық технологиялар: оқу құралы / Г.О.Сейтбекова, Г.А.Тюлепбердинова - Алматы: «Эверо» баспасы, 2016. - 254 б. elib.kz./ru/.

References

1. Land monitoring Tusupova BH, 2017.– 188 p. elib.kz./ru/
2. Information technologies: textbook / GO Seitbekova, GA Tyulepberdinova - Almaty: Evero Publishing House, 2016. - 254 p. elib.kz./ru/.

ӘОЖ 541.18
UDC541.18

ЖЕР КАДАСТРЫ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУ ҚАҒИДАЛАРЫН АНЫҚТАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

WAYS AND FEATURES OF DETERMINATION OF RULES OF LAND CADASTRE WORK

Онгарова А.Х., Байжанова А.Н., Ахилбеков Ғ.Л., Ағабеков Ұ.
Ongarova A.H., Baizhanova A.N., Ahilbekov G.L., Agabekov U.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.,Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Ongarova-2017@mail.ru

Резюме

В данной статье приводится периодически после повторных съемок, обследований земель, выполнения земельно-оценочных работ, организации новых или реорганизации существующих землевладений, землепользований, а также при дежурном заполнении заново утвержденных земельно-кадастровых документов. Он может проводиться в пределах отдельных землевладений, землепользований, районов и больших административно-территориальных единиц, включая территорию областей, Автономной Республики Крым или страны в целом.При основном земельном кадастре собирают, анализируют и систематизируют материалы и документы, которые содержат сведения об общих площадях землевладений, землепользований, состав угодий, качественное состояние земель, бонитировку почв и экономическую оценку земель. Собранные материалы подлежат тщательному анализу и проверке их полноты, достоверности и объективности. В случае необходимости проводится корректировка материалов или выполняются дополнительные работы для получения информации, которой не хватает. Имеющиеся данные после их систематизации, рассмотрения и утверждения в установленном порядке принимаются как выходные для внесения в земельно-кадастровые документы.

Abstract

This article provides periodic after repeated filming, survey of land, performance of land-assessment work, organization of new or reorganization of existing land reclamation, land reclamation, land reclamation. It can be carried out within the boundaries of separate land holdings, land use, districts and large administrative-territorial units, including the territory of the region, the Autonomous Republic of Crimea or the country as a wholeThe main land cadastre collects, analyzes and systematizes materials and documents that contain information on common areas of land ownership, land use, composition of land, qualitative condition of the land and land reclamation. The collected materials will be subject to careful analysis and verification of their completeness, reliability and objectivity. In case of necessity, correction of materials is carried out or additional work is carried out to obtain information, which is not enough. The available data after their systematization, consideration and approval in the established order are taken as the outgoing contributions to the land cadastre documents.

Кілттік сөздер:*жер учаскесі,* ***жер телімдері****, жер қатнастары, меншік иесі, шекара, егістік жерлер,кадастрлік нөмір,жер телімдері.*

Key words:*land plot, land plots, land relations, owner, border, arable land, cadastral number, land plots*

Жер учаскесінің жерін пайдалануға және (немесе) меншік құқығын алуға мүдделі физикалық және заңды тұлғалары Шымкент қаласы жер қатынастары бөліміне, жекелеген жағдайда жер учаскесі орналастырылған орны бойынша жергілікті атқару органына өтініш береді.Жер учаскелері меншіктер иелері атынан және жер қолданушылар атынан жер ресурстарын басқару бойынша аумақтық органға осы сияқты өтінішпен тікелей жер –кадастрлық жұмысты

орындаушы –тұлға, жер учаскесінің меншік иесі және жер пайдаланушының рәсімделген сенімхаты бар болса өтініш жасай алады.

Жер қатынастары бөлімі жер учаскесінің меншік иесі және жер пайдаланушылар, немесе жер –кадастр жұмыстары іске асырушы олардың өкілетті тұлғасына бекітілген тәртіпте қажетті мәліметтер (геодезиялық тірек желісінің қосынының координат каталогы, жер –кадастрлық істерінің көшірмесі және басқа да) кімге жұмыс жасалады. Жер учаскесіне қатысты, сонымен бірге көршілес жер учаскесінің қажеттілігі бойынша мәліметтер ұсынылады.Жұмыс сапасы үшін және мәліметтің растылығына жер –кадастрлық жұмыстарын орындаушы тұлға жауап береді.

Жер учаскесінің шекарасын белгілеу (қайта белгілеу) табиғи шартқа, геодезиялық қамтамасыз ету, жоспарлы –картографиялық жабдықталу деңгейінің мүмкіндігі кезекті тәсілдермен орындалады:

- геодезиялық
- аэрофотогеодезиялық.

Жер учаскесінің шекарасын (қайта белгілеу) белгілеу бойынша жұмыстар нақты жүйемен орындалады:

- Дайындық (кіріс материалдарын жинау, геодеректердің үзіндісін алу, жұмыс сызбасын дайындау және т.б.)
- Далалық (бұрыштарды геодезиялық өлшеу және желі шаралары, шекараларды тану, межелік белгілерді қою, шекаралардың желісін айдау т.б.с.).
- Камеральды (далалық өлшем материалдарын өңдеу, көлемін есептеу, соңғы құжаттарды рәсімдеу);

Жер учаскесінің шекарасын белгілеу бойынша жұмысты аяқтағаннан кейін жер –кадастрлық картасына координаттары бойынша учаскенің шекарасы енгізіледі, егер координаттар анықтамаса, онда учаске шекарасы сипаттау бойынша байланыстыра картаға, топографиялық картаға және жоспарға, фотокартаға, фотожоспарға (фото сызба) жасанды түрде енгізіледі. Жер учаскесінің контурында шекарасының координаты анықталғаны қисық сызықпен шртихтеледі.

Жер кадастрлық картасына (сызбасына) шекараларды енгізгеннен кейін жер –кадастрлық нөмірін беру туралы тізімге кіргізу жолымен кадастрлық нөмір беріледі.

Кадастрлық нөмір иерархиялық құрылымы бар, аумақтық бірлікке сәйкес 4 деңгейден тұрады:

- А –Республикалық мәндегі қала және облыстың коды;
- Б –облыстық мәндегі қала немесе әкімшілік ауданының коды;
- В –есеп тоқсаны коды;
- Г –жер учаскесінің нөмірлер.

1 –сурет.



А –бірінші деңгейінде екі разрядты ондық сан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 06.06.1996 жылғы №710 Қаулысының 1 тіркемесі «Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірін қалыптастыру мақсаты үшін облыстық сәндегі қала және әкімшілік ауданның берілген код тізіміне» сәйкес республикалық мәндегі қала немесе әкімшілік – аумақтық 19 коды бар.

Б –екінші деңгейінде үш разрядты ондық санды кадастрлық нөмірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 6.06.1996 жылғы №710 қаулысының екінші тіркемесі «Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірін қалыптастыру мақсаты үшін облыстық мәндегі қала және әкімшілік ауданының берілген код» тізіміне сәйкес облыстық мәндегі қала немесе әкімшілік ауданы коды көрсетілуді Шымкент қаласы 309.

Үшінші деңгейдегі кадастрлық нөмірде облыстық мәндегі қала немесе әкімшілік ауданының бөлігі болып табылатын квартал есеп коды көрсетіледі.

Кадастрлық кварталдардың жалпы саны 139 құрайды.

Төртінші деңгейде – төрт разрядты санадр, есеп кварталында сандар, есеп кварталындағы жер учаскесінің реттік саны.Кадастрлік нөмірді құру мысалы: 19 -309 -139 -487

Жер учаскесіне кадастрлік нөмір берілгеннен кейін Бірегей мемлекеттік жер реестрі дерегіне ену үшін тапсырыс бланкасы толтырылады. Жер –кадастрлық құжаттары келесі талаптарға сәйкес болады.Орындау бекітілген үлгідегі бланкада барлық деректермен толтырумен жүргізіледі. (Орган, мекеме, ұйым атаулары, олардың берген құжатының нөмірі, күні, адресат (құжат алушының) көрсетіледі.

Жер учаскелерінің шекарасын (сызба) жоспарын дайындау, мемлекеттік актісін дайындау.Жер ресурстарын басқару бойынша орталық өкілетті орган бекіткен техникалық талаптарымен және жер учаскесіне құқығын куәландыратын құжаттарды облыстық өкілетті органы берген (республикалық мәндегі қала) болып табылатын тіркеме).

- жер учаскесіндегі жеке меншіктегі – жеке меншік құқығы актісі;
- тұрақты жер пайдалану – тұрақты жерпайдалану құқығы актісі;

Жер учаскесі толық қалыптасып бітті деп есептеледі шекарасы белгіленсе және кадастрлық ісі ашылса.[3].

Әдебиеттер

1. Мемлекеттік жер кадастрының жаңа технологиясы Алматы 2018ж.
2. Сейфуллин Ж.Т.,Сейтхамзина Г.Ж.,Жерді кадастрлық аймақтау,бағалау және жер салығын салу.,Оқу құралы.,Эверо Алматы,2017.,188б

3. «Жертуралызаңнамалар». Алматы, 2009 ж
.

References

1. New technology of the state land cadastre Almaty 2018
2. MSeifullin Zh.T., Seitkhamzina G.Zh., Land cadastral zoning, assessment and construction of land tax., Textbook., Evero Almaty, 2017., 188p
3. "Land legislation". Almaty, 2009

ӘОЖ 541.18
UDC541.18

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ,ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫН АНЫҚТАУ

IDENTIFICATION OF EFFECTIVE AND RATIONAL USE OF AGRICULTURAL LAND

Онгарова А.Х., Ермаханов Н.Қ., Абашев М.М., Кенжебаева Г.Г.
Ongarova A.H., Ermahanov N.K., Abashev M.M., Kenzhebaeva G.G.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.,Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Ongarova-2017@mail.ru

Резюме

В данной статье приводится при использовании сельскохозяйственных земель необходимо проводить эффективные мероприятия по повышению плодородия почв, осуществлять организационно-хозяйственные, агротехнические, гидротехнические мероприятия, отражающие поверхность ветровой и водной эрозии почв, исключать засоление почв, загрязнение земель, зарастание сорняками, а также другие процессы, приводящие к ухудшению состояния почв.В сельском хозяйстве выращиваются различные культуры, обеспечивающие продовольственную безопасность нашей страны. Исходя из закона рыночной экономики, необходимо полностью оправдать затраты на выращивание культуры и принести хозяйству прибыль. В ряде случаев крестьянские хозяйства не могут вернуть потраченные средства. Страны мира (в развитых странах: Австралия, США, Германия, Великобритания) предоставляют фермерам, то есть производителям продуктов питания, финансовую, льготную помощь специального назначения. Такая помощь будет направлена на плодородие земель, приобретение горюче-смазочных материалов, техники и качественных семян, возмещение затрат на селекционные работы

Abstract

In this article, when using agricultural land, it is necessary to carry out effective measures to increase soil fertility, to carry out organizational and economic, agrotechnical, hydrotechnical measures that reflect the surface of wind and water erosion of soils, to exclude soil salinization, land pollution, overgrowth with weeds, as well as other processes that lead to soil deterioration.In agriculture, various crops are grown that ensure the food security of our country. Based on the law of the market economy, it is necessary to fully justify the cost of growing a crop and bring the farm a profit. In some cases, peasant farms can not return the money spent. Countries of the world (in developed countries: Australia, the United States, Germany, the United Kingdom) provide farmers, that is, food producers, with financial, preferential assistance for special purposes. Such assistance will be directed to the fertility of the land, the purchase of fuel and lubricants, equipment and high-quality seeds, reimbursement of the costs of breeding work.

Кілттік сөздер:*ауылшаруашылығы жерлері,* ***жерлер****, егістік, топырақ құнарлығы, топырақ эрозиясы, егістік жерлер,өнім, топырақ қабаты,жер телімдері.*
Key words:*agricultural land, land, arable land, soil fertility, soil erosion,arable land, products, soil layer, land plots.*

Ауылшаруашылық жерлері ұтымды, тиімді пайдалану және егістіктің құнарлығын арттыру мақсатында болашақ кезеңде жүзеге асырылуы тиіс келесі шаралар:

- егіншілік жүйесінде ауылшаруашылық зоналарының ерекшелігін ескере отырып, озық агротехникаларды және ауыл шаруашылық жерлерін, соның ішінде суғарылатын жерлерді айналымға енгізу;
- элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын дамыту. Аудандастырылған сорттарды көбейту, сорт жаңартумен айналысу;
- астық дақылдарын өсірудің прогрессивтік технологиясын енгізу, бидайдың қатты және күшті сорттарын өсіруді қамтамасыз жасау. Бидайдың егіс алқабын, соның ішінде мал азығына жұмсалатын астық түрлернің ауданын ұлғайту;
- егілетін егістік ауданын ұлғайту және егістік түсімін арттыру арқылы ауданның ішкі шаруашылық және аймақтық (өсімдік құрамы, топырақ ерекшелігі, ауа райы жағдайы жөнінде бір тектес аймақ) ерекшелігін ескере отырып дамыту;
- жерді қорғау мен құнарландырудың шараларын мемлекеттік қолдау қаражатымен жүзеге асыру:
- суармалы жерлерде жоғары деңгейде технология қолданып, ауыл шаруашылығы айналымынан шығып қалуға жол бермеуіміз тиіс. Ондай жерлер облыстың өте құнарлы да құнды қорына жатады, сондықтан егістікті қорғаудың озық технологияларын қолдану керек.

Қазақстан Республикасында жерлердің құнарлығын арттырудың 3 бағыты:

Экономикалық ынталандыру

а) жер төлемдерін саралау;

ә) жер төлемдерінен жеңілдіктер беру;

б) жер телімдерінің бағасына байланысты төлемдердің мөлшерін тағайындау;

в) мемлекеттің несие-қаржы және инвестициялық саясаты.

2. Экономикалық кепілдік:

а) жер құнарлығын қорғау, сақтау, арттырудың экология-экономикалық шаралары;

ә) жерлерді ауыл шаруашылығы айналымынан алғандағы зиянды өтеу.

3. Экономикалық санкция:

а) егістік жерлерді пайдаланудағы құқықты бұзғанда;

ә) жер ластағандағы төлем;

б) жер төлемдерін уақытылы төлемегені үшін төлем;

в) пайдалану түрін өзгерткендегі ақшалай төлем.

Шаруа қожалықтарының жерлерін құнарландыруды мемлекеттік қолдаудың қаржылық тетіктері: өтемақы, субсидия (көмекқаражат), дотация (жәрдемқаржы), квота (рұқсат етілген қаражаттың үлесі), лизинг, субвенция (жәрдем қаражат). Жерді ұқыпты тиімді пайдалану, яғни ғылым жаңалығынсыз жетістікке жету мүмкін емес. Бір жерге бір дақылды өсіре бергеннен де ол жер құнарлығынан айрылады. Мысалы, Алматы облысында ауыл шаруашылық дақылдарының 1 тоннасынөсіргендежерденөздеріменбіргеалыпкетедіекен:

- күздік, жаздықбидай - азот - 30 кг, фосфор - 10-12 кг.;
- жүгері - азот - 34, фосфор - 10 кг.;
- күріш - азот - 22 кг, фосфор - 12 кг;
- картоп - азот - 6 кг, фосфор - 1,5 кг;
- қантқызылшасы - азот - 4 кг, фосфор - 1,2 кг;
- қырыққабат - азот -3.3 кг, фосфор -1,3 кг;
- сәбіз-азот - 3,2 кг,фосфор - 1 кг;
- күнбағыс (тұқымға) - азот - 60 кг, фосфор - 25 кг.

Ауыл шаруашылығында елімізді азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін неше түрлі дақылдар өсіріледі. Нарықтық экономиканың заңына сүйенсек, дақылды өсіруге кеткен шығынды толық ақтап, шаруа иесіне пайда әкелуі қажет. Бірақ көпшілік жағдайларда шаруа қожалықтары жұмсаған қаржысын қайтара алмай отыр. Әлемнің (дамыған елдерінде: Австралия, АҚШ, Германия, Ұлыбритания мемлекеттері фермерлерге, яғни азық-түлік өнімдерін өндірушілерге қаржылай, арнайы мақсатқа арналған жеңілдетілген көмектер беріп отырады. Мұндай көмектер жерді құнарландыруға, жанар жағармай, техника мен сапалы тұқым сатып алуға, селекция жұмыстарына кеткен шығындарды өтеуге жұмсалады[2].

Жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру бағытында келесі шаралар жүзеге асырылуы тиіс:

- ауылшаруашылық өндірісі мен инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру;
- шаруа қожалықтарының жерлерін құнарландыру;
- ғылым жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізу;
- ел ішінде азық-түлік өнімдеріне сұранысты реттеу;
- экспортқа шығарылатын ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу рыногын қалыптастыру.

4. L. Cabedo, E. Gimenez, J.M. Lagaron, R. Gavara, J.J. Saura, Polymer 45 (2004) 5233.
5. J. Matusik, A. Gawel, K. Bahranowski, Appl. Clay Sci. 56 (2012) 63.
6. K.G. Bhattacharyya, S.S. Gupta, Adv. Colloid Interface Sci. 140 (2008) 114.
7. A.C.D. Newman, G. Brown, in: A.C.D. Newman (Eds.), Chemistry of Clays and Clay Minerals, Mineralogical Society, London, 1987, pp. 1.
8. S. Olejnik, A.M. Posner, J.P. Quirk, Clays Clay Miner. 19 (1971) 83.
9. J.M. Adams, Clays Clay Miner. 26 (1978) 169.
10. A. Weiss, H. Orth, Z. Naturforsch. 28b (1973) 252.

ӘОЖ 631.67
UDC 631.67

ТАМШЫЛАТЫП СУҒАРУДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

EFFICIENCY OF DRIP IRRIGATION

Султанбекова П.С., Абашов М.М., Мейрбекова А.С., Оралбек Д.Қ.
Sultanbekova P.S., Abashov M.M., Meyrbekova A.S., Oralbek D.K.
Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Chimkent, Kazakhstan

Түйін

Бұл мақалада тамшылатып суғаруды суармалы алқаптарда қолдану тиімділігі қарастырылған. Зерттеу объектісі ретінде түркістан облысы суармалы жерлері мақталық алқаптарында тамшылатып суғару жағдайы көрсетілді. Тамшылатып суғару - ең алдымен судың ысырабы азайтып, екіншіден, өнім көлемі арттыратын суғарудың үнемді әдісі.Тамшылатып суғару өнеркәсіптік көлемде алқашқы рет Израильде өткен ғасырдың ортасында зерттеліп, өндіріске енгізілген. Қазіргі кезде бұл әдісті бүкіл дүниежүзі мемлекеттері озық технология ретінде қолданады.Тамшылатып суғару, тәжірибе көрсеткендей, бау-бақша, жүзім, гүл, газондық шөптер және көкөніс дақылдарын егуде өте тиімді. Бұл әдіспен егіліп алынған өнім бұрынғы әдіспен егілген өнімнен 7-8 есе, ал кей жағдай-ларға 10 есеге дейін артық өнім береді. Су көздері тапшы немесе жоқ жерлерде оның маңызы орасан зор және таптырмайтын әдіс.Бұл әдісті қолданып суғарғанда қатар аралықтарының арасы ылғалданбағандықтан арам шөп шықпайды. Су көздері ретінде скважина, суғару трубалары, шағын арықшалар, каналдар (каналдың толып ағуы міндетті емес), колонкалар және әртүрлі су жиналатын ыдыстар (бөшке, цистерна т.б.) пайдаланылады. Тамшылатып суғару әдісін аз көлемді жерлерде (есік алды, саяжай және аз көлемді жері бар фермаларда) пайдалануға болады. Аз көлемді және алқапты жерлерде де ленталы трубкалармен тамшылатып суғарып егу тиімді. Күзде егіс мерзімі аяқталысымен құрылғылар оңай жиналып, кез келген жабық ғимараттарда сақталады. Көктемде оларды қайтадан пайдалануға болады.Жалпы, бұл әдісті пайдалану өнімнің өзіндік құнын 10 есеге дейін арзандатуға қол жеткізеді.

Abstract

This article discusses the effectiveness of drip irrigation in irrigated areas. The object of the study was the state of drip irrigation in cotton fields of irrigated lands of Turkestan region. Drip irrigation is an economical method of irrigation, which, first of all, reduces water losses, and secondly, increases the volume of production. Drip irrigation on an industrial scale was first studied and introduced into production in Israel in the middle of the last century. Currently, this method is used by all countries of the world as an advanced technology.Drip irrigation, as practice shows, is very effective in sowing garden, grape, flower, lawn grass and vegetable crops. The product sown by this method produces 7-8 times more than the product sown by the previous method, and in some cases up to 10 times more. In places where water sources are scarce or absent, its importance is enormous and irreplaceable. When watering using this method, weeds do not appear due to the fact that the gaps between the rows are not moistened. As water sources, Wells, irrigation pipes, small ditches, channels (Channel overflow is optional), columns and various water collection tanks (barrels, tanks, etc.) are used.The method of drip irrigation can be used in small areas (front door, dacha and farms with a small area of land). In low-volume and low-lying areas, drip irrigation with tape pipes is effective. In autumn, after the end of the sowing period, the devices are easily collected and stored in any closed buildings. In the spring, they can be used again. In general, the use of this method leads to a reduction in the cost of production by up to 10 times.

Кілтті сөздер:*тамшылатып суғару, мелиорация, ирригация, еңістік, эрозия*
Keywords:*drip irrigation, reclamation, irrigation, slope, erosion.*

Тамшылатып суғару - судың ысырабын азайтып, өнім көлемі арттыратын суғарудың үнемді әдісі болып табылады. Қазіргі кезде бұл әдісті бүкіл дүниежүзі мемлекеттері озық технология ретінде қолданады.Тамшылатып суғару, тәжірибе көрсеткендей, бау-бақша, жүзім, гүл, газондық шөптер және көкөніс дақылдарын егуде өте тиімді болатындығы байқалды. Бұл әдіспен егіліп алынған өнім, дәстүрлі әдіспен егілген өнімнен 7-8 есе, ал кей жағдайларға 10 есеге дейін артық өнім береді. Су көздері тапшы немесе жоқ жерлерде оның маңызы орасан зор және таптырмайтын әдіс. Бұл әдісті қолданып суғарғанда қатар аралықтарының арасы ылғалданбағандықтан арам шөп шықпайды. Су көздері ретінде скважина, суғару трубалары, шағын арықшалар, каналдар (каналдың толып ағуы міндетті емес), колонкалар және әртүрлі су жиналатын ыдыстар (бөшке, цистерна т.б.) пайдаланылады[1-93].

Тамшылатып суғару әдісін аз көлемді жерлерде (есік алды, саяжай және аз көлемді жері бар фермаларда) пайдалануға болады. Аз көлемді және алқапты жерлерде де ленталы трубкалармен тамшылатып суғарып егу тиімді. Күзде егіс мерзімі аяқталысымен құрылғылар оңай жиналып, кез келген жабық ғимараттарда сақталады. Көктемде оларды қайтадан пайдалануға болады. Жалпы, бұл әдісті пайдалану өнімнің өзіндік құнын 10 есеге дейін арзандатуға қол жеткізеді.

Ауыл шаруашылығында суды тиімді пайдалану және егін алқаптарында арнайы суару технологияларын пайдалана отырып, олардың тиімділігін арттыру негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда агротехнологиялық ерекшелектеріне байланысты суару режимін, су беру мөлшерін ғылыми белгіленген әдіспен реттеп отырмаса, артық су егін алқабына өзінің кері әсерін тигізетіні рас.Ауыл шаруашылық дақылдарынан мол және тұрақты өнім алу үшін егіс белгілі тәртіпте қолдан сұрыпталып, топырақ ылғалдылығы қажетті мөлшерге дейін жеткізілуге тиісті. Ал суды егіс алқабына жіберу үшін арнайы суару жүйелері жасалады.

Қуаңшылық аудандарда жер суару жұмысын тиімді пайдаланудың арқасында оларды гүлденген аймаққа айналдырып, елімізде мақта, күріш, жеміс және тағы басқа ауыл шаруашылық дақылдарының мол өнімін алуға мүмкіндік туады.Ал енді далалы аудандарда жауын-шашынның жеткіліксіз және жыл бойы өте құбылмалы болуының салдарынан ауыл шаруашылық дақылдарының өнімі тұрақсыз болады. Сондықтан бұл аймақтарда жыл сайын дәнді, техникалық және мал азығы дақылдары мен көкөністің мол өнімін тек суару жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру негізінде алуға болады.

Мелиоративті іс-шаралардың кешенді маңызды белгісі болып, суарылатын жерлердің жоспарлануы болып табылады, яғни тепе-тең суаруға мүмкіндік береді, суармалы бороздардың дұрыс орналасуын жеңілдетеді, суармалы суды қолдануды көтереді, суаруда жоғары механизацияны қолдану мүмкіндігін туғызады, соңында ауылшаруашылық мәдениетіндегі егістіктің көп болуына өз ықпалын тигізеді[2].

Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін қандай бағыттардың болашағы бар екенін пайымдау керектігі баса айтылды және осы орайда ол екі бағытты: тамақ және тоқыма өнеркәсібі салаларын өркендетуді ұсынған болатын. Бізде бұл үшін қажетті шикізат жетерлік, әсіресе тоқыма өнеркәсібінде - мақта талшығы мол.

Ауыл шаруашылығын тек шикізат пен жартылай өнімдерді сату арқылы көтеру мүмкін емес, тек мақта өсірумен ғана шектелмеу керек. Алысқа көз жүгіртіп, тереңірек үңіліп, дайын өнім шығаруға әрі оны ішкі және сыртқы рынокқа шығарып сатуға ұмтылу қажет. Елбасының ауыл шаруашылығы өнімдерін ендіру мен қайта өңдеуде кластерлік тәсілді тиімді пайдалануға шақыруын осымен түсіндіруге болады [1-88].

Тамшылатып суармалау – жергілікті суармалааудың бір түрі, ол кезде су суландыратын микросужібергіш арқылы (тамшылатқыш) өсімдіктің тамыр аймағына өте аз нормаман беріледі.Тамшылатып суармалау кезінде, өсімдікке тоқтаусыз сумен қамтамасыз етеді және қоректену элементіменде қаматамасызданады. Барлық өсіп өну кезеңінде дозаланған суды беруі суармалааy, дақылды сумен қамтамасыз етілуіне сәйкес, топырақ қабатының тамыр аймағында тиімді ылғал режимін жасау мүмкіндігіне ие болады және ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін арттырады (сурет 1).

Сурет -1 Тамшылатып суғару схемасы

Бұл әдісті пайдалану аяқ судың келуін күтпей-ақ ерте көшетпен егілетіндіктен өнімнің өте ерте пісуіне әкеледі. Ол жабық (жылыжай) және ашық жерлерде бірдей пайдалануға мүмкіндік береді. Тыңайтқыш суда ерітіліп өсімдіктің тікелей тамырына беріледі.

Қазіргі кезде дүние жүзінде тамшылатып суғару екі түрлі жағдайда жүргізіледі. Біріншісі, шлангалы түтіктер (израильдік) арқылы болса, екіншісі, ленталы түтіктер (американдық) арқылы. Бұлардың айырмашылығы олардың салмағында: израильдік шлангілі трубкаларға қарағанда ленталы трубкалар әлдеқайда жеңіл (1000 есеге дейін) және сатып алу бағалары өте арзан. Бұл ленталы трубкалармен суғару әдістерін пайдалану қазіргі кезде негізінен арнаулы техникамен үлкен алқаптарда егу процесімен бір мезгілде іске асырылады.

Агроөнеркәсіп кешенді дамыту мәселелеріне арналған дәстүрлі республикалық кеңес оңтүстік қазақстандықтардың арасында да үлкен ықылас тудырды. Өйткені, онда ауыл экономикасының болашағына деген аяңдаушылық пен қамқорлық сезімдері қатар өрілген.

Түркістан облысы халқының жартысына жуығының күн-көрісі осы мақта өндірісімен байланысты. Ал құнды дақыл - мақтаның біздің еліміз бен Оңтүстік Қазақстан облысы үшін экономикалық және әлеуметтік маңызының өте зор екендігі белгілі. Мақта өндірумен және оны өңдеумен айналысатын әрбір адам, бұл еңбегінің қайтарымын толық сезіне біледі.

Мақтаның бәсекелестік қабілетінің зор екендігіне, оны экспортқа шығару әлеуетінің жоғарылағанына орай, бұл дақыл Қазақстанда ауыл экономикасын өркендетудің негізгі көзі ретінде астықпен қатар стратегиялық маңызды сала статусына ие болып отыр [3]. Мақта өндіру мен оны өңдеу Оңтүстік Қазақстан облысында ғана орын тепкендіктен, бұл дақыл осы облыстың ауыл экономикасын дамытудың өзегі екендігі дәлелдеп жатуды қажет етпейтін қағида.Мақта өсірудің рентабельділігі көптеген аудандарда 40-50%-ке дейін барады, ал басқа дақылдарды өңдеген жерде тек қана 15-20%.

Түркістан облысының жер және климаттық жағдайы, жылы мезгілі мен күн жарығының ұзақтығы, құнарлы жерлердің және еңбек ресурстарының көптігі мақта дақылын өсіруге өте қолайлы [4].

Бірақ соңғы жылдары егін жерлердің мелиоративтік жағдайы төмендеп кеткені және суару суларының тапшылығы табиғи-климаттық жағдайды ойдағыдай тиімді пайдалануға кедергі келтіріп отыр. Мақта алқабында қолданылған тамшылатып суару жүйесінің тиімділігі жөніндегі мәліметтерді 1-ші кестеден көреміз.

Кесте 1. Мақта алқабында қолданылған тамшылатып суару жүйесінің тиімділігі, көлемі 30 га

№	Агротехнологиялар	Өлшем бірлігі	Қолданыстағы технология	Тамшылатып суару технологиясы
1.	Мақтаны егуге кететін шығын	мың теңге	440	440
2.	Суаруға жұмсалатын шығын	мың теңге	630	450
3.	Қатараралық өңдеу жұмыстарына (культивация) кететін шығын	мың теңге	480	-
4.	Жұмсалатын минералды тыңайтқыштар шығыны	мың теңге	316	158
5.	Арам шөп шабығына кететін шығын	мың теңге	180	-
6.	Мақтаны теруге кететін шығын	мың теңге	540	1290
7.	Судың шығынын өтеу субсидиясы	мың теңге	60%=270	80%=360
8.	Барлық шығын	мың теңге	2316	1978
9.	Мақта өнімділігі	ц/га	18	43
10.	Барлық алынатын өнім	тн	54	129
11.	Өнімнің сатылу құны	мың теңге	270	6450
12.	Алынатын таза пайда	мың теңге	384	4472

Мақта дақылы температуралық өзгерістерге өте сезімтал келеді. Сонымен қатар мақта дақылы суыққа да төзімсіз оның өсіп жетілуі үшін ең аз дегенде 200 күндей суық болмауы тиіс. Жалпы өсу ұзақтығы 150-180 күнді құрайды.

Мақтаның гүлдену мерзімі ауа температурасына байланысты. 18 ден 30^0 С ауа температурасы мақтаның өсуіне тиімді температура болып саналады, ең минимальды температура 14^0С, максимальды температура 40^0С.

Дәннің өсуінің тоқталуы топырақтағы инфекцияға шалдығу бейімділігін арттырады. Вегетациялық өсуді жылдамдату үшін температура 20% белгіден аспауы қажет, ал бұ процесс үшін тиімді температура 30°С болады. Гүлдену үшін күндізгі температура 20°С жоғары, ал түнгі - 12°С жоғары, сонда да 40°С және 27°С сәйкесінше аспауы қажет. Температура 27 дан 32°С дейін қорабының және оның жетілуінің тиімді температурасы, температуре 38°С жоғарыласа өнімділік кемиді.

Мақта дақылын суғаруда тамшылатып суаруды қолдану әлемдік тәжірбиеде қолдануға болатын технология екендігі және экономикалық тиімділігі дәлелденген. Тамшылатып суаруды мақта егістігіне қолданғанда өнімділік артқан (15-30%), сонымен қатар су шығыны кеміген (30-45%), тағыда мақта талшығының сапасы дәстүрлі суаруды (тақталап, жүйектеп) қолданғанға қарағанда тамшылатып суаруды пайдаланғанда артқан. Мақта егістігін тамшылатып суғарғанда өнімділік гектарынан 5,5-5,8 тонна болған, ол өз кезегінде жүйектеп суаруға қарағанда 33% көп. Бұл кезде суды үнемдеу 30% құраса, электроэнергияны үнемдеу - 20%, жұмыс күші - 15%, ал өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдары - 5% үнемделген.

Әдебиеттер

1. Атақұлов Т.А. Рациональное использование земельных и водных ресурсов Восточного и Южно-восточного Казахстана при орошении. – Алматы, 1995.
2. Мұстафаев Ж.С., Рявцев А.Д., Сағаев Ә.Ә., Қозыкеева Ә.Т., Қалманова Г.Қ. Суландыру жүйесін пайдалану. – Тараз, 2007. -321 бет.
3. Султанбекова П.С., Байжанова А.,Онгарова А.Суару жүйелерін ұйымдастыру ерекшеліктері /Ауезов оқулары-16, халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Шымкент – 2018ж, Т4, 153-155б.
4. Султанбекова П.С., Баймаханов К., Дуанбекова А. Оралсынкызы М. Төгінді сумен суғару ерекшеліктері мен нормасы /«Қазақстанның жоғары мектебі» халықаралық ғылыми-педагогикалық журналы. Алматы - 2 (1) / 2018ж. 289-292б.

References

1. Atakylov T.A. Rasionalnoe ispolzovanie zemelnix i vodnix resursov Vostoshnogo i Yjno- Vostoshnogo Kazakhstana pri oroshenii. –Almati, 1995.
2. Mustafaev J.S., Reavsev A.D., SagaevA.A., KozikeevaA.T., KalmanovaG.K. Sulandiru jlyiesin paidalanu. –Taraz, 2007. -321 bet.
3. Sultanbekova P. S., Baizhanova A., Ongarova A. features of the Organization of irrigation systems /Auezov readings-16, materials of the international scientific and practical conference. - Shymkent-2018, T4, 153-155B.
4. Sultanbekova P. S., Baimakhanov K., Duanbekova A. Oralsynkyzy M. features and norms of wastewater irrigation /international scientific and pedagogical Journal"Higher School of Kazakhstan". Almaty - 2 (1) / 2018 289-292b.

ӘОЖ 631.67
UDC 631.67

СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІҢ МЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН ЖАҚСАРТУ

IMPROVING THE RECLAMATION STATE OF IRRIGATED LAND

Султанбекова П.С., Уразбекова М., Сейдиров Н., Қалиев Н.Қ.
Sultanbekova P.S., Urazbekova M., Seidirov N., Kaliev N.K.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Chimkent, Kazakhstan

Түйін

Бұл мақалада ауыл шаруашылығының алтын қоры – суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын талдау қарастырылған. Зерттеу объектісі ретінде Түркістан облысы Тұлкібас ауданы суармалы жерлерінің мелиоративтік жағдайы қарастырылды. Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайы, топырақтың құнарлығы, өсірілген дақылдардың өнімділігі, суармалы сулардың сапасына және ирригациялық қасиеттеріне байланысты болғандықтан аудандағы суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайына баға беруде негізгі критерий ретінде тұздану және сортаңдану критерийлері және танап бетінің еңістігі жағдайларына талдау жасалынды. Мүлде қанағаттанарлықсыз мелиоративтік жағдайдағы жерлерге мелиоративтік ұсыныстар жасалынды. Тұлкібас ауданы бойынша олардың көлемі 4660 гектар. Осындай жерлерде, суару технологиясы бұзылған жағдайда ирригациялық эрозия интенсивті жүретіні ескеріліп, суармалы жерлерді тиімді пайдалану үшін төмендегі жағдайларды есепке алу қажет деген қорытынды жасалды: суармалы жерлердің дер кезінде және тереңдігі 30-40 см жыртылып дайындалуы керек, ауыспалы егістік тәртібі сақталуы қажет, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды тиісті мөлшерде пайдалану тәртібі сақталуы керек және суару жүйелерін тазалау жұмыстарын атқару қажет.Егіншілікте ауыспалы егіс жүйесі жердің айдау қабатындағы топырақ құнарлығын арттыруға және егістік алқаптардың фитосанитарлық агроэкологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Abstract

This article provides an analysis of the reclamation state of irrigated land – gold reserves of Agriculture. The object of the study was the reclamation state of irrigated lands of Tulkubas District of Turkestan region.Irrigated lands due to the properties of the quality of irrigation water and irrigation, soil fertility and productivity of crops, so the evaluation of irrigated land in the region as the main criteria for the assessment of the conditions analyzed surface gradient fields, the criterion of salinity and alkalinity fields.Was proposed land reclamation in the case of unsatisfactory evaluation of irrigated lands. In the area Tulkbasskom their volume is 4660 ha. In such areas, in the event of irrigation technology increases the intensity of irrigation erosion, given this and the efficient use of irrigated land has adopted the following conclusions: irrigated land should be ready on time and plowing depth of 30-40 cm, should be stored procedure crop rotation should be saved using the appropriate procedure the amount of organic and mineral fertilizers and irrigation systems need cleaning.Arable crop rotation system improves soil fertility injection layer of earth and helps to improve the phytosanitary status of agro-ecological cultivation.

Кілтті сөздер: *суармалы жер, мелиорация, ирригация, еңістік, эрозия, вегетация, топырақ*
Keywords: *irrigated land, reclamation, irrigation, slope, erosion, vegetation, soil.*

Суармалы жер - ауыл шаруашылығының "алтын қоры". Түркістан облысы бойынша 528,9 мың га суармалы жер көлемі пайдаланылады.

Агроөнеркәсіп кешенінің алдына қойған міндеттерін орындау суармалы жерлерді тиімді пайдалануға тікелей байланысты. Өйткені суармалы жер кепілді түрде мол өнім береді. Бүгінде сырттан әкелінетін азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі, атап айтқанда, қант, өсімдік майы, көкөніс, жемістер, мал мен құс шаруашылығы өнімдерін өндіруге қажетті құнары жоғары жемшөп дақылдары суармалы жерлерде өндіріледі. Соңғы жылдары суармалы жерлерді тиімді пайдалану мақсатында бірқатар іс-шара атқарылды. Ірі суқоймалар күрделі жөндеуден өтті, тоспалар мен тораптар салынды. Тек суармалы егіншілікпен айналысатын Түркістан облысын таза ағын сумен қамтамасыз ететін және су тасқынынан қорғайтын «Көксарай» су реттегіші салынып ел игілігіне жұмыс істеуде. Дегенмен еліміздегі суармалы егін шаруашылығының проблемалары әлі де болса аз емес [1-117].

Жер ресурстарын басқару агенттігінің ақпаратына қарағанда, елімізде суармалы жер көлемі 298 мың гектарға азайып, 575 мың гектары ауылшаруашылық айналымынан шығып қалған, бос жерлердің көлемі 8 есеге ұлғайып, 423 мың гектарға жеткен. 20 мың гектар суармалы жер жекеменшік үй, жол, өндіріс орындарын салуға және басқа мақсаттарға берілген. Ал пайдаланылып жатқан жерлер тұзданып, құнарлылығы мен өнімділігі төмендеуде, ауыспалы егіс жүйесі жоқтың қасы, егістік құрылымдары жетілдіруді қажет етеді. Жекешелендіру барысында шаруашылықтар ұсақталып, бұрынғы ішкі шаруашылық каналдар мен кәріздік жүйелер, тік дренаж ұңғымалары шаруашылықаралық объектілерге айналып, көпшілігі иесіз қалды. Ұсақ шаруа қожалықтарында қаржы, техника болмай су, кәріз жүйелері уақтылы тазаланбай, ұйық басып, су тарту қуатынан айырылды. Бұл жерасты суларының көтерілуіне, жердің сорлануына, батпақтануына әкеліп соқтырады. Суармалы жерлерге ағымдағы және күрделі тегістеу жұмыстары көптен бері жүргізілген жоқ [1-98].

Облыстың шығысында, тау етегі және таулық бөлігінде (Орта Азиялық белдеу, Орта Азиялық таулы аймақ) ауданның суармалы жерлері орналасқан. Аудан жері география жағынан агроклимативтік ыңғайлы аймақта орналасқандықтан, яғни басқа аймақтағы суармалы жерлердегідей топырақтардың тұзданыумен жер астындағы судың тұздануы, суаруға байланысты жер асты су деңгейінің көтерілуі сияқты факторлар болмайды.

Суармалы жерлердің ауданы мен өнімділінің кемуі, ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайларының нашарлап, топырақтарының тозуына тікелей байланысты. Ирригациялық жүйелердің техникалық жүйелердің

техникалық жағдайларының нашарлауы, әртүрлі дәрежедегі каналдар арналарының деформацияға ұшырап, қамыстар мен түрлі өсімдіктердің өсуіне тікелей байланысты. Осы себептер, олардың су өткізгіштік қабілеттерін төмендетіп, суарма суының тиімсіз шығынының мөлшерін арттырады.

Облыстың тау етегі және таулық бөлігінде Түлкібас ауданының суармалы жерлері орналасқан. Бұл аудандағы топырақтардың қалыптасуына және дамуына, құнарлығына биіктеген сайын өзгеретін климат жағдайларымен қоса, тау бөктерінің жарқабақтығы және құрылымы, сондай-ақ алғашқы жыныстардың жақын орналасуы да көп әсерін тигізеді.

Аймақтағы жер қыртысы әр түрлі еңістіктегі жер болып келеді. Ауданның суармалы жерлері, шамамен, 45,9 % (9103 га) орташа еңістіктегі жерлерде (i=0,005-0,05) орналасқан. Тегіс жерлерде (i<0,005) суармалы жерлердің 30,6 % (6069 га), ал еңістігі жоғары жерлерде (i>0,05) суармалы жерлердің 23,5 % (4660 га) орналасқан. Еңістігіне қарай суармалы жерлердің орналасуы 1- кестеде келтірілген. Онда тау етегі және таулы ауданғы суармалы жерлердің жер бетінің еңістігі бойынша қортындылары келтірілген. Осы кестені талдау барысында ауданның суармалы жерлерінің 23,5 пайызы >0,05 еңістікке орналасқанын көрсетеді. Осы жерлер өте жарқабақтық бөктерде орналасқан, бұл жерлерде эрозияның болу қаупі тым жоғары. Сонымен қатар, осы аудандағы суармалы жерлердің 80 пайызынан астамы "А" мелиоративтік аймақта – жер асты суларының ағысы қамтамасыздандырылған аймақта орналасқан. Осы жағдайларда жер асты сулары тереңде (>5 м) жатады және топырақ түзілу процестеріне әсер етпейді, және осымен аумақтағы топырақтардың тұздану және сорлану құбылыстарының жоқ болуы түсіндіріледі.

Кесте 1- Тау етегіндегі суармалы жерлердің жер үсті еңістігіне қарай орналасуы

р/с	Ауылдық округтер	Жер көлемі,га	Жер беті еңістігінің сипаттамасы, га		
			тегіс (i<0,005)	еңістігі орташа (i=0,005-0,05)	еңістігі жоғары (i>0,05)
1	2	3	4	5	6
1	Арыс	676	208	310	158
2	Ақбиік	1153	354	529	270
3	Балықты	1069	327	491	251
4	Жабағлы	1400	428	643	329
5	Жаскешу	1356	415	622	319
6	Келтемашат	1050	321	482	247
7	Кемербастау	2205	674	1013	518
8	Майлыкент	1815	555	833	427
9	Машат	1801	551	827	423
10	Мичурин	2645	809	1214	622
11	Рысқұлов	1107	338	508	261
12	Састөбе	1151	352	528	271
13	Тастұмсық	790	242	363	185
14	Түлкібас	246	76	112	58
15	Шақпақ	1368	419	628	321
	Аудан бойынша	19832	6069	9103	4660

Аудандағы суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайына баға беруде негізгі критерий ретінде (тұздану және сортаңдану критерийлері) танаптар бетінің еңістігі (бөктердің жарқабақтығы) алынады. Мүлде қанағаттанарлықсыз мелиоративтік жағдайдағы жерлерге >0,05 еңістіктердегі жерлер жатады. Түлкібас ауданы бойынша олардың көлемі 4660 гектар. Нақ осындай жерлерде, суару технологиясы бұзылған жағдайда ирригациялық эрозия интенсивті жүреді [2]. Ирригациялық эрозия нәтижесінде суармалы жерлерді дұрыс пайдалана алмағанда топырақтың 1 гектарынан жылма-жылдық жоғалтуы 100-150 т/га болу мүмкіндігі анықталған. Сонымен бірге әр гектардан шамамен 100-120 кг азот, 110-165 кг фосфор және 0,8-1,0 тонна қарашірік шайылып әкетіледі.

Кесте 2 - Ирригациялық эрозияның пайда болатын қауіптілігінің дәрежесі

р/с	Жер категориясы	Шайылу көрсеткіші, т/га
1	Эрозияның пайда болу қаупі жоқ	Шайылу мөлшеріне сәйкес немесе төмен топырақ қалыптасу жылдамдығынан (қайта қалпына келу) < 3,5
2	Қауіптілігі шамалы	3,5-6,0
3	Қауіптілігі орта	6,0-12,0
4	Қауіптілігі күшті	12,0-24,0
5	Қауіптілігі өте күшті	24,0-60,0
6	Қауіптілігі апатты	>60,0

Эрозиялық үрдістерге шалдыққан суармалы жерлерді тиімді пайдалануға мүмкіндік туғызатын негізгі шаралар болып баурайлы жерлердің агрономиялық ерекшеліктерін жан-жақты есепке алу, ең үлкен экономикалық және эрорзияға қарсы күшті әсерді қамтамасыз ететін дақылдарды іріктеп алу, сонымен қатар суарудың эрозияға қарсы тәсілдерін орындау болып табылады.

Жер асты суларының өзгеруі суармалы жерлерге берілген судың, жауын-шашының әсерінен, суару жүйелерімен сулардың жер астына сүзілуіне байланысты болады. Жер асты суларының динамикалық деңгейі жыл мерзіміне қарай өзгеріп отырады. ЖАСД ең төменгі деңгейі вегетациядан кейінгі кезеңінде байқалады және көктемгі суару жұмыстары басталғанға дейін жалғасады. Суармалы жердегі ЖАСД ең жоғарғы деңгейі вегетациялық суару кезеңінде (маусым-тамыз). Яғни екі рет желтоқсан-наурыз және маусым-тамыз айларында ЖАСД ирригацияға байланысты өзгеретіні байқалады.

Түлкібас ауданының суармалы жерлері тау бөктеріндегі аймақта орналасқан. ЖАСД 1,0 м-ден 50 метр аралығында. Суарылмайтын жерлерде жер асты су деңгейінің жыл ішінде өзгеруі 0,1-0,2 м болса, суармалы жерлерде 1,0-6,0 м аралығында [3].

Аудан жері география жағынан агроклимативтік ыңғайлы аймақта орналасқандықтан, яғни басқа аймақтағы суармалы жерлердегідей топырақтардың тұздануы мен жер астындағы судың тұздануы, суаруға байланысты жер асты су деңгейінің көтерілуі сияқты факторлар болмайды.

Ауданның суармалы жерлеріндегі жер асты суының қорлануын және ағып кетуін, яғни жер асты су тәртібінің қалыптасуы 3 кестеде келтірілген.

Кесте 3 – Ауданның суармалы жерлеріндегі жер асты суының қорлануы және ағып кетуі

Гидрогеологиялық белдеу	Жер асты суының орташа белгіленген тереңдігі	Жердің категориясы	Көлемі, га %
а- жер асты суы терең жатқанда ағып кетуін қамтамасыз ету	> 5	I	19832 / 100

Суармалы жерлерді суару кезеңінен кейін ЖАСД туралы мәлімет бойынша аудандағы 19832 га суармалы жердің ЖАСД - >5 метрден төмен, ал жер асты суының тұздылығы 0 – 1 г/л аралығында.

Суармалы жерлерді тиімді пайдалану үшін төмендегі жағдайларды есепке алу қажет:

- Суармалы жерлердің дер кезінде және тереңдігі 30-40 см жыртылып дайындалуы;
- Ауыспалы егістік тәртібінің сақталуы;
- Органикалық және минералдық тыңайтқыштарды тиісті мөлшерде пайдалану;
- Суару жүйелерін тазалау.

Егіншілікте ауыспалы егіс жүйесі жердің айдау қабатындағы топырақ құнарлығын арттыруға және егістік алқаптардың фитосанитарлық агроэкологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Топырақты су эрозиясынан қорғаудың басты шараларының бірі – тау бөктеріндегі, жыралар мен сай-салалары маңында орналасқан егіннің айналасына орман алқаптарын отырғызу. Орман алқаптары егістік жердегі микроклиматты жақсартады, қыста қарды ұстайды, қар және нөсер, жаңбыр суының ағынын реттейді, танаптарға жиналатын ылғалды арттырады, ең бастысы топырақты су эрозиясынан қорғайды.

Суармалы жерлерде тиісті мелиоративтік жақсарту шаралары орындалатын болса, экологиялық факторлар болмайды. Суармалы жер шаруашылығында ағын суды үнемдеп пайдалану мен гектар өнімділігін көтеру басты міндеттердің бірі. Елімізде 1 гектар суармалы жерге ағын су нормадан артық жұмсалады, су пайдалану коэффициенті төмен. Республика бойынша су пайдалану коэффициенті 0,67 болса, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарында 0,55-0,6 шамасында болып отыр. Егер еліміз бойынша су пайдалану коэффициентін 0,75-ке көтерсек, 200 мың гектарға жуық жерді суландыратын 1 млрд 272 млн текше метр су үнемделеді екен.

Әдебиеттер

1. Атақұлов Т.А. Рациональное использование земельных и водных ресурсов Восточного и Южно-восточного Казахстана при орошении. – Алматы, 1995.
2. Мұстафаев Ж.С., Рявцев А.Д., Сағаев Ә.Ә., Қозыкеева Ә.Т., Қалманова Г.Қ. Суландыру жүйесін пайдалану. – Тараз, 2007. -321 бет.
3. Султанбекова П.С., Байжанова А., Онгарова А. Суару жүйелерін ұйымдастыру ерекшеліктері /Ауезов оқулары-16, халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Шымкент – 2018ж, Т4, 153-155б.
4. Султанбекова П.С., Анзельм К.А., Эсанбеков М.Ю., Абдикеримов С. Мелиоративное состояние орошаемых земель в зависимости от гидрохимических режимов грунтовых вод /«Қазақстан жоғары мектебі» - международный научно-педагогический журнал. Алматы – 2 (1) / 2018г. 285-289с.

References

1. Atakylov T.A. Rasionalnoe ispolzovanie zemelnix i vodnix resursov Vostoshnogo i Yjno- Vostoshnogo Kazakhstana pri oroshenii. –Almati, 1995.
2. Mustafaev J.S., Reavsev A.D., Sagaev A.A., Kozikeeva A.T., Kalmanova G.K. Sulandiru jlyiesin paidalanu. –Taraz, 2007. -321 bet.
3. Sultanbekova P. S., Baizhanova A., Ongarova A. features of the Organization of irrigation systems /Auezov readings-16, materials of the international scientific and practical conference. - Shymkent-2018, T4, 153-155B.
4. Sultanbekova P. S., Anzelm K. A., Esanbekov M. Yu., Abdikerimov S. Meliorative state of irrigated lands depending on hydrochemical regimes of ground waters /"Kazakhstan zhogary mektebi" - international scientific and pedagogical journal. Almaty – 2 (1) / 2018. 285-289s.

УДК 636.295.25
UDS 636.295.25

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ РАЗВЕДЕНИЯ ВЕРБЛЮДОВ КАЗАХСКОГО БАКТРИАНА

ECONOMIC EFFICIENCY OF BREEDING KAZAKH BACTRIAN CAMELS

Турумбетов Б.С. Осербай.А.Ж
TurumbetovB.S. Osserbay.A.Zh
Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
M.Auezov South Kazakhstan University,Shymkent, Kazakhstan
Turumbetov57@mail.ru

Түйін

Таза қанды және будан түйе табындарының селекциялық-асылдандыру аймағын ұлғайту. Барлық түйе шаруашылықтарында патенттелген жаңалықтар мен салалық өнімдерді (ет, сүт, жүн, малды жаю мен күтіп-бағу) өндірудің жетілдірілген технологиясын ендіру.Сауылатын аналықтардан өндірілген сүттің рентабельділігі 3,4%-дан 10,0%-ға артты. Бір литр түйе сүтінің өзіндік құны 100 теңге, бір кг түйе етінің өзіндік құны 280 теңге болды. Түйе етін өндірудің рентабельділігі 20,9%-дан 24,4%-ға артты.

Abstract

Expansions of the breeding area from the selected herds of thoroughbred and hybrid camels. Introduction in all camel breeding farms patented inventions and advanced technologies of branch production (meat, milk, wool, nagul and the content of camels). Profitability of production of the camel milk from dairy females it is made from 3,4% to 10,0%. The cost price of production of the camel milk of 1 l. makes 100 tenge, 1 kg of meat 280 tenge. Profitability of production of the camel meat makes from 20,9 % to 24,4%.

Ключевые слова:Верблюдоводство,эффективность,разведение, отбор, подбор, бактрианы, дромедары, гетерозис, порода.

Keywords:*Camel breeding,efficiency,breeding,selection,bactrians,dromedary,heterosis,breed.*

Актуальность.Казахстан является единственным мировым центром на Евразийском континенте, где возможно разведение двух видов верблюдов одногорбых – дромедаров (C.dromedarius) и двугорбых – бактрианов (C.bactrianus).

Дромедары и бактрианы различаются между собой не только по количеству жировых горбов, но и ареалом распространения. Ареалом распространения дромедаров являются жаркие пустыни субтропического и тропического поясов. Местами обитания бактрианов являются пустыни и степи Казахстана, Монголии, Сибири и Китая, то есть места с продолжительной и суровой зимой.

Обособленность ареалов распространения дромедаров и бактрианов является не случайной, и она не может быть объяснена только экономическими причинами целесообразного разведения того или иного вида верблюдов в той или иной зоне. Здесь причина более глубокого биологического характера, которые до сих пор полностью не установлены[1].

З.М.Мусаев, А.Баймуканов в казахской породе бактрианов выделяют три типа: урало-букеевский, кызылординский и южно-казахстанский, различающиеся по размерам, телосложению и направлению продуктивности. Поэтому при спаривании верблюдов казахской породы бактрианов, выращенных в различных условиях и относящихся к разным популяциям, возможен эффект внутрипородного гетерозиса, который чаще проявляется при гетерогенном подборе. То есть, одним из эффективных вариантов получения высокопродуктивных казахских бактрианов, является использование гетерогенного подбора при внутрипородном спаривании[2].

Наличие огромных территорий полупустынных и пустынных пастбищ, высокая приспособленность верблюдов позволяют интенсивно развивать верблюдоводство без ущерба другим отраслям животноводства.

В практике отечественного верблюдоводства наряду с чистопородным разведением казахских бактрианов получило широкое распространение два метода выведения гетерозисных животных: межвидовое скрещивание между казахскими бактрианами и туркменскими дромедарами, а также межпородное скрещивание между казахскими и калмыцкими бактрианами.

Материал и методы исследований. Объектом исследований явились верблюды породы: казахский бактриан южно-казахстанского типа, кызылординского типа и западной популяции; туркменский и казахский дромедар; межвидовые гибриды.

Исследования по изучению продуктивных качеств и разработке зоотехнических параметров оценки молочной продуктивности верблюдов казахского дромедара проведены в верблюдоводческих хозяйствах Южно-Казахстанской области в период 1996-2002 гг. Настриг шерсти устанавливали во время весенней стрижки путем индивидуального взвешивания состриженной шерсти на 20 кг весах с точностью до 0,1 кг. В последующем состриженная шерсть классифицировали на четыре класса. По результатам анализа шерстной продуктивности выявлены эффективные варианты отбора и подбора чистопородных казахских бактрианов западной популяции и их межвидовых гибридов с целью повышения настрига шерсти и технологических свойств шерсти [3].

Живую массу верблюдов определяли двумя способами: первый – индивидуальным взвешиванием на стационарных однотонных весах с точностью до 1,0 кг; второй – по требованию Предпатента РК №15886 [4].

Удой молока верблюдоматок казахского бактриана западной популяции и гибридных верблюдоматок улучшенные бура-производителями казахского бактриана западной популяции изучали за 210 дней лактации, практикуемая во многих верблюдоводческих хозяйствах Прикаспийской низменности. Ежемесячный удой определяли путем проведения контрольных доек за два смежных дня (21, 22 числа каждого месяца) [5].

Результаты исследования.Проведенная научно-исследовательская работа в 1996-2009 гг. в условиях юго-западного региона Казахстана позволила: во-первых наладить первичный зоотехнический учет по единой форме утвержденная Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан в 2005 г.; во-вторых, разработать эффективные способы повышения потенциала молочной, мясной и шерстной продуктивности с дальнейшим совершенствованием племенных качеств животных. Проведенный отбор и подбор чистопородных казахских бактрианов различных зональных типов и популяции по разработанным параметрам их продуктивности позволили увеличить выход элитных и первоклассных животных, а также селекционный дифференциал по живой массе, настригу шерсти, удою молока за 210 дней лактации и содержанию жира в молоке (таблица 1).

Основная выручка основана на реализации 4%-ного молока. У верблюдов казахского бактриана селекционного стада выход 4%-ного молока значительно выше, чем у особей основного стада в связи с этим возрастает показатель рентабельности от реализации 4%-ного молока у казахских бактрианов: южно-казахстанского типа с 29,5% до 102%; кызылординского типа с 24,9% до 60,6%; урало-букеевского типа с 3,4% до 51,2%.

В мясо-шерстном верблюдоводстве внедрение результатов научно-исследовательской работы в производство позволили увеличить убойный выход туши у казахских бактрианов: южно-казахстанского типа с 53,0% до 55,9%; кызылординского типа с 53,0% до 55,0%; урало-букеевского типа с 50,5% до 52,0% при забое особей в 30-месячном возрасте.

В условиях Атырауской области выручка от реализации 4%-ного молока составила: от чистопородных казахских бактрианов западной популяции 420560 тенге при рентабельности 40,2%; у нар-мая (50% b) 521060 тенге и 73,7%; у курт I (25% b) 498520 тенге и 66,2%; у кез-нар (37,5 b) 506360 тенге и 68,8%; у коспак I (75% b) 430060 тенге и 43,4%; у курт-нар (62,5% b) 490000 тенге и 63,4%. То есть, результаты исследовании за 1996-2009 г.г позволили увеличить поголовье верблюдоматок разных генотипов, улучшенные казахскими бактрианами западной популяции.

Внедрение дополнительной зоотехнической оценки и отбора верблюдиц по коэффициенту молочности позволяет увеличить потенциал удоя товарного молока у казахских бактрианов шерстно-мясной продуктивности Южно-казахстанского типа с 425 кг до 935 кг, Кызылординского типа с 450 кг до 850 кг и западной популяции с 375 кг до 900 кг.

Таблица 1 – Продуктивность и экономическая эффективность разведения верблюдов казахского бактриана мясо-молочной продуктивности

Показатели	Южно-казахстанский тип		Кызылординский тип		Урало-букеевский тип	
	основное стадо	селекционное стадо	основное стадо	селекционное стадо	основное стадо	селекционн ое стадо
Живая масса, кг	587,6	620,4	623,9	670,8	697,4	725,4
Настриг шерсти, кг	5,6	5,8	7,5	7,8	5,5	6,3
Удой молока за лакт., кг	1150,7	1730,9	1387,6	1720,8	780,8	1100,3
Сод.жира в молоке, %	5,4	5,6	5,4	5,6	5,3	5,5
Выход 4%-го молока, кг	1553,4	2423,3	1873,3	2409,0	1034,5	1512,9
Выручка от 4%-го молока, тенге	155340,0	242350,0	187330,0	240900,0	103450,0	151290,0
Общие расходы, тенге	120000,0	120000,0	150000,0	150000,0	100000	100000
Прибыль, тенге	35340,0	122330,0	37330,0	90900,0	3450,0	51290,0
Рентабельность, %	29,5	102,0	24,9	60,6	3,4	51,2

Реализационная цена 1 кг верблюжатины в среднем составила 450 тенге. В таблице 2 приведена рентабельность производства верблюжьего мяса от молодняка верблюдов породы казахский бактриан шерстно-мясной продуктив-ности в условиях ТОО «Жана-Тан» Жылыойского района,Атырауской области

Таблица 2 – Экономическая эффективность выращивания молодняка чистопородных казахских бактрианов шерстно-мясной продуктивности западной популяции на мясо

Признаки	Группа	
	30 мес.	42 мес.
Предубойная живая масса, кг	425,4	550,8
Убойная масса, кг	248,7	322,4
Выручка от реализации, тенге	111915	145080
Расходы на содержание 1 головы, тенге	90000	120000
Прибыль, тенге	21912	25080
Рентабельность, +/-	+24,4	+20,9

Рентабельность от реализации 30-месячных самцов казахского бактриана шерстно-мясной продуктивности на мясо составила +24,4%, а 42-х месячных +20,9%. То есть, в условиях ТОО «Жана-тан» Жылыойского района Атырауской области более эффективно выращивать самцов на мясо до 30 месячного возраста в сравнении с 42-х месячными.

Литературы

1. 1.Турумбетов Б.С. Эффективность производства верблюжьего мяса и кожевенного сырья в условиях Юго-Западного региона Казахстана //Исследо-вания, результаты. –Алматы: КазНАУ, 2008. -№4. –С.148-150.
2. 2.Кугенев П.В. Верблюдоводства. - Москва: Ун-т Дружбы народов им П.Лумумбы, 1982. -87с.
3. Патент РК №14890. Способ селекции гибридных верблюдов коспак //Баймуканов А., Турумбетов Б.С., Баймуканов Д.А.. Опубл.15.08.2008, бюл.№8. – 3 с.
4. 4.Турумбетов Б.С. Эффективность разведения гибридных верблюдов //Проблемы экологии, аридного кормопроизводства и животноводства в Казахстане: матер.межд.науч.-прак.конф. –Шымкент: Жебе, 2009. – С.331-332.
5. 5.Плохинский Н.А. Биометрия. Москва, 1970.-367с.

ӘОЖ 619:616 (075,9)
UDC 619:616 (075,9)

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРЫНАН КЕШЕНДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ІС ШАРАЛАРЫ

COMPLEX DETECTION AND INSURANCE OF AGRICULTURAL ANIMALS FROM INFECTIOUS DISEASES

Тұтқышбай И.А., Сахно Н.В., Осербай А.Ж., Мусаев Р.А.
Tutkyshbay I. A., Sakhno N. V., Oserbay A. Zh., Musaev R. A.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.
Орловский государственный аграрный университет имени Н.В. Парахина, Орел, Россия.
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan.
Oryol State Agrarian University named after N.V. Parakhina, RU.

Резюме

Проблема туберкулеза и бруцеллеза является проблемой государственного масштаба, так как имеет важное социальное значение. Возбудители болезни может передаваться человеку и вызывать заболевание туберкулезом и бруцеллезом у людей и наоборот, сельскохозяйственные животные могут заразиться от человека. Поэтому государственным органом (особенно ветеринарным инспекторам, ветеринарным врачам, ветеринарным фельдшерам, ветеринар бактериолог и серологам различных уровней по специальностям ветеринарный медицина) с целью поощрения добровольной сдачи реагировавших на бруцеллез, на туберкулин сельскохозяйственных животных. Необходимо предусмотреть компенсации, выплаты денежных пособий, страхование сельскохозяйственным животным, соблюдая комплексное ветеринарно-санитарной мероприятий и возмещение нетелями из общественных хозяйств за сданное на специальной убойный пунктреагировавших сельскохозяйственных животных.

Abstract

The problem of tuberculosis and brucellosis is a national problem, as it is of great social importance. The causative agents of the disease can be transmitted to humans and cause tuberculosis and brucellosis in humans, and vice versa, farm animals can be infected from humans. Therefore, the state body (especially veterinary inspectors, veterinarians, veterinary paramedics, veterinarian bacteriologist, and serologists of various levels in the specialties of veterinary medicine) with the aim of encouraging the voluntary surrender of farm animals that reacted to brucellosis, tuberculin. It is necessary to provide compensation, payments of cash benefits, insurance for farm animals, observing comprehensive veterinary and sanitary measures and reimbursement of heifers from public farms for reacted farm animals handed over to a special slaughter point.

Кілттік сөздер: *туберкулез, бруцеллез, мал, туберкулин, микобактерия, қоздырғыш, вакцина.*
Keywords: *tuberculosis, brucellosis, cattle, tuberculin, mycobacteria, causative agent, vaccine*

Кіріспе. Бүкіл ауыл шаруашылық кешенінде адамға қажетті азық түлік даярланады, ал олардың қол жетімдігі халқымыздың күш қуатын жақсартуға кетеді. Еліміз бойынша бір кісіге шаққанда және астықты экспортқа шығару жағынан дүние жүзінде бесінші орында болсақ, ұн сатудан бірінші орындамыз.Ауыл шаруашылығы айтылғанда, есімізге төрт түлік мал түседі. Ұлан байтақ жерімізде 20 млн қой, 6,5 млн ірі қара мал, 1,7 млн жылқы және 800 мың түйелер өсіп жатыр. Жақын арада 30 елдің қатарына қосылу және Бүкіл Дүниежүзілік Сауда ұйымына кіру үшін (ДСҰ), біздің алдымыздағы негізгі мақсат халықты толықтай сапалы азық-түлікпен, оның ішінде мал, құс шаруашылығы өнімдері ет, жұмыртқа және ет –сүт өнімдерімен биологиялық қауіпсіз қамтамасыз ету.Бұл мақсатты орындауда малдар мен құстарды жұқпалы аурулардан (оның ішінде ірі қара туберкулезі бар) сақтау, оның ішінде кеселден таза шаруашылықтар, шаруа қожалықтарын бүкіл Республикамызда қадағалау өзекті мәселенің бірі.

Зерттеу нысаны мен әдістері:Микобактерияларға қарсы ең маңызды Биологиялық (ұзақ уақыт сақтау), химиялық (аммиакпен немесе формальдегидпен), физикалық (термикалық өңдеу немесе өртеу) іс шаралар. Мал туберкулезі кезінде зарарсыздандыру үшін бактерицидтік әртүрлі химиялық препараттар қолданылады, препараттарды қолданар алдында олардың қолдану нұсқаулықтарын, ұсыныстарын Тұтқышбай И. А.,Жұмаш А. С.Алматы, 2005. жетекшілікке алып бастаймыз.Ализарин БС көгілдірін қолдану әдісі.

Бұл әдіспен бруцеллез антителалық диагностикумдарын алу үшін алдымен 10%-тік Вайнбах тәсілімен формалинденген эритроциттерді бір рет 0,85%-тік хлорлы натр ерітіндісімен жуып алады. Бұл жерде бір ескере алатын жайт ол алдын ала ализарин БС көкшілін суда ерітіп қағаз сүзгіден өткізіп алу қажет.

Содан соң иммунды сарысудың 1:50, ализарин БС көкшілінің 0,15%-тік ерітіндісін және 10%-тік эритроциттерді бірдей көлемде алып ткз араластырады да су моншасында 45С температурада 1сағат уақыт ұстайды.

Эритроциттермен антителалардың байланысын бекіту үшін, қоспаға 1%-тік формалин қосып қосымша сол 45С температурада 30 минут ұстау керек. Эритроциттердің кірпікшелерімен байланыспай қалған антителеларымен ализарин БС көгілдірінің қалдықтарын 8 рет үлкен көлемдегі физиологиялық ерітіндімен 4 мәрте жуып тазартады.**Өзіндік зерттеулер:**Телімді реакция мен телімсіз реакцияны ажырату үшін сүтқоректілерге және құсқа арналған екі түрлі туберкулинді қатарынан симультанды қолданады немесе бұл мақсатта микобактерилардан даярланған ППД, СКЖ туберкулині пайдаланылады.

Сурет 1. –Сүтқоректілерге, Құсқа арналған құрғақ тазартылған (ППД) туберкулині

Туберкулинді көзге тамызу арқылы тексеру 5-6 күндік үзіліспен 2 мезет жүргізіледі. Көз түтікшесі арқылы төменгі қабықтың конъюнктивасына немесе көздің қасаң қабығына 3-5 тамшы туберкулин тамызылады. Реакцияны есепке алу туберкулинді бірінші рет тамызғаннан соң 3,6,9,12 және 24 сағат кейін, ал екінші рет тамызған соң 3,6,9 және 12 сағат өткенде жүргізіледі. Егер көздің екі шетінен қоймалжың немесе іріңді сора ағып, конъюнктива қызарып, домбығатын, қанталап кететін болса реакция оң болып есептеледі.

Кейде 10 000МЕ (халықаралық өлшемі) мен 5000 МЕ туберкулинді терінің ішіне, көзіне, кірпіктің астына егіп құс және сүтқоректілер туберкулинімен диагноз қойылады. Кірпіктің астына еккендегі ісік «++++» және «+++» шамасында егілмеген кірпіктен үлкен болса, реакция «оң» деп есептеледі, кеселге шалдықпаған малдың кіршігі ісімей, туберкулезден жалған реакцияны ажыратуға болатындығы дәлелденді.

Түрлі әдістерді салыстыра келіп, биологиялық әдіспен туберкулезді 100% жағдайда анықтауға болатын болса, микроскопиялық әдіспен тек қана 51,7%, ал бактериологиялық тәсілмен 82,9% жағдайда анықтауға болады деген қорытынды жасаймыз.

Республикамызда малдарды бруцеллез ауруына қарсы тексеру 2004 жылғы ветеринария Департаменті бекіткен әдістемелік нұсқау бойынша серологиялық реакциялардырозбенгал антигенменпластинкадағы агглютинация реакциясы (ПРА), агглютинация реакциясы (АР), комплементті байланыстыру реакциясы (КБР), комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы (КҰБР), сүтті сақиналы реакциясы (СР), сонымен бірге иммуноферменттік анализ (ИФА) реакцияларын қолдану арқылы жүргізіледі.

Сурет 2. Түрлі жануарлардың Бруцеллезін анықтауға арналған иммунферментті тест жүйесі

Иммунологиялық зерттеулермен серологиялық диагноз, қою кездерінде тиісті антигендермен антителаларды анықтау үшін әртүрлі реагенттер қолданылады. Антителалық эритроцитарлық бруцеллез диагностикумдарын дайындау үшін,әртүрлі химиялық байланыстырғыш агенттер қолданылады. Кейбір малдарда сарып ауруы көбінесе жасырын түрде өтеді. Соған байланысты алғашқы кездерде аурудың клиникалық белгілері тұрақсыз, белгісіз жәнеде әр малда әртүрлі болып келеді.Төменде сол агенттердің көмегімен күшті , сезімтал әрі өзіндік тән антителалық сарып диагностикум дайындау жолдары көрсетіледі.

